84К23
2-14

ТОЛЫМБЕК ӘБДІРАЙЫМ



# МЕНДІ ҚЫЗ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды.

ББК 84 Қаз 7-44
Ә 14

Ә 14 ӘБДІРАЙЫМ Т.
Менді қыз. Әңгімелер мен хикаят -
Алматы: РИИЦ-Азия, 2006. - 160 бет.

ISBN 9965-9341-9-3

Жазушы Толымбек Әбдірайымның шығармалары оқырман қауымның көнілінен жылы жол тапқан.

Автордың бұл жинағында «Жалғыз тырна», « Құс қанаты», «Қара ешкі», «Бір тал гүл» сияқты әңгімелерімен бірге қазақтың көрнекті композиторы, белгілі өнер зерттеушісі һәм танымал қаламгер Илья Жақановтың он бір әнінің жазылу тарихы әсерлі, әдемі суреттелген. Ал, «Шешім» драмалық хикаяты бүгінгі өмір шындығын өрнектеуімен ерекшеленеді.

ББК 84 Қаз 7-44

Ә $\frac{4702250200}{00(05)-06}$

ISBN 9965-9341-9-3

© Әбдірайым Т., 2006
© «РИИЦ-Азия», 2006

# БІРІНШІ БӨЛІМ

## Әңгімелер



# ЖАЛҒЫЗ ТЫРНА

Қазан айының өліарасы. Күздің суық желі ышқына соғады. Төңіректі қою қараңғылық тұмшалап келеді. Ышқынған желдің өтінде ойдағы қарасу тұстан ызу-қиқы шуылдаған жыл құстарының үні жыртылып естіледі.

Жатағандау дөң басында қарауытқан жалғыз үй. Терезеден сыртқа шашыраған шамның әлсіз жарығы басыр жандай дәрменсіз.

Там үйдің сыртқы қандай қораш болса, іші де сондай жұпыны. Ауызғы бөлме — ас үй. Әредік-әредік пештің көмейіне қойдың сары қиын тастап қойып шай ішіп отырған Бәтен кемпір — осы үйдің иесі. Бір уыс әжімді жүзі, қабақ астындағы нұры тайған кәрі жанары айықпас мұннан хабар бергендей.

— У-уф!

Сүт қатқан күрең шайды сораптай түседі. Қазан сақырлап қатты қайнай бастаған соң, астындағы шоғын ысырып қойды. Әрі-беріден соң мандайы тершіп жіпсіді ме, шау тарткан тарамыс денесі шымшымдап бусанғандай.

— У-уф!

Қоңыр баркыт камзолының жан қалтасынан бет орамалын алып, тершіген мандайын сүртті. Әспеттеп бүктеп, қайыра салды.

Жел үдей түскен. Жалынды ұлый суырып, пештің көмейі ашылып барады. «Бұл шіркіннің басылатын кезі болар ма екен, — деп ойлады аяқ-табағын жиыстырып жүріп. — Әй, уақыты да жеттіау... Енді малды қолға байламаса болмас?!».

Шапанын желбегей жамылып есік алдына шықты. Ілкіде ғана орай-борай соғып тұрған жел сап тыйылыпты. «Ой, Алла-ай! Бұл күн жарықтыққа дауа болмас. Әлгінде ғана екпіні үй жығардай-тұғын. Енді міне...»

Айнала-төңіректі әукесі салбырап тұман каусырып келеді.

Тұман... Оның арғы жағы не жапалақтай жауатын қар, не май тоңғысыз жылымық күндер. Иә, екінің бірі. Неге екенін қайдам, Бәтен көрияға осындай тұманды шақтар ұнайды. Сонау да сонау артта қалған, оралмасқа кеткен сағынышты күндерін күрсіне отырып еске алады. Өзі-өзімен сөйлескендей тіпті күбірлейді, жымияды, мұңаяды, осындай кештерде жападан-жалғыз отырып, қатпар-қатпар ойға шомуды қалайды. Маркұм шалымен өткізген шуақты жылдарын есіне түсіріп бір жасап қалатын. Жалғызілікті болған сон ой ғана жан серігі ме, кім білсін?!



Кей кездері жадау тіршілік жанын жасытып қатты жабырқайды. Ондайда үн-түнсіз іштей егіліп бір жеңілдеп қалатыны бар...

Бәтен кемпір шалынан осыдан он бес жыл бұрын айрылған. Ғұмыры қатты ауруды білмеген ері үш-ақ күн төсек тартып жатты да, фәни жалғанмен қоштасып, ана дүниеге аттанып жүре берді. Сөйтіп елу жыл отасқан отағасынан көз жазып қалды. Тіпті дұрыстап бақұлдаса да алмады. Ауыл-аймақ, көрші-көлем ақтық сапарына арулап аттандырды. Жаны жәннатта болсын десті.

Қарап отырсаңыз өмір дегеніңіз осы екен-ау!..

Жетісін өткізіп, қырқын берді. Ендігі ойы қаладағы ұлы Мырзаштың қолына барып тұру болатын. Арада екі ай өтпей жатып тағы да қара жамылды. Жар дегенде жалғызы мүшел жас — жиырма бесінде кездейсоқ апаттан қайтыс болды.

Шалының қазасы өз алдына, ұлының өлімі мүлдем тұралатып тастады. Жаназасының қалай өткенін де білмейді. Үш тәулік бойы есінен танып, талыксумен болды. Төртінші күні күр сүлдері орнынан тұрды.

Ниеттес ауыл адамдары келіп басу айтты. Өлгеннің артынан өлмек жоқ, одан да екі немереннің амандығын тіле десті. Тағдырға қарсы тұра ма? Көнген, көнбеске лажы не?! Күрмеуге келмейтін қысқа жіптей мынау аппақ әлемнен, тәтті тіршіліктен татар дәмім әлі таусылмаған шығар, қос қарашығым мен келінімнің амандығын тілейін Алладан деген үміт жетелеген оны. Осы ой шуақтанды жүрегінде. Бірақ армандаған алданышы ұзаққа бармады. Келіні күйеуінің жылын күтуі былай тұрсын, қырқы өтер-өтпестен көлденең көк аттының етегінен ұстады.

Апыр-ай, бетінің қызылы, қойнының қызуы қайтпай тұрғанда теңімді табайын дегені ме? Көрсекызарлық па, жетесіздік пе? Жоқ, әлде жас кабірдің бет топырағы басылмай жатып басынғаны ма? Айран-асыр түсінбей дал болған. Тым құрыса емеурін білдірмеді ғой. О, тоба!..

Туған келіні осылай жасайды деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмепті. Кіндік қаным тамған Отиярдан, шалымның қасынан бір уыс топырақ бұйырсын деген байламға тас-түйін бекінді.

Содан бергі уақытта он бес жыл өтті...

... Елегізіп отырған Бәтен кәрия кенет селк етті. Әлде не ыңырсы ма? Міне, тағы қайталады. Енді есікті тырналады. Сәлден кейін тағы да қынсылады. Ап-анық естіді. Қапелімде секем алса да, бойын тез жинады. Кім бұл? Жын ба, сайтан ба? Мал ма десе, бағана ғана қораға қамады емес пе?! Сонда не болғаны?

— И-и-й...Р-рр...

— Астафиралла! — Жер тірей көтерілді де, ұмсына түсіп іркіліп калған. Аяғы ұйып қалыпты. Буын-буыны да сырқырап бастырмайды.

— И-ий!.. Р-рр...

Тұруын тұрса да, қарға адым мұң болып аттай алсашы. Жанжағын қарманып, қолына оқтау алды. Аттап-бұттап шығар есікке таянды. Жүрегі дауаламай соза берген қолын есік тұтқасынан тартып алды. Аз-кем аялдап ентігін басты.

— И-ий... Р-рр...

Ілгекті көтеріп есікті сықырлата ашқан. Қарсы алдында Сырттан тұр.

Сырттан — бұрынғы көршісінің төбеті. Күшік кезінен Бәтеннің қолынан тамақ ішіп, әбден үйірсек болып кеткен. Көршісі әлдекашан кеңшар орталығына қоныс аударса да келіп-кетіп жүретін. Иесі Жылқыбай марқұм осында жерленген. Қазіргі иесі — Жылқыбайдың ұлы. Осыдан бірер жыл бұрын-ау деймін. Сырттан Отиярға қашып келгенінде Жылқыбайдың ұлы артынан қуып келіп, алып кеткен. Бара салысымен шынжырмен байлап тастапты.

Зәуінде орталыққа жолы түсіп бара қалса Бәтен кемпір Сырттанға соқпай кетпейді. Сонда Сырттан байқұс та қыңсылап, құйрығын бұлғандатып аяғына оралатын. Ит те болса тірі жан иесі ғой...

Талай рет сұрап алайын деп оқталған. Алайда ұрдажық мінезді аусар Декей бетімді қайтарып тастар деп уәж айтпайтын.

Кейінгі кезде лақса кәрі ит катты жүдеп, шөгіп кетіп еді.

Бәтен кәрия да кіндіктен жалғыз. Шалының да емешесі үзілер сүйек жақыны жоқ. Сонау бір жылы кеңшар директоры, шеше Әжекең ақсақалдың ерен еңбегі өкіметке бір кісідей сінді. Ел ішіне келіңіз, орталықтан үй бергізейін деген. Табан астында үзілді-кесілді жауабын бере алмады. Ойлап-ойлап, шалының шаңырағын құлатпай, өз ата мекенінде қалуды жөн көрді.

Обалы кане, бастапқы жылдары ауылдың кәрі-жасы шалының орнын жоқтатпады. Қолындағы азын-аулақ малдың шөбі солардың мойнында. Ондайда Бәтен кемпір тоқпейіл көңілмен «елімнен айналайын» деп еміреніп, құбатөбел тіршілігіне шүкіршілік ететін.

Бір кезде «Заготскот» аталған Отияр Қарағашқа қоныс аударып, жұрт жапа-тармағай жаңа орталыққа көшіп кеткенде көңілі катты құлазыды. Жалғызсырап, жабырқады...

* * *

— Байғұсым-ай... Сырттаным-ай!.. Жеттің бе?!

Кемпір мәре-сәре. Сөйленіп жүр. Итті шақырып ауыз үйге кіргізді. Сырттан құйрығын бұлғандатып еркеледі. Кемпір түскі астан қалған кеспе көжені итаяққа құйды. Бірақ ит ішпеді. Сол жатқан күйі жатты да қойды. Бұнысы несі деп басынан сыйпаған.

— Сұмдық-ай! — Бөксесі қып-қызыл ала қан. Жүндері үйысып катып қалыпты. — Бәсе, бәсе! Неге тамақ ішпейді десем?! Байғұсай, кімнің ғана қолы барды екен?!.

Манағы жер бауырлап жер-әлемді қаусырған қою тұман сейіле бере батыстан соққан күшті желге қоса қылаулап қар ұшқындады.



Сәт сайын үсті-үстіне орай-борай жауып, үдей түсті. Аспан мен жер тұтасып кеткендей. Алағай да бұлағай.

Биылғы қыстың алғашқы бораны...

Айдала...

Жалқы там...

Жалғыз кемпір...

Бәтен кемпір кілеттен сиырдың сары майын әкеліп, Сырттанға асатты. Ит бір-екі рет жұтқан соң керегі жоқ дегендей басын алып қаша берді. Төбеті соқпай жатыр-ау...

— Байғұс-ай!.. Қайт дейсің маған?!

Кемпір иттің жаралы бөксесін шүберекпен орап, таңып тастады. Өзі күбірлеп сөйлеп жүр.

— Уа, жаныма жар болған Жаратқан ием! Көптен тілегенімді, көктен тілегенімді бере салдың-ау! Енді қайтейін... Мейлі жаралы болсаң да, ит екеш ит сен де іздеп келдің. Қаншама ай өтті, екі аяқтылардан бұл жаққа кім ат ізін салды. Ешкім. Үйткені олардың қағанағы қарқ,сағанағы сарқ... Қайтсін өлмелі кемпірді?!.

Сырттан қыңсылады. Жарақатын ауырсынды ма? Жанына келген кемпірге еркелеп, құйрығын бұлғандатты.

— Жөн-жөн! Түсіндім... Елге налуың, ренішің теріс деп жатырсың-ау!.. Япыр-ай, бүгін маған не болған?! Оларға өкпе айтатындай расында, мен кіммін? Омалған отырысыма кінәлі өзім ғой. Қазір кімді-кім іздегендей. Туған келінім карамай кеткенде, каймана қазақ мені не қылсын?!

Кәрияның күлкісі келді. Қос езуі жайылып, айқыш-ұйқыш әжімдері жиырыла берді де, суып қалды. Күлкі шіркін бұл ауылдан шілдің пышыраған тезегіндей тым-тырақай қашқалы қашан?! Ұмытыпты. Есіне де алған жоқ.

«Апыр-ау, күлкі менің не теңім?!»

— Иә, ол кез бір дәурен екен-ау! Сынапша сусып, көзді ашып-жұмғанша өтіп кетерін кім білген. Марқұм шалының атақ-абыройы аспандап, тасы өрге домалап тұрған. Ұмытпасам, бір мың тоғыз жүз алпыс бесінші жылдың көгілдір көктемі еді. Қарауындағы жеті жүз қойдың әр жүзінен жүз қырықтан қозы алды. Қоңыр күзде тығыршықтай домаланған тоғыз жүз сексен марканы басынан санап бөлгенде өз алдына бір отар болып шыға келмеді ме! Әне-е, еткен еңбек, төккен тердің төлеуі! Қораннан қозың, бауырыңнан балаң өсіп-өнбесе, оның несі тірлік, несі өмір!

Сол кезде біздің үйге қонактар да жиі келгіш еді. Бәрі келді. Бастығы да, басқасы да. Ай-хой, өзінше бір дәурен екен-ау! Ал қазір ше?! Қыл аяғы аспаннан айырылған ұшып өтсе де, сонау-сонау көз ұшынан қарайған көрінсе де біреу келе жатыр ма деп елеңдеймін.

Құдайға шүкір, аштан өліп, көштен қалып жатқаным жоқ. Азын-аулақ малым, шай-пұлға жетерлік зейнетақым бар. Тек ел іргесіне тыныштық беріп, туған жерімнен бір уыс топырақ бұйырсын!.. Тайқы тағдырға не шара?!.

* * *

Екі күн өтті, Сырттанның оналатын түрі жоқ...

Мал қораның артында машинаның ескі қорабы жатушы еді. Соны домалатып әкеп, ішіне шөп төсеп, кәдімгі үйшік жасап қойған. Сырттан сол орнында қоғалмастан жатыр. Сүлесоқ. Марғау. Құйған тамақты да жарытып ішпейді.

... Түн жарымы ауса да кірпіктері айқасар емес. Ине тіреп қойғандай. Оның үстіне иттің теріс қылығы өтіп барады. Үздіге ұлитындай не болды? Өз басына көрінсін... Ұрып-соғып қуып жібере ме? Жо-жоқ, мұны іздеп пана тұтып келгенде... кісілікке жатпас... Ит те болса тірі жан иесі ғой...

— У-у-у-у-ууу!..

— Апыр-ай, ә! Бұған не жетті?! Әлде, жарасы жанына батып, ауырсына ма?!

Таң алдында әбден шаршап, кірпіктері желімдене берді де, тәтті ұйқының құшағына енген.

Басын көтерсе бөлме іші самаладай жап-жарық. Ұйықтап қалғанын біліп, орнынан жылдам тұрды да, киініп тысқа шықты.

Ақшағы қар жылт-жылт етіп күнге шағылысады. Күн тұсау бойы көтеріліпті. Тым-тырыс тыныштық.

Сырттан орнында болмай шықты. «Е-е, бейшара, түндегі ұлуы тегін емес. Аулаққа, ауашаға сүлдерін сүйреп кеткен ғой...»

Ертеңіне күн жұма еді. Шалының басына барып құран оқып қайтып келе жатқан. Жолдың сол қапталында қарайған затты көріп бұрылса... Сырттан жатыр. Керіскедей созылып, оң жамбасына құлаған төбет жан тәсілім етіпті. Өлерінде көп тырбанып, алға жылжыса керек, аяғынан тамшылаған қызыл ала қан аппақ қар бетінде сайрап жатыр. «Жақсы ит өлімтігін көрсетпес» деген осы екен-ау деп ойлады ішінен...

Кенет кемпірдің құлағы бірденеге елең ете қалды. Жалт бұрылып, дыбыс шыққан жаққа назарын аударды. Ойдағы қарасу бойынан бір топ тырналар қиқу салып көк аспанға көтерілді. Жерде шоңқиып, қанаттарын далбыр-далбыр қағып, жалғыз тырна қалды. Жаралы тырна қанатын қанша қақса да ұша алар емес.

— И-й, байғұс-ай, қанаты сынық екен-ау!

Кемпірдің бойын аяныш сезімі биледі.

Аспандағы бір топ тырналар бұлар тұрған жерден үш айналып ұшып өтті де, үшбұрыш жасай тізіліп, оңтүстік жаққа бет түзеді. Кәрияның жүрегі шым етті. Сонау биікте ұшып бара жатқан тырналардың қанатынан суық леп, ызғарлы аяз ескендей денесі тітіркенді...

*Қаңтар, 1980 ж.*



# ҚҰС ҚАНАТЫ

Алқымына тірелген ашу-ыза, бойын кернеген намыс табалдырықтан аттай бере Кәбираның көзінен жас болып парлады. Қолындағы құлыпты күндегі орны — шегеге ілмей, тар дәліздің бұрышындағы қол жуғыштың сабын қоятын тақтайшасына тастай берді де, сырт киімін жүре шешіп, төргі үйдегі төсекке кеп құлаған.

Аттестациядан өтпей қалуы Саматтан келді. Оның ойынша, әйелдер еркек атаулының ықтиярына көне беруі керек пе? Басқанікі басқа, аға тұтқан, пана тұтқан адамнан мынадай өнер шығып жатқанда, не жорық өзгеге. Күйеуі жоқ деп мұқатқаны ма?! Әлде, жесір келіншектер көлденең көк аттының қолжаулығы болуы қажет пе?! Базбіреу ойлағандай, аштан өліп, көштен қалған жайы жоқ. Ері қайтқаннан бергі үш жыл бедерінде екі баласын өсіріп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай жүр емес пе. Көрсе-қызар, ұшқалақ әйелдерше сырты ғана жылтыраған біреулермен қыдырып, жеңіл жүріске де барған емес. Тұрмысқа шықсам деген ой да жоқ қаперінде.

Марқұм Жұматай Саматты айырықша сыйлап, «Сәкелеп»-ақ өтті. Оның істеп отырғаны әлгі. Бір емес, екі емес, бұл қорлық-мазағына кім шыдайды?!

Келіншек басын көтерді.

— Апыр-ай, кімге, не жазып едім?!

Орнынан тұра бере қайырадан отыра кетті. Әлсіреп қалған ба жылаудан.

Үй іші алакөленке. Сыз. Салқын. Бойы тоназығандай. Күнде түскі үзіліс кезінде қала ортасындағы кеңседен кезіге кетсе автобуспен, кезікпесе жаяулап, үкідей ұшып үйіне келіп, шапшаңдата пештің күлін тазалап, артынша лаулата от жағып, түнде әзірлеп кеткен тамақты ысытып ішетін. Бүгін қат-қабат жұмыстар көбейіп, асханадан ауқаттанған болатын.

Бір түрлі елегізіп, жалғызсырады. Ұлдарының үйде болмағанын қарашы. Үшінші тоқсан бітіп, каникулға шыққан күні екеуі де ауылдағы ата-әжесіне кеткен еді. « Бір апта өте шығыпты-ау, — деп ойлады Кәбира пердесі жабылмай үңірейген ашық терезеден даладағы қою қараңғылыққа телміре қарап. — Келсе екен тезірек... Мұнайтып-жабырқатпай жүрген қос құлыншағым екен-ау!..»

* * *

... Аузын ашса жүрегі көрінетін ақпейіл жан еді-ау, Жұматай...

— Кәбираш-ш!.. Уаи-й, Кәбира-а!.. Қайдасың?!

Қора артындағы керме-жіпке кір жайып жүрген талдырмаш, орта бойлы келіншек күйеуінің абыржыған дауысын естіген сәтте

қалған бір-екі жейдені шапшаңдата ілді де, алжапқышқа қолдарын жүре сүртіп, үйге қарай асыға адымдады.

— Кәбираш-ш! Уаи-й!.. — Аққұбаша жігіт ағасы әйелін көріп қуанғаннан:

— Манадан дыбыстаймын, манадан... Сөйтсем, кір жайып жүрсің бе? — деді тақау келіп. Қой көздері шуақ шашады. Асығу мен абыржу білінеді бет әлпетінен. — Қонақ бар қасымда. Аса құрметті кісі. Жылдам шәй қайнат! Қазан көтер!

Мейманның ныспысы Самат екен. Қысық көзді, домаланған жылтыр қара. Кісіге менсінбей, пан қарайды. Ыздиып киініп алған. Үстінде су жаңа көстөм-шалбар. Аппақ жейдесіне жасыл гүлді қымбат галстук жараса қалыпты.

— Бухгалтер дедің бе келінді... Жұмысшылар жабдықтау бөлімінде ғой... Үйренген ауыз... Біз ОРС дейміз... Расшипропкасы отдел рабочего снабжения... Айтуға жеңіл, ыңғайлы... Жөн-н... Бастығы Базарбай Тортаевич дос-жар адам... Коллегамыз... Дүр-рес-с... келін шырақ... Дәм тартып, осылайша келіп қалдық... Мен өзі, кім көрінгеннің шаңырағына жөнді-жөнсіз бас сұға бермеймін... Жұматай інімді көрген жерден іш тартып... ұнатып... Айып етпе, айналайын... Жақсыда жаттық жоқ деген. Кейде өзі, туысқаннан қиысқан артық... — Мейманның етжеңді денесі селкілдеп, кеңк-кеңк күлді.

— Жоға-а... Қысылмаңыз... Қонақ күтуге дағдыланғанбыз... Сәл, сабыр етіңіздер... Дастархан жасап жіберейін...

Қос иінінен демала ақ самаурын келді ұзамай. Қуырдақ та әзір болды. Өзге тағамдар да тізіліп, үстел үсті көздің жауын ала жайнап жүре берген.

Мейман басынан өткерген қилы-қилы оқиғаларды майын тамыза әдемі әңгімелейді. Армян коньягының бірер рөмкесі өнештен өткен соң тіпті шешілді. Бірақ сұхбаттасушы отағасына қараудан гөрі, шәй құйып отырған келіншекке жиі-жиі назар аударады.

«Үздігіп неге қарайды?!. Ұят-ай...» Кәбира қысылып, ыңғайсыздана бастады. «Балаларды байқайын» деп сүт пісірімдей уақыт ас үй жаққа барып келді.

Екеуінің дауыстары катты-катты шыға бастағандай. Самаурынға қайнаған суды үстемелеп, қайырадан шәй шығарды.

«Мынадай сұлу әйелді құшқан жігітте не арман бар екен? Шіркін-н!.. Қойны да ыстық шығар-ау...» Мейманның көздері жылтыңдап, емешесі үзілді-ай!..

Қонақ түнге дейін отырды. Ет те желінді. Коньякты да ұзақ сілтеді. Қатты қызды. Біздің үйде қонатын шығар деп ойлаған отағасы. Жоқ. Бір кезде лып түрегелді орнынан. Жинала бастады. Қолқанат баладай жеңіл, шып-ширақ. Уәлихан такси шақыртып, шығарып салуға кетті.

Ыдыс-аяқ жуып, ертенгі тамақты әзірлеп біраз бөгелді Кәбира. Уәлихан көп кешіккен жоқ.



— Жеңгей жатып қалыпты. Ағамыздың түнгі жорығына үйренген-ау, шамасы... Қандай алтын адам! — дейді мұрны желпілдеп. — Көп жыл көрмеген туысы келгендей жік-жаппар болып, құрақ ұшты. Шәйға қарамадым... Сәкең қоярда-қоймай... екі жүзден «Распутинді» тастап алдық... Қалай, ә!.. Жеңгейді айтамын... Шыққан да жоқ қабағын...

Қашан кірпігі айқасқанша аузы жабылмады Уәлиханның. Ұйқылы-ояу жатып ұққаны: Самат ағалары таптырмайтын туыс. Әрі Уәлихан екеуі бір ауылдан. Бұлар болса ауылдан Аякөзге енді қоныс аударып жатыр. Араласып-құраласып тұратын, сүйенетін туыс — осы Сәкең. Және Сәкеннің жиені аудан әкімінің бірінші орынбасары. Өзі күні ертең... аудан аралық үлкен койманың бастығы болмақ...

* * *

— Бейімің жоқ өмір сүруге! Неге итересің Саматтың кеудесінен. Жасы үлкен дейсің бе? Қайдағы үлкен! Елу — нағыз ердің жасы. Өзіңе қарасаңшы онан да. Жассың ба? Отыздасың... Ой-бу-у, еркек пен әйел арасындағы жиырма-отыз жас алшақтық па, тәйірі?!. Баяғыда-а, алпыс-жетпісінде аталарымыз... он үш — он төрттегі қыздарды алған жоқ па?!

Айтшы ақиқтын, Уәлиханның қазасында, жетісін, қырқын, жылын өткізгенде зыр жүгіріп, қызмет еткен осы Самат емей кім? Туған-туысының қайсысы қарайласады қазір? Күйеуге тигелі жатқан жоқсың Саматқа... Кекірейме! Ойлан! Пайдаланып қалмайсың ба, қайта... Алтын басты әйелден, бақыр басты еркек артық тегінде!..

Құрбысы Майраның ақыл-уәжі құлақ түбінде жаңғырады...

Әрине әркім өзінше тон пішеді. Майра — күйеуінен ажыраскан басы бос келіншек. Жалғыз қызы бар. Оның өзі жаз бойы елдегі әке-шешесінің қолында болады. Әйтеуір, жаһанды жалпағынан басып жүрген бір жан. Әй дер әже, қой дер қожа жоқ. Қылмын қаға сылқылдап киінеді. Сылқ-сылқ күледі. Құдай енді байды көрсетпесін дейді зәрезап-зәтте болғандай...

«Әркім өмірге өз дүрбісімен қарайды» дегенді оқып еді бір кітаптан. Тегі сол сөз ып-ырас!

Есіне ет сататын дүкенде жүкші болып істейтін Қуандық түсе кеткені. Сол жігіт бұны көрсе ұстаз алдындағы бала шәкірттей қысылатыны қалай!.. Ынжық-бозымбайлығынан үйленбей жүр-ау!

* * *

— Кәбира, байқайсың ба, Қуандық саған ғашық білем!

— Рас, әйтеуір кеңсеге келсе біздің кабинетке бір соқпай кеткен емес. Соған қарағанда-а... Кәбираны шынында сүйеді!..

— Қойыңдаршы, түге! Бай тауып бер деп пе едім сендерге!.. — Кәбира қарсы уәж айтып шыж-быж.

— Онда тұрған не бар. Тисе тиіп-ақ алады Кәбираш, — дейді сөзшең Гүлбаршын еріндері жып-жып ете.

— Үйленбегені демесең, отыз төрт — отыз беске де келіп қалды-ау, Қуандық та.

— Сол шамада...

Кәбира қызметтес қыз-келіншектердің әзілін есіне алып жымиды: «Қайдағыны айтады қыздар да...»

* * *

Қуандық үйіне кештеу оралды. Анасы жатып қалғанымен есіктің ілгегін ілмепті. Жайшылықта әндетіп қоя беретін топсаны барынша сықырлатпай ақырын ғана ашқан.

— Кешіктің ғой. Жұмыста болдың ба? — деді анасы.

— Сайлан шақырып. Аға-жеңгесі келіпті Алматыдан. Қой союға көмектестім.

Қуандық қонақтарға қосылып үш-төрт стақан арақ ішіп еді, соның қызуымен бе, Кәбираның үйіне барғаны... Есігінде құлып тұр екен.

Ащы суға үйір емес еді. Қыстап ішкізген Сайлан ғой. Аякөздегі кластасының бірі. Өзі ерте үйленген. Бес баланың әкесі. Темір-жолда машинист. Араласып тұрады. Онды жігіт. Келіншегі Тәттігүл де аяулы жан. Қай кезде келсе де дастарханы жаюлы. Балалары да мәз болып қуанып қалады. «Бір аяқ қымыздың екі аяқ желігі бар» деген ып-ырас. Әй-шәй жоқ, аспаннан түскендей екі кештің арасында жесір келіншектің үйіне жетіп баруына жол болсын. Кәбирамен тілдескендей толқып кетті. Шынында, оны көрсе бет моншағы үзілердей қарадан-қарап ұялатыны, қысылатыны несі екен?! Әлде, әлде... сұлу әйелдің мысы баса ма?!.

Қуандық бірде Кәбира үйінің қасынан өтіп бара жатқанда, сегіз-тоғыз жастағы тетелес екі ұлдың есік алдында үюлі жатқан көмірді шелекке салып, қораға тасып жүргенін байқады.

Балалардың мына тірлігіне қайран қалып, қарап тұрып қалса керек.

— Аға, біреуді іздеп жүрсіз бе? — деді мұны енді көрген жасы үлкендеуі назар тіктеп.

— Жоқ.

Әлгі бала бұның жылыұшырай қарағанын іш тартты ма, кім білсін түйеден түскендей дүңк еткізіп өтінішін айтып қалды.

— Аға, бізге көмектесіңізші!

Қуандық көп ойланбастан үстіндегі тонын шешіп, жеңілденді де айналасы бір сағаттың ішінде көмірді қораға кіргізіп берді.

Түскі асын ішуге келген Кәбира аң-таң. Есік алды тап-түйнақтай. Көмірдің ұсағына дейін жинап, қараған сібірткімен аула ішін айнадай етіп сыпырып қойыпты. Көмір қора да жабық. Күректер мен сыпырғыш, шелектер де орын-орнында. «Ұлдардың ісі ме? Қалай тез аяқтаған!» деп ойлады таңданып.



Табалдырықты аттай бере есік көзінде кідірген. Тар дәліздің бұрышында біреу ары қарап қолын жуып жатыр.

— Мама, Қуандық аға ғой! Ұрыспайсыз ба? — дейді ауызғы бөлмеден жүгіре шыққан Ерік.

Кәбира енді таныды. Ет дүкеніндегі жүкші жігіт.

— Есенсіз бе?! Балалардың өтінішін тастап кете алмай... өстіп... келіп қалдым... Айып етпессіз... — Ыржиып күле береді.

— Аға, келіп жүріңіз! — деп қояды Ерік те жағаласып.

— Жарайды-ы... Ерік... Келем-м... Келем-м... — Қолын асығыс-үсігіс сүлгіге сүртіп жатып көз киығымен назар тастап қояды Кәбираға. Екі езуі екі құлағында...

«Япыр-ау!.. Тоқта-тоқта-а?! Қандай ұқсастық! Уәлихан да, қуанған кезінде... осылайша... мәз болатын балаша... Екі ұлын керемет жақсы көретін... Қандай, ұқсастық! Ға-жа-п!..»

— Шай ішіп кетіңіз! — Келіншек те абдырағандай ма, қалай... Аузына өзге сөз түссеші.

— Рахмет! Айып етпеңіз!.. Тығыз шаруам бар еді... — Ұзын бойлы қара жігіт шапшаң шығып кетті.

«Ұялшағын...»

Кәбира үйден ұзап бара жатқан Қуандыққа қарап, ойланып тұрып қалыпты...

* * *

Самат кейінгі кезде келуін жиілетті. Серік пен Ерікті қызылды-жасылды жазулары көздің жауын алатын жылтырақ қағазды шоколад пен печеньеге, банан мен апельсинге қарық қылды. Балалардың да бойы үйреніп, бірі құшақтап, бірі тізесіне отырып мәре-сәре.

Қайсыбір күні өте кеш келді. Әңгіме айтып, Серік пен Еріктің күнделігін, жазу дәптерлерін қарап отырғанда түнгі бірден асты. Ұйқы мендеп шаршаған ұлдар екі жерде кисайыпты. Орындарына апарып жатқызып, одан соң өз орнын ыңғайлады келіншек. Қайтпаушы ма еді үйіне деп ойлады Самат отырған бөлме жаққа жалтақтап.

Дәлізде қарсы жолыққан Самат әлдене айтқысы келгендей кідірді.

— Кәбира... кешір... Қона кетсем бола ма?

— Үйіңіз іздемей ме?

— Машинамның фары жанбай... әзер жеттім осында... Қарап, жөндеуге түн іші...

— Біреу-міреу таңертең көріп қалып... мен өзі... тұзым жеңілдеу адаммын...

— Жарық түспей тайып тұрайын... Бөтен-бастақ арам ойым жоқ... Сен! Илан!.. Қорықпа-а!..

— Мақұл, консаңыз... қоныңыз...

Самат машинасын аула ішіне енгізуге тыска шықты.

«Оңашада... тиісіп жүре ме?! Бекер рұқсат бердім-ау... Жә, ондай опасыздыққа бара қоймас...»

Бір кезде көзі ілініп кеткен екен... өні ме, түсі ме?! Жылы көрпе астына біреудің енгенін сезгендей... ілкіде бой алдырып сезімге... еріп-елітіп бара жатты. Уәлихан да кейде... осылайша сүйіп... құшып... оятып алатын ұйқысынан... Әуелі ерін ұшымен, еппен...жай ғана өбіп... аса нәзік... жұмсақ... аймалайтын... Жүйе-жүйесін, алпыс екі тамырын босатқан тетті ләззаттан шырын татып... балқып-еріп жүре беретін келіншек ұйқы мен ояудың арасында, мең-зең қалпы... Ал мына сүйіс... суық, қатқыл... Үркіп, селк ете оянса... Самат... алқынып, дірілдеп... өліп-өшіп барады... Қамсыз жатқан Кәбира бір кезде еркек қолдарының сумандай... төмен сырғып... содан кейін... содан кейін... не боларын шапшаң саралап өтті де, күшін жиып, бар пәрменімен кері серпіп жіберген. Мұндай оқыс қимыл күтпеген еркек аударыла құлады кереуеттен. Ұзын, қою шашы арқасын жаба, ішкөйлекшең орнынан атып тұрған келіншек қалш-қалш ете дірілдеп, қыстыға жылап жіберген. Еркек қайтып әйелге беттей алмады. Жылдам киініп, үйден шығып жөнелді...

* * *

... Көз байланған шақ.

Ас қамдап жүрген отыз-отыз бір шамасындағы көздері ойнақшыған ақсары, өнді келіншек аула алдына кеп тоқтаған ақ «Аудиды» көрді де: «О-о, Базекендер!» деп қуана дауыстады.

— Не болды соншама?! — Қынама бел қызыл көйлек киген оймақ ауыз, сұлу жүзді қыз жіңішке қастарын керіп таңданыс танытты.

— Еще бы!.. Между прочим... Базекең бүгін жалғыз емес. Сюрприз болсын деп айтпаған едім... Қасындағысы... саған-н...

— Маған-н?!

— Иә... Базекеңнің досымен таныстыр деп мазамды алып едің ғой...

— Айтқан шығармын... Бірақ, дәл-л бүгін-н...

— Жә, бұлданба... Игіліктің ерте кеші бола ма?!.

— Қалай өзі?!

— Көрген кісім емес...

Ақ «Аудидың» иесі — орта бойлы, толық еркек қайырма қос есіктің ішкі жағындағы көлденең қойылған жұмыр бөренені былайырақ апарып ашты қақпаны. Сылаң қаға аулаға ене берді ақ «Ауди». Кабинадан корап-корап заттарды түсіріп, ылдым-жылдым дәлізге тасыды екі еркек.

— Сәлем-м, жігіттер! — Көздері ойнақшыған ақсары келіншек былқ-сылқ ете бөксесін бұлтындатып таяу келді де, толық еркектің мойнынан құшақтап, шөп-шөп сүйді бетінен. Француз әтірінің иісі желпіп өткен.



— Өзің айтқан тапсырыс! Түп-түгел! — Ақ «Аудидың» иесі кутындап, жымың-жымын.

— Браво, Базеке!

— Женя, танысындар! Самат... тоис Са-ша...

Келіншек қасы-көзін керіп, сүйіктей саусақтарын ұсынған.

— Очень приятно! Қайталаңызшы, Самат па, Саша ма?

— Саша ғой, Саша... — Саматтың орнына толық еркек жауап қайтарды.

— Оқасы жоқ... Досыңыздың аты емес, заты керек бізге! Солай ма, Базеке! — Жайнаң қаға көздері күлімдеген ақсары келіншек сәл-пәл, болмашы ынғайсыздықты сейілтіп-серпіп жібергендей заматта...

Думанды топ қызды-қыздымен түн жарымын аунатты. Сан түрі ішілді арақ-шараптың. Ән айтылды, би биленді. Тасып-шалқыды көңіл. Қызды қан. Ілкіден соң келіншектер іште қалды да, екі еркек есік алдына шығып, бой жазып шылым шекті.

— Базеке, бұйымтайым бар...

— Сенде құлағым.

— Әлгі... бухгалтер келіншектің хикаясы.

— Ә-ә... Кәбира ма? Сайтан алғыр, сұлу-ақ өзі... Сен араласып, катысып жүрген соң... құрық тастамап едім... Қам жеме... Көнбесе, қызметінен кілтипан тауып, кіріптар етейін...

— Келістік...

Екі еркек үйге енді...

Сәлден соң жарығы сөнді терезелердің...

* * *

Кәбира дағдылы жолымен жұмыстан қайтып келе жаткан. Жеңіл машина тоқтап, ішінен таныс тұлға шалынды. Қараса — Самат.

— Кел отыр, жеткізіп салайын. — Кесе-көлденеңдеп алдын орады. Монтаны. Жұп-жуас. Мөлиіп тұр.

«Отырсам отырайын...» Кәбира кабинаға жайғасты. Тіл катысқан жоқ жол бойы. Самат машина тоқтағанда ғана мойын бұрды.

— Кешір, кешіре алсаң... өткендегі қылығым үшін...

— Түсінгеніңізге рахмет!

— Күлме... Бәрібір, жақсы көремін сені...

— Аға деп сыйлайтын едім...

— Несі бар... қайта...

— Өзгеге жем болғанша демексіз бе?!

— Қарайласып тұрамын... Заман болса... мынау... ию-кию, түсініп болмайтын аласапыран... қымбатшылық... күннен-күнге аспандаған нарық...

— Мүсіркеме-ніз-з... өйтіп...

— Шыным, Кәбираш-ш... Шыным-м...

Аңдаусыз отырған. Шалт бұрылған еркек құшақтап, еңсеріп бара жатыр. Қолтығы астынан сытылып шықты да, жағынан тартып-тартып жіберген. Содан соң жалма-жан есікті аша-маша тысқа атып шықты.

— Мына қаншықтың қорлығын-ай, ә! Қап-п! Қасарысқанда қайда барасың?!. Тасыр мінезін... Апақ-сапақ шақ... Біреу-міреу көре қоймаған болуы керек. Қатыннан шапалақ жеу! Өлім ғой, өлім-м!..

Женіл машина орнынан жұлқына қозғалды.

* * *

Базарбай үйіне қайтқалы жатқанда аппақ сүттей телефон шылдыр етті.

— Ал-оу, Базеке... мен ғой...

— Иә... көріп тұрмын.

— Ана жағдайға байланысты...

— А-а... ана-а, сұлу келіншектің жыры ма?!. Қалай, бірдеңе шығатын ба?!

— Мөңкіп, маңайлатар емес.

— Не қыл дейді?

— Ит білсін... Құрық бойлаған ба әйел қулығына.

— Кет әрі емес деп едің.

— Басында тәуір едік.

— Оңаша шақырсаңшы.

— Дәнеңе шықпай ма деп қорқамын.

— Не көмек сұрайсың?

— Аттестация өтеді дегенді естіп...

— Алдағы аптада.

— Ендеше... омақассын...

* * *

Жұмысшылар жабдықтау бөлімінде істейтін әйелдердің аузында бір әңгіме жүр. Ол — алдағы өтетін аттестация.

— Былтырғыдай емес, биылғы сынақ қатал болатын сыңайлы!

— Базарбай Тортаевичтің өзі қатысады!

— Алматыдан, ДОР УРС-тан өкілдер келеді дейді!

— Несіне дүрлігесіңдер! Қысқартуға ілігетін адамдар алдын ала жоспарланған!..

— Сендер-ақ осы, білгішсініп отырасыңдар! Жайым жоқ қорқатын! Кейбіреулер сияқты сүйеушім де жоқ! Әдіра қалсын! Екі қолға бір жұмыс қайда да!..

— Жә, заман ақыр орнатып не жетті! Көрерміз кезінде!..

... Ұзақ өтті сынақ.

Қырсық қылғанда елдің ең соңынан қабылдады Кәбираны. Сауалдары жоқ қоймаған. Ақыры бухгалтерлікке жарамсыз маман саналып, алты айға алдағы айдың басынан асханаға ауысатын болды.



«Соның ісі бәрі... соның ісі!..»

Ызаға булығып шықты Кәбира. Ернін жымқыра тістеп жыламауға бекініп алған. Аяғы-аяғына тимей жылдам тысқа шықты. Мезгіл жазғытұрым болғанымен ызғар бар ауада. Інір түсіп келеді. Автобусты күтпей үйге жаяу тартты. Таныстары кездеспесе екен деп тіледі. Тоқтатып, сәлемдесіп жылы-жылы сөйлесе жылап жіберетіндей. Екі ұлының үйде жоқтығы, жалғыздығы есіне түскенде құлазып кетті.

Түнімен қайдағы-жайдағы, шым-шытырық түс көріп, мазасыз ұйықтаған Кәбира күндегісінен кешігіп келді жұмысқа.

Бухгалтер әйелдер әдеттегі жұмыстарына кірісіпті. Сырт киімін шешіп, отыра қалды орнына.

... — Өртте несі бар сорлының!

— Құдай бір айналдырғанды, шыр айналдырады...

— Орыс кемпірдің көрер жарығы бар қайта!..

— Иә... өліп қалар еді Қуандық болмаса!..

Өрт... Қуандық... Орыс кемпірі...

Кәбираның құлағы шыңылдап кетті.

— Қыздар, айтып отырғандарың не? — Жұмыстан өзгеде көп ісі болмайтын елуге таяп қалған етженді сары әйел — Ізімгүл әріптестеріне қарады.

— Естіген жоқсыз ба?!

Өсек десе ішкен асын жерге қоятын, ерні бір уыс Бәти әдетінше жіңішке қастарын керіп маңғаздана қалған. — Ет дүкеніндегі жүкші Қуандық кеше кешкілік жұмыстан қайтып бара жатқанда жалындап-лапылдап жатқан өрттің үстінен шығады. Орыс кемпірінің ескі тамы екен. Жиналған жұрт өрт сөндірушілерді шақырғаннан өзге түк бітірмей алқа-қотан ошарылып тұрған көрінеді. Кемпір болса өрт лаулаған там ішінде. Қуандық үйге қойып кетеді де, кемпірді алып шығады. Бірақ өне-бойы жалынға шарпылады. Өртенген адам қабағат жүйрік болады дей ме? Алды-артына қарамай, қолды-аяққа тұрмай дөйдала безіп жөнеледі. Жігіттер азар дегенде ұстап, жедел жәрдем машинасымен аудандық ауруханаға жеткізіпті.

Орнында байыздап отыра алмады Кәбира. Шаруам бар еді деп сылтау айтып көшеге шықты.

Қар жауып тұр. Кәдімгі мамық ұлпа қар. Айнала-төңірек аппақ. Аялдамаға жетіп автобусты асыға тосты.

— Ата, көктем келді ғой, неге қар жауады? — дейді, сірә, немересі болса керек, бес-алты жастардағы ұл бала таяқ ұстаған кәриядан.

— Құлыным, бұл құс қанаты.

— Не ол?

— Құс қанаты — көктемде жауатын соңғы қар. Жылдам еріп кетеді. Одан соң күн жылынады. Көк қаулап өседі...

Кәбираның мазасы кетті. Әлі тұр автобус күтіп. Такси ұстамақ

310806

ОБЛАСТНАЯ
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

еді, «қырсықканда қымыран іриді» дегендей, бірі де тоқтамады. Өтіп жатыр, өтіп жатыр. Бәрі де бос емес. Біреуі тоқтады-ау, ақыры.

Такси Аякөз қаласының шетіндегі ауруханa ауласының алдына жетті де, жүргізушімен жылдам есеп айрысқан келіншек жүгіре басып бес қабатты еңселі ғимараттың сыртқы есігіне тақала берген. Жүрегі ала бөтен дүрс-дүрс соғады...

Далада, құс қанаты — аппақ қар жауып тұр...

*Қаңтар, 1987 ж.*

## ҚАРА ЕШКІ

«Шайтан, сөз жоқ, адамды аздырушы»

*(Құран-Кәрім, Фурқан сүресі, 29 аят)*

Мүсірәлі қарт киімшең кереуетте жатыр. Басында тақия. Оң қолында тәспі.

Ақшам мезгілі. Үй іші ала көленке. Бұның да көңілі күңгірт. Беймаза. Осымен бірнеше рет байқады, келіні Кәмшат мал қораның кіре беріс бөлмесіндегі мәтша ағаштың жоғарғы тұсындағы көлденеңнен салынған бөренеге қарағыштай береді. Бұл тегін емес! Әлдебіреуді көргендей, тесіле қарайды көз алмай.

— Астафиралла!— деді жүрек тұсын оң қолымен шеңберлей ұстап.

Өн бойын суық сезім шарлады. Жөпшенкі ана-мынаға үрейленіп, қорқыныш атаулыға бой алдырмайтын жүрегі біз сұққандай шаншып-шаншып кетті.

Екі кештің арасында қай-қайдағы бірдеңелер елестеген соң, аятүл күрсі аятын оқыды. Бір емес, бірнеше рет. Содан соң ғана байыз таппай безектеген көңілі жайланды.

— О, тоба! — деді кәрия тылсымы қат-қабат тіршіліктің жұмбақтығына қайран қала. Сонау-сонау әлмисақтан дүн-дүние жаралғалы, жын-шайтан мен адамның, ақ пен қараның мәңгі бақи мәмілеге келмес қарама-қайшылығын ойлады. Ойлап-ойлап тұрақты байламға табан тірей алмаған. Себеп-салдарына шақшадай басы жетпей пұшайман болған...

— Әке! — деген дауыска басын көтерсе, баласы Керімбек. Ак ендей бастаған шашы үйпа-түйпа. Бет-жүзіне шаң конақтапты. Қонқақ мұрны шып-шып терлеген.

— Ы... ы... Сен бе?!

— Жалғыз неге жатырсыз?

— Соны айтам...



— Сіз көрінбеген соң не болды деп...

— Шым-шытырық бір ойлар қамап...

— Күн батар шақта жатпау керек дейтінсіз...

— Солай дейді.

— Ақшамды оқыдыңыз ба?!

— Ойбу-у... өтіп бара ма, балам...

— Жоқ, әлі кеш емес.

— Жақсы болды ескерткенің...

— Намазды уақтылы оқыған абзал деуші едіңіз!..

— Ол рас!..

— Ендеше тұрыңыз! Далаға шығыңыз. Бүгінгі кеш біртүрлі ерекше! Тымық. Тыныш. Мамыражай... Көпте-ен мұндай шақты көргенім жоқ...

Қара шал орнынан тұра берді де, есіне әлде не түскендей қайыра отыра кетті. Керімбек есік көзіне жетіп дәліздің есігін аша бергенінде:

— Әй! — деді даусы саңқ етіп.

Тыстағы шаруаға асығып аттап-бұттап бара жатқан ұл еңсеріле бұрылып:

— Мені шақырдыңыз ба? — деді кідіріп.

— Иә-ә... Бері кел...

— Балам, байқарсың, — деді кәрия жүрек дүрсілін тоқтатып. — Бірнеше рет көрдім. Келін мал қораның кіре беріс бөлмесіндегі мәтша ағашына қарағыштай береді ...

— Не-ге-е?!

Түкке түсінбеген Керімбек қара шалға қарап аң-таң.

— Неге дерің бар ма! Мал қорaға барса сен де ілес, жарай ма?!.

— Жарайды...

* * *

Інір қараңғылығы...

Сиырларды сауып, қой-ешкілерді жайлап ас үйде алаңсыз ас қамдап жүрген Кәмшат ақырын ашылған есіктен қарандап біреудің өзін-өзі жұбатып еді, әлгі сұлба-елес шынға айналып, дәл қарсы алдына қара киімді қара шал кеп тұра қалды.

— Саламатсың ба, қарағым! — деді елес шал тіл қатып.

— Саламатпысыз...

— Балам, көптен байқап жүрмін... Бейнеткөр бақытсыз жансың...

— Неге олай дейсіз?!

— Бәрін білемін...

— Сіз кімсіз?! Мен сізді танымаймын!.. — Көздері өңменнен өтетін қайыстай қара шалдың сөздерінен секем алған жас келіншек үрейлене бастады.

— Қорықпа, қызым!... Қорықпа менен!...

— Жақындамаңыз! — деді Кәмшат шегіншектеп.

— Бекер өйтесің, балам!.. — Қара шал Кәмшаттың қолынан ұстады. Алақаны жұп-жұмсақ! Дауысы да бып-биязы... "Неге соншама үрейлендім?! Иман жүзді кәрия ғой... Марқұм әкеме ұқсай ма өзі?!»

Кәмшаттың жүрегі қалпына келіп, бойын айрықша алаңсыздық һәм жайбарақаттық сезімдер биледі.

— Әне-е!... Көрдің бе, қызым... Мен саған жамандық ойламаймын...

— Енді үрікпеймін, ата! Айта беріңіз әңгімеңізді.

— Бейнеті бес қабат мына тіршілігінді таста! Ер соңымнан!

Кәмшат қара шалдың соңынан ілесті. Апыр-ау, бұл қалай?! Ақсақал аяқ киімдерін теріс қарата киіпті. Әлде... аяғы кем бе ?!.

Келесі сәтте мал қораның сыртқы есігін ашып ішке енді екеуі.

— Көлденең жатқан ана бөренені көрдің бе? — деді қара шал жоғарғы жақты нұсқап.

— Көрдім, ата!

— Ендеше соған асыл!

— Қазір, ата!

— Мә, қыл арқан! Мен күрмеп байлайын!

— Сұрағым бар.

— Сұрай ғой...

— Асыл дейсіз... Өліп қалмаймын ба?!

— Қайта тірілесің, балам...

— Екі баламды, күйеуімді, атамды кімге қалдырам?!

— Сенің артыннан олар да келеді...

— Мақұл...

* * *

— Кәмшат, ау, Кәмша-ат!.. Қайдасың?! — Керімбек барлық бөлмелерді аралап шықты. Жоқ. Жым-жылас. Әлгінде кешкі шәйді қамдап жүрген Кәмшат көрінбейді. "Апыр-ау, қайда кете қалды?! Көршілердің үйіне қыдырып баратын дағдысы жоқ еді. Апыр-ай, ә?!" Кенет Керімбектің бойын үрей билеп үйден атып шықты. Әкесінің ескерткен сөздері жадында жаңғырып өткен. "Аман болса игі еді" деп келеді жанұшырып. Мал қораның есігін серпе ашса, келіншегі қыл арқанды мойнына салып жатыр. Секіріп барып көтеріп алды.

— Не болды саған? — дейді қалш-қалш ете дірілдеп.

— Қайдан келдің сен?

— Үйден...

— Атам қайда?

— Мырзағалидың үйіне кеткен... — Не болды деймін?

— Бір қара шал соңымнан қалмай қойды...

— Біраздан...

— Қандай ақысы бар?

— Асыл дейді арқанға...

— Астафиралла!..

Ертенінде кешқұрым Мүсірәлі карт пен Кенжебек көрші үйдің кілетінде семіз қара ешкіні бауыздады да, жан адамға білдірмей мал қорадағы мәтша ағашына әкеліп іліп қойды.

...Таңғы ұйқының уыз шағы.

Біреу бүйірінен нұқып қалғандай селк ете басын көтерген Керімбек есін жылдам жиды. Қасында келіншегі жоқ. Ақжайма сап-салқын. Соған қарағанда әлдеқашан тұрып кеткен сияқты. Төргі үйдегі әкесін оятып, қолдарына шам алып мал қораға келсе, Кәмшат іш көйлекшең жатыр. Денесі тоңазып қалыпты. Ұзын қара шашы тарқатылған. Су бүркіп, есін жиғызып алғандағы алғашқы сөзі мынау болды!

— Әне-е! — деді аяқтары салбырап ілініп тұрған қара ешкіні оң қолымен нұсқап. — Әне-е...қара шалдың өзі... өзі асылып тұр!..

*Тамыз, 2005 ж.*

## БІР ТАЛ ГҮЛ

Қараңғылық түскелі қаша-ан...

Үлкен қала күні бойғы қым-қуыт тіршілік ырғағынан сәл де болса байыз тапқандай арлы-берлі ағылған көліктер де, адамдар да дамылдап саябырлаған. Оқта-текте терезе тұсынан бірлі-жарым машиналар өтеді. Одан соң біршама уақыт тыныштық жайлайды бұл маңды. Қараңғы түн мен жалғыздықты суқаны сүймейді баланың. Алайда, тағдыр жазуына не шара?!.

— Жалыққаным-ай, ішқұса күндерден...

Кішкентай қыздың шерлі жүрегі жиі-жиі соғып, бойын қорқыныш биледі. Қорғансыз, шарасыз тірлігіне налығаннан өксіп-өксіп жылады. Бірақ қанша жыласын, ертеңгі сабаққа әзірлену керектігі есіне түсті де, жігерленіп, жинап алды өзін-өзі...

Қыздың әкесі екі жасында қайтыс болған. Сурет альбомдағы түріне қарағанда көркем адам болған сияқты. Көмірдей қара шашын он шекесіне жатқыза тарап қойыпты. Қыр мұрыны ашандау ақ құба жүзін аша түскен. Жылылық ұялаған қой көздерінде мейірім тұнып қалғандай. " Қандай жақсы кісі, деп ойға берілетін қыз. Әттеең, әкем тірі тұрғанда көрінгенге көз түрткі болмай, өзге балалардай арқа-жарқа, шат-шадыман жүрер ме едім... Анам да ойына келгенін істеп, қалай болса солай тірлік етпес еді-ау..."

Анасы жайлы толғанса, қаршадай қыздың жүрегі шаншып ауырады. Азық-түлік сататын дүкенде ел қатарлы сатушы боп жүргенде мойнына ақша мініп — сотталудан аман қалған соң, тиіп-қашып әр жерде істеп жүрді де, келе-келе одан да шеттеп қалған. Кейінгі кезде араққа үйір болғаннан үйдің берекесі кетті. Бір абыройы, нағашы әпкесі ішіп-жемнен тарықтырған емес. Тәуба оған да! Бірақ судың да сұрауы болмай ма?! Шешесінің мәнсіз-мағынасыз тірлігі жалғаса берсе, соңы немен тынар екен?!. Қылдан тайса ақыл-кеңес айтып ұрсып-жекіруге, жазғыруға жақын тұратын үлкендер неге бәрін керісінше жасайды. Осы арасын түсінбейді бала.

Саиданың өзіндей балаларға ұқсап теледидар тамашалап, компьютерде ойнап, я болмаса қызықты кітап оқып шаттанған кездері сирек. Қайбір күндері шешесін күте-күте шаршап, қарны аш күйінде ұйықтап та қалатын. Пәтерлері бірінші қабатта болғандықтан, подъездегі қаңғыбас мысықтардың мияулап ұмар-жұмар төбелескен ащы даусынан төбе шашы тік тұратын. Иесіз мысықтар ескі үйдің іргесін үңгіп-тесіп, көздері қанталап қазір-қазір кіріп келердей елестейтін. Он күн бұрын екі тәте келіп, мезгілінде ақша төлемегендері үшін электр жарығын қиып кеткен. Үй іші тастай қараңғы.

— Иша-ай, жазығанам — ай!..

Саиданың даусы шығып кетті. Ескі шифонерден күздік пальтосын алып киді де, темір кереуетке қисайғаны сол еді, қапелімде жүрегі тас төбесіне шықты. Ауызғы бөлмеде қараң-құраң әлдекім жүргендей ме? Батылданып, стол суырмасындағы майшамды ізделі. Тапты. Жалғыз талы қалыпты. Тұтатайын деп тұрды да, райынан жылдам қайтты. Анасы үйге оралмаса соңыра жағып, шәй ішіп, ертеңгі сабағына әзірленуі керек.

Кенет сыртқы есік қатты-қатты қағылды. Сасып-пысып дәлізге жүгірген. Кім екендігін сұрамастан ілгекті ашып жіберді. Анасының қасында бет-аузы жара шегір көзді еркек бар.

— Ұйықтап қалғансың ба?!

— Жо-оқ...

— Неге ашпайсың?!.

Бөлме ішін шараптың жағымсыз, сасық иісі алып кетті.

— Шам жақ, — деді анасы.

— О — о, үй қандай жылы! — деді еркек.

Сығырайған майшамның әлсіз жарығы жан-жаққа шашырай бастады.

Еркек стол қасына жайғасып, ескі шүберек дорбадан бір бөлке нан, балық консервісін, екі шөлмек шарап шығарды. Сәл өтпей екеудің сөздері қиыспай, тілдері күрмелді. Сабағын қарап бүрісіп бұрышта отырған Саиданың басына дәненеге кіретін емес. Оқыған сөйлемін қайта-қайта ежіктейді. Еркек бір кезде ән айтпақшы ниетпен: " Алтайдың ар жағынан келген а-ру..." дей берді де, қақалып-шашалып жөтелді — ай...



Анасының арақ ішіп, мас болуы жиілеп барады. Бұрындары канша ішсе де үйге жалғыз оралатын. Біраздан мына кісіні тауып алыпты.

Саида анасын алғаш көргендей тесіліп, ұз-а-а-қ назар тіктеді. Бет-аузын айқыш-ұйқыш әжім басып, қартайып кеткендей. Қара шәй мен қара нанды қарбыта жеп өліп барады. " И-й, бейшара анашым-ай, — деді көзіне құйылған жасты тежей алмай. — Атаңа нәлет арақты кім шығарды екен?! Құриды ғой бұлай жүре берсе..."

Сол сәтте анасын жек көрді және... және аяды Саида...

Еркектің екі көзі қызда. Ішіп-жеп, қайта-қайта қарағыштай береді.

"Кетсе екен... Көздері қандай жаман!.."

Тұрып далаға шықпақ еді, мас еркек тәлтіректеп тақау келді де колынан ұстай алды. Саида шыңғырып жіберді. Басы бұлғақтап қалғып-шұлғып отырған анасы көзін ашып:

— Оның не, Коля? — деді немқұрайды үнмен.

— Сұлу екен қызың...

Саида тысқа атып шықты да, қыстығып жылап қоя берді. Сол күні үйлеріне тақау жердегі сыныптас құрбысының үйіне түнеп шықты.

... Таңертеңмен жүрегі алып-ұшып үйге келсе, анасы түк болмағандай қаткан қара нанмен қара шәй ішіп отыр. Қайда болдың деп сұрағаң да жоқ. Құдды бөтен адам секілді. О, тоба! Көздері қып-қызыл. Ісіңкі. Еріндері тілім-тілім. Киімдері тозған. Үстіндегі көйлегі де кір.

— Мама, бұл жүрісің не?! Қарашы өзіңе, — деді Саида анасына жаны ашып.

— Иә, қызым... дұрыс айтасың...

— Ұқыпты едің ғой!.. Жиналшы, серпілші!..

— Өзім де мүжіліп отырмын... Түнде сені іздеп маңайдың бәрін адақтадым... Әне бір Ақжайық көшесі бар емес пе, сонда... қаңғыған бір иттер талап тастай жаздады... У-уф, жаным-ай!.. Қашып, жүгіре бергенімде аяғым шалынып құлап түстім... Міне қарашы, күп боп ісіп кетті балтырым.... Азар жеттім сүйретіліп...

— Осының бәрі әкемнің жоқтығынан...

Анасын, өздерінің жұпыны тірліктерін ойлап мұнайып отырған Саиданың көзінен жас парлап қоя берді.

— Мама, өтінем... ішпеші атың өшкір арақты...

— Татып алмайын деп талай талпындым...

— Ішпе... Біреу қыстай ма?!

— Жоға, балам...

— Онда неге ішесің?!.

— Ерік-күшім жетер емес...

— Емдел, дәрігерге бар!

— Айтқаның жөн...

— Ол үшін ана бір жаман адамдардан алыстауың керек! Біржолата!..

— Сөйтем, жаным...

— Сөзінде тұршы, м а м а!

— Жарайды...

Анасымен арка-жарқа көптен тілдеспегелі кішкентай қыз да бір түрлі жат, суық кейіпте алыстап бара жатқандай еді. Мына әңгіме жүректегі сызды жылытқандай қуат-күш берді. Шешесі беті-қолын жуып, үстіне бір қабат таза киімдерін киіп еді, сали-қалы-салмақты әйелдерге ұқсап табанда өзгеріп шыға келді.

— Қарашы айнаға! Әп-әдемісің!.. Айтшы, кімнен кемсің?!.

Саида анасын қолынан жетелеп ауызғы бөлмедегі шарайнаның алдына алып келді.

— Шынында өзіме қарамағаныма қанша болды?!. Балам-ай, не істер едім сен болмасаң?!. И — й, жанымның жапырағы сол-л... — Әйел мұңайды.

— Жақсылап тынық! Есікті іштен іліп ал! — деді қызы мектепке кетіп бара жатып. — Бізде бүгін төрт сабақ... Көп бөгелмеймін, мама!

... Екі пәннен бес алып, көңілі көтеріліп үйіне жеткен баланың мойнына біреу суық су құйып жібергендей еріндерін жымқыра тістеп тұрып қалды. Бөлме іші көк түтін. Стол үсті астан-кестен. Қалай болса солай шашылған. Шараптан босаған шөлмектер... Балық консервісінің қалайы қалбырлары... Кіреукеленген көздерін ашып-жұмып, темір кереуетте анасы қалғып-шұлғып отыр...

* * *

Мектеп директоры — отыз бес шамасындағы қараторы әйел Саиданы сырттай бақылап жүреді. Қолынан келген көмегін беруге бейіл, асық. Саида қабылетті қыз. Мектептегі хорға да қатысады, жеке дауыста ән де айтады. Тең-құрбыларымен салыстырғанда әлдекайда ересек, байсалды. Кейбір қыздарға ұқсап елтең-селтеңге ерген емес. Мұғалім жаңа сабақты түсіндіріп тұрғанда, бар зейінімен тыңдап жақсы ұғып алады. Сол жерде жауап беруге бар. Үйде сабақ оқуға жағдайы бола бермейтіндіктен, үзіліс кезінде үнемі кітапқа үңіліп отырғаны. Өзге балалар сияқты жүгіріп, секіріп ойнамайды. Ана жүрегінің жылуын сезінбей өсіп келе жатқандықтан ба, балалығын біреу ұрлап алғандай. Өзі қатарлы құрбылары үлкен үзілісте мектеп дәмханасынан тәтті шоколад, балмұздақ алып жеп жүргенін көргенде қызығып кететін. Мөлиіп бос қарағаннан дәнене шықпасын білген соң назар салуды қойған. Кедейшілік баланың намысын, табандылығын жани түскендей...

... Жоқ-жітік және көп балалы шаныраққа көмек беруге шетелдегі бір фирмадан киім-кешек жеткізілді. Мектеп директоры сабақ соңында Саиданы кабинетіне шақырып, өзі таңдап қызға дәл келетін бірсыпыра киім берді. Мұндай жақсылық көрмеген Саиданың төбесі көкке жеткендей шаттанды. Қыстық пальтосы да шап-шақ. Көйлектері қандай көркем! Шарайна алдына келгенде өзін-өзі танымай қалды. Сүйкімді дөңгелек жүзді қыз тұр алдында.

Сол күні Саида түс көрді. Теніздей толқыған қызылды-жасылды әлем ішінде жүр. Айнала-төңірегі жайқалған гүл... Анадай жерде анасы тұр үн-түнсіз...

Саиданың өмірге құштарлығы артып, сабаққа ынта-ықыласы арта түсті.

... Мамыр айы. Ағаш біткен жапырақ жайып, көк қаулай шыққан. Күн жылынған. Адамдар да шат-шадыман. Жайдары. Саидалардың үйінің алдында шағын бақшалық болатын. Ештеме егілмегендіктен арам шөп басқан. Бір күні қараса, жалғыз тал гүл шығып тұр. Қыз қызықты. Жүрелей отыра қалып иіскеп еді, хош иіс өн бойын шымырлатып жіберді. Еңкейіңкіреп қайыра иіскеді. Баяу тербелген гүл "мен саған қуаныш сыйлау үшін өстім" дегендей сыбдыр қағады.

*Мамыр, 2003 ж.*

## КІРБІҢ

— Айдынжан! Қайдасың?

Аптап ыстықтан сая табу үшін терезелері пердемен тұмшаланған қара көленке төргі бөлмеде таң атпастан теледидар тамашалап, қос жастықты жастанып, шәниіп шалқасынан мамыражай жатқан тәмпіш танау сары бала үшінші мәрте аты аталғанда ғана:

— Мындамын!.. — деді мұрны астынан естілер-естілмес міңгірлеп.

— Қайдасың деймін... Айдын-н!..

— Мындамын-н... — Бұл жолғы даусы анық естілді.

— Әлима әженнің үйінен сүт әкеле қойшы... жүгіріп...

Ендігі жатыстың мағына-мәнісі болмайтынын түсінген Айдекең атыс-шабысы енді-енді қызып, ию-қию қырықпышақ төбелес басталған киноны соңына дейін көре алмайтынын біліп орнынан созалаңдай тұрды. Ызасы мұндай келмес. Қалай шамданбасын! Күндегі тірлігі осы. «Енді қайда жұмсар екен?!»

Каникул басталғалы дұрыстап фильм де көре алмады. Үйдің кенжесі болған соң жұмсамайтын, істетпейтін шаруасы жоқ шешесінің. Екі ағасы бірлестікте шөп әзірлейтін бригадада жұмыста.

Өздерінше ер жетіп, отбасына қолқабыс жасаған түрлері. Айдынның да көкесінің қасына еріп, тракторшының көмекшісі болғысы келіп еді, шешесі кішкентайсың деп рұқсат етпеді. Қайдағы кішкентай?! Он үш жас дегеніңіз аз ба?! Тоғыз жасында орыстың кемеңгер жазушысы Лев Толстой том-том кітап оқып, күнделік жазып, данышпандықтың әліппесіне аяқ басқан. Он бір жасында атақты Александр Пушкин француз әдебиетін жетік білген. Қазақтың ойшыл данышпандары Абайдың, Мағжанның, Мұхтар Әуезовтың, Шоқан Уәлихановтың, өзге де біртуар тұлғалардың қабылет-дарындары қаршадай кезінен айқындалған. Мұндай мысалдар көп. Бәрін кітаптан оқыған Айдын...

Ә-ә, ұмытып барады... Өткенде көкесі аудан орталығына барғанда екі-үш кітап сатып әкелген. Сен оқитын кітап деді бұған біреуін беріп жатып. Мұндай қуанбас! Алып қараса, мұқабасы көкшіл, әп-әдемі жинақ. Авторы — Өтепберген Ақыпбекұлы. Аты «Қызықты Әліппе». Ылғи өлендер, әліпбилік мазақтамалар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, сұрамақтар және ертегілер. Шіркін, өзіңмен-өзің оңашада шытырман оқиғалы кітаптар оқыған қандай жақсы! Өкінішке орай, балаларға арналған қазақ тіліндегі әдеби кітаптар аудандағы дүкенде жиі кездеспейді. Кездескен күнде суреттері аз, қағаздары сарғыш, біртүрлі жұпыны! Ішіндегі әңгімелерін оқымай-ақ қарның ашып қалады. Осы неге Астана мен Алматыда кітап шығаратын жерде істейтін ағайлар мен апайлар іші мен сырты бірдей әйбат жинақтар шығармайды екен?!. Керісінше балаларға ылайықталған орыс тіліндегі кітаптар пішен-пішен. Шетінен шертіп жүріп таңдап ал да, оқи бер...

Мысалы Мәскеуден жарық көрген Николай Носов деген жазушының «Мишкина каша», «Витя Малеев в школе и дома» деген кітаптарын алайық. Сыртқы мұқабасының өзі қандай әдемі! Көздің жауын алып, бала біткенді қызықтырмай ма?! Айдын сол екі кітапты үш-төрт рет оқыды. Әсіресе Витя Малеевтің басынан өткен оқиғалар барша балаға тән қылық-істер ғой... Еш боямасыз шынайы жазылған шығарма. Күлетін де, ойланатын да тұстары жетеді.

Баланың жан-дүниесін соншама нәзіктікпен суреттеген жазушы да осал емес-ау!

Айдын үйдегі «Қазақ ертегілері» мен Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожасын» жатқа білуге жақын. Кеше «Қызықты Әліппенің» бес-алты бетін парақтап еді, жетелеп әкетіп барады. Жақында асықпай оқып шыққан жөн...

— Айдын-ау, болсаншы!.. Таз таранғанша той тарқайды ғой...

— Қазір шығамын...

Ойлап отырса анасының өстіп, ананы әкел, мынаны апар деп таңның атысынан қара кешке дейін жұмсауы шаршатты. Бәлем, келесі жыл болсын! Ағалары сияқты бұл да жұмыс істейді жаз бойы...



— Әй, неге үнің шықпай қалды?!

— Естідім ғой.

— Естісең неге жөнелмейсің?

— Жиналып жатырмын.

— Түсіндің бе, не істейтініңді?!

— Түсінбей...

— Қайталашы?

— Сүт әкелем...

— Қайдан?

— Қайдан болушы еді... і-і... дүкеннен де!..

— Ақпақұлақ десе ренжисің... Әй, сен осы адам болмайсың-ау!..

— Неге олай дейсіз?!.

— Адам болсаң, зар қақсатпай жүгірмейсің бе, манадан.

— Жүгірмей-ақ, жай жүріп баруға болмай ма?!.

— Ән-е-е!.. Тіл мен жағына сүйенгенде жан салмайды алдына.

— Өзіңіз ғой үлкен кісінің сұрағына дұрыс жауап бер деп күнде қақсайтын.

— Жә, тәжікелеспе! Әлима әженің үйінен сүт әкел! Тізгін ұшымен бар да, тізгін ұшымен қайт! Ұқтың ба?!

— Тізгін ұшы деген не?!

— Ешқайда бөгелмей жылдам орал деген сөз.

— Жұмбақтамай, бірден осылай айтпайсыз ба?!

— Бар деймін... сөзді көбейтпей...

* * *

Айдекеннің қолында үш литрлік пластмас ыдыс. Өзі жалаң аяқ, жалаң бас. Әндетіп көңілді келеді. «Анамның тапсырмасын «тізгін ұшымен» атқарайын да, теледидар көруді одан әрі жалғастырайын. Содан соң Борлы өзеніне барсам Барлықанмен.

Тәмпіш танау сары ұл тымпың-тымпың асыға адымдап келе жатыр.

— Еи-й, Айдын! Қайда барасың зымырап?!

Жалт қараса, Әлима әженің тентек немересі, ұзынтұра Рүстем ескі клуб үйінің алдында екі қолын жан қалтасына сұғып, сағыз шайнап беймарал тұр. Қос езуі екі құлағынан асып желкесіне жетеқабыл. Басында әбден ақжем болып тықырайған атасының ескі тақиясы. Қай кезде де көздері ойнақшып жылт-жылт етіп жүретін нағыз бұзатердің өзі. Шақшадай басы толған идея. Онымен жолықтым дегенше үйге жоламай, тамақ ішпей бездім дей бер. Бір ойынды тауысса, келесі бірін шапшаң ойлап тауып кісіні қызықтырып, делебесін қоздырып, басынды шыр көбелек айналдырады. « Асығыс жүргенде кезікенін қарашы! Қап!.. Бірақ, енді кеш...»

— Сендердің үйлеріңе, сүтке бара жатырмын, — деді Айдын естілер-естілмес үн шығарып. «Өстіп ақырын сөйлесем, құтылып кетермін қызылкөз немеден...»

— І-і... дұр-рес-с!.. — деді Рүстем осқырына қарап.
— Неменесі дұрыс...
— Сүт кайда қашар дейсің, кел кішкене ойнайық!
— Шешем ұрсады...
— Пәлі, соған бола ма?!
— Әрине.
— Жарайды, онда былай болсын. — Рүстем аз-маз ойланыңқырап тұрды да, көп ойнамаймыз! Он ақ минут! Келістік пе?! — деді «он минутка» салмақ сала ныгыздап.
— Келістік! — деді Айдын. — Қандай ойын?
— Бері кел, — деді Рүстем ұрлық жасайтын кісіге ұқсап құпиялай сыбырға көшіп. — Әтеш төбелестіреміз!
— Әтеш дейді!
— Иә-ә... Көресің, шыжыктың көкесін. Бір ай өтті әтешімді әдейілеп қып-қызыл төбелеске әзірледім. Телевизордан карап отырсаң... ана шетелдерде бұқаларды да сүзістіреді! Иттерді де таластырады! Спорт әрі шоу-бизнес кой ол!
— Ендеше, сенікі де шоу-төбелес!
— Дұрыс айтасың! Мен әтешімді тұңғыш рет рингке шығарам!
— Аты бар ма әтешіңнің?
— Есіме жақсы салдың! Ойланған лезім... және анау-мынау емес, оригинальный ат болуы керек!..

Екі ұл тамаша ойынға кірді де кетті.

Рүстемнің әтеші төбелеской екен. Қызыл айдары тікірейіп, қарсы шыққан өзге әтештерді шыдатар емес тіпті. Тасадағы тар қораның ішінде жекпе-жекке шыққан қарсыласын куып жүріп шоқып-жүндеп, қос қанатымен далбырлата ұрып, көп ұзамай «нокдаунға» жібереді.

Әтештер сайысы басталғанда екеуі ғана еді, енді Нұрбол, Қайырбек, Бейбіт, Төлегендер келіп қосылды. Қора іші ара ұясындай гуілдеп, ыскырған, айкайлаған дауыстар естіле бастады. Атой салып, шетінен жайратып жүрген Рүстемнің «герой» әтеші бір кезде тырапай асып құлап түскені. «Бұған не болды?» деп қасына жетіп барған ұлдар. Төбелеской әтештің көздері алайып қыбырсыз жатыр.

— Өліп қалды, — деді Нұрбол бірер жас үлкендігін танытып.
— Оны қайдан білдің?
— Талып қалған болар...
— Әкең ұрсады ғой!
— Обал-ай!.. — деді балалар шулап.
— Күнде бүйтіп төбелеспеген соң ажал тапты! Зорығып өлді! — деді Нұрбол.
— Кінә менен, — деді Рүстемнің даусы пәсейіп. — Күшті әтеш еді... Әкем Ақшатаудағы Келісбек құрдасынан коярда-қоймай



калап, сұрап алған-тұғын... Енді өкінгеннен пайда жок! Болары болды, бояуы сіңді!..

Жә, өстіп тұрамыз ба! Былайырақ апарып, жер қазып, көміп тастайық. Құс та болса, тіршілік иесі емес пе! Обал ғой...

Жазықсыз әтештің өлімінен соң тамаша ойынның қызығы азайып, әлгінде ғана улап-шулаған ұлдар үн-түнсіз үйлеріне тарап кетті. Айдыннің да көнілі астан-кестен. Рүстем де жақ ашпайды.

Бір кезде есіне әлде не түскендей:
— Мен құрыдым! — деді Айдын санын бір салып.
— Не болды сонша?!
— Сүт... сүт-т...
— Тәйірі, сол да сөз бе екен! — Әлгі әзірде ғана ұнжырғасы түсіп, үндемей қалған Рүстем табан асты өзгеріп шыға келді.
— Не істеймін? — Айдыннын көздері шарасынан шыға жаздап тұр.
— Әлима әженің сиырын бұзау еміп қойыпты, сүт жок деп айт анаңа!
— Ұят-ай!.. Өтірікші болдым...
— Дөнене етпейді...

* * *

Айдынның анасы Рүстемдердің үйіне келгенде түскі шәйлерін алдына енді алып жатқан.
— Мақтап жүреді екенсің! Кел дастарханға, — деді Әлима әжей конақжай пейілмен.
— Рахмет, — деп аласа дөңгелек үстелдің шетіне, ою-өрнекті төр көрпеге жайғасты Раушан.

Әдеттегідей әжейдің дастарханы аста-төк. Сары май, ірімшік, құрт, мейіз, қант-кәмпит дейсіз бе — бәрі бар. Қызыл күрең шәйінің дәмі балдай-ау, балдай!
— Әлима апа, бір нәрсе айтсам ренжімейсіз бе?
— Айт, ренжімеймін...
— Шәйіңізге сүт қатып отырсыз ғой!
— Енді ше?
— Әлгі біздің ұлға сүт бермеген соң, сұрағаным да...
— Айдынды жіберіп пе едің?
— Бағана... таңертең жұмсаған болатынмын.
— Ибай-ау, о не дегенің, келінжан!.. Айдын сүт сұрай келгенінде, ыдысын бос қайтарған кезім болып па еді?!

Раушанның мазасы қашты. Асықпай арқын-жарқын отырып әңгімелесудің орайы келмеді. Ойы он сакка пышырап, апыл-құпыл бір кесе шәй ішті де, рахмет айтып орнынан тұрды.

*Тамыз, 2005 ж.*

# ЖАНАТ

— Ойпыр-ай, өлтірді-ау!

Дағарадай боз көйлегінің етегіне сүріне-қабына жан ұшырып келеді Дәу апа. Қолында шыбық. Үпілмәліктей үптеп отырған немересінің кеудесіне қарақұсша конақтап алып, басқа-көзге қарамай төмпештеп жатқан сыптығыр қараны түтіп жемек тырнағы іліксе.

Есік алдында пешке нан жауып жатқан көрші кемпір Несіпбала да, ойын қызығына ендеген қара сиректар да ауыздары ашылып, аңтарылып қалған. Өйткені Дәу апа десе, жылаған бала уанады. Арсы-гүрсі қимылдайтын қара кемпірден үлкендердің өзі тайсақтайтыны бар. Азан шақыра қойған атын ешкім білмейді. Дәу апа дейді жұрт. Сонау-сонау соғыс жылдары колхозда басқарма болған. Жоғарғы жақтың нұсқау-бұйрығын аюдай ақырып, бұлжытпай орындаған. Шаш ал десе, бас алған қаһарлы-қатыгездігімен аты мәшһүр дүйім елге. Қайта қазір картайып, бастыққан кезі ғой ...

Дәу апаның баласы былтыр қайтыс болған. Тошан содан қалған тұяқ. Біреуге сүйкеніп, ұрынбаса жүре алмайтын нағыз қызыл көздің өзі. Оның бұзатерлігін, Дәу апаның шайпау мінезін жақсы білетін балалар көп жоламайды Тошаңа.

Әлгі әзірде Тошан мен Жанат әмпей-жәмпей ойнап жүрген. Бір кезде екеуара жалғыз допқа таласып қалды. Бастапқыда бірі-бірінің жағаларынан тас қып ұстап, ілгерінді-кейінді ырғасқан. Тіпті болмаған соң жұдырықтассын кеп. Шақарлығын көрсетті Тошан. Қапелімде Жанаттың бетін аямай тырнап алғаны. Сояудай тырнақ осып өткен беті тыз етті. Қан білінді. Әлгіндегі әлгі ме, тісін қайрап, білек сыбана майдан ашты Жанат. Екеуі де еңкейіңкіреп, кәдімгі айдары тікірейген қораздарға ұқсап аңысын аңдып жүр. Кенет Жанат шап бере ұстап, оң жамбасқа ыңғайлап алып ұрды Тошанды.

Дәу апа айқайды сала таяй берген.

«Әттең, әжең келмегенде!..» Сыптығыр қара әлі де есесі кеткендей ежірейе қарап, құйын-перен безіп жөнелді. Жер тепкілей бақырып-шақырып жатыр Тошан. Басын әнтек көтеріп еді, әжесін көре қалып үдете түсті жылауын.

Немересін жетелеген Дәу апа Ыбырай атаның үйіне тартып келеді.

— Ойпыр-ай!.. Жетпегір-ай!.. Қолыма түспеді-ау!.. Желкесін киятын едім!.. Қарашы, бет-аузын көнектей ісіріп, көк ала қойдай сабауын! Әй, Ыбырай! Тый, ана еркешора неменді. Бір емес, екі емес! Басынуын! Серіксіз ер, серпінсіз тегеурін деп... Менің қосақсыз, ұлдың әкесіз қалғанын табалай ма?!

Шоқша сақалы дөңгелек жүзіне жарасатын, иман жүзді Ыбырай ата Дәу апаның алдынан шығып, жік-жаппар болуда.



— Бір ашуыңызды қиыңыз, бәйбіше! Бала да бір, ит те бір! Төбелеседі, татуласады.

— Өйдөйт деген! Төбелеседі, қояды деп... Кім көрінгеннен таяқ жеп жүрмек екен ғой. Мәймөңкелеме сен өйтіп! Білдің бе?! Осыдан тіке... ушаскебей мелисаға барам!..

* * *

— Қиракезік қылығын қоймайды екен, таспа тілем жонынан!

Көкесінің даусы. Төргі үйде, кәннің түбінде демін ішінен алып, бүрісіп отырған Жанат құлағын түре түсті. Бұлайша таусыла сөйлемейтін көкесі.

— Жұп-жуас бала еді. Сіз ғой еліртіп қойған!

Мәссаған! Мамасы ма? Көкесі іліп әкетті.

— Өбектеп... Бетінен қақпай... Жеткізер ұшпаққа... Дәу апаның жынды-сүрей немесінде несі бар. Атышулы шайпау емес пе ол. Бақсылығы бар деп естуші едім... Өштесіп, қастық жасап жүрмесе де... Қайда өзі?!

Төргі үйге оза берген көкесін атасы кідіртті.

— Отыр, шошаңдамай! Келісіп алғансың ба екеуің. Тайдың жүрісі, баланың жұмысы біліне ме? Үйдегі көп шаруаға қолғабыс жасайтын осы қарғам. Сәулеге де қарайды... Көзім тірі тұрғанда маңдайынан шерткізбеймін ешкімге! Ажал айтып келе ме?! Қапелімде қисая кетсем амал жоқ. Одан кейін түтіп жесеңдер де мейілдерің... Дәу апаның баласы таяқ жесе, кінәлі өзі. Төбелесті. Жылады. Уанды. Онда не тұр? Жанатайым, қайта есті. Айтқаныма құлақ асып, кешірім сұрады барып. Айтшы, қане? Қай шығының шықты екеуіңнің? Келін шырақ... Тілің шығайын деген бе? Жоқ, болмаса Жанатты ала-бөле тасқа желіндеп, мұзға тауып па едің?! Бұл қай сасқаның?! Бөліп-жарма. Тең көр төртеуін де!

Екеуі жым болды.

«Ә, бәлем-м... Солай ма екен?! Кім деп жүрсіңдер Жанатты?!»

Сыптығыр қара батылданып, орнынан тұрды.

... Отбасында төрт бала бар. Күләш жетіде, Жанат алтыда, Үміт үште, Сәуле әлі кішкентай. Жасқа да толған жоқ. Күләш әжесінің, Жанат атасының баласы. Үміт пен Сәуле ғана көкесі мен мамасының еншілері.

Жанат — тарамыс, сіріңке қара. Жүріс-тұрысы, іс-қимылы, мінез-қылығы арсы-гүрсі. Күләш болса кішкентайынан аурушаң. Шала туған. Содан болар, сондай нәзік. Әлсіз. Қит етсе ауырып қалады. Әжесі түрлі-түрлі киім әперіп, киіндіріп қояды. Құдды жанды қуыршақ. Өзі оқтау жұтқандай қаздиып тік жүреді. Иіліп, еңкеймейді.

— Күләшқа тиіспендер!

— Күләштай кінәз!

— Күләштайыма алдым!

— Күләштайым кисін!

— Күләштайым жесін!

«Күләш, Күләш!» Құлағы әбден сарсыды. Еркелететін — әжесі. Үйдің үлкені болған соң, бауырларына бүйрегі бұрмас па? Ойнатпай ма? Олай етпейді Күләш. Өзімшіл. Өр кеуде. Сондай мақтаншақ әпкесін қалайша жақсы көрмек Жанат. Суқаны сүймейді. Атарға оғы жоқ. Көкесі де кейде:

— Жанат, ақылың бар емес пе. Күләш сенен үлкен ғой, — дейді.

Сонда қалай? Үлкен екен деп, орынды-орынсыз сыйлай бере ме?

Күләштің көйлегі мен ойыншығында сан жоқ. Бантиктері де көп. Қызыл. Сары. Көк. Жасыл. Ұқыпты өзі. Бәрін де шашауын шығармай қаттап, жинап қояды. Қызғыштай қорып, жан баласына ұстатпайды. Сұрап, мазасын ала берсең, бақырып, басына көтереді үйді. Бөлеге қалдым дей бер. Әжесі жетеді аттандап. Ең абзалы — жанына жоламау. Су жүрек қорқақтығына дауа жоқ. Әсіресе солдат пен орыс десе зәресі ұшады. Өзінің ойнағаны да қызық. Есік алдынан әсте ұзамайды. Арқандалған бұзаудай аулада жүреді.

Бірде Күләш қоршау-шарбақтың сыртқы есігінен басын қылтитып, мойнын созып, жан-жаққа тамашалай қарап тұрған. Жанат байқап қалды.

«Қазір, көкенді көрсетейін!..»

Аяғын санап басып, дыбысын шығармай тақау келді де, сыртқа қарай итеріп қалып, қақпаны қайыра жаба қойды.

— Әне, солдат келеді!

— Әне, орыс келеді! — деп қояды.

Күләш жалма-жан ішке кіруге әрекет жасады. Есік былқ етпейді. Тарс жабық. Жанат енді өліп кетсең де ашар ма! Не істеуі керек? Күләш бақырып, ойбайды сала бастады.

— Әп, бәлем! Шоқ-шоқ! Сол керек саған!

Жанат жерден жеті қоян тапқандай мәз.

— Ойыншықтарыңды бересің бе?

— Б-б-бере-е-ем...

— Бауырларыңды ойнатасың ба?

— О-о-ой-на-таа-мын-н...

— Уәде ғой.

— Уә-де-е... Е-е-е-е... — Жаңағы, жаңағы ма, Күләш бақыруын одан сайын үдетті. Сөйтсе, үйден жүгіре шыққан әжесін көзі шалған екен.

— Ұмытпа, уәдеңді! — Жанат қолын шапалақтап, тілін шығарып, үкідей ұшып жоғалды.

— Кешке келерсің! Сені ме, ку ғана кар! — Көз жасын көлдеткен ерке-тотай немересін еміреніп, айналып-толғанған әжесі аяғын саландатып, арқалап жатты Күләшті.



* * *

— Құлыным, қайдасын?

Төргі үйде Сәулеге қарап отырған Жанаттың құлағы елең етті. Әлгінде ғана атасы тас-түйін киініп, бір жаққа жиналып жүрген. «Барып келген бе?»

— Жанатжан!

Жүгіріп жетейін десе, кішкентай бауырын қараусыз қалдыруға болмайды. Кешеден бері аяғын әлтек-тәлтек басып жүр. Жығылып қалуы мүмкін. Мамасының сөзімен айтқанда, әлі «мақұлық». Жерде не жатса да, алып аузына апарады. Аузы — құдды қойма. Қыл-қыбыр ма, қағаз ба, түйме ме, бәрібір... Былайша айтқанда, үйдің «шаңсорғышы».

— Ата, мен мұндамын!

— Бәсе-е... Таң атпай қайда кете қалды деп... Тай әкелдім сағаң. Кеше дүкенге түсті дегенге ентігіп, ертелете жетсем. Әжең екеуміздің мәсіміз ескіріп... Барсам, түк жоқ. Тып-типыл. Құртты ғой... Бұрынғы кездері дүкен дегеніңіз дүниеге толып тұрушы еді...

«Тайы несі?» деп ойлады Жанат. Құлынды биелері жайлауда. Көкесі соноу-у қыс айы басталғанда, қар бір жауғанда айдап әкеледі...

— Соңыра бөпенді ұйықтатқан соң, шығып ойна. Тебе алушы ма едің?

«Е-е, велосипед әкепті ғой!..»

Қалт-құлт етіп, әзер келе жатқан Жанат құлап түсті. Шаң бұрқ етті. Қара сирақтар қыран-топан ду күлді.

— Не таптың, ей...

— Жартысы менікі...

— Несіне әлек болады, тебе алмаса...

Балалар тілдерін безеп, мазақтап мәз-мәйрам. «Тыныш тұрса қайтеді екен?!.» Ызасы келді. Ернін қымқыра тістеп, шыдап бақты. «Қайтсем де, үйренем!..» Тағы мінді. Бірақ «тайы» мөңкіп-мөңкіп аунатып кетеді.

Кешке дейін әуреленді. Неше мәрте құлады. Ауырмаған, сырылмаған жері қалмады. Шынтағы. Тізесі. Аяғы. Қолы. Бәрінен де шуылдақтардың тіл безеуі өтіп барады. Көмектесіп, демеп үйретіп жіберуді де білмейді. «Өй, өңкей қызғаншақтар. Сендерді де дос деп...»

Қызыл-жалқын шапағын жер бетіне бір аунатып дөңгелек күн ұясына қонақтады. Мал өрістен қайтатын уақыт таяды. Кешкі апақ-сапақ сәт. Үйдің алдында ақ жаулықты әйелдер самаурын оттығын тұтатып жатыр. Сәт өтпей тымық ауаға тік көтерілген көк түтін көріне бастады. Иттер үріп, қолдарындағы шыбықтарын шошандатқан қара сирақтар екіден-үштен топтасып ауыл шетіне кетіп барады. Жаз бойғы бұлжымайтын міндеттері. Қой қораланып, сиыр байланғанша жалғасатын тіршілік. Жанат та сиыр алдынан шығуы

керек. Күндегі жұмысы. Үйде бұдан өзге баратын бала жоқ. Күләштің түрі анау. Шыбық тимес шынық етер. Әйеншек. Өткендегі қылығы үшін әжесінен онбай таяқ жеді. Арашаға түскен атасы. Әжесі ашуланса қиын. Бірақ сайраған тілі болмаса қауқары шамалы. Атасы күшті.

Жанат велосипедін сүйрелеп әкеп, үйдің іргесіне сүйей салды. Ертеңіне қараса, қора үстінде жатыр. Алып тепсем бе деп аз уақыт қарап тұрды. Құлқы соға қоймады. «Жарайды, кейінірек, бәрібір үйренем» деп ойлады.

* * *

Ертең жаңа оқу жылы. Бірінші қыркүйек. Күләш мектепке жиналуда. Киімдерін үтіктеп, реттеп қойған. Өзі көңілді.

Таңертең әжесі Күләшті жетектеп мектепке бет алды. Күләштің үстінде ине-жіптен шыққандай шыт жаңа киімдер. Ақ көйлек. Қара фартук. Шашында қызыл бант. Сөмкесі де әдемі. Түсі қоңыр. Көздері жайнап, күлім-күлім етеді.

Жанат та қалмай еріп келеді. «Жүре берсін» деп ойлады әжесі. Қызық қой бұған да...

Мектеп алды мереке. Оқушылардың жүздері бал-бұл жанады. Бірінші сыныптың балаларын сапқа тұрғызып, бір-бірден мектепке енгізді. Класқа кірген оқушылар партаға барып отырып жатыр. Шетінен тәртіпті, ибалы. Жанат қана дәл ортада состиып әлі тұр. Оқушылар тегіс жайғасты. Артық орын қалмады. Бір күн бұрын алғашқы қоңырау болғанын, кімнің кіммен отыратыны анықталғанын қайдан білсін Жанат. Парталарды көзімен шолып, тегіс қарап шықты. Бос орын жоқ! «Анаң қара!» Көрші үйдегі Күлән. Момақан. Томпия қалыпты. Бәлесін... «Кешке үй жаққа ойнауға келерсің... Сонда сөйлесерміз...»

Мұғалім апай сыныптан шығып кетті.

Балалар сыбыр-күбір.

— Біріншіге келген бе?

— Сөмкесі неге жоқ?

— Киінбепті де...

— Кім өзі?

— Күләштің сіңілісі ғой...

— Сіңілісі дейді...

— Ұл емес пе?

— Қайдағы ұл?!

— Қыз ол... қыз...

Намыстан өртеніп барады. Көзіне боталап жас келсін. Жүгіріп сыныптын шықты. Әжесі мен мұғалім апай сөйлесіп тұр.

— Балам, не болды? Кім тиді?!

Әжесі абдырап соңынан ұмтылған.

Жанат үйге келе салып жаңжал шығарды. Жер тепкілеп, бақырып жылады. «Неге жасырасындар? Мен қыз екенмін ғой! Енді ұлша киінбеймін! Көйлегімнің бәрін өртеймін!..»

Тағы да арашаға түскен атасы.

— Мен ғой, құлыным, мен... — дейді иегі кемсеңдеп... — Тұрарымның соңынан еркек бала ермеген соң... ырымдап... ұлша киіндіріп едік сені. Қайтейін!.. Кешір, алтыным, алжыған атаңды! Кешір-р!..

Атасы шынымен жылап отыр. Бір түрлі іші елжіреп аяп кетті...

Сол күннен бастап Жанат қызша киінетін болды. Күләш сияқты

Келесі жылы Жанат бірінші сыныпқа барды. Бірақ өзінің қыз екенін анда-санда ұмытып, ұлдармен ойнап кетіп, кейде төбелесіп қалатыны да бар. Бұл әдетін ол көпке дейін қоя алмай жүрді.

*Ақпан, 1995 ж.*

## КҮРЕҢ БИЕ

— Әке, әке!.. Күрең бие тағы қайтып кепті!..

Шөп қорада шың-шың еткізе шалғы шындап отырған Сембі кәрияға тоғыз жасар Сәдібек жүгіріп жеткен. Жерден жеті қоян тапқандай мәз. Мұрны делдиіп тұр.

— Әке-е...

Отағасы шалғысын былай ысырды да:

— Рас айтып тұрсың ба? — деді тұруға ыңғайланып.

— Шын-н...

Қара шал саскалақтап дегбірсізденгендей. Орнынан тұра алмай жатқан әкесін Сәдібек қолтығынан сүйемелдеді.

Қабырғалары ырсиған, арқасы жауыр кәрі бие басын бұрды. Үйренген дағдысымен иесіне еркелеп тұмсығын созды.

— Қуарған! Қайтейін! — Анау-мынауға қайыспайтын қара шал күрең биенің жалынан сипап, мойнынан тарс құшақтады. Ләм-мим демей ұз-а-а-қ тұрған.

— Мені кешір, — деді бір кезде. — Бір білместік өтті!.. Ақымақ басым... Неге саттым екен? Обал-сауапты ойламайтын оңбағандар түгінді қалдырмапты-ау! Қолтумам едің... Кешір, кәрі қақсалды... Ешқайда жібермеймін... Ақшасын қайтарып беремін...

Сәдібек аң-таң. Жаңа байқады, әкесінің көзінде жас. Баланың құйтақандай жүрегі қатты-қатты дүрсілдей соқты.

... Ақпанның ақ бораны түтеп тұр. Оппа қарды омбылаған күрең бие болдыра бастаған ба?! Аракідік, дамыл-дамыл тоқтайды. Сәл өтпей иесінің делбе қаққанын күтпестен алға ұмтылады. Жылайжылай дінкелеп шаршаған сәби қалғып кеткен. Кішкентай танауы пыс-пыс етеді. Күні бойы ысып-жанып, қатты ауырған баласын

алдына алып, кең-мол тігілген қалың тұлыпқа оранған әйел де әбден титықтаған. Ұйқы-дүшпанға ерік берсе, қазір-ақ кисая кетпек.

— Бәтима, ояусың ба?

Еңсеріле артына бұрылған еркек не заматтан соң:

— Ие... ояумын! — деген құмыға шыққан жауап естіді.

— Жаңылмасам, Егізқызыл тауының етегінде келеміз. Алла қаласа, бірер сағат шамасында Аякөзге де ат басын тірерміз. Үні шықпайды ғой Әлібекжанның. Тыныштalған ба?!

— Ие... ұйықтап қалды.

Боран екпіндей түскен. Отағасы мұндайда күрең биені қыстап қамшы үйірмейді. Делбені бос тастап еркіне жібереді. Бұл жолы да сөйтті. Бағыт-бағдарды, қайда бет алғандарын жазбай танитын есті жануар қай кезде де жолда қалдырған емес. «Өкпесіне суық тиіп, аяқ асты қатты ауырған Әлібекжанды емханасы, дәрігері жоқ сона-у шалғайдағы шопан ыстауынан күн бата қалаға жеткізіп, аман-есен алып қалған әуелі Алла, сонсоң осы күрең бие» деп отырады дәйім анасы боранды сол бір қысты есіне түсіріп.

Әлібек қазір үлкен жігіт. Үйлі-баранды. Семейде көз дәрігері. Шынында, күрең бие оң аяғын Ұлы Отан соғысына «сыйлаған» жарымжан шалдың қанаты, сенімді серігі еді. Өзі жуас, өзі мініс көтеретін қолтума бие қара күш иесі де. Биік, нығыз тиеліп, бастырықпен бастырылған бір арба шөпті мәу демейді-ау!

Алты ай қыстың қорегі, қолдағы малдың шөбін шөп машинаға жегіліп шабатын да, сонау Көкжайдақтан таситын да бір өзі. Жиырма шақырым жердегі кеңшар орталығы Қарағашқа да, одан әрі қалаға да апарып-әкелетін осы жасаған бие. Әкесінің өнгімесіне қарағанда, ызғарлы қыстың талай-талай қарлы боранында, қалың-қалың жаңбырдан да адастырмай діттеген жеріне жеткізген де осы жануар. Үйелмендегі сегіз бала да, өзі де әбден бауыр басқан, жиырма бес жыл серік болған күрең биені жазғытұрым етке өткізген қара шал болатын.

Күрең биенің бұл үшінші рет қашып келуі еді. Алғаш екі келгенінде жылқышылар ертеңінде-ақ артынан іздеп, қуып айдап кеткен. Онда бұл жолғыдай ыңыршағы айналған аш-арық, арқасы жауыр емес еді. Серіктестіктің малына күндіз-түні мінетін, тепендеп үстінен түспейтін шопандардың жаны аши ма? Өлмесе өміре қапсын дер... Қашайын десе шідерлеулі, шағым айтайын десе тілі жоқ жануар, арқасы ерден босаған бір сәтте ежелгі иесі — қара шалға тартқан-ау!

Отағасы күрең биені күндіз қораға байлатып, оттыққа мол етіп көк шөп салды. Ат дорбамен күніне үш мәрте жем берді. Жетелеп апарып өзеннің тұщы суынан асықпай суарады. Түнде үйден ұзатып шөбі шүйгін жерге арқандайды. Бірақ биенің оналатын түрі байқалмады. Ширап, қон ала ма десе, күн өткен сайын жүдеп, арып



бара жатты. Бір күні таңертең күрең бие арқандаған жерінде жоқ болып шықты. Үйдегі қара сиректардың барлығы жабыла іздеп, бері іздеп дал болды. Бесін ауа Мықтының тауы етегіндегі қалың қарағайдың арасында өліп жатқан үстінен түсті. Қара шал көрші Жылқыбай екеуі жер қазып, сүйегін көмді.

— Күндіз-түнгі көп міністен, кәріліктен емес, қайғы-құсадан өлді, — деді Сәдібектің әкесі мұңайып.

Сол сөзді айтқанда жанарынан тарам-тарам жас ағып тұрған болатын.

*2000 ж.*

## ШАЙТАН ШАЛ

Профессор Серік Негимовке арнадым.

*Автор*

— У-у-у-у-у-у-у!..

Қызылды-жасылды дүние-әлем әткеншегінде тербеле түс көріп, елжірей елітіп, рахаттанып жатыр екен; жастықтан басын жұлып алды.

Шалы ғой бейшара. Күндегі гөй-гөйі...

Тақтай кереуетке ылажсыз таңылған отағасын тірі өлік дерсіз; жағына пышақ жанығандай. Көздері шыңырау құдық түбіндегі сарқынды тамшыдай жансыз-нұрсыз қос ноқат. Бұрынғы алпамсадай денесі арса-арса. Сөйлеуден тыйылғалы ишара-ыммен жеткізеді ойын. Әуелгі күндерде үйелменді түнгі ұйқыларынан тік тұрғызып ышқына айқайлайтын. Ілкі сәт өтпей балаша сақылдап күлетін. Кейінгі үш-төрт күн мұғдарында оқыстан тосын өнер бастады; ұза-а-а-қ, ұз-а-а-қ дыбыстайды өстіп.

— У-у-у-у-у-у!..

Үдеп барады уіл. Әуез-әуені жан түршіктіретін сынсу ма, мұңналаға толы жыланқы ызың ба; әйтеуір, кісінің қолқа-жүрегін жаныштап, қорқыныш қамайтын үн. Жөпшенкіге үрейлене қойматын шұбар кемпірдің бас терісі кусырылып, әпі-шәпі ашуызасын тежей алсашы!

— Өз басыңа көрінсін! Өз басыңа көрінгір-ай!..

Дірілдеп-қалшылдаған денесін зорға игеріп, шапшаң ес жиып, ширығып алған. Жапсарлас бөлменің табалдырығына тырп-тырп ілінген. Ашы ішектей созынқы уіл миын шаншып-шаншып өтті тағы.

Тастай түн. Кенже ұлы мен келіні мейманшылап кеткен. Олар болғанда бүйтіп үрке ме, тәйірі. Жалғыз жанға әзәзіл де әуес білем; қаранғы бөлмеде қараң-құран әлдебіреулер жүргендей ме?!

— Астафирулла!

Кемпірдің тарамыс саусақтары босағаны қармалады.

— Қуарған!.. Қайтейін!..

Дауысы қырылдап әрең-пәрең естілердей. Кейуана кенет ашарық жабағыдай қу сүйек шалына жаны ашыды ма, сөйленіп отыра кетті шөкелей:

— Аса қайырымды Раббым!.. Рахман-Рахим!.. Кешір күнаһар пенденді! Жазасын тартып жатыр өзі де... Кеш-ш... Алла-Кәрим!..

* * *

Тесілген бе түбі аспаннын; қара жанбыр төпелеп тұр. Алға азар жылжыған ескі Волганың мотор-кеудесі қырылдап-сырылдап өшіп тынды. Шофер қасындағы домаланған ақсары адамның даусы да қоса-қабат шықты.

— Айналайын... абайла!

— Қасақана дейсіз бе! Атаңа нәлет нөсер-ай!.. Қайыршыға жел де қарсы!..

Өз екпінімен біраз жерге барған мәшине жылдамдығы біртін-біртін саябырлап, жол жиегіне тоқтады. Дәтке қуаты — қар жұқа.

— Бауырым... Ашуландың не, ашуланбадың не?! Болары болып, бояуы сіңді... Енді... кері қайтатын Аққала қашық...

— Ақылды адам калаға тасушы еді соғымын... Сіз болсаңыз... керісінше...

Радиатордағы су бұрқ-сарқ. Алдыңғы бір дөңгелек жарылыпты. Біраз әуреленіп, запастағы өзгесін ауыстырып салды.

Жанбыр әлі төпелеп тұр. Толастар емес. Үсті-басы әбден малшынған шофер кабинаға сөйлене кірді:

— Заманына орай әуе-райы да құбыла ма?! О, тоба! Қақаған қаңтарда қара жанбыр жауады деп кім ойлаған! Осы бейнет қой дедектете алып шыққан. Қа-ап!..

Жақыпжан жақ ашқан жоқ. Не десін?!

Оқу мен ғылымның соңына түсіп, ала қағазды кемірген жанның тіршілікке бейімі болмайтыны рас, сірә. Жақыпжан да қиыр-қиыр, шет жайлаған қазақ ауылынан он жылдықты тауысқан соң Алматыға жетіп университетке түскен. Сабақтан қалай қолы босай қалса, кітапханаға тартып, ақ қағазға шұқшиып, қалың-қалың томдарды ақтарып-төңкеріп, жазып-конспектілеп, ымырт үйіріліп, қараңғы түскенше отыратын. Сол дағдысынан бес жыл бойына жанылған емес. Төккен тер, еткен еңбегі еленді. Университетті қызыл дипломға тәмамдады. Студент шағының өзінде-ақ республикалық газет-журналдарда ғылыми мақалалары дүркін-дүркін жарияланып жатты. Оқудан соң аспирантураға қалдырылды. Соңғы курста тырнақалды ғылыми жинағы шықты. Кандидаттық атағын да қорғады. ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында ширек ғасыр жұмыс істеді. Ана жылы Аққала астана болғанда бас қаладағы Ұлттық университет ректорының шақыруымен қызметін ауыстырған. Елуге тақаған адамның коныс аударғаны онай емес, жайлы-үйреншікті орныннан қозғалып нең бар деп кеңес білдірген әріптестеріне жауап қайтарып, сөз жарыстырған жоқ. Бұл шешіміне әйелі де, ер жетіп қалған балалары да қарсы келмеген. Ойлап караса туған жері Аққалаға тиіп тұр. Әке-шешесі ертеректе қайтыс болғанымен, нағашылары мен төрт қарындасы елде болатын.



* * *

Жақыпжан жана жұмыс орнымен танысқан соң жатақханаға орналасты. Жеті айға жетпей төрт бөлмелі пәтер алып, жаз шыға үй ішін көшіріп әкелді.

Қазан айының ортасына қарай сыныптас досына еріп, Көкшетау жақтағы орман шаруашылығы бастығының үйінде қонақта болған. Кейінгі жобамен тұрғызылған қос қабатты коттедж жұтынып-ақ тұр. Үрлеген шардай домаланған, жылтыр бет, қысық көз отағасы аста-төк дастархан жайып, меймандарын мейлінше риза етті. Кере қарыс қазыны кертіп жеп, аузынан ақмай ағызып отыр. Әңгіме-сұхбаттың бір тұсында Жақыпжан үй иесіне:

— Бәке, соғымыңыз ғажап екен!.. — деді танданысын жасыра алмай.

— Өз еңбегім... Ақ адал малым... Күздің басында біреуін, жаңа жылдың қарсанында екіншісін сойып аламыз, — деді тоқ пейілмен.

— Мүмкін болса, бізге де қарассаңыз!

— Соғымға ма?

— Әрине.

— Наркы қымбат! Қалтаңыз көтерсе көрейік!

Отағасының қысық көздері жұмылып кеңк-кеңк күлді-ай... Жақыпжан намыстанып қалды.

— Сонда... қанша?

— Семізі екі жүз мың, орташасы жүз елу...

— Сол... орташасы да жарайды маған...

— Келістік!

Жақыпжан үйіне көнілді оралды. Екі сөзінің бірі — Бәкең.

— Байлықты ұстауға да бас керек! Әгәрәки кісі танысам, Бәкең уәдеге мығым-берік жан! Алла жазса соғым жеткіздіріп беретін болды. Қамсыз отырмайық, бәйбіше...

Әне-міне желтоқсан да келіп жетті. Көрші-қолаңның біразы жылқы сойып, қазы-шұжықтарын айналдырып, жора-жолдас, туған-туыс бірін-бірі шақырысып, қала өміріндегі соғым басының қызығы басталған. Үйде әлі телефон жоқ еді. Кафедрадағы әріптестеріне ел жақтан хабар келмек екендігін қайта-қайта тәптіштеп, тапсырып қояды.

Бейсенбінің бесіні ауа лекциясын өткізіп, кабинетте қағаз қарап отырған. Шар-р еткен сары телефонды көтерген хатшы қыз:

— Жақыпжан аға, сізді сұрайды, — деді есіктен басын қылтитып.
— Алоу! Ал-оу!.. — Аржақтағы дауыс құмығып азар естіледі.
— Тыңдап тұрмын.
— Жақыпжан Жақанұлы ма?
— Дәл өзі...
— Білетін шығарсыз... Соғым апарамыз...
— Қашан?
— Бүгін-н...

Меймандар түнделете жетті. Әкелгендері үлкен мал болуы керек. Арық қара шалдың қасындағы екі жігіт қолы-қолдай, сирағы-сиракдай бұзылып мүшеленген еттерді әп-сәтте балконға тасып үйіп тастады. Жақыпжан балаша қуанып еді. Томардай-томардай еттің түрін көріп көңілі нілдей бұзылды. « Мыналары несі?! Ауру мал боп жүрмесе деніз...» Дүдәмал күдігін бірден ақтара салмай істің соңын бақты. Әйелінде үн жоқ. Жылдамдата дастархан жайып, шәй құйды.

Өзін Шаукаман деп таныстырған шал орман шаруашылығы бастығының туған жездесі екен. Ылдым-жылдым мінезді, пысық адам сиякты. Жасым жетпіс тоғызда дегенде таңқалды. Әжімсіз беті жып-жылтыр. Көздері ойнақшып байыздар емес.

— Інішек, — деді. — Інішек... Өмірімде... бөгде жанның ала жібін аттаған емеспін. Мұқым Шалқар елі біледі... Ал өзіңіз жөнінде күйеу балам... Бәкең айткан... Сыйлы кісі. Үлке-ен ғалым деп...
— Айыпқа бұйырмаңыз...
— О, не дегенің... айналайын!
— Еті неге қара?
— Ой-бу... інішек-ай!.. Жылқының еті қандай болушы еді?!
— Қайдам-м...
— Қорықпаныз... Қолда байланған жылқының еті осындай болады тегінде... Көр де тұр! Тура екі елідей қазысы бар!..

Жақыпжан ертенінде санын соғып қалды. Асқан еттері бес сағатта азар пісті. Соның өзінде сіңірше созылып тіс батпайды.

— Енді қайттік? — деді әйелі.
— Білмеймін... Бәкеңе жағдайды түсіндірейін...
— Ашық ауыз, аңқаусың! Кәрі малдың еті екенін мен ә дегеннен білгем.
— Айтпадың ба?
— Ана кісі бой берді ме оған!
— Жә, болары болды... Хабарласу да, қайтару да ұят...
— Кімнен ұяласың?! Бұл басынғандық! Сөйтіп те алдай ма?!. Бала емес, шаға емес, үп-үлкен кісі...

Орман шаруашылығының бастығымен хабарласқан соң Жақыпжан машина жалдап, ауа райының құбылғанына қарамастан жолға шығып кетіп еді...

Волганың моторы тағы сөніп тынды.



— Бензин бітті! — деді шофер ашуланып.
— Әттеген-ай! — Жақыпжан не істерін білмей дағдарды. — Әне-е, анау көрінген поселке емес пе?!
— Болса ше! Көрінген ауылдан, көрінбеген бұлт жуық!
— Көңілге медет тағы...
— Ой-и... медетіңізді!..

Ашулы шофердің аузынан балағат сөз шығып кетті. Жақыпжан кінәсін сезінгендіктен қарсы уәж таба алмаса да, бірдеме деп жауап қайтару қажеттей: — Апыр-ай!.. Жаңбыр жауды ма, қар араласты ма... жарықтық күн де бұзылып... — деді мұрны астынан естілер-естілмес міңгірлеп.

— Күнде тыным таппайтын мәшинелер де жым-жылас!.. Тым-тырыс!.. — Шофер қалтасынан темекі қорабын шығарды. — Осылай боларын біліп едім...
— Жол кесу жөн емес... Алланың шаруасы ол...
— Айтыңызшы, аға! Ғалымдар мен ақын-жазушылар қиялилеуохи бола ма деймін?!
— Қайтесің қажап... Онсыз да жаным кейіп отыр!..
— Дегенмен мойындағаныңызға мың да бір алғыс... ағасы... Енді жөндеп сөйлеселік!..
— Кемедегінің жаны бір...
— Бұл жерде пәлсапа жүрмейді!..
— Айналайын, інішек! Жүрудің... алға жылжудың амалын ойластырайық одан да!
— Оның амалы жалғыз! Қадырменді ғалым ағатай... сіз шелек аласыз да, ан-оу көрінген ауылдан жаяу барып бензин әкелесіз!.. Тап қазір-р...

* * *

Жақыпжандар діттеген жерге таңертең жетті. Қаладан отыз шақырым Шалкар еліндегі Шаукаман шалдың үйін сұрастыра жүріп жылдам тапты. Кең аула. Қоршау шарбағы биік. Сыртқы қақпа мен үй арасындағы сымтемір бойымен шынжырланған тайыншадай екі ит арлы-берлі зыр жүгіріп жүр. Бөтен жанды маңайлатар емес. Көк шатырлы үлкен үйдің оң жағы іркес-тіркес салынған сарай, мал қоралары.

Бұларды жылы шыраймен қарсы алды. Отағасы Қостанай жаққа жол жүріп кетіпті. Жетпістен асқан иман жүзді шұбар кемпір келініне шай қойғызып, төр алдына төр көрпе төсеттірді. Жол азабын шегіп шаршап келген бұлар ысытылған еттен асап-асап жеп, ыстықтай шәй ішіп жан шақырысты. Құда түсуге келгендей екі жақ та үн-түнсіз. Жақ ашпайды. Аласа үстел ортасындағы үйеме табақ қуырдаққа қатынаған қасықтар мен сораптай ішілген шәйдің дыбысынан өзге ештеме естілмейді. Шұбар кемпір де тоң-торыс. Шалының кезекті қулығын біліп айран-асыр. Қалай ақталады?! Уәжі

кайсы?! Бауыры Бәкең түнде телефон қоңыраулатып, жездесінің «соғым саудасын» жеткізген. Ұят-ай! Көресінді осы шалдан көріп-ақ келеді. Шалқар елі Шауқаманды шайтан шал атағалы қа-шаан?! Қоймады қулығын. Біреуді алдап, арамдығын асырмаса ас батпайтын ауруға ұшырағалы ел-жұртқа шүйдемен қарамаса бет қалмады. Жә, жастау кездегі озбырлығы мен сумақайлығы өтті-кетті делік. Ата сақалы аузына түскендегі мына қылығына не жорық?! Бұның жасындағы шалдардың көпшілігі әлдеқашан тәубесіне келіп, кейбіреуі сәждеге жығылып, тып-тыныш бейма-рал өмір сүріп жатыр. Әй-әй... түбі... өзің де оңбассың?!.

— Шәй алыңыздар! — деп қояды шұбар кемпір қант-кәмпит, құрт-ірімшік, бауырсақтарды меймандардың алдына қарай ысырыңқырап.

Шәйден соң мәшинедегі етті түсіріп алысты үйдегілер. Жақып-жан аттанарда:

— Шалдың баласы қайсыларың? — деді теректей-теректей сорайған екі-үш жігітке қарап.

Ақсары өңді сүйкімді бозбала:

— Мен-н... — деді именіңкіреп.

— Кенжесі боларсың!

— Иә.

— Балам-ай, сенің келешегіңді ойласа етті әкең?!

Жүзі алмадай қызарып ұялған жас бала жердің жарығы болса түсіп кетерлік халде болатын; басын әнтек көтергенде ашық аспан-дай тұп-тұнық жанарынан қос тамшы домалап-домалап түсті...

* * *

... Жазғасалым Жақыпжанға ел жақтан суық хабар жетті; Шауқаман шал қатты науқастанып жатып қалыпты.

*Шілде, 1999 ж.*

## САҒЫНЫШ

Маяққа сүйенсе де еменнің иір бұтағындай еңкіш бойын тік ұстауға тырысатын қайыстай қара шалдың бір ерекшелігі: қашан көрсеңіз үстінен қыры сынбаған кәстөм-шалбар, мойнынан галстугін тастамайды. Соған қарағанда не өмір бойы кеңсе қызметкері болған, не аса кірпияз, сәнқой жан сияқты. Күнде таңертең һәм кешқұрым қасымыздағы саябақта жан-жағына самарқау қарап, асықпай аяндап ұза-а-қ қыдырады. Шаршаған шақта арқалығы иілген ағаш сәкілердің біріне кеп жайғасады. Бұл дағдысынан әсте жаңылған емес.



Естуімше жалғызбасты. Үш бөлмелі үйде бір өзі. Қызық... Елдің бәрі сондай ма, әлде мен ерекше әуескоймын ба, кәрия неге жалғыз, бала-шағасы мен кемпірі қайда деген ой кейінгі кезде жиі мазалайтын болды.

Бір күні ақшам мезгілінде үш жасар ұлымды жетектеп саябаққа бет алдым. Сыбдыр-сыбдыр... Тал-теректердің басынан үзіліп түсіп-үзіліп түсіп, қалықтай жерге конақтаған сары жапырақтар аяқ астында бададай боп шашылуда.

Сары жапырақтар сартап сағынышты, ту-ту артта қалған бала-лық махаббатты, мұнлы да момақан сәттерді оралтқандай жадыңа!

Алматының күрең күзі биыл да жаймашуақ.

Бақта қыдырған кісілер карасы аз. Балама үшаяқты велосипедін ұстаттым да, өзім оңашалау сәкіге жайғасып, әлгінде пошта жәшігінен алған газеттерді карай бастаған едім, таныс кәрияның таяп қалғанын көріп сәлем бердім. Ақсақал сәлеміме орай жауап қатты да, өзі беттеген сәкі жақты таяғымен нұсқады. Ұққаным, кел отыр дегені. Мен соңынан ілестім.

— Балам, — деді ол сәкілердің біріне отырған соң. — Айып етпе, айналайын!.. Кісікиіктеу, кіді мінезді жанмын... Жөпшеңкі адамға көз тоқтатып көңіл аудара бермеймін... Иман жүзді жігіт көрінесің! Ата жолымен ілтипат білдіргеніне, сәлем бергеніңе дән ризамын! Ұмырлы бол! Жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл дейді қазақ... Ақсақалдың жұмсақ дауысына іші-бауырым жылып қалды. Бәсе, көпті көрген көшелі кісі...

— Сонда, осы маңда тұрасың ба, қалқам?!

— Иә, сізбен көрші пәтерде тұрамын.

— Жөн-н!.. Өзім де солай топшылағанмын. — Ақсақал басын изеп, ары қарай жалғастырмайсың ба дегендей сұраулы жүзбен бетіме үңілді.

— Ныспым — Тарғын. Орта мектепте мұғаліммін. Келіншегім, бір ұлым бар.

— Әке-шешең?

— Екеуі де ауылда. Жасы келген кісілер. Сегіз ағайындымыз.

— Ата-анаң бай екен!..

— Дәулетті дейтіндей байлықтары шамалы... Ел қатарлы...

— Артындағы ұрпағың байлығың емес пе? Әсіресе, үлпершектей ұлдарың мен қызғалдақтай қыздарың ат атандырмай, сүйек сындырмай жүрсе! Азамат атанса алаң қылмай! Әне, сол байлық! Сол бақыт! Жә, сау бол, шырағым. Көрші екенбіз, көрісіп тұрар-мыз.

Кәрия орнынан ширақ түрекеліп, ағаш таяғына сүйеніп аяндай берді. Бойы тік, тәкаппар...

Арада күз өтіп, қыс келді. Біз Қабдуәли кариямен жиі-жиі жо-лығатын болдық. Ол кісі де бұрынғыдай емес, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрып, ара-тұра іште сақтаған сырларын да айта бастады.

— Е-ей, балам-ай! — деді бірде кезекті әңгімесін бастап. — Өмір дегенің өткінші дүние екен-ау! Баяғыда-а әкем маркұм, фәни жалған бес күндік шолақ ғұмыр дегенін түсінбейтінбіз... Қайран Мағжан ақынның: «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, сұм өмір абақты ғой саналыға...» деп жырлағанын сары уайымға салыну, пессимизм деп ойлайтынмын!..

Бекер екен ол ойым! Бекер-р...

Ақсақал аз-кем өзімен-өзі отырды да, сөзін сабақтады:

— Кемпірім бес құрсақ көтерді. Алғашқы төртеуі кішкентай күндерінде шетінеп кетті. Еріге жалғызым еді. Содан ба, бетінен қақпай тым еркелетіп жібердік. Басы сайран дүниенің, арты ойран боларын кім білген...

Өзім де кінәлімін! Ұлымның мектептегі оқу үлгіріміне, тәртібіне, жүріс-тұрысына, кімдермен дос болып, кімдермен жүргеніне, қалай ержеткеніне жұмысбастылықпен аса мән бермей, бәрін кемпірімнің иығына жүктей салыппын! Ақымақтық іс жасаппын! Тіпті, кінәлімін деу аз, күна арқалаған екенмін!..

Қарияның қабағы түсіп, айқыш-ұйқыш әжімдері жиырылып үн-түнсіз отырып қалды. Мен ыңғайсызданып әбіржи бастадым.

— Баламның бұзылуына ерке-тотай өскені себеп болды. Дәп солай! Шалқып-тасыған аса бай болмасақ та, жалғыз баланы ішіндіріп-киіндіруге дәулетіміз жетіп артылатын. Мен болсам зейнеткерлік жаска жеткенше аудандық партия комитетінде жұмыс істедім. Шешесі азық-түлік дүкенінде сатушы еді.

Хош, сонымен Еріге институт бітіріп Жезказғанға жолдама алды. Қынқылдап барғысы келмеп еді, мен көнбедім. Ондағы ойым, бірер жыл сыртта жүріп өмір көрсін, пысып-қатсын дегенім ғой.

Балам, тегінде адам өмірінде оның қалыптасуына әуелі отбасы тәрбиесі, сосын өскен-өнген ортасы үлкен роль атқарады. Еріге барған жерін, еңбек ұжымын жамандауға қақым жоқ. Төнірегінде бес-алты қыз-жігіт бар еді. Солар да кері әсер етті ме деп ойлаймын. Бәлкім, менікі суға кеткен тал қармайдынын тірлігі ме! Асылы, біреуді кінәлап жазғыру жөн емес!

Ұлымның өзгергенін келесі жылы Жезказғанға барғанда бірақ аңғардым. Келген күні жолдастарымен бірге мейрамханада болдық. Жастардың менің келу құрметіме орай отырыс жасаған түрлері. Бірақ... салғаннан салым суға кеткендей күй кештім. Ішкендері арақ, шеккендері темекі, сөздері дөрекі. Бір сағат өтпей жатып қатты-қатты даурыға сөйлеп, көпшілік орынды бастарына көтерді. Ертеніне оңаша қалғанда ұрыстым, ақылымды айттым.

Алматыға келген соң кемпір екеуміз сөйлесе келіп, ұлды үйлендірейік, аяғы тұсалса келіншегіне алданып, қатар-құрбыларына қарап адам боп кетер деп шештік. Сөйтіп жүргенде аяқ астынан сап етіп телеграмма келді. «Үйленем, тезірек жетіндер!» деген жазуларды оқығанда, жүрегіміз тоқтап қалғандай болды.



Сонымен Еріге үйленді. Келініміз инабатты бала көрінді. Құдамыз ертеректе қайтыс болыпты. Құдағиымыз жақсы адам екен. Тойды хал-қадерімізше дүрілдетіп өткіздік. Е-е, енді адам болып кетер... Бас екеу болмай, мал екеу бола ма деп қуандық.

Қайда-а?!. Қателескен екенбіз... Ол туралы кейінірек...

Көп ұзамай немерелі болдық. Ай-хой, сондағы кемпір екеуміздің қуанғанымызды көрсеңіз! Тағы да Жезқазғанға бардық жан ұшырып. Едігенің екі езуі құлағында. Араққа әбден қызып алған. Жарайды, қызық иесі ғой, ішсін! Тойласын дедік! Е-ей, балам-ай, несін айтайын...

Сөздің қысқасы, баламызды үй-ішімен үш жылдан соң көшіріп әкелдік. Еріге маскүнем болуға шақ қалыпты. Бір айдай демалған соң қызметке тұрғыздым. Әу баста құлшынып кірісіп еді, ерік-жігері үш айға азар жетті. Дағдысына басты қайыра. Екі рет айықтырғышқа түсті. Алғашында басшылары кешіріп еді, екіншісінде жұмыстан шығарып жіберді. Тағы да сенделіс, уайым-қайғы жамадым. Маркұм кемпірімнің иі жұмсақ еді. Зекіп-ұрсу деген қайда-а?! Тіпті жұмған аузын ашпайды. Үлдың үсті-басынан саутамтық қалмай, былғап, жыртып, сүрініп-қабынып, тәлтіректеп тілін шайнап келгенінде асты-үстіне түсіп бәйек болып жүргені. Қырыс-тырысы шығып, түгі қалмаған сырт киімдерін шешіндіріп, тамағын ысытып аузына тосатын. Уһ-һ, жалған-ай! Еріге жайлы әңгімелесем жүрегім біз сұққандай шаншып-шаншып ауырады.

Қария ентігін басып, сәл отырды.. Батып бара жатқан күн сәулесі терезеден жүзіне түсіп тұр. Мұнды, шүңірек көздері төрендей түскендей. Айқыш-ұйқыш әжім айғыздаған бет терісі сұпсұр... Демігіп, алқынып жан қалтасын қарманған.

— Валидол-л!.. Валидолым бар еді...

Мен ас үйге жүгіріп су әкелдім.

— Айналайын, рахмет! Валидолды таңдай астына салып сорады... Қазір-қазір... Оқасы жоқ... Жүрегім-ай!.. Бұрын екі мәрте инфаркт алғам... Жә... сыралғы сырқатым да!.. Әбіржіме! Отыр, отыра ғой...

— Зәрем ұшты, ата! Бұрын мұндай жағдайды көрмеп едім...

— Ауру-сырқау да Алладан... Біреуге жаза, біреуге сынақ!.. Е-е, міне-міне! Қалпына келе бастады! — Қария жүрек тұсын шеңберлеп, уқалады.

— Жедел жәрдем шақыртайын! — дедім тұруға ыңғайланып.

— Қазір қалпына келеді! Зәренді алдым-ау, айналайын... Рұқсат болса жантая тұрайын...

Қарияның басына жастық қойып, тыныға тұрсын деп бөлмеден шығып кеттім.

* * *

Арада он күн өткен...

Екеуден-екеу... біз тағы да әңгімелесіп отырмыз.

— Адамда мұрат-тілек дейтін, көңіл дейтін әурегер құрғыр бар ғой, балам... Кісіні тегі киындық мойыта алмаса да, уайым-кайғы мойытатын көрінеді.

Едіге ішіп жүрген күндердің бірінде төбелесіп милицияға түсті. Онымен қоймай, машинаға тиеп жатқан кезде қызыл жағалыларға қол жұмсап, арасындағы басшылары — капитанның погонын жұлып алыпты. Он бес тәулік қамакта болып, айып-пұлын төлететін шығар дегенбіз. Іс насырға шапты. Үстінен қылмыстық іс қозғалып, бес жылға айдалып кете барды.

Бұл жағдай кемпірге аса ауыр соққы боп тиді. Ескі сырқаты қабынып, ұлдың қасыретінен көп ұзамай қайтыс болды. Ахылеп-ухілеп келін мен немерем үшеуміз қалдық. Баяғыда үлкендер көресінді көрмей көрге кірмейсің деуші еді. Әулие екен-ау, жарықтықтар! Кемпірімнің жылын өткізіп жатканда, түрме әкімшілігінен Едігенің асылып өлгені жайлы хабар алдық...

— Не дейт?!

Аузымнан андаусызда осы сөз шығып кетті. Айтқан сөз, атылған окпен бірдей. Қайтып ала алмайсың. Ернімді жымқырып, тілімді тістей қойдым. Онсыз да ұнжырғасы түсіп, мұнайып отырған карияны демеудің орнына мұным не?!

— Солай, қарағым-м... Осылай аяқталды ұлдың тағдыры...

...

— Кімнің кайғысы көп болса, сол көп сөйлейді деуші еді... Ішімде талай жыл беріш болған мұңымды шығарып, женілдеп қалдым... қарағым...

— Қиын екен!..

— Басқа түскен соң көнесін-дағы... Бәрінен бұрын немеремді сағындым... Тоғызға толады. Екінші класта окып жүр. Ақылды, зерек. Тіфу-тіфу! Тілім тасқа!..

Айтпақшы, келінім бір жылдан соң рұқсат сұрап, төркініне кетіп калған. Жылда жазғы каникулда әкеліп тұрушы еді, былтыр келе алмай қалды... Биылғы жазда барып қайтамын...

Балам, немере дегеніңіз ыстық болатын көрінеді. Әрі өзі... Едігемнен аумайды!..

Әрі қарай әңгімесін жалғастыра алмады карт. Даусы дірілдеп, көздері жасаурады.

* * *

Ертенінде Қабдуәлі кария мені куана қарсы алды. Мейманасы тасып, төрт құбыласы тенелгендей.

— Жараткан ием жарылқады! Шалкып-тасып бакыт құшағында отырмын!

— Қуанышыңыз ұзағынан сүйіндірсін! — дедім мен де кариямен бірге шаттанып.

— Окы, әлгінде пошта жәшігінен алдым!



Хат! Окушының тор көз дәптеріне түскен жазулар маржандай!

«Ассалоумағалейкум, ата! Дені-қарнының сау ма! (Әжесі бастап берген-ау бас жағын) Амансыз ба! Біз де аманбыз. Әжем мен мамам сізге көп-көп сәлем жолдауда!

Ата, үшінші токсан да аяқталып келеді. Бұйырса, мамыр айының соңында үшіншіге көшемін. Сабағым жақсы. Қыстан бері домбыра үйірмесіне қатысып жүрмін. Үш-төрт күй үйрендім. Солардың ішінде маған Нұрғиса Тілендиевтің «Әлкиссасы» керемет ұнайды. Енді нотаны үйренеміз.

Ата, мен сені сағындым! Мамам маусым айында атаңа апарам дейді. Ертерек баруға жұмысынан босатпайды.

Ата, сау болыңыз!

Сәлеммен, немереңіз Айбол.

02.05.1991 ж.»

* * *

Адам баласының арқа-басын кенітіп, жадырап жаз айы де жеткен. Шіліңгір шілде орталанса да ауыл жақтан тырс еткен хабар болмады.

Немересін күте-күте қатты сағынған кария күн санап шөгіп бара жатқандай. Жағына пышақ жанығандай жүдеп, көздері шүңірейіп кеткен.

— Ескі сырқатым ғой! — дейді өзін-өзі алдарқатып. Бізге сездіргісі келмегені...

Таңертең орнымнан тұра сала карияға барып сәлемдесіп, шайға шақыруды әдетке айналдырған едім.

Сол дағдымен бүгін де барсам, есігі жабық. Жүрегім алабөтен толкып елегзи бастадым. Есік алдында ары-бері жүрдім де, қайыра келгем. Әлі жабық. Оянбаған шығар деп үйге беттедім.

— Атам қайда?

Келіншегім есік аузында жолықты.

— Тұрмапты.

— Жексенбі ғой... Демалғысы келген шығар...

— Бүйтіп көп ұйықтамайтын...

— Сабыр сақтайық... күтейік...

Күн түс болды. Қабдуали карттың есігі әлі ашылған жок.

— Апыр-ай, не болды? Ауырып қалмаса... Барсаңшы тағы. Болмаса Әбуталап атаға айтасың ба?! — дейді әйелім дігерлеп.

Кария араласып жүретін, екі үйден кейін тұратын шалға күдігімді жеткіздім. Ол менің алдыма түсті де, Қабдуәли кариянын үйіне тартты. Келе сала сыртқы есікті каға бастады. Іштен дыбыс шыкпайды. Шал үсті-үстіне соккылады есікті. Қатты-қатты шыккан тарсылды естіп көрші-қолаң да жиналып қалған. Біреулер үйде ешкім жок шығар десе, енді біреулері есікті бұзып ашайық дегенді айтты. Акыры көпшіліктің кенесімен есік бұзуға шешім

қабылданды. Темір сүйменмен әрең аштық есікті. Сосын... бас бағып табалдырықтан аттадық. Шал менің шегіншектегенімді байқап, қолымнан ұстай алды да, ілгері озды. «Бісімиллә!» дедім мен де бойыма қайрат шақырып.

Қабдуәли қария төргі үйдегі кереуетте шалқасынан жатыр. Тақау келдік. Қыбыр етер емес. Әбуталап ата әуелі танауы мен мандайын, одан кейін аяқтарын ұстады да басын шайқады. Қария көрпе ішіндегі оң қолын кеудесіне қойып, сол қолын жазып жіберген. Көздері ашық. Төбеге қадала қарап қалған... Жүрегім дір етті... Көрші қарт оң қолын жазып жатқанда байқадым; кеуде тұсынан бір зат ағарандап жерге сусып түскен. Енкейіп қолыма алсам... сурет! Қабдуәли қарияның сағына күткен... сүйікті немересінің суреті!..

Басым айналды...

Көзім қарауытты...

Қараң-құраң... кісілер... кіріп жатыр, кіріп жатыр...

*Қазан, 1991 ж.*

# КЕШІККЕН КӨКТЕМ

*«... Таудың мен еркін жүрген тағысы едім,*
*Таптың да, түсірдің гой торға мені...»*

***М. Мақатаев***

## Новелла

Өрекпіген жүрегім басылар емес. Қайта-қайта қол сағатыма қараймын. Сегізге екі минөт бар. «Апыр-ау, неге сонша дегбірсізденем. Жүрегім неге толқиды?» деп ойлаймын асыға адымдай түсіп.

Міне, кездесу белгіленген жер — саябаққа да келдім. Ол әлі жоқ. Қайда жүр? Мен үшін әр минөт жылға бергісіз жылжуда.

Салқын саябақ ішінде екеу-екеуден қолтықтаса қыдырған жастар жайбарақат. Мына қызға не болған деп маған бұрылып, антарыла қарайтындай ма? Жо-жоқ, мені ешкім елер емес. Бәрі де өздерімен өздері, мәз-мейрам, мамыражай. Қуыстанған өзім ғой, өзім екенмін...

Қапелімде селк етіп оқыстан басымды көтеріп, жан-жағыма антарыла қарасам, бір орында тапжылмай тұрмын. Тұңғиық ой-орманға ендесем өстетін әдетім. «Құдай-ау, бүгін не болған, әзәзіл иектеген шығар, сірә!..» Көп жүрдім-ау деймін арлы-берлі, білмеймін... Әлде маған солай көрінді ме?!



Келесі бір сәтте мен үшін сондай ыстық, жақын, таныс тұлға көзіме оттай басылды. Шапшаң басып, солай беттедім.

— Көп күттің бе, Гүлайым?

— Жо-жоқ... жо-ға, қазір ғана келдім, қазір, — деппін абдырап.

Біз сол күні ұз-а-қ қыдырдық. Оның киноға шақырған ұсынысын қабылдамадым. Себебі, шілденің мынадай мақпал кешінде екеуден-екеу алаңсыз, оңаша қыдырғанымызды қаладым. Ол да бірден келісе кетті.

Біз саябақтан ұзап шығып, Көз шаһарындағы ең көрікті, тас соқпақтың қос капталын биік, сәмбі талдар көмкерген кең көшені бойлап, аяндап келеміз. Алғаш танысқанда қалай аңғармағанмын, оның бойы менен әлдеқайда биік екен.

Едіге сондай көңілді, сөзшең. Өзі менің қолымнан ұстап алған. Сұлу Алматы, қызықты студенттік шақ туралы арқаланып, шабытпен сөйлеп келеді. Құдды құлақ күйі бабындағы шанағынан әсем әуен төгіліп-төгіліп кететін шешен домбырадай. Осы бетінде толастамай, тоқтамай айта берсе игі еді, таусылмаса екен әңгімесі деп тілеймін іштей.

Менің есіме осыдан бір апта бұрынғы, құрбымның туған күні тойланған кеш түсті. Сол тойға бармасам таныспайтын едім-ау Едігемен...

... Көк қақпалы еңселі ақ үйдегі салтанат түн ортасы ауғанда өзінің шырқау шегіне жеткендей. Шарапқа мейлінше қызған албырт жастар той асабасының бірнеше мәрте дастархан басына шақырған дауысын елең қылар емес. Қос колонкалы магнитофон таспасынан төгілген «Ласковый май» ансамблінің әншісі Юрий Шатуновтың жүрек пернесін шертетін нәзік, сазды әуені көңілі тасып, өрекпіген жастарды сиқырлап, баурап алған. Шіркін, әуезді саз! Жүректі әлдилеген музыка! Сен болмасң мынау салтанатты кештің мәнісі болар ма еді?!

— Тоқтатындар музыканы! — Той иесі — Лауранық сұлу мұртты, ұзын бойлы ағасының магнитофон кассеталарын алмастырып, реттеп тұрған қарақат көз, жас бойжеткенге бағыттаған дауысы жарлықтан кем естілмеді. Сол заматта магнитофонның үні сап тиылды да, қос-қостан құшақтаса билеп жүрген жастар ылажсыз ажырасып, «П» әрпіне ұқсатып қойылған стол қасындағы орындықтарға барып жайғаса бастады.

— Қадірменді қонақтар! — деді той асабасы ортаға шығып. — Ендігі сөз кезегін астанамыз Алматыдан келген құрметті мейманымыз Едігеге береміз.

Едіге аталған толқынды көмірдей қара шашын он шекесіне жатқыза тараған, әдемі жүзді, аққұбаша жас жігіт тамағын бір қырнап алды да, мүдірместен сөйлеп кетті.

Ол әуелі Лауранды туған күнімен құттықтады да, соңынан бір шумақ өлең оқыды:

*... Әзжанымның ақайдынын шайқаған,*
*Қуаныштан мен дәл қазір не айта алам.*
*Дәл осылай тойға той кеп ұлассын,*
*Дәл осылай кездесейік қайтадан!..*

Онсыз да желпініп отырған жастар ду қол шапалақтап, кезекті тосты бір кісідей қағып-қағып салды. Одан соң Лауранің ағаженгесі, бір-екі дос қыздары тұрып тілектерін білдірді. Тағы да музыка ойналды шалқып. Маған Едігенің ізетті, сұлу бейнесі ұнады ма, әлде...әлде, әлгінде ғана оқыған өлең жолдары әсер етті ме, білмеймін, әйтеуір одан көз алмай қарағыштай бергенімді білемін. Ол-дағы менің жан дүниемдегі арпалысқан сезім толқындарын сезді ме, жоқ әу бастағы мұраты сол ма, би алаңының шетінде, елеусіздеу үркектеп тұрған маған тақап келді де ізет білдіре иіліңкіреп тангоға шақырды. Үні жұмсақ һәм биязы екен. Сыпа бойынан бекзаттық пен нәзіктік сезіледі. Жүрегім өз-өзінен атқақтап, міне-міне кеудемді тесіп шығардай. Арамызда лəм-мим әңгіме де болған жоқ. Соның өзінде үнсіз-түнсіз түсініскендейміз бе, білмеймін. Ол мені келесі биге тағы да шақырды. Ал, үшінші мәрте жаңа вальс шалқып-тасып жөнелгенде, ұят-ай... оны кәдімгідей іздедім. Біз сол күнгі кеште кемінде он шақты рет билеген шығармыз. Кеш аяқталғанда Едіге мені үйге дейін шығарып салды.

Шынын айтсам, ол сол күнгі кеште ауыз жарытарлық жөндем әңгіме де айтқан жоқ. Көзге көрінбейтін, тек жүректер ғана ұғысатын бір сәттер болады екен. Сондай нәзік сезімді бастан өткердік екеуміз де! Бұл жай-жағдаятты лып етпе, көрсекызарлық нәпсіге балаймыз ба, әлде-әлде алғашқы қауырсын қанат махаббат дейміз бе, тап басып айта алмаймын. Айтты-айтпады, өз басым Едігені күн құрғатпай көріп тұруды қаладым. Оның каникул мерзімі аяқталғанша бес-алты рет орталық би алаңындағы дискотекаға бардық. Соңғы кездескенімізде ол мені сүйетіндігін айтты. Егер қарсы болмасам, келер жылы университетті бітірген соң үйленейік деп ұсыныс жасады. Қанша жақсы көріп тұрсам да, уақыт төреші ғой... сол кезде бір-ақ шешерміз деп жауап қайтардым. Басқа не деймін...

Иә, иә! Сол сәттен бастап айналадағы адамдардың бәрі-бәрі маған сондай мейірімді, сондай аяулы болып көрінді. Құшағым жетсе баршасын құшақтап сүйгім келетін. Әсіресе мен сол күндері хош иісті алқызыл гүлдерге ғашық болдым! Гүлдер сататын дүкеннен бірнеше талын сатып әкеліп, күн шуағы төгілетін терезе жақтауына, вазаға су құйып қойып қойдым. Едігені көргім келіп, жүрегім езіле сағынған кездерімде мейірім мейлінше қанғанша иіскейтінмін гүлдерді...

* * *

Жұмысымда береке болсашы!



Әншейінде сынаптай сырғыған уақыт жазған мысық табандап жатып алғандай. Мең-зең қалыпта әрі-сәрі күй кешіп, қол сағатыма қарағыштай беремін. Япыр-ай, түскі астан бері небәрі бір жарым сағат өткен бе? Мен үшін дәл осы мәүрітте үш жарым емес, уақыттың жылдам алты болуы сондай қажет екенін білемін. Жан дүнием жабыркап, біртүрлі елегзи берген соң Джек Лондонның «Мартин Иден» романын қолға алдым. Көзім кітап беттеріндегі маржандай жазуларда болғанымен, көнілім әлдекайда, алыста-а... тұрлау таппай шарықтап, қоналқы іздеген жандай табан тірейтін, байыркалайтын тұғырды қалай ма? Ілкі сәтте бірер бетті сыдырта оқып шыққанмен де, бұл іс-әрекетімнің бос далбаса тірлік екенін андап, кітап парағын жаптым.

— Гүлайым, айналайын біраздан байқап жүрмін... Жас емеспіз, өмірден түйген тәжірибеміз бар дегендей... Осы сен өзгеріп барасың! Әлде неге алаңдайсың, тұңғиық, терең ойдасың дәйім...

Дауыс шыққан жаққа қарасам, меңгерушіміз Күланда апай. Ұрлығының үстінде ұсталған сәбидей абдырап, сасып, не істерімді білмедім.

— Жоға, апай... Үйде бір жағдайсыз жәйт болып... Соны уайымдап... — Ойланбастан өтірікті шындай қисындырып жатырмын.

— Сендім уәжіңе! Бәріміз де жас болғанбыз... Түсінем, айналайын...

— Шын айтамын, апай...

— Қолындағы кітапты осымен неше рет көрдім. Беттерін шолып, оқығансып отырасың да жаба саласың. Сезіп, көріп отырмын. Жә, қысылмай-ақ қой. Дегенмен өзің шыдамды екенсің. Сенің орнында мен болсам, баяғыда-а, не істеп, не қойғанымды, қандай жігітпен қашан, қалай танысқанымды, қыдырғанымды — бәрін-бәрін ақтарып, жайып салар едім... Ақталмай-ақ қой!.. Алағызып, мазаң қашып отырса бара ғой, айналайын... Сөйт! Сөкпеймін!..

«Күланда апай да қызық... Сонда мен кейбір жеңілтек қыздарға ұқсап, жігітпен танысқанымды, қыдырғанымды, дискотекаға барып билегенімді, өзі айтқандай жалпақ жұртқа жариялап, жарнамалауым қажет пе? Қыз бала өз сезімін тежеп, құпия сақтағаны ләзім-ау...»

* * *

Едігені пойызға шығарып салып, үйге қайтып келемін. Жан дүнием жабыркап, құлазығандый. «Апыр-ай, үш айды қалай өткізем?» деп уайымдаймын, оның қазан айының соңына таман келемін деген сөзін жұбаныш-тірек еткендей. Ауыр-ауыр ойлардың жетегіне еріп, мұнайып, жүдеп ілби басып үйге жеттім де, анама басым ауырып тұр деп сылтау айтып, бөлмеме кіріп жатып қалдым. Бар үмітім оның бара сала хат жазамын деген сөзі ғана...

Мен сол күні адамның сағыныштан һәм қуаныштан ебіл-дебіл егіле жылайтынын білдім!

Көп ұзамай Едігеден хат алдым. Оқып шыққанша дегбірім қашып барады. Тор көз оқушы дәптердің бір бетіне толар-толмас жазыпты. Аман-саулық, Алматыдағы күн райы. Бір аптадан соң студент өміріндегі күзгі науқандық жұмыстарға жүрмекші екен. Бар жоғы сол ғана!

Алабұртқан көңілімнің аяқ асты астаң-кестеңі шығып, ренжідім. Сағыныш пен сезімге, құштар-ынтық көңілге толы хат күтіп едім-ау одан. Сол жерде отыра қалып жауап жаздым.

Осыдан кейін көп уақыт өте қойған жоқ...

Іңір қараңғылығы, апақ-сапақ шақ. Жұмыстан қайтып келе жанқанмын. Орталық саябақтың қасынан өте бергенімде сондай таныс біреудің ай-шайға қарамастан бас салып, қапсыра құшақтағанынан сасып қалдым. Сөйтсем, Едіге! Анасы аяқ асты сырқаттанып, әкесі шұғыл телеграмма жолдап шақыртып алыпты.

Тұрған жеріміздің орталық саябақ және жұртшылық ең көп жүретін орын екендігін жадымнан шығарып оның құшағында ұзақ тұрыппын. Едіге жасының үлкендігін танытып, естілік жасады. «Гүлайымжан, былайырақ оңаша барайық...» деді қолтығымнан болар-болмас демеп. Мен сонда ғана өзіме-өзім келдім. Апыр-ау, түсім бе, әлде өңім бе? Сенейін бе, сенбеймін бе?!. Қайта-қайта қараймын Едігеге. Сағынғандығым сондай, құшағына құладым тағы...

Кейінірек... қыз балаға жат, сол бір ерсілеу қылығым үшін өзімді-өзім, талай-талай кінәладым және жек көрдім. Адам баласы қай кезде де, асып-төгілген сезім жетегіне көзсіз көбелектей ере бермей, өзін-өзі тежеп тізгіндеуі тиіс екен...

Сонымен Едігенің анасы орнынан тұрып, ауруынан ақырын-ақырын айыға бастады. Қолы босаған сәтте салып ұрып кітапханаға жетеді де, мен Күланда апайдан сұранып, бірге күнде-күнде киноға немесе дискотекаға барамыз. Алматыға қайтар күннің алдында көкке — тауға шықтық. Сонда үйге оралмай қонып қалдық...

Осы күннен бастап мен өзімді Едігесіз өмір сүре алмайтындай сезіндім.

Мен оны беріле, құлай сүйдім... Ол да, ол да...

Міне, тағы вокзал басында, перрондамыз... Аз уақытта катты бауыр басып қалған сүйіктімді пойызға шығарып салып тұрмын. Адам алдағы өмірін қайдан білсін... Бұл менің Едігемен соңғы кездесуім, соңғы шығарып салуым екен ғой...

Сол кеткеннен Едігеден хабар болмады... Бәрібір, қазан айының онынан бастап Алматы жақтан келетін жолаушы пойыздарын (барлығы кесте бойынша кешке тақау өтетін) күтіп жүрдім. Мұң мен сағыныш кеулеген жүрегім алып-ұшып күнде-күнде жүгіріп жетуші едім вокзалға. Бір күні кезекті жолаушылар пойызын қарсы алып тұрғанымда... оның вагоннан түсіп келе жатқанын көрдім.



Қасында, аппақ фата киген, аққұбаша, әдемі қалыңдығы... Қарсы алған туған-туыс, дос-жарандары... Ұсынылған гүл шоқтары... Тарс-тарс атылған шампан тығындары... Мен болсам дірілдеп-қалтырап тұрмын сол орнымда. Әлі де сенбеймін... Көзімді уқалап-уқалап үңіле қараймын. Дәл өзі! Едіге! Қасында қалыңдығы!..

Қыз баланың жолы жіңішке ғой. Сол сәтте ыстық қаным басыма теуіп, жүрегім езіліп, егіле жылап тұрсам да, Едіге бұның не, алдау ма, әлде опасыздық па деп жанына жетіп барып, жағынан шапалақпен осып-осып жібергім келді-ақ. Амал қанша, олай жасайтын ерік-күш маған бітпегенін білдім. Бәлкім, бәлкім... енді ғана үйленгелі, ақ босағаны аттағалы тұрған, ешнәрседен хабарсыз қалыңдығының алдында иба-әдеп сақтағаным ба бұл? Шыным, ілкідегі тасыр ойымды іске асырар болсам, болашақ жан жарының жүрегіне жазылмас жара салар едім-ау! Олай етпеуімнің себебі, оны бар жан-тәніммен беріле, шын сүйгендіктен бе?! Білмеймін, білмеймін! Жетер емес ақылым...

Бір мезет кілт бұрылып, намыстан өртеніп, өксігімді баса алмай вокзал басындағы сквергe үкідей ұшып келгенімді білемін. Шет жақтағы оңашалау орындыққа жетіп емін-еркін, ағыл-тегіл жыладым-ай!..

Міне, қазір қоңыр күз...
Сары жапырақтары шашылған жүдеу, мұңды, салқын күз...
Көңілсіз қала, қара бақ,
Күн суық күзі жетті де.
Бар көркінен айрылып,
Қуарып әлем кетті ме?!
Қуарған бақта құр ағаш,
Қуарып мені қарсы алды.
Қуарып түскен жапырақ,
Қуартып маған ой салды.
Достар да бар, ән де бар,
Құлпырған бір кез бақ еді.
Бар көркінен айрылған,
Бұл не деген шақ еді?!.

Бұл — Көз шаһарында тұратын құрылысшы жігіттің өлеңі. Өзі ән де шығарады. Бірақ есіл талант қабылет-қарымын аша алмай, елден ұзап кете алмай қалада қалып қойды. Әлгі әнді бір кеште сол ақын жігіттің өз аузынан естідім. Шіркін дауысы қандай! Ән қандай! Гитараның сүйемелдеуімен өзі орындағанда мен егіле, жылап отырып тыңдадым...

Содан бері қаншама уақыт өтті! Мынау жүдеу, мұңлы күз секілді менің де жан-дүнием құлазулы. Сенен несін жасырам, Едіге! Ер-азамат жайлы толғансам, өзіңнің бейнең келеді көз алдыма. Сол кезде... алды-артымды андамай алып-ұшқан менің күсерке

сезімімді тұзағына түсіріп алған соң қызыл шырайлы жүзінде, ұялы ойнақы көзінде жылылық өшіп, кең кеуденді тік ұстап, қураған жапырақты тістелеп «бәрі суалмақ» деп... бұрынғы... иә, иә, бұрынғы өліп-өшіп құныға сүйген қалпың ұмыт қалып еді.

Рас, аязды, қыраулы суық қыс өтер. Күлімдеп көктем, жадырап жаз келер. Бірақ мен үшін осы үш мезгіл де жүрегіме қоңыр түспен жазылып қалған. Сол қоңыр түс өзгерер ме? Өзгерсе қашан?!

Көктем қашан шығар екен?!.

*Қыркүйек. 1985 ж.*

## ЕКЕУ

Әсия аяқ астынан ауырды. Ілкіде суық тиген шығар, жақсылап бір терлесем жазылып кетермін деп онша елеген жоқ. Кешкі шайды қою етіп шығарып, сары май қосып ыстықтай-ыстықтай ішті де, бірнеше көрпе жамылып, тас бүркеніп жата қалған. Таңертең бір-ақ білді, аяқ-қолдары дірілдеп-қалшылдап, өне бойы бір ысып, бір суынып әкетіп барады. Екі баласы мен кәрі анасы ауылға қыдырып кеткен болатын. Зорға дегенде тұрып, көрші үйден телефон шалып жедел жәрдем шақыртты. Енді міне, төрт күннен бері ауруханада. Ауруын аскындырып ала жаздапты. Толық сауығып шығуы үшін кемінде бір ай емделуі тиіс. Бастапқы екі-үш күнде ыстығы қайтпай, төсектен тұра алдмады. Кеше ғана басын көтерді. Палатада бес әйел. Бәрі өз аяғымен тұрып жүр. Олар күн ұзақ теледидар көріп, кітап оқып уақыт өткізеді. Тіпті анау шеткі кереуеттегі көркем, сұңғақ бойлы жас келіншек әлденеше халат ауыстырады күніне. Сылқым. Кербез. Тәкаппар. Тақ бір театрға баратындай сәнденіп, қасы-көзін сүрмелеп, бетіне опа-далап жағып әбігер болып жатқаны, әйтеуір. Дос-жаран, туған-туыстары мұндай көп болар ма, біреуінің әкелген тамағын тауыспай жатып екіншісі келеді. «Не бақуатты жердің келіні, не ерке-тотай келіншек» деп ойлады сәнқой әйел туралы.

Көнілі жұқарып, сыркаттанып жатқан адамның сырттан біреуді тосатыны рас. Көршілері бұның ауруханаға түскенін біледі. Қарсы пәтердегі Қапияның үй ішімен жақсы араласушы еді. Келіп кетуге болады ғой. Ауырмай бақ деніз адам баласына...

— Әлібаева кім? — Палатаға енген медбибінің дауысы ойын бөліп жіберді.

— Мен-н...

— Сізге бір жігіт келіп тұр.

Әсия сенер-сенбесін білмей, таңқала орнынан тұрды да, астынғы қабаттағы сыркаттармен кездесетін бөлмеге келе жатып, кім болды екен, әлде Қапияның күйеуі ме? — деп ойлады.



Келген Құрман екен. Қолында үш тал гүл.

— Іс сапардан оралып едім. Ауруханада жатқаныңды естіп... Мен жол жүрерде сап-сау, жүгіріп жүр едің, қалайша, ә?! — дейді тан қалып.

— Бәрі де аяқ астынан екен...

— Оның рас... Ауру да, ажал да қас қағым сәттік дүние көрінеді... Жә, сонымен денсаулығын қалай?!.

Әсия аудандық газетте машинка басушы болып істейтін. Негізгі газет орыс тілінде шығады. Қазақшасы — аударма. Қазақ редакциясында алты адам ғана еңбек етеді. Ал, Құрманның жұмысқа тұрғанына жылдан асқан.

— Әсия, сөкпе! Ештеңе әкеле алмадым.

— Ой, әуре болма! Өзің болсаң жалғыз... әрі пәтердесің...

— Сонда да... құр қол келу ыңғайсыз тіпті...

— Ыңғайсызданатын несі бар... Гүлден артық сый бола ма! Түу, өзінің иісі қандай! — Келіншек құшырлана иіскеді гүлдерді. Жүйе-жүйесі босап, сонау-сонау артта қалған балауса шақ, жастық жылдарын, қырмызы қызғалдақтай қызықты күндерін еске түсірді мынау гүлдер...

— Алғысым шексіз, Құрман! Рахмет!.. Тіпті... өзің келгенің де қуаныш маған...

— Онда былай болсын, — деді Құрман ойланып. — әдеби кітаптар әкелейін.

— Мұның жөн-н...

— Сау бол!..

Орта бойлы, қара торы жігіт ұза-а-п, көшедегі көп елге қосылып кеткенше... жүрегі лүпілдей... көзімен ұзатып салған Әсияның көңілі аспандап, қолындағы гүлдерді мейірлене иіскеп, палатаға келді. Құмыраға су құйып, гүлдерді салып қойды. Қасы-көзі қиылған аққұба келіншектің қаяу тартқан көнілін көбелек қанаттандырып жібергендей еді Құрманның келуі...

... Тұрмысқа ерте шықты Әсия. Күйеуі Гәкку артық сөзге жоқ орнықты жігіт еді. Мамыражай, ын-шынсыз тату тұрды. Екі перзент сүйді. Аудандық автоинспекцияда қызмет істеген Гәкку жылға толмай жатып, қаланың қақ ортасынан екі бөлмелі осы үйді алды. Жаңа қоныстарына қажетті мебельдер де оп-оңай табыла кетті. Осылайша тірліктері өз ауанымен түзу келе жатқан. Бірақ... оқыстан болған жол апатынан күйеуі қайтып, жиырма үш жастағы келіншек жесір, екі бала жетім қалды! Ah ұрды, жылады! Алайда, өзекті жанның тіршілік етуі, екі баланы өсіру өзінің мойнына жүктелгенін сезіп, талқы тағдырға мойын ұсынды! Көнбегенде қайда барады?!.

Жетісі өткенше үйден келімді-кетімді кісілер үзілмей, дабырдұбыр басылмай, дәнеңені аңғармаған-ды. Алыс-жақын манайдан келген туыстары таркағанда білді жалғыздықты. Кішкентай екі ұл

әкелерін сұрап, қыңқылдап мазаны алады. Қандай жауап берерін білмеген Әсия, әкелерінің сонау-сонау алыс шаһарға оқуға, білім алуға кеткенін... кейін... бірнеше жылдан соң оралатынын, оған дейін өздері де үлкейетінін айтып алдаркатады. Өтірікті шындай етіп киыстырып айтқанына өзі де қатты өкініп, көзінің жасын сығып-сығып алатын онашада... Бұлайша өмір сүру ауыр тиген соң үлкен ағасының қолындағы анасын көшіріп әкелді.

Гәккудің қайтқанына алты жыл. Айдын екіншіде, Толқын біріншіде оқиды. Өтіп бара жатқан уақыт-ай! Алты жыл аз уақыт емес. Әсіресе жас келіншек үшін. Түні бойы аунап... денесі күйіп-жанып, аласұрып шығады кейде... Дөңбекшіп, күйеуімен беймарал өткен шуақты, бірақ қас-қағым шақтарын еске түсіріп... дөңбекшіп... өртенеді-ай!.. Ұйқысы да шала болып, қайдағы-жайдағы, шым-шытырық түс көріп мазасы қашады. Бұл киындықтан құтылудың жолын біледі Әсия. Бірақ... екі сәбидің жанын кім түсінер?!. Бай табылғанымен, балаларына әке болуға ылайық, мейірімді кісі қай-да-а-а?!.

Жас келіншектің күйеуге тию туралы жиі ойлайтын күндерінде қызметке келді Құрман. Орта бойлы, иман жүзді, қара торы жігіт. Аузы ашылса жүрегі көрінетін ақ жарқын, адал жан сияқты. Ұжымға жаңадан келдім деп жасқаншақтап, жалтақтамайды. Өзінің шынтағынан оң қолы жоқ. Протез киеді. Ата-аналарынан жастай жетім қалған үш баланың үлкені болғандықтан, сегізінші класты бітірген жылы комбайншыға көмекші болып жүргенде, жаткаға колын алғызыпты байқамай...

Айтуына қарағанда, Құрманның туған жері Өзбекстаннын Жызақ облысында бүгінге дейін қалың мал төлеу қалмаған. Сырттай оқып, университетті тәмамдаған жігіт төрт жыл бұрын келіншек алып, хал-қадерінше той жасап, қалындығының қалын малының жартысын ғана төлепті. Қытымыр, қарау ата-ене күйеу балаларынан калған қаржыны қайта-қайта сұрап мазасын ала береді. Жігіт қайтара алмай қатты киналады. Ақыры құдалар жағы кенесе келе, қыздарын алып кетеді.

Әр адамның өз тақсыреті бар. Құрманды аяп, жаны ашыды Әсияның. Екеуі ылғи жұмыс соңында қалып, әңгімелесіп, сырласып бірге қайтатын үйге. Көп ұзамай қонаққа шақырып, анасымен таныстырды.

— Жібі түзу бала екен! — деді шешесі Құрман кеткен соң. Әсияға қатты әсер етті бұл сөз. Жігітке деген ынта-ықыласы арта түсті.

... Ауруханада жатқанына жиырма төрт күн болыпты. Шүкір. Қазір жақсы. Анасы мен екі ұлы да елден келген. Күн құрғатпай қатынайды. Құрман да күнара жетіп келіп тұрғаны. Әдеби кітаптарды үйіп тастады. Айтатын жаңалықтары мен әңгімелері де таусылар емес. Өзі көңілді. Әсия да бауыр басып қалғандай. Елегізіп, жолын тосады кешіксе. Бүгін де келді Құрман. Бірақ



жалғыз емес. Екеу. Қасында ақсары өңді бейтаныс келіншек. Құрман оны Әсиямен таныстырды. Әйелі екен. Жақында біржолата көшіп келмекші. Ұлдары ауылда қалыпты. Бал-бұл жанған түрлерінен байқалады. Екеуі де көңілді. Әсіресе Құрман. Бұнымен коштасып, жылдам жазылып шығуына тілек білдірді.

Ерлі-зайыптылар көше бұрылысынан көрінбей ұза-а-ап кеткенше қаққан қазықтай тұрып қалыпты Әсия.

Күз еді. Сарғыш жапырақтары селдіреп, сыйдам тартқан ағаштарға қарап, жел тұрғанын байқады да, кері бұрылып ілгері озған. Жасқа шыланған жанарының алдында жүздері бал-бұл жанған екеу... екеу...

*Қыркүйек, 1991 ж.*

## ҚУАНЫШ ЖАСЫ

Бүгін Әзімхан мазасыз ұйықтады. Таң алдында шым-шытырық, қым-қиғаш оқиғалы түс көрді ме, бастырылығып сөйлеп оянған.

— Ту-у, үй емес... монша ғой тегі!..

Өзінен өзге бөлме ішінде кісілердің тынығып жатқанын жадынан шығарғандай, дауысы да шығып кетті.

Расында үй іші жанып тұр. Күннің біртін-біртін жылымықтанып, тау-тас пен сай-саладағы қыс бойына ақ көрпесін қымтанып жатқан қалың қасат қардың көбесі сөгілгеніне қарамастан тас көмірді пешке тоғытып тастаған-ау әйелі.

Бәти мен екі ұлы қаннен-қаперсіз үйқы құшағында. Оятып алмайын деп ақырын сіріңке жақты. Сағат тілі алтыны көрсетіп тұр. Жата беруімнің жөні келмес деп сыбдырсыз киінді де, ақырын басып тысқа шықты. Жұлдыздар қатары сиреп, бозамық сәуле білініп келеді шығыстан.

— Иша-ай! Салқын сыз бар екен!..

Шопан жігіт қара тонын қаусырынып, қой қораға беттеді. Отар пырдай жусап жатыр. Қашан да сақкұлақ, көк шулан кос төбет «біз де бармыз» дегендей отағасының шалғайына оратылды. Демек, бәрі қалпында!

Көңілі жайланып үйге аяндады. Күндегі дағдысымен козы көш жердегі тас құдыққа келіп қауға салды да, екі рет қатынап, төрт шелек су әкелді. Бұл кезде үй іші де тұра бастаған. Ертеңгілік оразасын ашқан соң, аудан орталығынан келіп жатқан інісіне отарды табыстады да, алдынғы күні бөлініп қалған қойларын іздеуге шықты...

... Бәти от басындағы оны-мұны жұмыстарын бітіріп, түскі асын

әзірлеуге кам жасағанда, радиоқабылдағыштан диктордың ашық та жарқын дауысы саңқылдап естілді.

— Құрметті радио тыңдаушы достар! Енді өздеріңіздің өтініштеріңіз бойынша, 8-ші наурыз — халықаралық әйелдер күніне арналған концертімізді бастаймыз!

Елең етті. «Бүгін біздің мерекеміз екен-ау! Тіршілік-тіршілік деп жүріп, мынау дөңгелек дүниеде не болып жатқанын біле бермейміз?!» Орта бойлы, қиғаш қас, қызыл шырайлы келіншек қолына алған ісін былай ысырып қойды да, радиоқабылдағыштан төгілген әсем сазды әнді беріле, жүрегі толқып, елти тыңдай отырып... алыс-та-а... артта... бүгінде тек елес болып қалған гүл көктем — жастық шақтарын... табиғатынан біртоға мінезді, тау қозғалса да, қозғалмайтын күйеуін — Әзімханды алды есіне. Осындайда ойға қайдағы-жайдағы әрнәрсе оралады-ау!..

Шаңырақ көтергендері де қызық екеуінің. Әзімханмен бір мектепте оқыды. Орта мектепті екі жыл бұрын бітірген ол сол жылдың күзінде әскерлік борышын өтеуге аттанды. Бір күні байланыс бөлімшесіне барғанында хат тасушы әйелден өз атына келген көкшіл конвертті алып, таң-тамаша қалды. Жүрегі өрекпіп, әрі-сәрі күй кешті. Ешкімге хат жазып көрген жоқ еді. Сонда кімнен келуі тиіс? Конверт сыртындағы жазуларға әлденеше қарады. Айбақ-сайбақ, ретсіздеу жазылған әріптерге қарап, жауынгер жігіттен екенін сезген сайын, ұрлық жасағандай қуыстанып мазасызданды. Ақыры хатты ашып оқыды. Жақында әскерге аттанған Әзімханнан екен. Көнілі қалайтынын, мектепте жүргенде батып айта алмағанын, енді... елден шалғайда... Ресей елінің Чита деген қаласында жүргенінде үйді де, бұны да сағына бастағанын... осыдан азаматтық борышын аман-есен өтеп орала салысымен үйленетінін, сол үшін... уақытын бөліп хат жазып тұруын сиырқұйымшақтатпай бір-ақ кесіп айтыпты. Көзге көп елене бермейтін, момын, қараторы жігітті сол күні ғана есіне алды Бәти. Бірден жауап жазған жоқ. Тек он шақты хат алған соң амандығын білдірді...

Екі жыл көзді ашып-жұмғанша шапшаң өте шықты. Бәти оныншы класс бітірген жылдың күзінде Әзімхан да әскерден аман-есен оралды. Және айтқан уәдесінде тұрды. Есіне алып отырса, екеуі небары үш-төрт рет киноға барыпты. Клубтан шыққан соң әлгінде ғана тамашалаған кинодан алған әсерлерін өзара бөлісіп, ауылдың түнгі тымық-таза ауасында біраз қыдырып, тағы да ананы-мынаны әңгімелеп жүретін де, қазіргі жастарша қалтарыс-қағаберіс жерде тұра қалып, қадала жабысып өліп-өшіп сүйіспей-ақ... бірі-бірін соншама жақсы көріп, ынтық болып тұрғанымен, лықсып келіп-лықсып келіп ернеуінен аса төгілген сезім-нәпсілерін тізгіндеп-тежеп, салқынқандылықпен ертеңге дейін қимай-қимай коштасатын... Әрине, от болып жанған кайран да қайран жастықтын, оның ішінде бірі-бірін жақсы көріп, жүрекпен ұғыскан-



ұнатқан қыз бен жігіттің бұлайша өздерін-өздері тым-тым тұсап-шідерлеулері салқын-сарабдал ақылға көнгенімен, адам-пенденің табиғатына кереғар-ау... Қай күні Әзімханның әке-шешесі құдалыққа келіп отыр... Сөйтіп үйленген екеуі. Құдайға шүкір, осы уақытқа дейін бірі-біріне қатты-қатты дауыс көтеріп, ренжісіп-өкпелесіп, бет жыртысқан кездері жоқ десе де болғандай. Қазір алты бала сүйіп отыр. Әуелгі жылдары кеңшарда трактористі болып істеген отағасы, кейін өз алдына отар қабылдап бөлек шығып кетті. Екеуі де ауылдың баласы емес пе, елден жырақ жапан далада жалықтық, шекемізден күн өтіп, бетімізді жел қақты деп ақсаусақтық танытқан емес. Барға қанағат, жоққа мәзір деп біреуден ілгері, біреуден кейін тіршілік етіп жатқан жағдайлары бар.

... Радиодан берілген концерт аяқталған соң бір нүктеге ойлана қарап, аздап мұңайыңқырап, аздап елегізіңкіреп біраз уақыт отырып қалды Бәти. «Туабітті мінезі ме, осы біздің Әзімхан да қызық... емеурін білдіріп, көңіл үшін болса да құттықтағанды білмейді-ау, білмейді...» Қараторы әдемі келіншек күйеуіне өкпелегендей мұңайыңқырап азғана сәт бұртиып отырды. Күні бойына бітіп болмайтын, былайша көзге көрінбейтін үй ішіндегі күйкі бір істі жалғастырмақшы болды да, райынан ілезде қайтты. Қолы жұрмеді. Алайда әлгіндей болмай серпіліп, көңілі біртін-біртін жібіп, райынан қайтып, өзіне-өзі келді. «Мен де қызықпын... Елден шалғай, таудың бір қуысында айдалада отырмыз. Несіне кінә артамын оған. Бүгін мені түлен түрткен шығар, сірә! Оң жақта отырған он бестегі бойжеткен емеспін еркелейтін... Оның үстіне күнде жоғалмайтын топаланды айтпайсың ба?! Қарашы, бөлініп калғанын. Көктем болғанымен қыстың ызғары бар әлі. Тоңып-жаурап келер даладан, етін молырақ турап, қуырдақ қуырып қояйын...»

* * *

— Ерте аттандыңыз ғой, Әз-аға! Асықпай ас ішіп кетсеңіз болар еді! — Енсегей бойлы сары жігіт Әзімханның шалғайына оратылып, ықылас-ілтипат танытып жік-жаппар болуда. Мейман алғыс-рахметін айтып, мал қора жанындағы ат ағашқа байланған жорға күреніне қарай аяндады.

— Рахмет, Балтабай! Қойларымның табылғаны олжа маған! Әгәрәки, сенен өзге біреу болса сіңіріп кетер еді.

— О не дегеніңіз!.. Қатар отырып бір-біріміздің бөлінген-жарылған малымызды иемдене берсек не болғаны?! Алла сақтасын! Табан ақы-мандай термен тапқан ақадал малымыз бұйырсын!

— Оның рас, айналайын! Тегінде сыйлық қымбат емес, сыйлау, адамгершілік қымбат-ау!

— Айтқандай, Әз-аға! Кешке міндетті түрде женгей екеуіңіз конаққа келіңіздер!

— Жарайды, бауырым! Женгене айтайын! Одан соң ертең біздің үйде боларсыңдар!..

— Келістік!..

«... Әйелдердің мерекесі екен-ау бүгін. Қалай есімнен шығып кеткен. Әлгі Балтабай болмаса... Апыр-ау, Бәти екеуміз шаңырақ көтеріп, отау тіккелі оны бірде-бір рет құттықтамаппын. Үйленген жылы гүл сыйлап едім ғой...»

Ойға беріліп, тізгінді бос тастаған шопан жігіт кенет жорға күреңнің басын шұғыл бұрып, он бес шақырым жердегі көрші ауданның орталығына бір-ақ тартты.

Оңашалау талға атын байлап, гүл базарына жақындай бергенде көздері тұнып, қызығып кетті шопан жігіттің.

Гүл сатып отырған кемиек тісті кемпірлер мен жас орыс әйелдері:

— Сюда иди, сюда, — деп жамырап қоя берді.

Қызыл, сары, ақ гүлдер біркелкі секілді. Мына бір тұстағы ақ жаулық тартқан шүйкедей сары кемпір иман жүзділеу ме?!

— Қанша? — деді үш талдан бөлек-бөлек ыдысқа салып қойған алқызыл гүлдерді көрсетіп.

— Десять рублей! — Кемпір қуанып кетті. — Бери, сынок. Не пожалеешь... А нука погоди! Подоиди поближе! Ах, какая запах! Просто прелесть!..

— Таких десять мне! — Төс қалтасынан алған ылғи он сомдық қызыл ақшаларды көрген кемпірдің көздері жайнап кетті.

Бір құшақ алқызыл гүлдерді қолтығына қысқан қырықтар шамасындағы жігіт ағасы жерден жеті қоян тапқандай көңілі тасып, келесі сәтте күренін жорғалатып қырдағы өз үйі — өлең төсегіне тартып кетті.

* * *

Сонау көз ұшынан салт аттыны байқаған Бәти отағасы екенін біліп, дастарханын жайып, үстел үстіне тәтті-дәмділерді әкеліп қоя бастады. Жайдарыланып, көңіл күйі көтеріліп сала бергендей.

Арада көп ұзамай-ақ әуелі дәлізден аяқ тықыры естіліп, ілкі сәт өтпей күйеуі кіріп келе жатты.

— Бәтіш!

Әзімхан бұны жаңа көргендей аңтарылып тұрып қалған келіншегіне жақындады. — Құттықтаймын! Мерекеңмен!..

— Қой ше?! Қойлар табылды ма?!.

— Табылды... Балтабайдың отарына қосылыпты... Алсаңшы! Саған әкелдім!

Жөпелдемедегі мынау қуаныштан қызыл шырайлы, киғаш қас әйелдің жүрегі лүпілдей соғып жүре берді де, алабөтен толқып, жүйе-жүйесі босап, күйеуі ұсынған бір құшақ қызыл гүлдерді ала бергенінде жанарынан қос тамшы үзіліп-үзіліп түсіп еді...

*Мамыр, 1988 ж.*



# ЕКІНШІ БӨЛІМ

## Әдеби әңгімелер



# МЕНДІ ҚЫЗ

**«— Мен өзгеше сыйлайтын тағы бір композитор бар. Ол — Илья Жақанов, — деді Шәмші біраздан соң бастапқы әңгімеге қайта оралып. — Бір ғажабы сол — әндерінде қырғыз ағайындардың мұңлы сарыны бар. Бірақ онысы қазақтардың шерлі әуендеріне жаңа мазмұн беріп, тек Ильяға тән әндер туады. Сонымен қатар жазушылығы, музыка зерттеушілігі ше? Біздер атын естігеніміз болмаса, өмірлерін біле бермейтін халық композиторларының шығармашылығын нағыз білгірлікпен зерттеп, олардың өмірі жайында құнды деректер берген Ильяның еңбегін қазақ музыкасына қосқан елеулі бір тарау дер едім».**

*(«Композитор Шәмші Қалдаяқов». «Жалын» журналы, №1, 1991 жыл).*

* * *

1961 жылдың көктемі.

Илья Жақанов «Қазақстан пионері» газетінің тапсыруымен Қызылорда облысының Шиелі ауданын аралап, іссапарының соңына қарай Жамбыл облысы Сарысу ауданының Ақтоғай ауылындағы ата-анасына келді.

Айһай, өз үйі — өлең төсегі! Керімсал көктем! Тау бөктері гүл шешек аткан. Ілекеңнің елі Талдыбұлақ аталатын қос өзеннің ортасында. Өсіп-өнген жүрекке жақын, ыстық өлке!

Ауылым көшіп барады Көлмекөлге,
Алыс дейді Көлмекөл көрмегенге.
Алыс болса Көлмекөл жаяуға алыс,
Ақжарылқап күн туар өлмегенге...

Бұл — алкакөл сұлама, ақтабан шұбырынды жоңғар шапқыншылығынан қалған «Елімаймен» замандас ән!

Көлмекөл — көз жасындай мөлтілдеген көл. «Токсан бұлақ құяды» дейді қариялар. Ілекең ата-анасының ыстық ықыласына бөленіп, жерлестерімен қауышып, бірер күн аунап-қунаған соң аудан орталығы — Байқадамға тартты. Құрбы-құрдастары, жақсы көретін ағалары көп мұнда.

— Илья, кеп қалдың ба? — дейді аудандық «Социалистік шаруа» газетінің редакторы, ақынжанды ағасы Дулат Шалкарбаев. Ақ жаркын, сері кісі.

— Келдім, — дейді Ілекең де өрекпіп.

— Қашан қайтасың?

— Ертең...

— Жоқ, қайтпайсын... Қарағайлы деген жер бар. Бір ғажабы, ол жерде қарағай өспейді. Адыр-адыр Қаратау сілемдерінің етегі. Сол жерде малшылар тойы болады. Ақбоз үйлер тігіліп жатыр. Дайындық күшті.

Аудан биыл жақсы. Малшылар дүрілдеп тұр. Біз тоқтайтын үйдің иесі — «Коммунар» кеңшарының директоры Иген Нұрмағанбетов. Өзі — ақынжанды, аңқылдаған жан. Совхозы мықты. Ашық аспан астында концерт тамашалаймыз...

... Сәуір айының басы. Дала жайқалып сары жайлаудың акселеуіндей толқиды. Тау мен қырат бөктері гүл теңізі. Қызғалдақ, сарғалдақ, хош иісті түрлі-түсті гүлдер толықси тербеледі. Изен мен жусанның иісі ғаламат! Па, шіркін! Дала жарықтық иіп тұр.

Ілекеңдер жайғасып ас-су ішкен соң концерт көруге дала сахнасына бет түзеді. Екінті ауа өнер тойы басталды. Халық көп. Отыратын орын жоқ. Ілекең оңашалау барып тұрды. Дулат Шалқарбаев, Иген Нұрмағанбетов бастаған жергілікті жігіттер қызу әңгіме жетегінде. Сол кезде оркестр ән бастады. Ойнақы қырғыз мақамы. Орындаушы — жас қыз. Сахна алыстау. Қасындағылардың қызу әңгімесін Ілекең жай, селкос тындап тұрды да, қырғыз әнін айтқан қыздан көзін айырған жоқ. Ән аяқталды. Қыз бұрылып кетіп бара жатты. Япыр-ай, сене ме, сенбей ме? Арқасындағы қос бұрымнан көзін ала алмай қарап калған. Қою, қалың шаш қыз тілерсегін соғады.

— Ойпырмай, ана бұрымды-ай! — деп калды Ілекең.

— А-а! — деді Дулат.

— Қыздың бұрымын айтам! Әні де тамаша! Жаңа қырғыздың әнін орындады ғой...

Дулат жымың етті:

— Қазір қатар отырамыз... Жақыннан көресің...

Меймандар аздан соң ақ боз үйге енді. Ілекеңдер төрде. Оң канаттан өнерпаздар кеп жайғасты. Қараса, бұрымды қыз қарсы алдында отыр. Ильяны көріп қымсынды ма, бұрып өкетті жанарын. Осы кезде үлкендер жағынан көделі мүше — жілік жетіп еді.

— Әнші карындасқа беріңізші, — деді жілікті ұсынған Ілекең.

Қыздың жанары жарк етті.

— Сізге... сізге беріп жатыр, — деді қасындағылар.

Дастарқан басында жақсы әндер айтылды. Тамаша отырыс болды. Кеш батып, ымырт жабылды. Киіз үй ішін қараңғылық тұмшалады. Қызға қайта-қайта қарап қояды. Бағана байқаған: он жақ бетіндегі қос меңі қара торы өңіне керемет үйлесіп тұр...

Ду-ду әнгіме үстінде жастардың шығып кеткенін аңдамай қалған Ілекең сыртқа атып шыкса өнерпаздар тарап кетіпті. Мазасыздана бастады. «Япыр-ай, қай ауылдың қызы скен? Кімнен сұрасам?!.»

Дулат сезімтал жан. Көңіл толқуын дөп басқандай:

— Қазір-ақ қуып жетеміз, — деді.

Астарында «Газ-69» машина. Қара жолмен ызғытып берді. Өнерпаздардың көлігі көрінер емес, жер жұтқандай зым-зия.

Байқадамға дейін кемі жиырма-отыз шақырым. Қанша аландағанымен не істесін. Дулаттың үйінде конуға тура келді.

Толқыған көнілі ұйқы-тұйқы, байыз табар смес. Ырғақты, әсем саз кернеді жүрегін... Тағат таптырмады! Тебірентті, шиыршық атты сезімі...

— Дүке, сүйінші!

— Қалағанынды ал!

— Ән... ән...

— Қандай?

— Менді қыз-з...

— А-а... рас па?!

— Көрдіңіз бе менді... «Қос бұрым» деуге болар еді... Бірақ кос менің айтам... Ғажап емес пе?!.

— Солай ма?!. «Ильяны қаланың тік бақай қыздарына ұрындырма. Сырттай окып жүрсін ғой. Алматыға барғанда ақылынды айт... Бір куға кез болмасын...» деп құлағыма әкеннің құйғаны бар еді. (Ілекеннің Биежан әжесімен Дулаттың өгей шешесі апалысінлілі.)

— Таңдаған қызың тәрбиелі. Әкесі Әлтай қадірлі кісі. Қызды жиі көріп жүрем. Тіл-көзден аман жүрсе деп ойлайтынмын. Көзің дұрыс түскен. Білемін ғой, Алматыдағы шөпжелкелерінді... Ол енді жастығың...

Әнді қалай атадың?

— «Менді қыз».

— Айтып көрші!

Илья кідірген жок, қоңыр даусымен айта бастады.

*Шырқай салып асқақ әнді,*
*Кең жайлауда жүр едің.*
*Жас жігіттің жарқын жанды*
*Билеп алдың жүрегін.*

*Жанарыңды көрген шақта*
*Жанған от па деп қалдым.*
*Құрбым, қатар отырсақ та,*
*Сыр айта алмай тоқталдым.*

*Өзің жаным,*
*Аңсаганым,*
*Аңсаганым, Менді қыз!*

*Келші, жаным, аңсаганым,*
*Көңіл шаттық сезінсін.*
*Жанға дауа жан самалын*
*Жеткізер жан өзіңсің...*



Екеуі түнімен кірпік ілген жок. Талай-талай әңгімелер шертілді. Шай ішілді. Сыртқа шыкты. Байқадамның түні салкын. Жұлдыздар жанып тұр. Ай жарык. Сол кезде Дулат үйлі-баранды, жеті-сегіз баласы бар. Бірак жас жігіттердей Ілекеңе ілесіп таң атқанша далада жүрді.

Ертеңінде Дулат ағасы жоспар құрды. Қызды түзакқа түсіру үшін Ілекеңе бюллетень алып берді.

— Сонымен «Менді қызды» кім айтады?

— Ешкімнің айтуы керек емес, — деді Ілекен. — Қырғыздың әнін айтқан қыз бар емес пе?

— Ә-ә, солай екен-ау...

Байқадамға таяу «Коммунар» кеншарында мәдениет сарайы бар. Бұрымды қыз — сол клубта көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшесі. Кешегі малшылар тойында оркестрді басқарған Женісбай әлгі бұрымды қыздың туысы. Сол Женісбай тапсырма алады. Аудандық комсомол комитеті мен мәдениет бөлімі келісіп отыр. Коммунар ауылының мәдениет сарайында жас композитор Илья Жақановпен кездесу өтеді. «Ақ қайың», «Салтанат», «Жалғыз қайық» әндері орындалсын. Мейманға сұрақ қойындар... Ал «Менді қыз» әнін Тиышкүл Әлтаева айтуы тиіс. Әнді автордың өзі үйретеді.

Сөйтіп, дайындық басталды. Илья репетицияға келгенде қатар-қатар тізіліп өрімдей жас қыздар отырады. Шетінен сұлу... Шетінен көркем... Тиышкүлдің қасында женгесі Күлжарқын бар. Ілекеннің көзі қыздарды қыдырта қарап-қарап келеді де... Тиышкүлге тоқтайды... Қу қыздардың іші бәрін сезеді... Бір-біріне қарап жымың-жымың етеді...

Композитормен кездесу ойдағыдай өтті...

Илья бір жұмыстарымен ертеңінде аудандық газетке келген. Мына қызықты қараңыз! Тиышкүл де отыр. Тағдыр жазуы ма, әлде... әлде... Дулат ағасының ісі ме?! Әдейі ойластырсаң бұлай болмас...

Аздан соң екі жас есік алдына шықты.

Тымық кеш. Қызыл жалқын күн батып барады. Екеуінде де үн жок. Илья жақын келіп, Менді қыз — Тиышкүлдің қолынан ұстады да:

— Ауылға кеттік! — деді.

Сөйтіп, бұрымды қыз Жакан отағасының шаңырағына келін боп түсті.

Бұл — сәуір айының 11-і...

Таң атқанша ауыл іші гу-гу, ду-ду... Жақаңның шаңырағында ақ түйенің қарны жарылды!

Жас күйеу ертеңінде түске тақау ұйқыдан тұрып, ауыл маңындағы өзенге беттеген. Бағана басындағы репродуктордан Кеңес одағының екпінді, керемет марштары ойналып жатыр. Ғарышқа Гагарин үшқан екен!

Ғарыш әлемін адамзат ақыл-ойы билеген қуаныш!

Менді қыз — Тиышкүлдің өз үйінен ұшып, Жақанның әулетіне қонған қуаныш!..

* * *

Ілекендер Алматыда. Тастақ жақтағы Гайдар көшесінде пәтер жалдап тұрады. Көршілері — Қазақстанның халық артисі, атақты қобызшы Жаппас Қаламбаев. Жәмила есімді ұйғыр әйелі бар. Шиеттей бала-шаға. Тірлігі жүпыны... Ілекең журналист. Жалақысы тәуір.

Шәмші Қалдаяқовтың алты жастай үлкендігі бар. Ілекең інісі іспетті. Іш тартып, құрмет түтады бір-бірін. Сол Шәкең жас отауға жиі келеді.

Ілекеңнің қолында Тамара қарындасы, Өміртай деген жамағайын інісі тұрады. Салт басты кездегідей емес, үйдің іші таза, жып-жинақы. Ас үйден шыққан дәмді иіс мұрын жарып, тәбет ашады... Күнде осылай...

Шәмші алғаш келгенде жас келінге қарап отырды-отырды да:

— Құтты болсын! — деді. — Ризамын саған, Илья...

— Рақмет!

— Тойларың қашан?

— Екі-үш күн қалды...

— Шаттық тілеймін шаңырақтарыңа!

— Шәке, Тиышкүл олжалы келді... Мен «Менді қыз» деген ән шығардым...

— А-а, — деді абдыраған Шәмші. — Как?! Қандай ән?!

Илья әнді шырқай жөнелді.

— Изумительно! — деді Шәкең. — Керемет!..

— Осылай... келініңіз ән әкеп жатыр...

— Өздерің білесіндер...Менің ақшам да, дүнием де жоқ... Сөге көрмеңдер... Тойларыңа бір ән тарту етем...

Шәмші сөзінде тұрды. Жастардың тойына ән сыйлады! Ән болғанда қандай!

*Жаз күніндей жайнаған*
*Масатыдай жер сұлу!*
*Аққу-қаздар тойлаған*
*Айдын-шалқар көл сұлу!*
*Өзгеден де ең сұлу,*
*Өмірлік дос тең сұлу!*
*Өзім сүйіп ұнатқан*
*Бәрінен де сен сұлу,*
*Сен сұлу!..*

— Бұл әннің сөзін Махан жазды, — деді Шәмші.



Мақсұтбек Майшекин — қазақ радиосында музыка редакциясының аға редакторы. Өзі Қарқаралының қазағы. Ахмет Жұбанов екеуі музыка редакциясын құруға көп еңбек сінірген. Әрі қазақ әндерінің жоқшысы, қорғаны...

Мөлдіреп қана отыратын Махаң Шәмші мен Ильяға іш тартатын. Ол кезде Қалдаяқов пен Жақановтың әндерін Жамал Омарова, Роза Бағланова, Рахия Қойшыбаева, Рәбиға Есімжанова, Тұрсынхан Әбдірахманова, Майра Жүрсінова, Сәжида Ахметова, Күлаш Қасабекова, Гүлсара Нұрмағамбетова орындайтын.

Шәмші мен Ильяны қанаттандырған, қазақ радиосы арқылы эфирге шығарған осы Майшекин...

* * *

Жастардың тойы жазда өтті...

Маусым айы. Күн ыстық. Шақырылған меймандар — Серік Қирабаев, Сапарғали Омарбеков, Өмірзақ Айтбаев, Қадыр Мырзалиев... Дина Нұрпейісованың шәкірті, атақты домбырашы Ғылман Әлжанов. Жазушы Еркімбай Әкімқұлов... Сансызбай Сарғасқаев бастаған «Қазақстан пионері» газетінің ұжымы...

«Менді қызды» Сәжида Ахметова, «Бәрінен де сен сұлуды» Майра Жүрсінова орындады.

Үзілісте Серік Қирабаев:

— Әлгі әндегі «Бәрінен де сен сұлу» деген жолдар Мағжан ақынның сөзі ғой, — деді.

Ол кезде Ілекеңдер Мағжанды жөнді білмейді. Аң-таң қалысты.

Арада бес-алты күннен соң әнді радиоға әзірлеп жатқан Шәмшіге Ахмет Жұбанов:

— Жазылу тарихын консерваториядан естідім. Көбінің аузында сол ән! Осындағы «Бәрінен де сен сұлу» деген сөзді қазақтың үлкен ақыны жазғанын білемісің?..

— Жоқ, — деді Шәмші...

— Е-е...

Илья мен Шәмші бұл жөнінде Майшекиннен сұраған.

— Шырақтарым, — деді Махаң, — оны қазақтың әйдік ақыны жазғаны рас. Із-түзсіз жоғалмасын, ұмытылмасын деген мақсатпен әдейі алдым... Ол ақынның кім екенін айтпаймын... Кейін өздерің біле жатарсындар...

1976 жылы ғалым Серік Негимов Илья Жақановқа көшіріліп басылған 300 беттей көлемдегі Мағжанның өлеңдерін берді. Сонда «Сен сұлу» өлені көзіне оттай басылды.

*Шаңқай түсте өткіралтын күн сұлу,*
*Жымыңдаған жұлдыздармен түн сұлу.*
*Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,*
*Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!* — деп аяқталады жыр.

... Кешегі бұрымды қыз Илья Жақановтың бүгінгі жары

Тиышкүлге арналған қос ән өмірге осылай келді де, қазақ радиосы арқылы тыңдарман қауымға кең тарап кетті...

Ол әндер — «Менді қыз» бен «Бәрінен де сен сұлу» еді...

*Қырқүйек, 2000 ж.*

# МАХАББАТ ЖЫРЫ

*(Бес тарау)*

*«Данияр, Жәмила мен Әсел» әні — мен үшін өз жанымның үні деймін»*

***Ш.Айтматов***

## 1. Данияр әні

Алматы. 1963 жыл. Қазан айының 10-ы.

Мезгіл күз болғанымен күн тамылжып тұр. Ол кезде Илья Жақанов Қазақ теледидарының жастар редакциясында қызмет істейтін. Таңертеңгі 10-11 кезінде Қазақ ҚСР Теледидары мен радио жөніндегі мемлекеттік комитетІн бас редакторы Жаппар Өмірбеков шығармашылық бірлестіктің мүшелері — Саттар Сейітхазинді, Бұқара Тышқанбаевты, Жақан Смақовты, Әбдікәрім Ахметовті, режиссерлерден — Сапарғали Шәріповты, Әсмен Дүйінбаевты шақырып алды.

— Мәскеуден үлкен қуанышты хабар алдық, — деді бас редактор бәріне барлай қарап. — Қырғыз бен қазаққа ортақ сүйікті жазушымыз Шыңғыс Айтматов Лениндік сыйлықтың лауреаты атанды.

Шыңғыс Айтматовпен МәскеудегІ М. Горький атындағы әдебиет институтында бірге оқыған Жаппар Өмірбеков пен Саттар Сейітхазин айрықша толқып, көп-көп қызықты әңгімелер айтты.

— Бұл қуанышты мен әуелі қаланың шетінде санаторийде демалып жатқан Теледидар және радио хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Кенжеболат Шалабаевтан естідім, — деді Жаппар Өмірбеков әңгімесін сабақтай түсіп. — Ол кісі: «Шамаларың келсе, қырғыздардан бұрын Шыңғысты Алматыға — теледидарға шақырып, баспасөз конференциясын өткізсеңдер» дегенді айтты... Осы мәселені отырып ақылдасайық та, іске кірісейік, жігіттер...

Шыңғыс Айтматовтың бұл қуанышы жас композитор Илья Жақановты ерекше толқытты. Ол дәл сол кезде жазушының қазақ-қырғыз оқырмандарына аса танымал «Жәмила» повесін қайта оқып



жүрген еді. Илья толқыған, әсерленген қалпында үйіне түскі аска келді. Шай үстінде «Жәмила» повесінің бетін қайта ашты. Әр жеріне ойлана көз салды.

**«... Ол күні біз әдеттегідей станциядан шығып, ауылға қайтып бара жатыр едік. Аспанда жұлдыздар көрініп, түн кіріп қалған кез. Айнала жым-жырт, тыныш, тек қана Даниярдың дауысы өзен үстінде қалықтап, алысқа кетіп жатты. Жәмила екеуміз оның соңынан келе жаттық. Бұл жолы, неге екені белгісіз, Даниярдың әні нәзік сезім мен жалғыздықтың өкінішіне толы, адамның жүрегін мұңға толтырды»** деген жолдар қайтадан тіріліп, елестей бейнеге айналды.

Міне, Данияр ән салып келеді...

Ильяның жүрек қылы да діріл қақты. Жо-жоқ, повестегі Сейіттің дәл өзі боп мөлдіреді. Ол жұлдызы самсаған, сүттей жарық, ай қалқыған мақпал түнді көріп отырды. Ол өз ауылының салқын жайлауы Жонды... Сарыобаның салқын самалды сазын... Нұржансай... Бәйкел саздан арбамен астық тасып Төлеубаланың етегіндегі қоймаға келе жатқан Қалиқа мен Нұғыманды көріп отырды. Қалиқа мына Жәмила емес пе? Нұғыман Данияр емес пе? Қандай ұқсас! Бұлардың бәрі бір адам ғой... бір адам! О, шіркін, тып-тыныш боп ұйып қалған дүние... Күллі тіршілік демін ішінен алып, Жәмила мен Даниярға сұқтана қарап... Даниярдың әнін тыңдап маужырап қана тұр.

Илья да бір кең тыныстай әндете берді.

*Ай жарық, тып-тыныш атырап,*
*Жүректер тағы да қауышты.*
*Жанарың жұлдыздай жарқырап,*
*Толқытты, сабырды тауысты,* — деген шумақ оралып, ілесе жөнелді. Сонан соң, іле-шала қайырмасы да:

*Бар әнімсен, Жәмила...* — деп, бірде қырғыздың Алатауындай асқақтап, бірде қазақтың кең сахаралы Сарыарқасындай құлаштап, тым алысқа жайылып кетті.

Осылайша әуелде әуен келді. Композитордың көздері повестегі жолдарды бір көріп, бір көрмей отыр. Көз алдында тек Данияр мен Жәмила...

Келіншегі Тиышкүлдің алдында, шайдың үстінде осынау ән туды. Илья сағатына қарады да, сол толқыған, булыққан күйінде үйінен шығып, асықпай аяндап жұмысқа келді. Бөлмеде пианино тұратын. Илья жақындап барып ақырындап ойнап, бірінші рет әннің жүйесін — сүйегін байқады. Қай жерден басталып, қалай көтерілетінін ап-анық көргендей... Композитор бар дүниені ұмытты, тек өзіне ғана етене әуен бауырады. Кенет есік ашылғандай... Артына бұрылып қараса, режиссср Әсман Дүйінбаев пен ақын Саттар Сейітхазин кірген екен.

Әсман Дүйінбаев ұзын бойлы, көп сөйлемейтін, үнемі ой үстінде жүретін, сондай мәдениетті, ұмытшақ, аңғалдау, бірақ таза азамат. Сол Әсекең пианинодағы әсем сазды тындап тұрды да, басын сипап:

— Ihм, ihм... — дей берді тынышсызданып.

Ақын Саттар Сейітхазин аң-таң. Үн жоқ, тұр сілейіп. Одан кейін бас режиссер Сапарғали Шәріпов, тағы басқалары келді.

Сапарғали Шәріпов шапшаң қимылдайтын, елгезек кісі болатын. Не нәрсені болса да тез ойлап, тез шешеді: бойында айрықша қуат бар. Жұртты да жылдам үйіріп алады. Сол кісі пианиноға тақап келді де:

— Илья, мынау қандай ән?— деп сұрады.

— Бұл... бұл — Даниярдың әні...

— Дәнияры қайсы?!

— «Жәмила» повесіндегі Данияр...

— Оу, не деп отыр мынау... Шын айтасың ба?! Ойбай-ау, онда ғажап қой... Міне, әлгінде ғана Айтматовпен сөйлестік. Бізге баспасөз конференциясына келуге келісімін берді. Соған орай... мына ән... керемет тарту емес пе?!

Сапарғали Шәріпов Ильяға әуенді қайтадан ойнатып, ұйып тындады.

— Енді бұл әнді бас редакторға тындатайық, — деді қоршап тұрған адамдар.

Осы сәтте Жаппар Өмірбековтің өзі де келген еді. Әуен тағы да ойналды. Әнге ойланып қалған бас редактор:

— Мен бұл туралы Кенжекеңе (Кенжеболат Шалабаевты айтады. — Т.Ә.) хабарлайын. Бұл — Шыңғыска тамаша тарту. Енді, әнді жақсылап дайындайық, — деді.

Жас композиторды қоршап, алқа-қотан тұрған жұртшылық дуылдап ала жөнелді. Тіпті Ильяның өзі дәрменсіз болып қалғандай. Енді әннің сөзі керек.

Осы жерде Саттар Сейітхазин әңгімеге араласты:

— Мен Шыңғыспен доспын. Мәскеуде бірге оқып, жатақханада бірге жатқанбыз. «Жәмила» повесінің қандай жағдайда, қалай жазылғанын білем... куәсімін...

— Жөн айтады Саттар... Ендеше, әннің сөзін өзің жаз, — деді Жаппар Өмірбеков оны қостап.

— Қалай жазамыз, Илья? — деді Саттар.

Илья өз жүрегінен туған жаңағы шумақты еске алды. Бірақ ол әлі біткен жоқ.

— Тағдыры кітапта тұр... Жәмиланы білесіз... Ал, Данияр болса... мұнды әрі романтик жан, — деді сол аң-таң болған күйі.

Саттар сол заматта отыра қалып:

*Мен едім елімді сағынған,*
*Туған жер дәміне табынған.*



*Келемін, ұзақ жол алдымда,*
*Махаббат күтемін ауылдан.*
*Қайдасың сен, Жәмила,*
*Арманым сен, Жәмила...* — деп бастады да, тағы екі шумағын тез-тез жазып, қағазын композиторға ұстата берді.

Илья үйге келіп... толғанып, ән сөзін мұқият оқи бастаған кезде өлең жолдарының қиыспай тұрғанын байқады. Қайырмасында; «Қайдасың сен, Жәмила» делінген... Жәмила бір жақта жүрген жоқ қой. Жәмила Данияр дың қасында... Сондықтан қайырмасына:

*Бар әнім сен, Жәмила,*
*Дәрменім сен, Жәмила.*
*Асыл затым,*
*Перизатым,*
*Жан рақатым!..* — деп түзету жасады.

Сонымен, әнді Шәмші Қалдаяқовтың әндерін айта бастаған тенор дауысты Мәдеш Ниязбеков деген әнші орындайтын болды. Сүйемелдеушісі — орта бойлы, ізетті, ылғи асығыс жүретін, бір ғажабы бәріне үлгеретін, консерваторияның мұғалімі, пианист Рувим Соломонович Кацман еді.

Ән бірінші рет орындалып отырған соң Кацман:

— Иә, айтары жоқ, бұл романтикалық ән! — деп таңданысын жасырмады. Сосын Ильяға бұрылып, қасына келді де, қос қолын ұсынды:

— Құттықтаймын сізді! Осы өмірімде талай композиторды көрдім, бірақ, менің ше бұл ән ұзаққа барады... Байқаймын, сіз қатты толқудасыз... Ойдасыз... Олай етпеңіз, салқынқандылау ұстаңыз өзіңізді.

Қазан айының 12-сі. Шыңғыс Айтматов келетін күн.

Түстен кейін Айтматов келді. Ұзын бойлы, үстінде тері пиджагі бар, сәулетті адам. Саттар Сейітхазин сол ашық-жарқын қалпы.

— Шыңғыс, мен сағаң әлгінде айттым ғой... Бүгінгі кеште орындалатын «Данияр» әнінің авторы — Жақанов деген іниіңіз, — деді Ильяны таныстырып.

Айтматов жас композитордың қолын сыпайы ғана алды да:

— Жақшы, жақшы, — деді ізетпен...

Ақын-жазушылардан Зейнолла Қабдолов, Тахауи Ахтанов, Әнуарбек Дүйсенбиев, Камал Смайылов, Жаппар Өмірбеков, Саттар Сейітхазин, Шота Уәлиханов, әнші Мәдеш Ниязбеков, тағы басқа көптеген әдебиет және өнер қайраткерлері мен астананың зиялы қауымы болды.

Әуелі әңгіме әдебиет жайында өрбіді. Айтматов томағасы сыпырылған бүркіттей, шабыттанып ұзақ сөйледі.

Қатысушылардың тарапынан сұрақтар қойылды.

Бір заматта хабарды жүргізуші Жаппар Өмірбеков:

— Шынғыс, біздің жас композиторымыз Илья Жақанов «Даниярдың әні — деген ән жазды. Енді сол әнді тыңдаңыз, өзіңізге табыс етейік, — деді.

Баспасөз конференциясына қатысушы жұртшылық сілтідей тынып қалған. Әсем сазды ән ғана қалықтайды... Ән аяқталған соң Илья Жақанов қолына нотаны алып, Шыңғыс Айтматовқа тілектес сөз жазып, табыс етті.

Айтматов нотаны алып, жас композитордың қолын қысып:

— Абдан жақшы, абдан жақшы, — деді.

Илья Жақанов:

— Құдай бұйырып, амандық болса Жәмиланың әніне де бір қайырылармын. Өйткені, сіздің «Жәмиланыз» менің шығармашылық өміріме үлкен күш-қозғау салды, әсер берді, — деді толқып.

Айтматов жас композитордың қолындағы нотаның баска данасына «Ш.Айтматов» деп қол қойып берді.

*Мамыр, 1991 ж.*

## 2. Жәмила

Арада екі жыл өтті. 1965 жылдың жаз айы. Илья Жақанов «Жәмила» повесін әр кез оқып, оқыған сайын ойланып, толғанатын... Бұл жолы да осылай шықты...

**«... Күз өстіп көп тұрған жоқ. Көп кешікпей қара жел тұрып аспанның реңі бұзылып, қар аралас жауын басталды. Апта бойы көз аштырмаған жауын, бір күн бәсеңдеп тоқтағанда, мен Күркіреудің жағасына бардым.**

**Жиектегі құрайлардың арасында сурет салып отыр едім. Бір уақытта басымды жоғары көтеріп, арғы жағаға су кешіп өткен екі кісіні оқыс көріп қалдым. Олардың Данияр мен Жәмила екенін бірден таныдым...**

**Данияр мен Жәмила артына қарамай темір жол разъезіне қарай жылдам басып барады. Олардың қаралары барған сайын алыстап, біраздан кейін шидің арасынан көрінбей калды.**

**Мен, міне, осы кезде ғана есіме келдім.**

**— Жәмила-а-а! — деп бар күшіммен айқайладым.**

**Томсарған даланың үстінен «а-а» деген жалғыз жаңғырық көпке дейін созылып, өлеусіреп барып басылды...»**

Осы жолдар қайталап оқыған сайын айрықша толқытатын композиторды. Ал, бұл жолғы әсер керемет... Содан ба, аяқ астынан мұңға, сағынышқа толы әуен келді...

*Қияда өскен бір шынар,*
*Гүлдемесе қайтер едің!*
*Сүйінген жан мың сынар,*
*Үндемесең қайтер едің!*
*Сен сынадың,*
*Мен шыдадым.*
*Құдіретім, ынтызарым.*
*Данярым, жан-жарым!*

Композитор әуенді тағы да ең алдымен Рувим Соломонович Кацманға тыңдатты. Ол:

— Иә, бұл ән — Даниярға берілген тамаша жауап, — деді аз-кем үнсіздіктен соң толқып. — Білесіз бе, әр кез мені бір ән катты толғандырады. Ол — Эдвард Григтің «Сольвейгі». Осы әнге мен керемет табынам. Сіздің әндеріңіз де ғаламат!.. Айтыңызшы, сіз консерваторияда оқыдыңыз ба?

— Оқыған жоқпын.

— Брусиловский дұрыс айтады: «Консерватория еш уақытта әнші, композитор дайындаған емес» деп... Рас қой?!

Кацманның пікірінен көңілі марқайған композитор Жаппар Өмірбековке келді. Ол кісі әуенді тыңдаған соң:

— Илья, мен де ақынмын ғой. Бір нәрсеге келісейік... «Жәмила» әнінің сөзін мен жазайын, — деді өтініш айтып. — Шыңғыс екеуміздің арамызда бір дәнекер жатсын. Қалай қарайсың?!

Жаппар Өмірбеков әннің сөзін ұзақ жазды. Енді орындайтын әнші керек. Зейнеп Қойшыбаева да, Венера Қармысова да, Гульвира Разиева да орындап көрді. Болмады...

Сол жылдың күз айында Илья Жақанов Бішкек қаласына барып, Кинематографистер үйінде Шыңғыс Айтматовпен екінші рет жүздесті. Қасында «Алатоо» журналының қызметкері, қырғыздың ақын қызы Гүлсайра Момынова бар.

— Илья, — деді Шыңғыс Айтматов амандықтан соң: — Білесің бе, «Даниярдың әні» қайда барсам да алдымнан шығады. Бүтін қырғыз жаттап алғандай...

Илья жымиып күлді де:

— Есіңізде ме, алдыңғы жылы «Данияр әнінің» нотасын тапсырғанда «Жәмиланың әнін» жазамын деп едім ғой...

— Ооба, ооба...

— Сол уәдем бойынша... мен «Жәмиланың әнін» жаздым.

— Онда ырдап қойшы, — деді Шыңғыс аға.

Ілекең әнді орындап болған соң Шынғыс аға аз уақыт толкып отырды да:

— Бұл енді жақсы әншіге тисе, басқаша бояумен, басқаша үнмен айтылады ғой, амндық болса оны да көрерміз, — деді.

Алайда... ән жарыққа шықпай ұзақ уақыт жатты. Тек араға 23 жыл салып, 1988 жылы Шынғыс Айтматовтың 60 жылдығына байланысты Бішкек қаласында өткен «Шынғыс Айтматов және музыка» деген концертте Қырғызстанның халық артисі, әнші

Дариға Жалғасынова орындады. Ал, екінші рет «Жәмиланың әні» 1989 жылы Бішкекте өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің күндерінде тағы да Дариғаның орындауында шырқалды.

«Даниярдың әні» мен «Әселді» орындайтын Тұрап Керимовты «Жәмиланың әнін» айтатын Дариға Жалғасынованы тәрбиелеген ұстаз, қырғыздың талантты, танымал дирижері Асанхан Жұмахматов «Жәмиланың әні» туралы былай дейді:

— Мен бұған сөз таппаймын, мұны тек тыңдап, түсіне білу керек...

*Маусым, 1991 ж.*

## 3. Әсел

1966 жылдың қазан айы.

Илья Жақанов «Қайта оралған ән» повесін аяқтап, Қырғызстанның Рыбачье қаласында тұратын қайнағасы Қарпұлланікінде бірер күн демалып, үйіне қайтып келе жатқан-ды.

Сол күні қатты дауыл тұрып, Ыстықкөлдің асау толқындарының астаң-кестеңі шығып, аласапыран күйде болатын. Көлдің жағасынан арлы-берлі өтіп жүргенде қалай байқамаған, осынау көрініс әсершіл Ильяны толқытып, жеңіл машинаның жүргізушісіне сәл уақытқа тоқтауын өтінді.

Шынында жел аса қатты соғып тұр еді. Көл тас-талқан болып бүлініп жатыр. Құдды Шыңғыс Айтматовтың «Шынарым менің, шырайлым менің» повесінің бас кейіпкері Ілияс секілді соны мінез танытып, толқындары көкке шапшып жатқан көлге көзін талдыра сарылып, ұз-а-а-қ қарады. Повестің эпилогындағы:

**«Кететін күні көлдің жағасына, сол баяғы құлама жарқабаққа тағы бардым. Тянь-Шань тауымен, өзімнің Ыстықкөліммен қоштастым.**

**Қош бол, менің Ыстықкөлім, таусылмас ән-жырым!.. Қош бол, Әсел! Қош бол, қызыл желек жамылған, жел тербеткен шынарым! Қош бол, адал махаббатым! Бақытты бол!..»** деген жолдар толқып, шабыттанып тұрған композиторға қатты әсер етіп, сол сәтте «Әселім» дүниеге келді.

*... Тулайды жүрек*
*Толқындай шалқып.*
*Аңсайды жүрек,*
*Өзіңе тартып.*

*Сағынтқан әнім,*
*Әселім жаным...*

Илья жаңа әннің қайырмасының әуенін іштей қайталай берді, қайталай берді...



Ұзақ жол бойында, тіпті, Бішкекке, қырғыз композиторы, досы Алтынбек Жәнібековтің үйіне келгенде де, ілкіде туған ән қайырмасының әсерінен айыға алмап еді.

Ақжарқын досы Алтынбек Ильяның тоң-торыс, үлкен ой құшағында отырған қалпына таңғалып:

— Илья, емне болды? Болмой отырсың ғой? — деді де қойды. Илья сырын ашқан жоқ...

Ертеңінде жол үстінде — Қордай асуының ең бигіне шыққанда ән де биіктеп кетті, зорая берді, туды тұтасымен:

*Самалы жұпар жазғы бір кеште*
*Ойласам болды Ыстықкөл жақты.*
*Айтылған сырлар түседі еске,*
*Оятқан сонда ақ махаббатты...*

Композитор дүниеге енді ғана келген «Әселім» әнін жария етуге, эфирге шығаруға асыққан жоқ.

«Әселім» әні эфирге шықпағанымен, біреуден-біреу естіп, біреуден-біреу жаттап, ауыздан-ауызға тарай берді, тарай берді.

Композитор бірде Жезқазған облысы Жаңаарқа ауданының «Жеңіс» совхозында жылқы фермасының бастығы болып істейтін немере ағасы Дулаттың үйіне қыдырып, конаққа барады.

Дулат — ақынжанды, домбыра шертіп, ән де айтатын серілеу адам екен. Астанадан келген немере інісімен сәлемдесіп, амандық-саулық сұрасып болып, жайғасып отырған соң:

— Илья, сенің мынау «Әселің» осы жақта тұратын қырғыздардың бәрін боздатып, еңіретіп еліне қайтарып жатыр, — дейді. (Бұл қырғыздар 1960 жылдың бас кезінде тұрмыс таукыметімен «Жеңіс» совхозына қоныс аударып келген екен. — Т.Ә.)

Сөйтсе, Дулат жаздың әсем бір кешінде, қазақ үйде алқа-котан отырған көпшілікке «Әселім» әнін айтып қалады емес пе? Қырғыздар әнге қосыла кетеді де, сонынан ебіл-дебіл жылайды-ай...

Ол уақытта Илья Қазақ радиосында қызмет істейтін. Бір күні үстел үстінде елеусіз жатқан «Әселімнің» нотасын Қазақ радиосының эстрадалық симфониялық оркестрінің сол кездегі бас дирижері Александр Гурьяновтың көзі шалып қалады да:

— Илья, мен нотадан теңіз суретін көріп тұрмын, — дейді. — Әкел, оркестрге түсірейік.

Сөйтіп, «Әселім» әні оркестрде ойналып, тұсауы кесіледі де, көп ұзамай көркемдік кеңесте бекітіліп, эфирге жолдама алады. Сонымен, арада жеті жыл өткен соң «Әселім» әні тұңғыш рет эфирге шығады.

Илья бір жолы... ақпан айының орта шені... Шыңғыс Айтматовқа телефон шалды.

Айтматов саяжайында екен. Трубканы өзі көтереді.

— Бұл Шынғыс аға ма екен?

— Ооба, ооба,— дейді арғы жақтағы дауыс.

— Мен баяғы «Даниярдың әнін» жазған ініңіз Ильямын.

— Ооба, ооба.

— Шыңғыс аға, мен бүгін аса қуаныштымын...

— И-и, — дейді Шыңғыс аға елжіреп, аса мейірбандықпен.

— Алғаш «Даниярды» орындағанда, денім сау болса «Жәмиланың әнін» де шығарам дегенмін. Сіз сонда «абдан жақшы» деп едіңіз. Сол тілегіме жетіп, «Жәмиланы» ана жылы өзіңізге тындаттым...

— Ооба,— дейді Шыңғыс тағы.

— Бүгін таңертеңгі 11-де Қазақ радиосынан «Әселім» берілгенді. Мен «Әселдің» әнін жаздым.

Шыңғыс аға аз уақыт ойланып қалды да:

— Е,е, қандай болды? — дейді.

— Телефонмен айтсам бола ма?

— Ырдап қойшы.

Ілекең «Әселім» әнін айта жөнеледі. Шыңғыс аға әнді тыңдап болған соң:

— Жақшы, жақшы, — деп қатты риза болады да, — әй, Илья, сен бір уақыт тауып келсеңші, кел, — дейді.

*Желтоқсан, 1990 ж.*

## 4. Асылым

«Әсел» әні шыққаннан кейін оның ауыр, мұңды әуезі Ильяны шаршатты. Қатты қалжыратты. «Қорлан» әні сияқты жүрегін ұйытады. Жатса да, тұрса да — «Әсел»...

* * *

1965 жыл. Қараша айы.

Күн жексенбі. Екінті ауған шақ... Алматының жанға жайлы күрең күзі. Композитор бес-алты айлық ұлы — кішкентай Даниярды қолтырбаға салып, есік алдына шықты.

Томпиып жатқан баласы құдды қоянның көжегіндей сүйкімді! Аяулы! Жәудіреген қарақаттай көздері... жарқылдап қарағаны... алға ұмсынып, кішкентай құшағын жайып талпынғаны — бәрі-бәрі жадында... Сонша неге елжіреп, төгіліп қарады екен?! Осы күнге дейін секем алады сол карастан...

Бала бір кезде кіш етіп қойды. «Енді, үйге кірмесем болмас» деп үйге алып келді. Баспаналары бір бөлмелі, тар. Бұрыштағы аласа пешке кейде көмір, кейде сексеуіл жағады. Аядай болғанымен Илья үшін кең сарайдай. Олай болатыны, осында «Даниярдың әні», «Жәмила» мен «Әсел» жазылды... Жас отаудың жақсы-жарқын күндері де осы томашадай бөлмеде өтуде! Қызық-ау, қайран сол жылдар!..



Илья ұлының киімін женілдетіп, ит көйлегімен ғана қолына ұстап, бауырына басып құшырлана-құшырлана сүйді-ай!..

Үстелдің шетінде Шыңғыс Айтматовтың кітабы жатқан. Бетін ашып еді, «Шынарым менің, шырайлым менің» повесіне дөп түскені. Әне, тағы да Әсел бейнесі көз алдына көлбендеп келе қалды...

Повестегі бас кейіпкер Ілиястың Әселмен үйленген кезі. Бақыттан бастары айналып, махаббат буына мас екеуі де... Әсіресе Ілияс. Қай уақытта құстай ұшып жүргені. Әсел босанып, ұлды болғандағы жас жігіттің қуанышын көрсеңіз! О-ой, ол сәттерді айтып жеткізу мүмкін емес!.. Бірақ, бірақ өмір дегеніңіз шуақты күндерден, бақытты шақтардан тұрмайды екен! Биік Долан шатқалынан машинасына тіркеме тіркеп өтемін деп сәтсіздікке ұшыраған Ілияс күйрек сезімге беріліп, қатты қайғырып, мүжіліп... намыстанып, үйіне жоламай, ішкілікке салынып ашу-дұшпанға сыр алдырады. Үлбіреген жас келіншегі Әсел құйтақандай Саматын бауырына басып, үрейі ұшып, көзі бақырайып тосады тағатсызданып.

Әттең, кеш түсінеді бәрін... Әт-те-ең!..

Сол күні Ілияс күн ұзаққа көше-көшені кезіп, бос жүрді де қойды. Құлазып қалған пристаньға барды. Ыстықкөл астан-кестеңі шыға алай-түлей долданып жатыр. Жағадағы биржалар шайқалып-шайқалып кетеді.

Содан соң кемешілердің шайханасынан бір-ақ шықты. Терезенің түбіндегі үстелге жалғыз жайғасты. Даяшы әкелген арақты қырлы стаканға толтыра құйып, құдды әкесі өлгендей іштіай... Бір қараса, көгілдір ашы түтінге толы шайхананың іші қандай болса, оның көңілі де сондай бұлыңғыр, сондай буалдыр... Иненің жасуындай саңылау жоқ...

Іздегенге сұраған... Осы кезде шайханаға автобазада бірге істейтін сұлу келіншек Хадиша келеді жайнандап, жарқылдап... Ілияс екеуі отырып арақ ішеді...

«... **Хадиша қолымнан ұстады:**

**— Ішшай, тоңып қапсың ғой! Тоқтай тұр, жылытайын! — Қолымды пальтосының ішіне тығып, төсіне құшырлана басты. Қолын қаға алмадым. Оттай күйдірген ыстық, ойнақы назына төтеп бере алар емеспін. Алақанымның астында жүрегі лүп-лүп соғады. Аңсап күткен сағынышын паш етіп тұрғандай. Мас болсам да, есімнен айрылармын халде емес ем. Хадишаның қолын жайлап қана ысырдым.**

**— Кеткенің бе? — деді Хадиша.**

**— Иә.**

**— Хош бол онда! — Хадиша күрсініп жалт бұрылды да, қақпаға қарай тез-тез басып жүріп кетті. Қараңғыда қақпа сарт етіп жабылды. Мен де бұрылып, көшеге қарай аяндай түсіп, тұрып қалдым. Қалай болғанын өзім де білмеймін, жан ұшырып қақпаның**

**жанына кеп қаппын. Қақпаны итеріп жіберіп кіріп барсам, Хадиша күтіп тұр екен. Бас салып мойныма асылып, құшырлана құшақтап, ернімнен қайта-қайта сүйіп жатыр.**

**— Келдің ғой! — деп сыбырлайды. Қолымнан алып, үйіне қарай беттеді...**

**Түнде оянып кеттім. Қайда жатқанымды біразға дейін білмедім. Басым мең-зең. Екеуміз бір кереуетте қатар түсіп жатыр екенбіз. Жалаңаш денесі жып-жылы боп Хадиша баурыма еніп кеткен. Бір қалыпты дем алған лебі иығымды шарпиды. Ақырын тұрып кетпек болдым. Сәл ғана қозғалып ем! Көзі жұмулы Хадиша бас салып құшақтап алды. Жұп-жұмыр тізесі қолыма тиіп кетті.**

**— Кетпеші!.. — деп сыбырлайды құлағыма. Содан соң басын көтеріп ап, қараңғыда қадала қарап, ауық-ауық үздіге сыбырлайды. — Сенсіз күнім күн емес! Мендіксің сен! Қашаннан менің Ілиясым болатынсың! Аңсағаным өзіңсің. Бір сен ғана сүйсең болды, Ілияс! Басқа тілеуім жоқ менің!.. Сүйгенімнен тартына да алар емеспін, қашанғы азаптай бермекпін өзімді!.. — Хадиша жылап жіберді, ыстық жасы бетімді жуып кетті...»**

Ильяны енді жарқ-жұрқ ете жарқылдаған Хадишаның бейнесі баурады. Өзі Жорж Бизенің «Карменіндегі» Кармен сияқты. Әпсәтте жаз да болады, күз де болады, қыс та бола салады. Ілиястың басын қатырып, әуре-сарсаңға сап біраз күн махаббат ойынын бастап жіберді ғой. Өкінішке орай, бұл қызықтары ұзаққа жетпеді...

Жарқылдаған Хадишаның бейнесі өлең боп өріліп, ән боп төгілді:

*Толқын ойнап, көлдің беті желдетті...*

— Ән ғой мынау, ән! Жанға жайлы, ойнақы! Үйдің бұрышында шымқай қара пианино бар еді. Қасына келіп, Даниярдың быртиған өкшесімен түймелерді баса берді. Он-он бес минуттың ішінде «Асылым» әні туды:

*Толқын ойнап, көлдің беті желдетті,*
*Көктем келді, нөсерлетті, селдетті.*
*Көрдім-дағы найзағайдың жарқылын,*
*Сені ойладым, жарқылдаған асылым.*

*Жаз да шықты, жердің жүзін жайнатты,*
*Тау, тоғайда бұлбұлдарын сайратты.*
*Зорға басып жүрегімнің тасуын,*
*Сені ойладым, келеді деп, асылым.*

*Құстар қайтып алыс-алыс жақтарға,*
*Гүлдер солып, қырау түсті бақтарға.*
*Сары күзде сарғайдым да жасыдым,*
*Сені ойладым, аңқылдаған асылым.*



*Бәрі де өтті, қыс та қайта оралды,*
*Дала мұлгіп, ақ көрпеге оранды.*
*Ғашықтарда сыр болмайды жасырын,*
*Мен сендікпін, біл осыны, асылым!*

Жаңа ән композиторды «Әселдің» ауыр әуезінен, тұңғиық сезімнен құтқарғандай болды! Жалт-жұлт жарқылдай жөнелді.

Ара-тұра өзі ғана айтып, біраз уақытқа дейін ешкімге көрсеткен жоқ. Бір күні ойда жоқта үйге Қайрат Байбосынов келе қалсын. Қасында Қазақ радиосының редакторы, Жамбыл облысы Мерке ауданының жігіті Әнуар Бекжанов бар.

Әнуар баянда шебер ойнайды. «Асылымды» ести сала лезде қағып алды да, лыпылдатып тартып ала жөнелсін! Бастапқыда Илья ғана айтып тұрған, соңынан Қайрат та, Әнуар да қосыла кетті.

— Менің әнім ғой! — деді Қайрат қуанып.

Расында солай болды. «Асылым» Қазақ радиосына тұңғыш рет Қайрат Байбосыновтың орындауымен шықты.

Жаңа ән баянда жақсы орындалғанымен, композитордың көңілі онша толған жоқ. «Бұл әнді енді оркестрмен шалқыту керек!» — деп түйді көңіліне...

Радиода тәртіп күшті. Эфирге анау-мынау әндер жіберілмейді. Тек көркемдік кеңестің сүзгісінен өткен соң шығады. «Асылым» да көркемдік кеңестің мәжілісінде талқыланды.

Көркемдік кеңеске қатысқандардың қатарында композитор Ғазиза Жұбанова, дирижер Алдаберген Мырзабеков және Анатолий Бычков болатын.

Бычков Ильяның шығармашылығына керемет сүйсінетін. Жазған романстары мен әндеріне дәйім қызығып: «Сізде ерекше қасиет бар... Әннің құрылымын тамаша меңгергенсіз!» дейтін. Алдымен қуанған сол Анатолий Бычков:

— Молодец, Илья, — деді орнынан қозғалақтап. — Моло-дец!..

Ғазиза Жұбанова да:

— Қандай әдемі! — деді шаттанып.

Илья мәжіліс жүріп жатқан кезде «бөгет жасамайын, емін-еркін пікірлессін» — деп сыртқа шығып кеткен. Әлгіндегі пікірлерді соңынан естіді.

Қазақ радиосының эстрадалық-симфониялық оркестрінің бас дирижері Александр Гурьянов та:

— Какая изумительная мелодия! — деді Ильяға қарап.

Сол жылы Зейнеп Қойшыбаева «Илья Жақановтың лирикалық әндері» деген концертпен Алматының әсем көшелерінде «Асылымды» жарқылдатып орындады. Ал, Қайрат Байбосыновтың айтуымен «Асылым» Қазақстанға тарады. Ауылдағы әншілердің бәрі айтты. Арқада гитарамен Қорабай Есенов шалқытты...

Арада жылдар жылжып жатты...

Данияр есейді, институт бітірді, әскери борышын өтеп қайтты.

— Папа, «Асылым» әнін мен әскерде де естідім, — деді Данияр. — Біздің әскери бөлімшеде қырғыздың жігіттері болды... Солар да: «Өте ұқмыш, жақшы ән!» — деп қазақтарға қосыла кететін... Менің кішкентай кезімде... құйтақандай башпайларыммен пианино түймелерін басып шығарғаныңызды айтқансыз... Ұмытпаймын оны...

«Асылым» Манастың еліне қалай жетіп еді?

1970 жылдардың соңында қырғыздың атақты дирижері Асанхан Жұмахматов пен айтулы әнші Дариға Жалғасынова Ілекеңнің үйінде қонақта болды. Ол кезде қырғыз елінде «Даниярдың әні» ғана айтылатын. «Жәмила» мен «Әсел» айтылмайтын.

Сонда... «Асылымды» естіген Асанхан Жұмахматов:

— Бұл Дариғаның әні! — деп қолқалап жабыса кетті...

Арада көп уақыт өткен соң, Бішкекке барғанда естіді Ілекен. «Асылым» темір жол вокзалы басында, көшелерде, студент жастардың кештерінде шалқып жатты... Осылайша қазақ пен қырғызға ортақ ән ретінде тарап кетті...

Сол жылдарда Ильяның Шынғыс Айтматовтың шығармаларына жазған әндеріне орай, дүниеге келген сәбилердің аттары да Жәмила, Данияр, Әсел, Асыл деп қойыла бастады.

1996 жылдың жаз айында Илья Жақанов 60 жасқа толуына байланысты Ақтөбе облысының алты ауданын аралап, бес-алты күн концерт берді. Сонда Ақтөбенің бір газеті композитор жөнінде жазылған мақаланың тақырыбын: «Елге есім берген аға» деп атапты. Сонда «Асылым» әні де бар.

«Асылым» әніне орыс тілінде айтатын әншілер де қызықты. Орысшаға «Любишь, не любишь» боп аударылды. Орындаған — Лаки Кесоглу өзгеше бояумен, өзгеше иірімдермен тіпті жандандырып жіберді.

Уақыт өте келе көп ән ұмытылады. Ал, «Асылым»... сол жарқылдаған күйінде, тыңдаушының жүрегін қозғап, толқытып... ойнақы әуенмен айтылып келе жатыр...

*Қаңтар, 2002 ж.*

## 5. Бибіжан

1992 жыл. Қараша айы. Қоңыр күз.

Илья Жақанов қасына әнші шәкірті Қажыбек Бекбосыновты ертіп, Бішкек қаласына сапар шекті. Негізгі мақсаты — қырғызға аса танымал, үлкен жазушы Төлеген Қасымбековті 60 жылдығымен құттықтамақ... Қажыбектің қолында домбыра. Илья қырғыздарға әр кез барған сайын, кездесу-қауышулар қызды-қызды әңгіме-дүкенмен, ән-жыр мерекесіндей өтетін. Сондай... қазақ пен қырғыз арасындағы салтанатты бір күндер болсын деген ой ғой... Алайда, Төлеген ағаның көңіл-күйі пәс көрінді, жұбайы науқас екен...



Содан, Илья мен Қажыбек композитор Алтынбек Жәнібековтің үйіне тоқтады. Ол кісі «Қырғыздың Ұлттық гвардиясының маршын» жазып бітіп, үлкен қуаныш үстінде отыр екен.

Қырғызстанның халық артисі Алтынбек Жәнібеков Алматы мемлекеттік консерваториясын бітірген. Кешегі Брусиловскийдің шәкірті, Ильямен жолдас, дос. Ол қазақтың бүкіл әнін, операларын, күллі музыка өнерін жатқа біледі.

Алтынбек әңгіме бастады.

— Ілеке, мен де композитормын, сен де композиторсың. Өзіңе мәлім, қырғыз үшін Шыңғыстың тақырыбы үлкен, таусылмайтын тақырып. Шікемнің шығармаларына ән жазбаған композиторлар аз. Мен мықтымын дейтіндердің бәрі жазды. Тырбанды. Бірақ, сенің музыкаңдай музыка деңгейіне жеткен жоқ.

Менің бір қызығатын шығармам — «Боранды бекет» романы. Осы кітапта қазақтың бір сал-серісі суреттеледі. Оған құлай берілген шәкірт — әнші қыз. Кешегі Біржан сал мен ақын Сара сияқты бір ғажап нәрсе. Осы эпизод. Кешегі әнші серінің өтіп бара жатқан өмірі. Өтіп бара жатқан өмірінің іш күйдіретін өкініші. Сарғайтып сағынтатын орындалмаған арманы. Осының барлығы керемет суреттеледі де, сол өмірді кеше шайқаған, шайқап жүріп, қолы ешнәрсеге жетпеген. Не отбасына тұрақтап, не жар сүймеген, барлығының қызығын көрмей, шауып өткен жүйрік ат сияқты, сондай бір ғажап адам. Дәурені өтіп бара жатқан кезде сарыала, қоңыр күз келіп, одан бозқырау шалғанда... Бокырау кезі. Көріліктің бозқырауы келіп тұрған кезінде, әлгі әнші қыздың келіп табынып, өзін-өзі серіге, карт адамға қиюы ғажап оқиға емес пе?!

Илья қозғалақтап, толғанып кетті. Есіне қазақтың «Жиырма бесі» сияқты өткенді сағындыратын аңсаулы әні түсті. «Егер, бұның да әуенін жазсам, сондай ән болады ғой» деп ойлады.

Осы толқулы күйімен қырғыздың халық жазушысы, «Манасты» трилогия-драма етіп жазған атақты Жәлел Садықовтың үйіне келген. Жәкең — ол кезде «Қырғызстан мәдениеті» газетінің бас редакторы. Әрі Шынғыс Айтматов Жәлел Садықовты қолдап, кешегі Үсібәлиевтің тұсында құдаланған Жәкенді бір «Манас» үшін бүкіл әлемге әйгілі етіп, «Жәлел бар жерде, қырғыз драмасы бар» дегенді айтып, әбден дүрілдетіп жүрген...

Илья Жақанов Жәлел Садықовтың, Алтынбек Жәнібековтің, Төлеген Қасымбековтің отбасымен тонның ішкі бауындай араласып, дос болып кеткен. Үшеуі де қырғыздың классиктері.

Ашық-жарқын көңілді дастарқан басында отырып Біржаннан, Ақан Серіден, Мұхиттан, Естайдан ән төгілтті Қажыбек. Орталарында Алтынбек. Жәлел екеуі дос. Екеуінің «Тоқтағұл» операсын жазамыз деп жүрген жоспарлары бар еді.

Әр нәрсе әңгіме болды. Шынғыстың шығармалары тілге тиек етілді.

Жәлел отырып:

— Ильяны қырғыздарға құдай берді ғой, — дейді. — Ильяның әніндей ән қайда!.. Қырғызда да, қазақта да бірдей айтылып жатыр. Шыңғыстың нағыз шығармасы...

Әңгімені одан әрі Алтынбек іліп әкетті:

— Иә, бұл да бір ғажап!.. Ал «Қош, Гүлсары» повесіндегі Танабай ше? Танабайдың прототипі Шыңғыс Айтматовтың әкесінің інісі Керімбек қой. Бұлардың әулетін репрессия жылдары ұстаған кезде Керімбек таудың ішінде мал бағып қалған. Ешкімнің көзіне түспеген.

Танабайды қырғыздар Керімбектің образынан алған дейді. Шыңғыстың өзі де солай жасаған. Керімбек соғыс кезінде малшы, кейіннен жылқышы болып істеген. Серілік құрған. Әлгі «Боранды бекеттегі» сері мен Танабайдың серілігі. Көшпелі елдің тұрмысындағы, жайлаудағы көкпар, қызықшылық. Осының ішінде жігіттің дүрі, гүлі болып жүрген адам. Соғыстың кезі. Соғыстан кейінгі жылдар. Гүлсары ат өмірде болған. Мынау қырғыздың Талас жағы. Шыңғыстың Шекер ауылы. Сонда, Гүлсары Танабайдың қолында көрінеді.

Қос кітаптың оқиғасы сөз болып отырған кезде, екеуі де Ильяны толғандырды. Қырғыздардың ілкідегі әңгімелері композиторды көтеріп алып кетті, шабыт берді. Тағы да бір әуелететін арманды әнге ынтықтырып, ойландырып, буып тастап отырды.

Иә, кітаптағы эпизодтардың бәрі Ильяның көз алдынан өтіп жатты. Екі кітаптың екеуін де оқыған. Дәл күйінде, қай жерден жазылуы керек, екеуінен де тауып отырды. Мұндай жайт «Жәмила» повесінде де, «Шынарым менің, шырайлым менің» де осылайша, каз-қалпында көрінген...

Ертеңінде Илья мен Қажыбек Алматыға қайтты. Алтынбек шығарып салуға бірге келді. Дәл сол жерде Илья «Боранды бекеттегі» Бегайымға, үлбіреген гүлге... аянышты көзбен қарады-ай... Дәурені өтіп бара жатқан сері, жас гүлдің ессіз махаббатына күйзеліп, қиналып... кешегі дүрілдеген жиырма бес, отыз, тіпті, тауды бұзар қырық жасының өзін... мықты кезін елестеткеніне қайран қалды...

«Жиырма бес» әніндегі өткенге аһ ұра қарайтын үлкен сезім елестей бастады Ильяға.

Бір кезде Бегайымның әуені туды.

— Ілеке, келді ғой... келді... мынау Бегайым, — деп Алтынбек орнынан қозғалақтап кетті. — Қағаз бар ма?

— Оның керегі не?

— Сен ұмытасың...

— Жоқ, ұмытпаймын...

— Сен біздің Тоқтағұл атамыз секілді адамсын... импровизаторсың... Ал, мен жазып қоям.



— Жазсаң міне, блокнот, — деді Илья Жақанов қалтасынан қара блокнот алып беріп. (Бұл қара блокнотта Ықылас Дүкенұлының қобыз шабу әдісі, атақты қаракесек Айтбайдың, Шыңғыс Айтматовтың әулеттері жазылған. — Т.Ә.)

Алтынбек сол жерде «Бегайымның» алғашқы екі тактысын нотаға түсірді.

Сонымен, Илья жол бойы толғанып, Қажыбек екеуі Алматыға келді. Үйге келген соң да «Бегайымның әні» қатты толқытты. Бір уақытта «Бегайым» жоқ... Танабайдың «Бибіжаны» әкетіп бара жатыр. «Қош, Гүлсары» повесіндегі эпизод көзіне анық көрінді.

Жаз. Жайлау. Қырғыз бен қазақтардың жойқын көкпарының басылған сәті. Шарайна күн қып-қызыл боп жалқындана батып барады. Танабай алдына өңгерген серкені кеудесімен басып алған. Оны алқа-қотан, қаумалап қоршаған, сел-сел боп шаршаған аттар. Дел-сал жігіттер. Қатты ағынмен келген қырғыздар алдағы өзенге бірден қойып кетті. Не керек, ер жігіттер жорға тұлпарды арғы бетке сүйрелеп, алып шықты-ау, әйтеуір. Бітті! Жеңіс!

Өзен-өткел қырғыз бен қазақ арасындағы белгі-шекара. Міне, қазақтар өз ауылына, қырғыздар өз ауылына кетіп бара жатыр. Жеңгені де арманда, женбегені де арманда.

Танабай болса жылқышы. Өзінің жылқы ауылы бар...

Танабай да, жорға Гүлсары да бой-бой болып әбден терлеген, шаршаған. Бірақ көкпаршы құрдастары бірден жібере қоймады. Гүлсарының арқасында жеңіске қол жеткізгендерін қайта-қайта айтып, арақ ішеді. Гүлсары сыртта тері қатып, ауыздығын шайнап қаңтарулы тұр. Иесі түннің бір уағында шықты-ау.

**«...Танабай жорғаға таяп келіп, шоқтығынан сипалап, терліктің астына қолын салып көрді.**

**— Біраз суыдың ба? Болдырдың ғой? Мен де өлердей шаршадым. Сен маған оқшиып қарама, сенің күрметіңе деп ішкенім рас. Мейрам ғой. Аздап қана ауыз тидім. Сен байқа, мен өз шамамды білемін. Майданда жүргенде де шамамнан асқан емеспін. Қой, Гүлсары, оқшима. Кетеміз қазір табынға, әйда демаламыз...**

**Танабай тартпаны мықтап тартып болып, үйден шыққан кісілермен сөйлесіп біраз тұрды. Содан соң бәрі де атқа қонып жан-жаққа тарасты.**

**Ауыл түгел үйқыға кеткен. Айнала жым-жырт. Терезелерден от көрінбейді. Аулақтағы айдауда жүрген трактордың тырылы ғана еміс-еміс естіледі. Тау шоқыларының үстіне ай көтеріліп қалыпты, бауда алма ағаштарының ақ шаңқан гүлдері ағараңдайды, әлдеқайдан бұлбұл сайрайды. Неге екені белгісіз, күллі айылда жалғыз-ақ бұлбұл. Сайрап алады да, өз әніне өзі құлақ түріп үнсіз біраз отырады, содан соң қайтадан құйқылжыта жөнеледі.**

**Танабай аттың басын теженкіреді.**

**— Пай-пай, кереметін-ай, — деді ол дауыстап. — Жым-жырт**

**қой. Бұлбұл ғана сайрауық. Сен түсінемісің, Гүлсары? Қайдан болсын. Сен табынға барасың, мен ше...**

**Жорға жортып берді. Танабай тізгінді етектегі өзенге қарай бұрды, жолға шыққан соң аттың жүрісін жылдамдатты. Гүлсарының тілегені де сол еді, жылқыларға қосылғанша асық. Шабындық саздан өтіп, өзенге түсті. Жағадағы малта тасқа тиіп, аттың тағасы шықылдайды. Сарқырама су тастай екен. Өткелдің ортасына жете бергенде кенет қожайын тізгінді кілт тартып қалып, аттың басын кері бұрсын. Қожайын қателескен шығар дегендей, Гүлсары басын шұлғып, ауыздықты сүзгілеп алға тартты. Кері қайтып не керек?..»**

Осы эпизод негіз болды әнге. Сосын: «Аянда. Жорғала. Тартынба. Қаркында. Тез жет!» деп өліп-өшіп келе жатқан осы бір сәтіне композитор риза болды да, «кой, Танабайды еш уақытта Бибіжанға жеткізуге болмайды. Сонда махаббаттың парқы, сүюдің ыстық қызуы, жалыны, өртеуі сезіледі...»

Танабай не үшін келе жатыр?!

Өмір деген қас қағым сәт... Сол қас қағым сәттік өмірдің бір ләззатты сәті, ол — махаббат! Міне, осындай ойда, халде отырып Ильяға мынадай шумақтар келді.

*Ай тусын деші қорғалап,*
*Тауларды тербеп құс үні сорғалап*
*Бибіжан, саған жетермін,*
*Гүлсары атым астымда жорғалап...*

Қайырмада ыстық құштарлық бар. Күйіп-жанған адамның сезімі. Бір-екі ауыз сөзбен ғана беріледі. Көп сөйлеудің керегі жоқ. Аса қызулы, қуатты. Адам өзін-өзі зорға тоқтатады.

*А-а-ай-й, Бибіжан,*
*Барады, сәулем, күйіп жан,*
*Барады, сәулем, күйіп жан*
*Күйіп жан!*
*Жұпарың дала гүліндей,*
*Лебізің тәтті бұлбұлдың үніндей.*
*Аққан бір жұлдыз секілді,*
*Өтеді дәурен, Бибіжан білінбей.*

***Қайы масы***

*Ұзақ жол қалды артымда,*
*Гүлсары атым, сілтеп бер, тартынба.*
*Сүюдің парқын кім білген,*
*Бибіжан, сәулем, ойна да жарқылда!!!*

***Қайы масы***

Әннің кейбір жоллары кейін өзгерді, алмастырылды. Жоғарыдағы сөздің тоқтаған сәті — 1994 жылдың мамыр айының 9-ы күні.



Композитордың ұқыпты жиналған, қолжазбалары сақталған пәпкілерінің бірінде жоғарыдағы «Бибіжан» әнінің сөзі бар. Төмендеу тұсына былай деп өз қолымен жазып қойыпты:

**«Қажыбек!**

**Соңғы вариантты осы. Тоқтадым осыған. Илья Жақанов. 9.05.1994 жыл».**

Ілекен әнші Қажыбек Бекбосыновқа осы сөзді береді. Өйткені, Қажыбек «Бибіжан» әнінің қалай шығып жатқанын көзімен көрді. Иә... Илья Қажыбекке ешқашан «осы әнді айт» деп қыстап көрген емес. Қажыбек те өзінің сүйген әнін айтады. Ол Ильяның «Бозкараған», «Бозкөл», Қарағаш», «Арыс», «Дүние» деген әндерін өз жүрек қалауымен айтып жүр.

Қазақ әншілері «Бибіжанды» әлі айта қойған жоқ. Ал, қырғыздар «Ай тусын деші қорғала-а-ап» деген жерін... «О-о, қырғыздың әні!» дейді.

*Тауларды тербеп құс үні сорғалап,*
*Бибіжан, саған жетермін,*
*Гүлсары атым астымда жорғалап...— дейді де, таудың ішінде... қиял кетеді шарықтап... Арман кетеді биіктеп...*

*А-а-а-ай-й, Бибіжан...* — ат үстінде тербеліп...
*Барады, сәулем, күйіп, жан,*
*Барады, сәулем, күйіп, жан,*
*Күйіп жан!..* —деп, ентелей басып... ұмтылып ат үстінде ұшып кете жаздап отырады. Жетем дейді, жетем дейді. Жете алмайды. Композитор жеткізбейді. Жеткізбейтін себебі, адам биік идеалмен өмір сүреді. Өмір өте тұңғиық. Шешімі жалғыз Жаратушыға ғана аян. Лаухулмахпузда, жазылған тағдырды адам баласы орындаушы ғана! Өмірдің беймәлім құпиясына еш уақытта адамның көзі жеткен емес. Егер, өмірдің не екенін адам біліп, «өмір деген осы екен ғой» дейтін болса, онда өмірдің, тіршіліктің ешқандай парқы болмайды. Онда тіршілік үшін күрес те жоқ, күйініш-сүйініш те жоқ. Әрекет те жоқ, қарекет те жоқ. Арман-мақсатыма жеттім дейді де, арғы жағында Абайдың:

**«Елсіз жер түрғандай бір қаққа мүлгіп...»** дегендей, бір мүлгіген хақ тіршіліксіз, өмірсіз, әрекетеіз, қозғалыссыз, жансыз дүние болып шығады.

Сондықтан Танабайдың Бибіжанға деген махаббатында шек жоқ. Бір сәттік кездесудің өзінде де ол оған өте жұмбақ. Бибіжанды қанша сүйіп, қанша аймалап, қанша ләззат көргенмен, Бибіжан оған әлі алыстағы қол жетпейтін жұлдыз сияқты. Ала алмайды, билей алмайды. Сол үшін өліп-өшіп келе жатады.

Мұның барлығы Шыңғыстың Гүлсары ат пен Танабай екеуін

тағдырлас етіп суреттеуі. Күндердің күнінде Гүлсары өледі ғой. Соның сәл алдында:

«... **Дәуреніміз өткен екен, Гүлсары, — деді ол. — Қартайыппыз... Енді кімге керекпіз? Менен де қауқар кетті. Төрімізден көріміз жақын, Гүлсары...**», — деп күйзелетін жері бар ғой. Осы эпизод, Біржанның **«Айбозым»** әнін еске түсіреді.

*Айбозым, ай-хой, бозым, даңғыл бозым,*
*Ел шалғай, жүре алмадым жалғыз өзім.*
*Сүйгенді, сүйіскенді сағынғаннан,*
*Талады, қарай-қарай екі көзім...*
*Өзіңнің теңдес құрбың болмаған соң,*
*Өтеді енді кімге айтқан сөзің...*

Иә, Танабайдың да, Гүлсарының да дәурені өткен. Көрген қызық, күйініш, сүйініш — бәрі көзден бір-бір ұшады.

* * *

Сонымен, ән өмірге келді. Қашанда Илья асықпайды. Алдымен әншіні іздейді. Ойдағыдай әнші жоқ.

Әр әншінің өз әні болады. Қажыбек қызығып, орындаймын деп жүр. Ол қалай айтады? Бұл композитор үшін әлі жұмбақ.

1994 жылдың күзінде Республика күні аталып өтті.

Желтоқсан айының 16-ы. Алматының айнымалы ауа райы құбылып, ақпан айындағыдай еріп жатты. Той Республика сарайында өтті.

15-і күні кешкұрым Илья Жақановка қырғыздың симфониялық оркестрінің бас дирижері, Кеңес Одағының халық артисі Асанхан Жұмахматов телефон шалып, «ертең Республика сарайындағы концертке келіңіз» деді.

Кеңес Одағының халық артисі, қырғыздың атақты әншісі Дариға Жалғасынова «Жәмила» әнін осы салтанатқа алып келмекші. Өйткені, Люксембург елінде жүрген Шынғыс Айтматов шақырылып, оған Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлығы беріледі. Осыған орай, қазақ пен қырғызға ортақ ән деп «Жәмила» орындалады. «Бұл жүрекжарды қуаныш болатын болды», — деп ойлады Ілекең толғанып.

Сөйтіп, Алматыда Республика сарайында, жер қайысқан қалың жұрт алдында, сәулетті сахнада «Жәмила» орындалды.

«Жәмила» айтылып жатқанда Илья тоғызыншы қатарда еді. Қасындағы Шота Уәлиханов бір кезде:

— Илья, бірінші қатарда отырған Президент пен Шынғыс Айтматовтың артынан бір орын босады. Сені қазір шақырады, қалай да сол жерге бар, — деді.

Илья қарапайым қалпы, аса қозғала қойған жоқ. «Алда-жалда шақыра қалса, осы жерден тұрып барам ғой», — деп ойлады.



— Ой, Илья, баршы енді. Барып Шынғысқа сәлем бер! — Тағы Шота. Қояр емес.

Илья екінші қатарға келді де, дәл Шынғыстың желке тұсынан әннің саябырлаған, оркестровка жүріп жатқан кезінде:

— Шынғыс аға, ассалаумағалайкүм! Бұл Илья ғой. Сәлем беруге келдім. «Жәмила» әні орындалып жатыр. Құтты болсын!— деді.

Шынғыс еңсеріле бұрылып, қолын ұсынды да:

— Шоң рахмет, Илья. Өте ұқмыш, ұқмыш,- деді.

«Жәмила» әні концертке қатысқан жұртшылықты толғантты. Қатты әсер етті. Өйткені, тура отыз жылдан соң Қазақстан сахнасында айтылды ғой.

Ильяны құттықтаушылар сол күні де, ертеңінде де өте көп болды.

Илья Жақанов — Қазақ радиосының музыка редакциясын ұзақ жылдар басқарған адам. Он жыл дүрілдеген бас редактор болды. Осы күні бірге істегендер «Ілекеңнің сол кезі нағыз легендарный кез болды» деп тамсана айтады...

Он жыл! Сол кездері Ильяның шәкірттерінің ішінде Қайрат Байбосынов, Зейнеп Қойшыбаева танымал болды. Қазақтың салсерілерінің әнін шығарды. Алматыдағы бүкіл концерттік ұйымдар мен оркестрлер, әншілер мен орындаушылар қолында еді... Соның өзінде «Жәмиланың» жан сезімін толық беретін, бүкіл хал-күйіне келетін әншіге тоқтай алмай қойды. Ән ұзақ жылдар композитордың пәпкісінде жатты. Кейінірек бірде қырғыздар келгенде «Жәмиланы» байқап қалып, «Ойпыр-ау, мынау керемет ән ғой» деп, алды да кетті.

Сол «Жәмила» әні қазақпен қайта қауышты. Ильяны қауыштырып кетті.

Ертеңінде, желтоқсанның 17-і күні композитор жайбарақат қана әдеттегідей шай ішуге отырған. Алматы мақта-мата комбинатының мәдениет сарайынан Алатау ауданы әкімшілігінің бір қызметкері телефон шалды.

— Ағатай, сіз Алатау ауданының ең бір сыйлы азаматысыз. Кешегі салтанатты сарайдағы әніңізді тыңдадық. Бүгін бізде үлкен мереке. Жәрмеңке болып жатыр. Бір киіз үй тіктірдік. Астына еден жасаттық. Мерекеге Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев пен Шынғыс Айтматов келеді. Меймандардың ішінде Талғат Бигелдинов, Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбаев, қала әкімі Заманбек Нұрқаділов, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің бастығы Болат Баекенов және Кеңес Одағының Батырлары мен аналарымыз бар. Тезірек жетсеніз.

Сағат 11 шамасында Ппрезидент келді. Халықпен сәлемдесті. Бірге суретке, киноға түсті. Сөз сөйленді. Сөйтіп бәрі киіз үйге кірді.

# АҒАДЫ ЕРТІС

Илья Жакановтың есіне «Ағады Ертіс» әні әр кез түседі. Сөйтіп, композиторды дәйім толғандырады, өткенге оралтып, өз әніне өзі ойлана қа-ра-ап, тында-ап отыратыны бар.

* * *

Шуақты сол бір жылдары Қазақ радиосында эстрадалық симфониялық оркестрдің бас дирижері болып Александр Гурьянов жұмыс істеді. Өзі Бакуден келген. Әзірбайжан музыкасымсн өскен. Мінезі де таулықтарға ұқсас: ашық-жарқын, бірбет. Алғанынан қайтпайтын еңбеккор, адал жан.

Ілекең — музыка редакциясының бас редакторы. Он шақты жылдан пәпкіде жатқан «Ағады Ертіс» есіне түсті де, клавирін ала келіп, күні бойы Зейнеп Қойшыбаеваға үйретті. Александр Гурьянов әуенін тындап:

— Какая простора!— деді тамсанып.

Гурьянов сөзге жоқ. Дәйім ойланып, үндемей отыратын да: «Все, все понятно!» деп музыканы алып кететін.

«Ағады Ертісті» де ойнап отырды да, басын асқақ көтеріп, ке-е-ң жазира далаға қарап тұрғандай болды.

Ән оркестрге Зейнеп Қойшыбаеваның орындауымен жазылды. Ильяның өз әніне қызыққаны сондай, Зейнептің дауысына ән қалай келер екен деп әуелі рояльмен орындады. Қазір композиторда роялмен және оркестрмен жазылған сол екі үнтаспа да бар...

Рояльда бәсеңдеу шыққандай. Ал, оркестрде әннің құлашы жазылып, тынысы кеңейді, Өйткені оркестрдің мүмкіндігі мол. Ол дегеніңіз — кәдімгі қою, мың-сан үндердің тоғысуы ғой!

Бір күні А. Гурьянов:

— Қашан жазамыз?— деп келіп тұр.

— Оркестровкаларың дайын ба?— деді Илья.

— Тындаңыз.

Композитор әнді оркестрден естіп рахаттанды.

* * *

1967 жылдың наурыз айы.

Илья Сарыағаш курортына демалуға келген.

Қолы бос кезде кітап оқиды, ойланады. Далаға шығып, таза ауамен тыныстайды. Табиғат ана жасанып, көктем белгілері білініп келеді. Композитор кейде демалыс аймағынан ұзап, алыстап кететін де, өзімен-өзі оңаша қалып жан дүниесімен сырласқанды жаны қалайтын.

Бір күні «Қазақ әдебиеті» газетіне Аманжол Шамкеновтің өлеңдері басылды. «Нені ойладың?» деген өленнің мына бір жолы жақсы екен.



Төрде — Нұрсұлтан Назарбаев. Сол жағында жұбайы мен қызы. Одан кейін Шыңғыс Айтматов, Талғат Бигелдинов және басқалар.

Шыңғыс Айтматов та кино операторлармен, фототілшілермен жүр. Баяғыда Шыңғыс Айтматов пен Ильяны бірге суретке түсірген фотограф та бар. Ол Ильяны таныды. Тұрсын Естемесов деген қырғыздың төкпе ақынын да көрді. Өзі зор денелі, биік кісі. Сол Тұрсын аға киіз үйге кірген бетте құттықтау өленді шыркады дейсіз. Жыр-шашу түйдек-түйдек төгіліп барып аяқталған тұста жұрт та ду қол шапалақтап жіберді. Он қанатта отырған қазақтар Ильяға ым қаққандай болды, «Бірдене айтсаншы» дегендей. Және барлығы композиторға қарап, қадалып отырғандай сезілді.

— Илья, — деп қалды біреу. Кім айтқаны белгісіз. Президенттің артында қос домбыра ілулі тұр.

Қасында қасқырдың, түлкінің, қарсақтың ішіктері.

«Бұл жерде Шыңғыс Айтматов отыр. Сондықтан «Жәмиладан» бір шумақ, ал «Бибіжанды» толық айтып шығайын», — деп ойлады.

Сөйтті де:

— Нұреке, ана домбыра тартыла ма? — деді. Президент орнынан ұшып тұрып, домбыраның біреуін алып берді.

— Нұрсұлтан, — деді Илья. Президент жалт қарады. Сәл үнсіздіктен соң, сөзін ары жалғастырды. — Жасың кіші болса да, Елбасысың. Енді мен «Сіз» деп сөйлейін.

Кеше үлкен мереке болды. Құдай сізге қуат берсін! Егеменді еліміздің бүкіл әлем алдында дәреже-мәртебесі биіктей берсін! Отбасыңызға, өзіңізге, бүкіл халыққа жақсылық тілеймін. Қазақтың кеменгер жігіттері қасыңызда, төңірегіңізде бола берсін. Сізді халық Абылай десе, ендігі Бұқар жырауымыз осы — Әбіш Кекілбаев сынды жігіттер болар. Қасыңызда, төңірегіңізде осындай кеменгер, ақылды, көшелі, терең жігіттер көп болсын!

Мен Шікемнің бірнеше кітабына ән жаздым. Аз емес бұл.

Илья «Әселдің» бір шумағын айтты. Одан соң «Бибіжанды» толық орындады. «Бибіжан» біте берген кезде Шыңғыс аға орнынан тұрып, сырт айналып келді де Ильяны қатты құшақтап сүйді.

Содан дәм желінді. Әзіл сөздер, жақсы әңгімелер айтылды.

Шыға берісте Шыңғыс Айтматов пен Илья Жакановтың жолдарын кес-кестеп, кезек-кезек суретке, киноға түсіріп жатты. Шыңғыс аға Ильяның қолынан ұстап:

— Илья, жүрегімді ұйытқан бір лирикалы повесть жазып біттім. Осы повеске де музыканы өзің жазасың. Мен саған ризамын, — деді.

— Ол кітапты қайдан аламын?

— Бішкекке келіп жүрем ғой.

Міне, Шыңғыс аға мен «Бибіжан» әнінің кездесуі осылай болды.

*Қанатар. 1996 ж.*

*Нені ойладың, құрбыжан, нені ойладың?..*

Сол шақта... өлең Ильяны лирикалық толғаныска алды да кетті.

*Нені ойладың, құрбыжан, нені ойладың...*

Композитор онда жас. Романтикалық шарықтауда, толғаныста жүрген жылдары. Лапылдаған жастық сезім суына қоймаған.

Илья Шамкеновтің шығармашылығына ден қоя бастады. Кейіннен осы толғанысын жеткізгенде ақын қуанды.

— Өзіндей композитордың үйірілгеніне сүйініш етем, — деді Шамкенов шаттанып.

Сөйтсе, Шамкенов Ильяның туысы Серік Қирабаевқа әрі жезде, әрі жисн екен. (Серік Қирабевтың әйелі Әлия Бейсенова да ғалым, академик.— Т.Ә.)

Бірде Серік Қирабевтың үйінде Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Жұбан Молдағалиев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Нығмет Ғабдуллин, Сафуан Шаймерденов бас қоса қалды.

Меймандар Илья Жақановка ән айтқызды. Ол кезде композитордың «Ақ қайың», «Жалғыз қайық», «Даниярдың әні» жиі айтылатын. Соңынан «Әсел» мен «Асылым» келді.

Осындай бір отырыста Аманжол Шамкенов Ілекеңе өз кітаптарын қайта-қайта көрсете берді. Мұны байқаған Әсия Бейсенова:

— Илья, бұл ағаң лирик. Кітаптарын оқысаң сенің жан дүниене әсер ететін, көңіл-күйіңе сәйкесетін өлендер кездеседі,— деді.

Композитордың көзіне сол жерде-ақ бір өлең түсе кетті.

*Тереземнің алдынан*
*Мөлдіреп су ағады.*
*Жүрегімді жандырған,*
*Кезіңді еске, көзіңді еске салады...*

Жақсы шумақтар! Мөлдір суды көзбен салыстырып отыр.

Соңынан Илья бұл өлеңге ән жазды. Аты — «Тереземнің алдынан».

Алғашқы шумағы:

*Тереземнің алдынан*
*Сылдырап су ағады.*
*Өзіңді аңсап сағынған,*
*Үніңді еске, үніңді еске салады.*
*А-а-а-а-ай,*
*Үніңді еске, үніңді еске салады...*

Әнге Аманжол Шамкенов балаша қуанды...

* * *

Аманжол Шамкенов — кісіге қиянаты жоқ, болмысы таза, біртоға жан. Сол кезде «Жазушы» баспасында бас редактордың орынбасары. Илья Жақановтың да «Жазушы» баспасына аса кіріптарлығы жоқ. Рас, кітап шығару қиын. Баспа қызметкерлеріне көп ақын-жазушылардың жалпақтап жататын шағы. Композитор мен Шамкеновтің арасында ондай есеп болмады.

* * *

... Таңғы ауа таза, салқын. Қала көшесінде машина да, адамдар да аз.

Илья Шамкеновтің үйіне аяндап келді. Ақынның үйі орталық стадионның артында болатын. Отағасы тұрмапты. Жеңгей шай қойды. Өнер, әдебиет төңірегінде әңгіме қозғалды. Ілекең әңгіме арасында Аманжол Шамкеновтің жыр жинағын парактап карап отырған. Ертіс өзені туралы бір өлең көзіне шалына кетті. (Әннің атын «Ағады Ертіс» деп қойған Илья Жақанов. -Т.Ә.)

Ақын бұл өленді әнге арнамаған. Кәдімгі табиғат лирикасы, адамның жастық сезімі.

Өлең Ильяның назарын аударды. Жүрегін шым еткізді, Қайта-қайта оқи берген. Келесі сәтте... байқаса... ән әкетіп бара жатыр. Екінші шумақ қайырмаға ұласты.

*Ертісім, қабыл ал жырды,*
*Қабыл ал осы әнді де.*

Бұл жолдарды композитор жанынан қосты. Ары қарай:

*Жағаңда сенің айтылған сырды*
*Ұмытпас ешкім мәңгіге...*

Ән шыққан соң Шамкенов Ильяға: «Қабыл ал, осы әнді де» деген жолды сәтті алыпсың « деді ықылас танытып.

Әннің қайырмасында шұрайлы, бейнелі, ойлы сөздер қолданылуы керек.

Қайырма — елді елең еткізетін тәтті шұрайлы нәр!

«Ағады Ертіс» осындай ән еді:

*Көгілдір толқын, көгілдір тоғай,*
*Көгілдір көкпен жарасып,*
*Кімге де болса ой салған талай,*
*Құмартқан талай сан ғашық.*
*Ертісім, қабыл ал жырды,*
*Қабыл ал осы әнді де.*
*Жағаңда сенің айтылған сырды,*
*Ұмытпас ешкім мәңгіге.*
*Ертістің қатты ағыны, сәулем,*
*Ағынға бетті түзейік.*
*Осының өзі қызық бір дәурен,*
*Толқынға қарсы жүзейік.*

***Қайырмасы***

*Ертісім — берік айнымас жолдас,*
*Өзгеше бір сыр толғайды.*
*Өзенсіз мұхит, теңіз де болмас,*
*Елінсіз ер де болмайды.*

* * *

«Ағады Ертіс» дүниеге келді.

Бір күні радио тыңдап отырса, «Ертісім — ерке өзенім...» деген ән айтылып жатыр. Сөздері таныс. «Бұл кімнің әні?» деп тан-тамаша. Сөйтсе, Базарбай Жұбаниязовтың әні екен. Ән, шынында да, болымсыз болатын.

Ілекең әлгі әнді «Ағады Ертіспен» салыстырып, ойланып отырды. Қызық, адам сезімі әр қилы. Ән адамның жаратылысынан туады ғой.

Илья Жақановтың әндерінде қазақтың ұлттық болмысымсн қоса, кешегі Кеңес Одағы кезіндегі орыс музыкасына тән Дунаевский, Соловьев-Седойлардың, Макроусовтардың, атақты «Катюша» әнін жазған Блантердің үлгісі бар. «Широка страна моя родная», немесе «Под Московные вечера» керемет әндер ғой!

Шәмші Қалдаяқов пен Илья Жақановтың әндерінде Кеңес Одағы кезіндегі әндердің әуезі мен қазақтың ұлттық рухы астасып жатады!

* * *

Хакім Абай қазақтың ұлттық музыкасына орыс пен Европа әлеміне жақын әуендерді қалай әкелсе, Шәмші мен Илья да өз кезінде күллі Кеңес Одағына таныс, ортақ әуезді табиғи қалпымен жүзеге асырды.

Оған — Илья Жақановтың «Еділ — Жайық» пен «Ағады Ертіс» әндері дәлел!

«Жалғыз қайықта»:

*Қараңғы түнде мұңайып,*
*Толқынға малып тұмсығын.*
*Жағада жалғыз тұр қайық,*
*Маңайда меңіреу тылсым түн...*

Бұл әнде орыстың лирикалық романстары жатыр... Немесе, кейіннен жазылған «Кеңгірдің қоңыр кештерін» алайық.

*Кеңгірде, кіші бесінде-е...*

Алпысыншы жылдарда Кеңес Одағы жастарын тербеген осындай әндер болған. Жоғарыдағы әндер соның үлгісі.

Ал, «Ағады Ертіс» әнінде вальстің болмысы, шарықтауы кәдімгі табиғи қалпында құйылып түсе қалған.

Ән жазылған тың игеру жылдары композитор әр жерде



іссапарда жүріп, Ертістен олай-былай өтті. Көп тамашалады. Сондағы панорама қазір де көз алдында тұр.

Бір ғажабы, Ертістің қай тұсынан өтсе де, ағарып жатқан үл-ке-ен айдын! Қай тұсынан өтсе де солай. Ғаламат! Ілекеннің елінде Талас, Шу өзендері бар. Олар да көктемде тасып, кең жайылады.

«Ағады Ертісті» жазып жүргенде бір-екі рет Мәскеуге ұшқан. Сонда ұшақтан Еділ мен Жайықты тамашалады.

«Ағады Ертістегі» еркін тыныс композиторды үл-ке-ен кеңістіктерге ынтықтырып, қаратты да қойды. Жан дүниесі көксеген кеңдікке құмары қанбайтын сияқты.

Мұндай махаббатты оятқан «Ағады Ертіс» еді.

* * *

Композитор әнін «Ағады Ертіс» деп неге атады? Себебі сол кездері Людмила Зыкина «Течет река Волга» әнін айтып, дүрілдетіп жатқан.

Ал, «Течет река Волга» — үл-ке-ен бір ғұмырдың әні.

Ол нағыз эпопея!..

Кезінде Мұхтар Әуезов «Елім-ай» әні жөнінде: «Бұл әннің құдіретін ешбір эпопея бере алмайды», — деген тамсанып.

Волга, Волга болғалы, Волгаға арналған қаншама әндер шықты. Барлығын біледі Илья. Мәселен:

***«Ах, ты степъ широ-ка-а-а-я...»***деп кетеді-ай, шалқып-тасып! Бурлактардың әнін қосыңыз!.. Осы әндердің бәрі-бәрі Ілекеннің санасында жүретін...

«Ағады Ертіс» 1977 жылдан айтыла бастады.

Илья Жақанов 1978 жылы Қарқаралыға, Егіндібұлақ жаққа барды. «Ағады Ертіс» шалқып жатыр. Сол жылы күзде Тарбағатай, Күршім, Зайсанға барды. Ол жерде де шырқалып жатыр. 1979 жылғы ерте көктемде фольклорлық экспедициямен ән-күй жинауға Маркакөлге келді. Тағы да «Ағады Ертіс» шықты алдынан.

Композитордың байқағаны: Семейдің, Шығыс Қазақстанның, Павлодардың өнерпаздары Алматыға, әр түрлі фестивальдарға, телевизиялық хабарларға, радио күндерге келгенде, бәрінің алып келетіні «Ағады Ертіс».

Әнді орындайтын әншілердің көбін композитор білмейді.

Бірде қазақ радиосының студиясында ән жазылып жатқанда, «Ағады Ертіс» бағдарламаға сыймай қалды ма, әйтеуір бір әп-әдемі қыз «Неге кіргізбейсіздер?» деп, арты ұрыс-жанжалға дейін барды. Ақыры, «Ағады Ертіс» бағдарламаға сол концерттің басы боп енді.

Аталмыш әннің ғұмыр жолы осылай басталды.

Зейнеп Қойшыбаеваның орындауында кеңге қанат жайды.

* * *

Ильяның Шыңғыс Айтматов шығармаларына жазған әндерін оркестрге түсіріп, қырғыз әншілеріне үйреткен, дәйім концерттерде орындап жүрген Қырғызстан Мемлекеттік симфониясының бас дирижері Асанхан Жұмахматов, халық артистері Дариға Жалғасынова, Керім Тұрапов бір жолы Илья Жақановтың үйінде қонақта отырып, «Ағады Ертіске» көздері түсіп:

— Қандай керемет! — деді тамсанып.

Бір ғажабы, «Ағады Ертісті» тыңдаған дирижер де, әнші де, композитор да ылғи: «Қандай тыныс!» дер еді...

Осы сөзді ғана айтатын!..

Бүгіндері «Ағады Ертіс» Дариға Жалғасынованың репертуарында. Ал, Қазақстанда көп әншілер айтып жүр. Солардың ішінде әннің бар болмысын, табиғатын жеріне жеткізе ашқан әнші — Зейнеп Қойшыбаева ғана.

Бұл әнге Бибігүл Төлегенова да қызығады...

Консерваторияның музыка факультетінің студент жастары Илья Жақановтың ән-романстарын, оның ішінде — «Ағады Ертісті» жиі орындайды.

«Ағады Ертіс» әншілердің дауысын ашуға жақсы дейді консерватория ұстаздары.

— Бұл — дала! — дейді олар. — Даланың өз үні!.. Міне, «Ағады Ертіс» осы қалпымен табиғаттың кең айдынын көз алдыға алып келіп, құмар-құштар қылып, ынтықтырып, сол кеңдікті көксей жүріп, композиторды «Еділ— Жайықты» шығаруға алып келді.

«Ағады Ертістегі» бұлқыну, өршіл патетика, адам ойының шарықтауы композиторға маза бермеді. Қай кезде де қиял самғауының байырқалап байыз табатын шағы болады. Жетеді шегіне! Міне, сол сәт — «Еділ-Жайық» болды! «Ертістің» «Еділ мен Жайыққа» құйылып түсуі, композитордың арғы-бергі жазған әндерінің шыны! Биігі!

Мұнда композитордың бітім-болмысы жатыр!

Лиризм, патетика, гимндік рух, табиғат сұлулығы, адамның жан сезімінің шарықтауы, сұлу табиғаттың сәулелі-салтанатты картинасы... Осылардың төрінде тұрып, адам ойының аскақтауына романтикаға жетелеген — «Ағады Ертіс».

* * *

«Ағады Ертіс» студияда жазылып жатқанда қызық оқиға болды. Ойда-жоқта Шьшкентте жүрген Шәмші Қалдаяков келе қалсын. Шәмшінің Алматыда алғаш жолығатын адамы — композитор Әбілахат Еспаев.

Әбілахат Ильяны жағалап көп келетін. Сырласатын, әнгіме айтатын. Өзі мөлдіреген сұлу, таза адам. Осы Әбекендердің әнімен өсті ғой Ілекендер.



Әбілахат әндерінің жазылуын қадағалайды. Жаңа әндерге тапсырыс алады. Илья екеуінің арасында айрықша достық бар. Әбекеңнің бар тіршілігі Ильяға тіреледі. Зейнетақы алмайды. Күнкөрісі — қаламақы. Онда радиода қаламақы жақсы. Ал, Әбілахаттың әндеріне бөгесін жоқ. Содан да Әбекеңнің тынысы, камқоры — Ілекең.

Еспаев пен Жақанов әнгіме үстінде Шәмшіні еске алысып, қайда жүр, көптен көрінбей кетті деп отыратын.

Бір күні Әбілахат Шәмші Қалдаяковты студияға ертіп әкелді.

Әбілахат Шәкенді көрген бетте:

— Илья сені көп айтады. Жаңа ән жазды ма дейді.

— Ихі, странно!.. Шәмшіні күнде жұмыртқалайтын тауық деп ойлай ма? — депті жұлып алғандай.

Еспаев Ильяны еркелетіп, «Ілияш» дейді. Назым жеңгейге: «Ілияшқа барамын, Ілияшпен ақылдасам, Ілияш маған төрт әнге заказ берді», — деп аузынан тастамайды.

Әбілахат Шәмшіні студияға ертіп келді. Зейнеп Қойшыбаева «Ағады Ертісті» жазып жатқан. Илья Жақанов та үстінен түсе қалсын. Еспаев құшағын аққудың қанатындай жайды да, бас бармағын көрсетті.

Шәмші Қалдаяқов:

— Опырмай!.. Мынау жүгірген толқын ғой! Қандай экспрессия!— деді. Толқынды толқын қуып бары жатыр.

Қазақтың дарынды қос композиторы «Ағады Ертісті» осылайша қабылдады.

* * *

1998 жыл.

Нұрғиса Тілендиев қайтыс боларынан біраз бұрын «Қыз Жібек» кинофильмі түсірілуінің 25 жылдығына байланысты кешке қатысты. Ленин даңғылы бойындағы «Арман» кинотеатрында алқалы жиын өтіп, Асанәлі Әшімов, Кәукен Кенжетаев бастаған өнер қайраткерлері мен Алматының зиялы қауымы жиналды.

Кинофильмнің музыкасын жазған Нұрғиса Тілендиев пен Кәукен Кенжетаев төрде отырды.

Әуелі кино қойылды. Сонынан дастарқан жайылды.

Асанәлі, Ақселеу, Илья үшеуі қатар отырған. Нұрғиса Ақселеу мен Ілекеңді қасына шақырды. Екеуі барып сәлем берді.

— Илья, үзіліс кезінде қасымда бол. Екеуміз киноға түсеміз, — деді Нұрекең.

Көп ұзамай үзіліс жарияланды. Әнгімелеріне бөгет болмайын деп Ақселеу оңаша кетті.

Киноға түсірушілер Моңғолиядан келіпті.Әуелі Нұрғиса Тілендиевтен сұхбат алды. Ал, Ильядан Баян-Өлгий сапарын сұрады.

Бір заматта Нұрғиса:

— Әй, Илья, — деді еңсеріле бұрылып. — Міне, Дариға жеңген отыр ғой. Сенің телевизия мен радиодан жүргізген хабарларыңды көріп, тыныс алам. Сенде жақсы екі ән бар! Екеуінде де қандай кеңдік, панорама жатыр десеңші! Олар — «Ағады Ертіс» пен «Еділ-Жайық».

Нұрғиса кейінірек Ілекеңнің үйіне, баласы Данияр қайтыс болғанда көңіл айтуға келді. Қасында Мыңжасар Маңғытаев бар. Асықпай ұзақ әңгімелесті.

Сонда Нұрекең Мыңжасарға:

— Шәмші мен Ильяны жақсы көретінім, бұлар бізді өлтірмейді. Мұқан Төлебаев қайтқанда бәріміз жылағанбыз: «Енді Мұқандай талант қайда? Құдай-ау, біз қалай жалғастырамыз?!» деп. Аллаға шүкір, Мұқаңның тәрбиесін алған екенбіз. Төлебаевтың музыкасындай жазуға өзімізді іштей дайындап, тырысқан екенбіз. Ертең біз де дүниеден озамыз. Илья, Мыңжасар екеуің де біздің көзімізсіңдер...

Бұл 1998 жылдың 12 мамыры болатын.

25 мамырда Орталық концерт залында Мыңжасар Маңғытаевтың шығармашылық кеші жоспарланып, Ілекең сол кешті жүргізбекші боп жүрген.

— Әй, Мыңжасар, сен Ильяны қинама! — деді Нұрғиса. — Бұл қайғы үстінде отыр. Илья сахнаға шыға алмайды. — Аз-кем үнсіздіктен соң сөзін ары сабақтады:

— Менің Ильяны жақсы көретінім, әндерінде ұлттық калорит бар. Әннің формасын, құрылысын мықты меңгерген. Әттең, «Ағады Ертіс» менің оркестріме ілікпеді. Бір жолы Зейнепті шақырғанымызда «Ағады Ертісті» орындады. Сонда мен: «Ойпырм-ай! Мынау кімнің әні?» дедім таңғалып. Сөйтсем, Ильянікі екен!

Құдай-ау, «Ағады Ертіс» өз тынысымыз ғой! Қазақтың жайылып жатқан кең даласы ғой! Даркан даланың тынысы ғой!..

*Ақпан, 2001ж.*

## Жайлаукөл кештері-ай...

1971 жылдың ақпан айы.

Ілекең кезекті еңбек демалысын алып, туған жері — Жамбыл облысы, Сарысу ауданындағы Сарысу кеңшарының орталығы Жайлаукөлге келді.

Жайлаукөл Шу өзенінің бойында. Қасындағы Қамқалы көлінің жағасында Қамқалы, Шығанақ аталатын қос ауыл жатыр. Үшеуі де Сарысу ауданының сол кездегі дүрілдеген мықты шаруашылықтары.

Жайлаукөлдің жағасы жаннаттай көркем. Сұлу. Құс атаулының көпшілігі жазғытұрым ұшып келетін. Баяғы заманда Жайлаукөлде Талас пен Шу бойындағы ел түрлі-түрлі жиын жасап, жер дауы, жесір дауынан бастап өзге мәселелер де талқыланатын. Жапсарлас жатқан Ұланбелде, Қаратау мен Арқа елінің, Шу бойындағы қалың қазақтың бас қосатын орны еді.

Жайлаукөлдің жері малға жайлы болғанымен, суырған құм. Ал Шудың бойы ығып тұрған қамыс, сексеуіл мен жыңғыл.

Осындай жерде өсіп-өнген ұлкен ел Жайлаукөлде Ықылас күйшінің туған-туыстары тұратын. Ильяның мақсаты — Ықылас жөнінде романға материал жинау. (Илья Жақанов Ықыластың шығармашылығын 1960 жылдан зерттеген. -Т.Ә.)

Жайлаукөлде сөзге зерделі, көп тарих жинаған, арғы-бергі кариялардың әңгімелерін реттеп, соның өзіне сын көзбен қарап, «олай емес, былай дейтін» Ықылас әулетінен Ермекбай, Дастан, Құлыншақ, Ілияс кариялар бар. Бұл кісілер естіген-білген әңгімелерін жөн-жөнімен айтатын. Дәптер жүргізген. Көп жағдайды іріктеп алып қалған. Әсіресе, Құлыншақ. Өзі әулие пішінді, әділ сөзді, мейірбан, мөлдіреп, төгіліп отыратын жан. Дастан қазымырлау, әр нәрсені кәдімгі електен өткізіп, Ілекеңе Ықылас тарихын жазуға көп себепші болды. Ол кезде бұл кариялардың көзі тірі. Басқа ақсақалдар да бар.

Ілекеңнің Жайлаукөлде өзімен қатарлас құрдастары, өзінен үлкен ағалары бар. Шудың бойында театры, киносы жоқ, мидай далада өзімен-өзі бейқам жатқан ел. Соғымдары мығым. Жағдайлары жақсы. Үйлері жылы. Электр жарығы бар. Жол сайрап жатыр. Ұланбелге ұшақ қонады. Кәдімгі АН-2. Күнде бір-екі үй қонаққа шақырады. Ал, Илья болса, кай карияның аузынан дұрыс сөз шығады, соны жазып отырады.

Далада шақшиған аяз. Бұл — Арқаға бейім жер. Сол жылы қар қалың түсті. Күнде әңгіме, күнде шақырыс. Ілекең шаршап кетеді де, кешке жақын сыртқа шығып, таза ауада сейіл құрады. Қасында ауыл жігіттері...

Алаулап, қыр асып, қызарып күміс күн батып бара жатады. Көпке дейін сәуле-шапағы сейілмей, кілкіп, біртін-біртін қараңғылық тұмшалайды маңайды. Таң-тамаша қалады композитор. Үлкендер «О-о, күн жақсы батты!» дейді. Расында ертеңінде күн ашық болады.

Ілекеннің қайтатын кезі таяды. Сол күні Ықыластың немересі Құлыншақ шақырды. Ол кісі інісінің баласын асырап алған. Жігіт — мектепте мұғалім. Баяннын құлағында ойнайды. Көзі мөлдіреген кара торы бала Ілекең десе жаны қалмайды. Композитордың кез келген әнін тарта жөнеледі. «Бұл әндерді қайдан біледі?» — деп ойлайды композитор.

Ілекең баянист жігітті қасына отырғызды да, «Япур-ай», «Қорлан», «Ләйлім», «Сырымбет», «Қаламқас» әндерін орындат-

қызды. Жігіт бір қалыппен жай тартып отырды. (Композитор ол жігіттің атын ұмытыпты. Кейіннен ол қайтыс болды.-Т.Ә.)

— Ертең Ілекең жүреді, — деді жігіттердің бірі. Композитордың туысқан інісі Ермек те отырған. Әкесі Әлкен ұста, домбырашы, өнерлі шаңырақ еді. Балаларының бәрі ән салады. Анасы Сәбиға бес биенің сабасындай денелі, әрі көркем кісі. Түрі ызбарлы болғанымен көнілді, ақжарқын. Өзі қырғыз.

Ермек әркіммен әзілдесіп ойнап отырды да:

— Иә, ағамыз қалалық болды. Ертең Алматыға жүреді. Біз міне, Жайлаукөлде, құмның ішінде жатырмыз. Басқа жаққа кете алмай-мыз... Қыста келіп отыр ғой Ілекең. Көктемде көру керек Жайлау-көлді! Көктемде! Мамыр айында құмның беті қызыл ала гүл болып, тербеліп кетеді, — деді шабыттанып.

Композитордың күнде көріп жүрген, *«Алаулап күн батса қырды асып»*, — деп басталатын әннің бірінші жолы, алаулап, қызарып батқан күн көз алдына панорама-сурет болып тұра қалды...

*... Гүлдерді тербетіп, самалдың ескені-ай!..*

Құмның беті гүл боп кетеді...

Жайлаукөлдің түндері-ай! Жаздың күндері түн салқын. Жарқыраған ай. Жанып тұрған жұлдыздар. Бұл маңның ауасындай ауа жоқ композиторға.

*Ай туып, жұлдыздар жанғанда,* — деген жолдар бар ғой...

Әннің бірінші шумағы туды. Шай ішілді. Еттің қамыры иленіп жатты. Ықылас жайлы әңгіме қозғалды. Бір мезетте тағы да ән құйылсын. Ілекеннің қасындағы баянист сезе қойды.

— Қоса бер, қоса бер,— деді композитор. Ән келді төгіліп!

Жігіттер көтеріп әкетті! Ықылас күйшінің Ақылбай деген баласының үлкен ұлы Дәулет:

— Ойпырм-ау! Ілекең ән шығарды ғой! — деп қалды.

Сол жерде әннің алғашқы шумағы қағазға түсті.

*Алаулап күн батса қырды асып,*
*Кетуші ек, қалқатай, сырласып.*
*Ұмытсам сол күнді кеш мені,*
*Есте гой, дариға, Жайлаукөл кештері...*

Ілекеңнің шәкірті Қайрат Байбосынов кез келген әнді жылдам қағып алады. Мына жігіт те сөйтті. Ән дайын. Жігіттің қоңыр даусы бар. Жұрт алдарындағы асын қойып, жаңа әнге қосылып кетті.

Шақырған Құлыншақтың үйі ғой. Құлыншақ, Дастан екеуі де өнерді түсінетін жандар. Дастан қазымыр, ысқаяқ. Орта бойлы, артық еті жоқ, шақиған кісі. Сыншы, сарабдал, ақынжанды. Дастан мойындап:

— Міне, мынау — ән-ән! — деді аркаланып.

Құлыншақ — мейірімді жан. Мөлт-мөлт еткен көздерінен жас шығып кетті. Әйелі де:



— Ойпырм-ай, шырағым-ай! Ықыластың әулетінің үйіне келіп отырғанда, мынадай ән шығарғаның жақсы ырым болды-ау! — деді қуанышын жасыра алмай.

Ертеңінде жерлестері Ильяны «АН-2» ұшағына шығарып салды.

Күн шыңылтыр аяз. Дала аппақ қар. Ел адамдары ақ қар үстіне дастарқан жайды да, өздері тойлады.

Илья Алматыға келді. Жаңа ән хақында үй ішіне ғана айтты. Бір күні әннің қалған сөзін жазды.

*Ай туып, жұлдыздар жанғанда,*
*Қол созып көктегі арманға*
*Жүрген кез жүректен өшпеді,*
*Жақсы еді-ау, дариға, Жайлаукөл кештері.*

*Мұлгіген тыныштық айдала,*
*Шу бойы ырғалып жай ғана.*
*Гүлдерді тербетіп, самалдың ескені-ай,*
*Аңсаттың, дариға, Жайлаукөл кештері-ай!..*
*Қыс өтті, көктем өтті, жаз өтіп бара жатты...*

Қайрат Байбосыновтың үйленген кезі. Өнер жолындағы ұстазы Ильяның үйіне көптен келмеген болатын. Композитор қазақ радиосының музыка редакциясында бас редактордың орынбасары. Көп бағдарламаны өзі жүргізеді. Бас редактор Мансұр Сағатов: «Осының бәрі сенікі. Құдайға сенем, саған сенем!» дейді де, өзі шығармашылықпен айналысады. Барлық жұмысты Илья атқарады.

Алдында ғана Қайрат Байбосыновтың орындауында «Ақыл-байдың әнінен» бастап, Жаяу Мұсаның «Сапары» мен «Гауһартас» сынды он шақты ән жазып, жас орындаушының талантына Мансұр Сағатов риза болған.

— Мынау керемет, Илья! — деген. — Байқаған шығарсын, қандай запас жатыр!..

— Онда бүгін жазамыз Қайратты,— деді Ілекең. Жастығы ғой, Қайрат кейде серілікке басады.

Ұрсады деп қашқақтайды ұстазынан. Бір күні көшеде ұшырасып қалды.

— Қайда жүрсің? — деді Ілекең. — Естіген шығарсың. Қазақ радиосы сенің барлық әндеріңді беріп жатыр. Кел үйге, әңгіме-лесейік.

Қайрат сол күні ойда жоқта жетіп келді. Қасында үлбіреген жас келіншегі бар. Тиышкүл женгей шай қойды.

Қайрат бұрындары «Арқаның аруы» деген әнді айтып жүрген. Ілекең енді «Жайлаукөл кештерін» ұсынды. Қайрат қуанды. Әннің әсем әуезін, ойнақы иірімдерін ұнатып әп-сәтте үйреніп алды. Бес-алты қайтара айтты. Илья болса өз әніне өзі сын көзбен қа-ра-ап, ойланып тындап отырды. Осының алдында «Даниярдың әні»,

«Әсел», «Жәмила», «Асылым», «Ағады Ертіс», «Нені ойладың « туған.

Ильяның өз әндеріне сын көзбен, биік талғаммен қарайтын әдеті. «Жайлаукөл кештері» калай болар екен деп ойланып-толғанып жүрген-ді.

Ертеңінде — күнделікті тіршілік, жұмыс, аласапыран. Кезекті бір коллегияға қатысып, жұмыс соңында кабинетке келсе, редакторлар қуанып жүр.

— Аға, Қайрат Байбосынов керемет ән жаздырып кетті!

— Қандай ән?!

— «Арқаның аруы» мен «Жайлаукөл кештерін»...

Өздері «Жайлаукөл кештерін» қайта-қайта тыңдайды.

Сөйтіп, «Жайлаукөл кештері» эфирден жалпақ елге тарап кетті...

Ол кезде Қайрат — Жүсіпбек Елебековтың шәкірті. *« Ұмытсам сол күнді-ей-й»* деген сөзді қысқа қайырып жүрді. Ілекең *« Ұмытсам сол күнді-ау...»* деп кеңінен ал дейді. Бірақ алгашқы нұсқасы *«сол күнді-е-ей-й»* боп қысқа қайырыммен кетті.

Сол жылы «Жайлаукөл кештері» казақ радиосынан күз бойы берілді, қыс бойы берілді, келесі көктем бсрілді. Барша елді тебіренткен ән болды.

Жазға салым студенттер каникулға, құрылыс отрядына шығады ғой. Жамбылдың гидромелиоративтік институтының төрт жүздей студенті сырнайлатып, кернейлетіп құрылыс отрядына — Жайлаукөлге тартады. Студенттер бір ауыздан:

— Жайлаукөлге барып жұмыс істейміз! — дейді.

Құм бұркырап жатқан уақыт. Бірнеше колонна машина тізіліп кеп кеңшар орталығы — Жайлаукөлге, кеңсе алдына токтайды. Алдарынан совхоз директоры, бас мамандар шығады.

Студенттер машинадан түспейді.

— Жайлаукөлге барамыз! — дейді.

— Өй, Жайлаукөл осы.

— Жоқ, бұл емес. Біз әнде айтылған Жайлаукөлге барамыз.

— Түсіндер. Осы Жайлаукөл,-дейді қарсы алушылар жалынып-жалпайып.

— Сіздер бізді алдап тұрсыздар,— дейді студенттер.

Кеншар басшылары жерде, студенттер машина үстінде. Түсетін емес конактар.

Сөйтіп тәжікелесіп-тартысып тұрғанда, аудандық аткару комитетінің төрағасы Қырықбай Асанов келе қалады.

— Не деп тұр мыналар? -дейді Асанов.

— Жайлаукөлге келіп, Жайлаукөлді сұрап тұр. Түспейді түс десек.

— Анау сөйлеп тұрған кім? Командирлері ме?

— Әй, жігітім, бері келші, жақындашы. Машина үстіндегі жігіт еңкейгенде Асанов:



— Жайлаукөл осы, көп сөзді доғар да, түс! — деп машина үстінен жұлып алады.

Командир соңынан жерге өзгелері де түседі.

Студенттер сөйтіп жұмыс істей бастайды. Қора салады. Тұрғын үй тұрғызады. Он бес-жиырма күн өткен соң Жайлаукөлдің ашы, кермек суына шыдай алмайды. Жел суырған құм, көз аштырмайтын дауыл. Шетінен іш ауруына шалдығып, кейбіреуі бас сауғалап каша бастайды. Кейіннен Қырықбай Асанов:

— Бір жолы қырық күндей Арқада, малшылардың арасында болып, бала-шағамды, Байқадамды, елді сағынып Бетпақдалада келе жатқанбыз. Әбден шаршаулы едік. Күн шақшиып тұр. Ауа қапырық. Көзім ілініп кеткен екен. Машина бір шоқалақтан өте бергенде оянып кеттім де, көзімді укаладым.

— Мынау не алдағы? — деп сұрадым.

— Аға, Жайлаукөлге келдік, — дейді жүргізуші жігіт.

Қалғып отырып байқамаған екен. Машина Шу өзенінің жағасында тұр.

— Радионды қосшы,— деді шоферға. Қосып жібергенде, Қайрат Байбосынов «Жайлаукөл кештерін» айтып жатыр. Ойпырм-ай! Алдында — Жайлаукөл! Радио толқынындағы ән — Жайлаукөл.

«Бұрын көрмеп едім сені, Илья. Сондай риза болдым! Елдің азаматы туған жердің мерейін осылай көтеріп жүрсе!.. Бұл керемет кой! Кезінде Жайлаукөлге келген студенттердің машинадан түспей, қызық жасағанын, кейіннен кейбіреуінің бастарын сауғалап қашқанын, бәрін білемін. Айта жүрерлік окиға бұл!.. «

Міне, «Жайлаукөл кештері» осылай тарады. Ілекең Арқаға барса да, Сыр бойына, Батысқа, Шығысқа барса да — «Жайлаукөл».

Бұл ән композитордың туған жерге деген перзенттік махаббатының белгісі еді!..

* * *

Бір жолы академик Серік Қирабаевтың үйінде үлкен отырыс болды.

Сол отырыста Ғабең — Ғабит Мүсірепов:

— Әй, әлгі Қоржынкөлді жазған (бір жағында Қамқалы, бір жағында Жайлаукөл бар сол көлдерді Қоржынкөл дейді. -Т.Ә.) бала осында ғой,— дейді жан-жағына қарап.

Ғабиден Мұстафин бастаған біраз жазушы Жайлаукөл жақты аралапты. Сол жерде Ықылас туралы әңгімелерді естіп, Ықыластың ауылына барады ғой. Сол кезде «Жайлаукөл кештерін» тындайды. Жайлаукөлдің сұрқын көріп, әнді тындап: «Ойпырм-ай, мынау не деген!.. Жастық романтика деген осы екен ғой», — деп тамсанады. Араларында Ғабит Мүсірепов те болады. Композитор Еркеғали Рахмадиев, қобызшы Сматай Үмбетбаев бар.

Серік Қирабаевтың үйіндегі сол отырыста Ғабит пен Ғабиден

Ильяны іздеді. Ілекең ол кезде жас. Жұртпен шүйіркелесіп дәлізде тұрған.

— Әнді жазған бала қайда? Шақырыңдар Ильяны!

Ілекең қос Ғабеннің тілегімен «Жайлаукөл кештерін» айтты.

— Ана жылы біз Абай еліне барғанда, Жидебай қорығы тулақ сүйреткендей, тап-тақыр боп қалған екен, — деді Ғабиден аға. — Соны Мұқаң қалай жазды. Мынау Жидебай қорығы деп айтуға болмайтын еді.

— Это художественное воплощение! — деп Ғабит аға қолын көтерді. — Бұл кәдімгі романтический ән! Соның арқасында бұл ән керемет болып отыр! Сен көрген, мен көрген Жайлаукөлдің сұрқы емес! Ғажайып, жердің жаннаты болып отыр! Міне, бұл — художественное воплощениенің арқасы, ей Сары! — деді Ғабиденге қарап.

— Ол рас, — деді Серік Қирабаев. — Біз баяғыда Абайдың еліне барғанда, Жидебай қорығы осы ма дегенде нанбай қойғанбыз...

— Ал, «Жайлаукөл кештері» сол өнірді таңғажайып ертегі дүниесіндей етіп алып кетті, — деді Ғабит Мүсірепов.

Қасындағылар Ғабенді қостады.

Илья Жақанов Қытайға барды, «Жайлаукөл кештеріне» кезікті. Германияның Кельн қаласына іссапармен барған «Шалқар» газетінің редакторы Уахап Қыдырханов магнитофон таспасын алып келді. Онда «Толағай», «Арқаның аруы», «Жайлаукөл кештері» бар екен. Енді бірде Ілекең Иран еліне барған кезде де, қазақтың көп әндерін естімеген, білмейтін ирандықтарға бір әншілер «Жайлаукөл кештерін» жеткізген екен.

Бүгінге дейін Қайрат Байбосыновтан бастап, Ілекеңнің бар шәкірттері осы әнді айтумен келеді. Жайлаукөл — Шу өзенінің кәдімгі поэтикалық картинасын жасаған, романтикалық шалқудан туған. Сол шалқумен жердің керемет көркін ашқан, жұртты ынтықтырып, құштар етіп қойған ән!

«Жайлаукөл кештері» — Ілекеңнің ән-ғұмырындағы жарқын белес! «Әселден» кейін композиторды дара көрсеткен, абырой әкелген ән!

*Мамыр, 2000 ж.*

## Кеңгірдің қоңыр кештері-ай...

1995 жылдың 25 маусымы.

Илья Жақанов Алматы-Қызылжар бағытына жүретін 15-ші жолаушылар поезымен Жезқазған қаласына жол тартты.

Күн ыстық. Купе іші тіптен тыншу. Әрине, ұшақпен де жетуге болар еді. Бірақ композитор табиғатқа, Арқаның сары даласына терезеден тамашалай қарап, беймарал, өзімен-өзі жайбарақат отыруды ұнататыны бар.



Жолаушылар поезы жүріп-жүріп келіп, таңертеңгі сегізде Жарық станциясына тоқтады. Осы жерде вагонды ағытты. Екі сағаттан соң Қарағандыдан келетін жолаушылар поезына тіркейді.

Ілекең вагоннан түсті. Перрон басы ығы-жығы, қып-қызыл базар. Сауда жасап отырған қыз-келіншектер мен жігіттердің дені қазақтар. Сатып отырғандары — құрт, ірімшік, айран, сүт, қымыз.

Жайлап жан-жағына қарап келе жатқан-ды. Қырықтар шамасындағы көркем, ақ сары келіншек көптен көрмеген танысын кездестіргендей айрықша жылыұшырай қарады-ай.

— Ағатай, жаңылыспасам сіз жазушысыз... Жақановсыз ба?! Атыңыз — Илья. Ой, ағай... сіздің әндеріңіз керемет қой?!. «Әсел», «Жайлаукөл кештерін» айтып өстік жасымыздан...

— Танымадым, айналайын...-Сәния есімім...Сіздің әндеріңізге ғашық жандардың бірімін. Бәрімізді тану мүмкін емес. Сіз жалғызсыз. Біз көппіз. Ой-бу-у, әне-е, поезыңыз да жүрмекші! Гудок беріп жатыр... Қалып қойманыз... Жезқазғанға барасыз ғой... Мына қымыздан ішіп барыңыз, міне...

Сатушы келіншек композиторға үш литрлік банкаға қымыз құйып берді. Поезд қозғальш кетті. Ілекең қымыз ішіп, терезеден далаға қарап жайбарақат отыр. Байқайды, елу төрт-елу бес шамасындағы ашаң жүзді, шашы аппақ, ұзын бойлы кісі купенің есігі алдынан ары-бері әлденеше рет өтті. Бір заматта келді де:

— Рұқсат па? — деді.

— Кіріңіз.

— Сізге сәлемдесейін деп... Илья ағасыз ғой...

— Отырыңыз. — Композитор бейтаныс жолаушыға қымыз құйып ұсынды.

— Жезқазғанға барасыз...

— Иә...

— Иә-ә... Кеңгір деңіз!.. Жезказғанды біз ертеде Кеңгір деп атайтынбыз. Өйткені қаланы орап Кеңгір өзені ағып жатады. Сол жерде үлкен су қоймасы бар. — Бейтаныс жолаушы кеседегі қымыздан кішкене ішті де, жанарын алысқа қадай түсіп әңгімесін бастап кетті.

— Ол кезде жас болатынбыз. Екі дос едік. Екеуміз де суретшіміз. Жезқазған жағадан салынып, енді-енді қала болып келе жатқан. Біз қаланың бір мекемесінде сурет салып жүрдік. Күні бойғы жұмыстан шаршаймыз да кешке жақын Кеңгірдің жағасына келеміз.

Арқаның балбыраған мақпалдай жұмсақ, әдемі қоңыр кеші болады. Самал соғып тұрады. Осындай сұлу, тыныш кездері біз көбінесе Кеңгірдің жағасында жүреміз. Бір күні бейтаныс қызбен таныстық. Екеуміздің ортамызда бір қыз. Енді біз үшеу болдық. Шабытымыз шарықтағандай. Көніліміз көтеріле түскендей. Қуаныштан, шаттықтан жүрегіміз жарылардай. Қызымыз ерке,

назды, қылықты. Байқаймын, керемет сүйемін. Досым да сондай сезімде-ау деймін. Мен, тегі, болмысымнан қызғаншақ жанмын. Сурет салып жүргенде де, салған суретім досымның салған суретінсн артық болуы керек деп ойлаймын. Өзімшілдік, қызғаныш, өзгені ойламау ортамызда қыз пайда болған кезде тіпті өршіді. Қыз да ерке, сылқым, үлбіреген бір жан. Міне, дәл қазір де, осы әңгімені айтып отырған кезімде көз алдымда тұр... Мен оны көріп отырмын. Еліктің лағындай ойнақтаған сұлу. Бота көз, шашы ұзын. Кейде жерден тік көтеріп аламыз. Қаңбақтай жеп-жеңл. Қылдырықтай белі тал шыбықтай майысып, міне-міне үзіліп кетердей. «Бұл жайнаған жұлдыз менікі», — деп ойлаймын. Ойымды осылайша әлдеқашан кесіп-пішіп қойғам. Досым да солай ойлайды екен. Бірақ бір-бірімізге білдірмейміз.

Кейде катер-қайық аламыз да, көлге шығып келеміз. Катер-қайық айдынды сызып кетіп бара жатады. Айдынның ортасында шалқып, әдемі әнге басамыз.

Күндер солай өтіп жатты. Мен өз көңілімде қыздың маған деген ілтипатына қарап, «бұл қызды Құдай маған жазған екен», — деп керемет сендім. Қыздың жүрегін жаулап алдым, мендік болуға тиіс деп жүрдім. Досым екеуі жағада жайрандап жүреді. Қызғаныштан жарыла жаздаймын. Кейде мен жүрем жағада қызбен. Досым кешігіп келеді.

Қыз біз үшін сұмдық сиқырлы құбылыс болды. Содан бір күні аяулымыз аяқ асты ұшты-күйді жоқ болды да кетті. Тұрмысқа шығыпты. Өзінің уағдаласқан сүйген жігіті бар екен. Ғайыпта қыздан айрылдық. Одан кейін досымның көңілі қандай, өзімнің көңілім қандай. Салдырап калдық. Енді, міне, талай заман өтті. Екеуміз де үйлендік. Өзіміздің сүйікті жарымызды таптық. Перзент сүйдік. Үш-төрт баламыз бар. Екеуміз де белгілі суретші болдық. Екеуміз де Қарағандыда тұрамыз. Балалар өсті. Кейде әлгі қыз есіме түседі. Ол қазір қайда? Хабарым жоқ...

Бейтаныс жолаушы аз-кем үнсіз отырды да, сөзін жалғады:

— Илья аға, ғафу етіңіз... Осы бір оқиғаны айтайын деп ойлаған жоқ едім. Сізді көрген соң көкірегімді кернеген, мені әбден толқыткан сырымды ақтарғым келді. Енді, міне, жеңілдеп қалғандаймын... Сіздің кейбір әндеріңіз ылғи сюжетке, қым-қиғаш оқиға мен тағдырға толы. Шыңғыс Айтматовтың шығармаларына жазған барлық әндеріңізді: «Әселді», «Данияры», «Жәмиланы», өзге туындыларыңызды да тебіреніп тыңдаймыз...

Бейтаныс жолаушы композитормен қоштасып, өз вагонына кетіп қалды.

Жолаушылар поезы кешкі он бірде Жезқазғанға келді. Ілекенді інісі Болат қарсы алды. Композитор вагоннан түсіп, амандық-саулық біліскен соң жалтақтап жан-жағына қарай берді.

— Біреуді іздедіңіз бе? — деді Болат.



— Иә...Сапарлас інішек бар еді... Әңгімелесіп бірге келіп едік.

Сөз арасында суретші: «Е-е, ағасы... нарық келіп өнер адамдары қаңғып қалдық қой. Сөмке арқалап, оны-мұны тауар сатумен айналысамын. Былайша айтқанда, ұсақ коммерсант болам...» деп еді. Ілекең анадайдан таныды. Сол, суретші жігіт. Қолында бір, арқасында бір қапшығы бар. Жезқазғанның көп халкымен бірге елеусіз ғана кетіп барады. Ешкім қарсы алған жоқ оны...

Бейтаныс жолаушы-суретші айтқан осынау оқиға композиторды күні-түні толқытты, мазалады. Ақыры, төртінші күні «Кеңгірдің қоңыр кештері-ай...» деген ән туды.

*Кеңгірде кіші бесінде,*
*Кейде бір қоңыр кешінде.*
*Жағада жүрдік үшеу боп,*
*Сол күндер, шіркін, есімде.*
*Сен-дағы сүйдің сол қызды,*
*Мен-дағы сүйдім сол қызды,*
*Аялап бақтық алаңсыз,*
*Жайнаған сол бір жұлдызды.*
*Нұрлы еді-ау, ай-хай, сол көктем,*
*Кеңгірде қайық тербеткен.*
*Аққудай сызып айдынды,*
*Алысқа ұзап ән кеткен!*
*Сен-дағы таптың жарыңды,*
*Мен-дағы таптым жарымды.*
*Баса алмай әлі келеміз,*
*Жүректе ыстық жалынды.*
*Кеңгірдің беті шарайна,*
*Самалын желпіп маңайға,*
*Барады күндер білінбей,*
*Боз қырау түсіп самайға.*
*Тағдырдың сыйы осылай,*
*Арманда қалдық, досым-ай.*
*Кеңгірдің қоңыр кештерін*
*Өтерміз әнге қосып-ай!* — деген жаңа әннің өзегінде сартап сағыныш, тәтті мұң бар еді...

Осы ән композитор болған жерде үш күн бойына айтылды. Әнді естіп, тарихын біліп, тан-тамаша қалған ақынжанды азамат, сол кездегі облыс әкімінің орынбасары Жұмағали Наурызбаев шарк ұрды. Дүниеге енді келген әнді жақсы әншіге айтқызу керек деп түйді. Ақыры лайықты әнші де табылды. Ол — Жезқазғанға танымал өнер иесі, талантты әнші Серік Оспанов еді... Композиторды облыстық теледидарға шақырды. Сұхбат алды. Жаңа ән жазылды.

Міне, бір әннің тарихы. Екі суретші жігіт пен бір қыздың хикаясы.

Егер композитордың өмірінде де мұндай оқиға болмаса, оған беріліп, елжіреп, тебірену мүмкін емес.

Иә, «Кеңгірдің қоңыр кештері» алпысыншы жылдардың әуенін қайта жаңғыртатын, қайта тірілтетін, қайтадан еске салатын өте бір сүйкімді ән болып, өзге емес, Ілекенді де әлі тербеумен келеді.

*Тамыз, 1995 ж.*

## ЕСІЛ БОЙЫ

1999 жыл басталғаннан қырғыз бауырлары Илья Жақановка: «Алла қаласа, алдағы жазда Шабдан батырдың тойы. Сіз соған қалай да келуіңіз керек», — деп ескерте бастады.

Ол тойға композитордың баратын жөні бар еді.

Ілекең 1987 жылы Қырғызстанға Жазушылар одағының «Арашан» деген демалыс үйіне Ықылас туралы «Кертолғоу» повесін жазуға келді. Әйгілі қобызшының қырғыздармен, Шабданмен байланысын зерттеді. Ол жерлер Кіші-Кемин, Чоң-Кемин деген аймақты алып жатыр. Солтүстік Қырғызстандағы Токмақтың желкесі, жоғарғы жағында тұратын Сарыбағыш елінің ұйтқысы, ұлкен манабы Шабданның елі, жері сол өңір.

Кезінде Ықылас пен Шабданның достығы күшті болған. Шабдан казақтың Ықыластай күйшісін қатты сыйлаған. Өзінің сарайында Күреңкей деген дарынды күйші өткен. Қырғыздар қомызшы дейді. Күреңкей — күй шығарған кісі. Осы Күреңкей мен Ықылас тату дос болған.

Ықылас Арқадан, Бетпақдаладан Шуға келіп қыстаған кезде Шабдан батыр: «Ал, қамданыңдар, казақтың үлкен күйшісі келеді», — деп күтіп отырады екен.

Осындай қадау-қадау тарихи деректер беймәлім бізге. Көп нәрсе құпия — жұмбақ. Ілекең болашақ кітап желісіне енетін сала-сала оқиға-эпизодтарды зерттей бастағанда, бірталай дүниенің беті ашылды. Сонда да қариялар: «О-о, біз Ықыласты білеміз, оның «Аққу» деген керемет күйі болған.

*«Ей, аққу-ай, аққу-ай,*
*Барар жерин Балқантоо,*
*Ал да биздин көрген тоо»* — деп қиякшылар қылқияқты шертуші еді» дейді. (Қырғыздар қобызды кияқ дейді. –Т.Ә.)

«Ықылас» романында Күреңкей мсн Ықылас қарым-қатынасы, оның сыртында — Шабдан батырдың сол кездегі қырғыз халқының тарихындағы орны, саяси-әлеуметтік жағдай — бәрі-бәрі кенінен қамтылған.

Осы оқиғаларды рет-ретімен жай ғана айтып отырғанда, Шыңғыс Айтматов пен Төлеген Қасымбеков Ілекенді асықпай тындады.



Әлі есінде. Бұл 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін, 29-ы күні болған сұхбат. Жалпы, Ілекең даталарды жадында берік сақтайды. Өзге нәрселерді естен шығаруы мүмкін. Бірақ осындай кездесулердің жылын, айын, күнін ұмытпайды.

Шыңғыс Айтматов әңгіме соңында:

— Мынау повесть емес, роман ғой, — деді. — Осыны жаза аласың ба, Илья? Егер жазсаң керемет болар еді. Себебі, біз Шабдан манап хақында айта алмай, ылғи жасырын лақап атымен қиқалақтап, болымсыз бір кітап құрастырған болып жатырмыз. Бұл керемет әулет! Бізден қандай көмек керек? Міне, Төлеген Қасымбековке тапсырам.

Ілекең Төлеген Қасымбековтің «Сынған қылыш» атты тарихи роман-дилогиясын қазақшалаған.

Шыңғыс ол жөнінде жақсы біледі. Және Илья Жақановтың жазушылық қабілетіне сеніп отыр.

— Енді дереу осы кітапқа кіріссең,-деді Шыңғыс аға.

— Жаңағы айтқан әңгімелерді дәл солай, қаз-қалпында, ештеңе қоспай жазып шықсаң, тарих алдындағы бір парызымыз өтелер еді. Үлкен ерлік болар еді.

Желтоқсанның соңында Ілекең Солтүстік Қырғызстанға жетіп, қыс бойы жазды. Романда камтылмақ деректерді асықпай зерттеді. Қырғызстанның Ғылым Академиясының қолжазбалар қорынан қажет материалдар алды. Жазушылармен, тарихшылармен кездесіп, сұхбаттасты.

Кітап үш айда жазылып бітті. Алпыс күнде қырғыз тіліне аударылды. Сосын баспадан жарық көрді. «Кертолғоо» (Қазақша «Ықылас») 1987 жылғы жыл қорытындысында, қырғыз әдебиетіндегі ең тандаулы роман деген атақ алып, тарихта алгаш рет Шабдан батыр өзінің нақты болмысымен тасқа басылды.

... Ілекең 1999 жылдың тамыз айында жұбайы Тиышкүл, ақын Есенғали Раушанов үшеуі бір күн бұрын Бішкекке келіп, «Пішпек» мейманханасына орналасты.

Шабдан батырдың бұл тойына Президент Нұрсұлтан Назарбаев шақырылған болатын. Елбасының қолы босамай, орнына ҚР Ғылым және Білім министрі Қырымбек Көшербаевты жіберді.

Көшербаев бастаған делегацияны Қордай асуындағы кеден бекетінде Қырғызстанның Ғылым және Білім министрі, Қазақстанның Қырғызстандағы елшісі, белгілі ақын Мұхтар Шаханов, тағы басқа кісілер қарсы алды. Ол топта Ілекең де бар еді. Көшербаевтың қасында үлкен ғалым, дипломат Мырзатай Жолдасбеков пен Қарасай, Қордай аудандарының әкімдері болды.

Саялы, салқын бақ ішінде дастарқан жайылды. Төрде — Мырзатай Жолдасбеков. Оң жақта — Илья Жақанов. Сол жақта Қырымбек Көшербаев. Қасында әріптесі — қырғыздың Ғылым және Білім министрі.

Қырғызстан мемлекеттік Ұлт аспаптар оркестрінің өнерпаздары шағын концерт қойды. Қырғыздың әндері, күйлері орындалып жатты, Шырайлы отырыстың әдемі бір тұсында қырғыздың Ғылым және Білім министрі:

— Біз Илья Жақанов ағайды жақсы білеміз. «Даниярдың обонынан» бастап қырғыздың композиторы боп қалды ғой Ілекең,— деді. — Ағаның концертін алдағы желтоқсанға жоспарлап отырмыз.

Бұл Илья күтпеген жаналық еді. Мұндай әңгімені бұрын естімеген. Министрді жақсы танымайды, айтылған әңгімеге сол жерде отырған қырғыздар да қосыла кетті. «Иә, Құдай бұйырса желтоқсанда өткіземіз» деді.

Сол кезде Қырымбек Көшербаев:

— Ал, біз қазан айында өткізгелі отырмыз, — дегені.

— Оу, ағайындар-ау, бұл керемет қой! — деді Мырзатай Жолдасбеков шаттанып. — Илья осы заманның Біржаны, Ақан серісі емес пе? Халық музыкасын бұл кісідей меңгерген адам аз. Әрі композитор, әрі өнер зерттеушісі, әрі жазушы. Жазғандары нағыз ұлттық әндер. Мен Ильяның әндеріне қызығып, құмартып жүрген жанның бірімін.

М.Жолдасбеков 1995 жылы Иранда елші болып жүрген кезде Тұрсынбек Кәкішев бастаған ғылыми экспедицияның құрамында Ілекең де Иранға барып, шетел қазақтарының әндерін жазған еді. Сонда Мырзатай аға он екі күн қатарынан Илья Жақановтың әндерін қайта-қайта тыңдап, тәнті болған.

«Құдай-ау, бұл не деген сала-сала әндер. Біз көбін білмейді екенбіз,— деп тамсанған. — Шіркін-ай, Алматыға оралған соң Республика сарайында сенің үлкен бір концертіңді өткізсек. Мен соның жүргізушісі болар едім», — деген Ілекеңе.

— Қырымбек бауырым, Астанада өзің айтқан концерт бола қалса, мен соны жүргізейін, — деді Мырзатай.

— Әрине, сіз жүргісесіз, — деді Көшнрбаев. — Ілекеңмен бірге оқыған екенсіз. Бірге өсіпсіздер. Екеуіңіз де мәдениет майданында қатар келе жатырсыздар. Жөні де, кисыны да келіп тұр. Осы тойдан кейін орынбасарым Ерлан Арынға тапсырма беремін. Бұны кешіктірмеу керек. Қыс түсіп кетеді. Арқаның қысы қатты. Ел болса жанадан барып жатыр. Үлкен мемлекеттің Астанадай ордасы орнығып жатқан шақта, көп нәрсе жетіспей тұрған кезде халықтың демін көтеретін осы Ілекендей адамдар бізге керек. Байқаймын, сүйікті ұлы, тамаша киноактер баласы Даниярдан айрылғаннан бері еңсесі түсіп, жүдеп қапты. Қабырғамыз қайыса өз қолымызбен Даниярды жөнелтіп едік. Одан соң Астанаға кеттік.

Басқа әндерін айтпағанның өзінде, Ілекеннің бір ғана «Еділ мен Жайық», Айтматов шығармалары негізінде жазылған «Әсел», «Даниярдың әні», «Жәмила» неге тұрады?!.



Ілекең ертең елге, Алматыға жеткен соң дереу концерттің атын айтыңыз, одан кейін Астанаға концертке келетін күнді ғана біліңіз. Басқасы біздің қолымызда...

Шабдан батырдың тойы ойдағыдай өтті. Ілекең ғылыми-теориялық конференцияда сөз сөйледі. Келген меймандар елдеріне қайтты.

Қырғыздар кейіннен: «Ілеке, сіз бізді 1999 жылы үш рет көтердіңіз, — деді. — Айтматов тойында. Өмірден, жолдан шаршап жүрген Шыңғыс ағаны, күллі қырғыз халқын музыкаңызбен көтердіңіз! Бұл — бір. Одан соң Шабдан манаптың тарихта алғашқы ғылыми-теориялық конференциясында батырдың кім екендігін, оның кезеңін, қырғыздардың саяси-әлеуметтік хал-ахуалын нақты, рет-ретімен, жөн-жосығымен әңгімелеген деректеріңіз екінші рет көтерді. (Ілекеңе желтоқсан айында Шыңғыс Айтматов атындағы халықаралық сыйлық табыс етілген болатын. Аталмыш сыйлық композиторға «Айтматов және музыка» деген тақырыпта берілген концерттерде ұлы жазушының «Жәмила» повесі бойынша жазылған «Даниярдың әні», «Жәмиланың әні», «Қызыл орамалды, шырайлым менің» повесі бойынша жазылған «Әсел», «Асылым», «Қош, Гүлсары» повесі бойынша жазылған «Бибіжан» әндері үшін берілді. — Т.Ә.)

Ал, үшінші рет Айтматов атындағы сыйлықты алған уақытта, Қырғыздың Ұлттық университетіндегі салтанатта Шыңғыс шығармаларына жазылған бүкіл шығармаларыңыз орындалғанда тағы бір аспандаттыңыз!..»

Бір күні Астанадан Ерлан Арын телефон соқты. «Илья аға, Құдай қаласа, Алматыға бара жатырмын. Қазір ұшаққа отырамын. Өзге шаруам жоқ. Тек сізбен әңгімелесемін де, дереу қайтамын», — деді. Үш-төрт сағат өтпей Ерлан композитордың үйіне келді. Шай ішіп, асықпай сұхбат құрды. Концерттің атын сұрады.

— Тау мен дала әндері, — деді Ілекең.

— Жақсы ат екен, — деді Ерлан. — Ұмытпасам, Шыңғыс ағаның да «Повести горы и степей» деген кітабы бар еді...

— Тура айтасың. Шыңғыстың сондай жинағы бар.

— Расында, ойлап отырсам, сіздің әндеріңіз өзі...негізінен тау мен дала туралы. Анау «Балқантау», «Сырымбет», «Толағай», «Қыз емшек»...толып жатыр.

Ерлан концертке қатысты ұсақ-түйекке дейін тәптіштеп, сұрап білді де, кетіп қалды.

Уақыт жылдам өтеді...

Қыркүйектің соңында Ерлан Арын композиторды Елордаға шақырды. Қазаннның 2-і күні Ілекенді өзі пойыздан қарсы алды.

— Аға, Астана осы, — деді Ерлан. — Күннен-күнге құлпырып барады. Өзіміз де онша байқамаймыз. Сырт көзге сезіледі. Көріңіз, танысыңыз. Бұрын мұнда келіп пе едіңіз?

— Былтыр бірер күнге тоқтағам...

Иә, онда Ілекең қаланы көп аралай алмаған. Ал, қазір қалада құрылыс қарқынды жүріп жатыр.

Көшелер мен даңғылдар кең. Көркті үйлер қатары молая түскен. Әсіресе, Есілдің бойы сондай әдемі!

Ерлан екеуі Есіл бойын жағалап біраз жүрді. Түс мезгілінде шай ішті. Одан соң Ілекең шамалы демалды. Тұрған соң телефон шалып, Қырғызстанның Қазақстандағы елшісі, ақын Акбар Рысқұловты шақырды. Екеуі тағы Есіл жағасына — әуежай жақтан келетін тас жолмен кіре беріс тұстағы көпірге жетті. Бұл жерде Есіл тіпті сұлу көрінді.

Композитор тура осы жолмен сонау 1957 және 1998 жылы жүрген болатын. Енді үшінші рет келіп тұр. Шымырлап үн-түнсіз ағатын ерке Есіл Ілекеннің жан дүниесін баурап әкетті. Қатты толқытты. Тебірентті. Бір кезде кең тыныста әуен құйылды көкірегіне. Ыңылдап айта бастады. Жаңа ән еді бұл! Сол күні ақшам мезгілінде «Есіл бойы» дүниеге келді. Сөзін Акбар ақын жазды. Қазақшалаған жас ақын Айбатыр Сейтақ.

*Есіл бойы ежелден-ақ,*
*Көмкерілген саябақ.*
*Есіл сұлу келбетімен,*
*Мың бұралып жай ағад.*
*Толқындары тербетілген,*
*Астанамды аялап...*

Ән туған соң Есілге Акбар екеуі түнде тағы келді. Ілекең есіне артта қалған жастық шағы, студенттік жылдар оралды. Одан кейін де Есілге талай шомылған. Біржан, Ақан сері тарихын зерттеп жүріп, Көкшетау, Қызылжарға келгенінде көрген. Қызылжардың Омбы бағытына шығар тұстағы Есілдің сұлулығы ғаламат! 1995 жылы жазда осы жолдардың авторымен бірге Мағжан ақын туралы деректі бейнефильм түсіргенде де Есілге шомылып, салқындап, тәнті болған көркіне! Жағалап ұз-а-а-қ жүрген...

1998 жылдың желтоқсан айында Ілекең профессор Тұрсынбек Кәкішевпен сұхбат құрып отырған бір сәтте «Есіл керемет толқытып жүр» деген болатын. Толқып, тебіреніп айтқан! Көз алдына ерке Есіл келген! Бірақ ән шыға қойған жоқ онда.

Содан бері бір жыл өтті.

Әннің сөздері композиторға ұнады. Әуен-сазбен жымдасып, бірін-бірі толықтырды. Сабақты ине сәтімен келді...

Ілекең Акбарды көптен біледі. Ол кезде Акбар жас. Қырғызстанның республикалық «Лениншіл жаш» газетінің бас редакторы. Басшылық жұмысқа ерте араласқан азамат, жаны да, өзі де әдемі қырғыздың сұлу жігіттерінің бірі. Адамгершілігі мол, өнер адамында кездесетін асып-тасу жоқ. Ақыл-парасаты кең. Бұрын Алматыда



елшілікте жүргенде Есенғали Раушанов пен ?лықбек Есдәулетов тәржімалаған бір өлеңдер жинағы жарық көрді. Сол кітапқа байланысты телехабар түсірілгенде Ілекең сөз сөйлеп, пікір айтқан.

... Есілдің кешкі көркі ғаламат! Самаладай жанған түнгі сәуле. Түнгі нұр. Бәрі-бәрі өзен бетіне айнадағыдай түседі. Сөйтіп, вальс-ән туды. Әсіресе, қайырмадағы иірімдер жүректі шымырлатып, кімді болсын әлдекайда... ту— ту алысқа... адам өміріндегі жастық шақ аталатын жасыл жағалауға жетелейді...

Шақырады қол бұлғап, қайран жастық! Жалындаған жиырма бес!

*Шалқыған Есіл бойы,*
*Бақытым бұл өмірде.*
*Әнтұнған Есіл бойы,*
*Жақұтым жыр елімде.*
*Жүрсем де шалғайда,*
*Есілім жүрегімде...*

Ертеңіне әнді Астанадағы ұлт аспаптар оркестрінің бас дирижері Мырзағали Айдаболов тындады. Серікжан деген жас композитор екеуі әнге қызықты. Сол жерде нотасы жазылды.

Концерт тақалған кезде дирижерлер, әншілер, қалалық мәдениет басқармасының басшылары «қалай басталып, қалай аяқталады» дегенде, Ілекең:

— «Есіл бойы» әнімен басталып, «Еділ-Жайықпен» аяқталады, — деді.

Ал, енді кім орындайды деген мәселе көтерілгенде Ілекең Бибігүл Төлегенованы ойлады.

Композитор ертеңіне Алматыға келді. Бибігүлмен сөйлесті. Бұл кезде әйгілі әншінің 70 жылдығы таянған еді. Және өзі оқытатын консерватория студенттерінің емтиханы да Илья Жақановтың концерті өткізілетін уақытқа тура келіп отыр.

Ілекең әндерін жан-тәнімен жақсы көретін Бибігүл: «Қалайда баруға тырысамын. «Еділ-Жайықты» менен басқа ешкім айтпасын», — деп құлшынып бақты. Бірақ, жеме-жемге келгенде Елордаға бара алмайтын болды.

«Ойбай-ау, бұл әнді айтатын Ғалия бар ғой Астанада!», — деді Бибігүл қуанып. Ғалия Биғазинова композиторлардың нысанасында болатын. Мырзағали Айдаболов екеуі «бір айтса, Ғалия айтады», — деп болжам жасаған.

Ғалия жақсы әнші, оның дауыс иірімі, нәзіктігі қандай десеңізші! Жалпы, Ілекең «Есіл бойы» вальсінің ойдағыдай шығатынына сенімді болатын. Бірақ қобалжыған. Үйқысыз түндер көп болды. Ал, «Есіл бойы» бірден дүниеге келмеп еді...

Со-на-у 1957 жыл. Студенттік шақтар. Ақмола облысының бұрынғы Қима ауданы тұсындағы өзеннің арналары. Жұлдызды

түндер. Қалқыған ай. Жұлдыз біткен Есіл үстінде жусап жатады. Осы сурет композитордың көз алдына күні бүгінгідей қазқалпында келе қалады. Қазір 1999 жыл. Демек, қырық екі жыл бойы Есілге құмартты. Ақыры ән болып өрілді. Ылғи осылай. Шыны керек, кейбір композиторлар сезім жетегінде асығыс ән шығарып жатады. Жүректен шықпаған ән жүректерге жетпейді. Қысқа болады ғұмыры. Ондай әндер көп. Қазір тыңдайсыз, қазір ұмытасыз. Ілекең олай етпейді. Ерке Есілге қырық екі жыл бойына ынтықты...

Есілдің суы мақпалдай жұмсақ! Өзі жылы. Тұнып, шымырлап үн-түнсіз ағады. Бірақ сырт көзге солай көрінгенімен, арғы жағы қайнап жатыр.

«Еділ-Жайық», «Ойыл толқыны», «Жайлаукөл кештері», «Ағады Ертіс», «Ыстықкөл», «Кеңгірдің қоңыр кештері-ай»... Бұл жөнінде Акбар ақын «Илья ағамызды бір жолға су композиторы десек те болады», — дейді әзілдеп. Су демекші... Су дегеніміз дариялар! Ұлы дариялар!

Орыстың атақты үш ақыны — Пушкинді, Кюхельбехерді, Дильвигті суға теңейді. Мәселен, Пушкин асып-тасып, шалқып жатады. Ол буырқанған асау толқын! Дильвиг жай ғана толықсып, Есіл сияқты ағады. Ал, Кюхельбехер көгалда секіріп-секіріп жүгірген күміс бұлақ сияқты. Ілекеңнің әндері де тыныстық, кең. Арқаның даласындай керіліп жатыр. Ішкі тегеуріні Пушкинге келеді. Ал, сырты... мамыражай толықсып ағатын ерке Есілдей... Дильвигке ұқсайды! Тыңдап отырып демаласыз! Рахат сезімге бөленесіз! Алайда, іштегі екпін, темперамент мықты! Буыркана толқиды, аласұрады. Ол өмірге ынтызарлық, ыстық махаббат.

Бұған біз «Есіл бойы» әнін де қосар едік.

*Ақпан, 2000 ж.*

## ҚАЙРАН ӨМІР...

1958 жылдың ақпан айы.

Ол кезде Илья университетте оқиды. Алғашқы әндері айтылып, аты шыға бастаған. КазГУ-дің филология факультетінің үшінші курс студенттері Кеген ауданының Жаланаш селосына практикаға барды.

Жаланаш орта мектебінің директоры ашық-жарқын жігіт ағасы екен. Мектебі аудан бойынша үлгілілердің қатарында. Ұжымда жасы келген ұстаздар да бар. О-о, ол кездегі мұғалімдер зиялы, мәдениетті, еңбеккор, білімді жандар ғой! Ильяның әкесі Жақаң да — ауыл мұғалімі. Содан ба зейнеткерлік жасқа таяған ұстаздарды іш тартады.



КазГУ-ден барған жетекшілері — Сейділда Ордалиев пен Ақанай Дәулетова апай.

Ильянын «Салтанат», «Ақ қайын» әндері осы мектеп қабырғасында да айтылды.

Әдебиетші Ордалиев ақын-жазушылардың шығармашылығын әңгімелесе, бабына келген бәйге атындай қызды-қыздымен шабыттана ұзақ сөйлейтін. Әсіресе Қуандық Шаңғытбаевтың поэзиясына келгенде жанып кететін. Ақынның Пушкиннен, Лермонтовтан, Омар Хаям мен Рудакиден аударматарын оқығанда арқаланып шыға келетін.

*... Татьяна жазған хат мынау:*
*Ардақтап әлі келемін.*
*Оқысам, мұңға баттым-ау,*
*Сонда да оқи беремін...* — деп өлеңдете жөнеледі. «Евгений Онегин» өлең-романынан үзінді оқып.

Қызықты сондай әңгімелерінің бірінде Сыдық Мұхамеджановтың «Қу дала» әнінің сөзін Қуандық Шаңғытбаев жазды дегені есінде.

— Бұл теңдесі жоқ романс! — деді тебіреніп. — Керемет!..

Арада біршама уақыт өтті. Илья Университетті бітіріп, «Қазақстан» пионері» газетіне жұмыска келді. Жаңа әндері бірінен соң бірі шығып жатты. «Жан сәулем», «Алматы кешінде», «Жалғыз қайық» жастардың сүйікті әндеріне айналды.

Баяғыда Ордалиев айтқан Қуандық Шаңғытбаевтың «Қу дала» әні есіне жиі түсе беретін. Әннің кейбір шумақтары жадында қалған.

1984 жылғы жаз айында Қуандық Шаңғытбаев пен композитор бір үйде қонақта болды. Сонда ақын қол сүртетін салфетканың шетіне фломастермен «Қу дала» өлеңін жазып берді.

Алдында бір әңгімелескенінде:

— Илья, сен лириксің, — деген, — Тонкий лиризмнің адамысың... Әндерің қандай сенің...

Сөйтті де жабырқап, мұңайып қалған...

*Ертеңінде композитор өлеңмен танысты.*
*Қу дала,*
*Жалғыз қалған жапанда бір мола.*
*Бұл дүниеден кеткен ол біржола,*
*Қайран, өмір,*
*Қайран, өмір, өмір-ай!..*

Мұңды ән әуені баурап бара жатты... Үніліп, зерделей қараса, «Қайран өмір» деген сөз жоқ өлеңде. Қосқан өзі.

Ары қарай оқыды:

*Қу дала,*
*Жалғыз қалған жапанда бір мола...*
*Қайран, өмір,*
*Қайран, өмір, өмір-ай...*

*Қыз ба екен,*
*Кімге көзін бір кезде сүзді екен.*
*Ажал неге жас гүлді үзді екен?*
*Қайран, өмір-ай...*

*Жігіт пе,*
*Көрде жалғыз жатарын біліп пе?!*
*Қалды-ау, енді арманда, үміт те,*
*Қайран өмір-ай...*

*Қу дала,*
*Жалғыз қалған жапанда бір мола,*
*Біз де бір күні кетерміз, біржола...*

*«Қайран, өмір-ай...»* деген сөзді Илья қосып отыр. Әннің әуезі осылай құйылып келеді де, Қуандық ақынның мәтіні біткен жерде:

*Қайран, өмір,*
*Қайран, өмір, өмір-ай...* — деп егіле толғайды ән.

Бір күні Илья Қуандық ағаның үйіне телефон шалып, жаңа туған ән жөнінде айтқанда ол кісі қатты қуанды.

— Бәсе-бәсе, білгем ән жазарынды, — деді тебіреніп. — Илья, сен тонкий лириксің... Біздің үйдегі Мәриям жеңген қатты аурып жатқанда, сенің әндеріңді естіп, әуеніне қызығып, «Ильямен мені сөйлестірші» дегені, төсекте жатқан жерінде, бір жарым сағат сөйлескені есінде шығар?!

— Есімде, аға, есімде, — деді Илья да толқып.

Қалай есінде болмасын?! Жәмила жеңгей: «Ойпырмай, Илья шырағым-ай, адам жүрегінен осындай әуез қалай туады?! Сенің әндеріңді тыңдаған сайын өлгім келмейді, тыңдай бергім келеді», — деп, «Даниярдың әні» мен «Жәмиланы» айтып рахаттанған еді...

— Есімде, Қуандық аға.

— Илья, әнді «Қайран өмір» атапсың. «Қу далаға» алғаш ән жазған Сыдық Мұхамеджанов қой. Сен бұл әнді Сыдыққа айтшы.

Илья әне жолығам, міне жолығаммен уақыт оздырып алды. Және ойлап отырса, жасы үлкен қадірлі ағасымен бәсекеге түскендей әбестік емес пе?!

1989 жылы Сыдық Мұхамеджановпен жиі-жиі жолығып, сұхбаттасуға тура келді Ілекеңе.

Сыдық «Ақ Баян» операсын жазып жүрген. Қатты шаршайды да таза ауада серуендегісі кеп Ильяға телефон соғады:

— Қолың бос па? — дейді қыска амандықтан соң. — Қаланың ызын-шуынан оңашалау судың жиегіне барып әңгімелессек қайтеді?!

Күнде солай. Көбінесе Қаскелең жаққа 17-ші шақырымдағы саяжайларға тақау ойдым-ойдым көлшіктерді бойлап асықпай әңгімелеседі.

Сондай кездесулердің бірінде Илья жаңа әні туралы әңгімеледі. Сыдық аға Ильядан әнді айтуын өтінді. Тыңдаған соң:

— Жақсы ән! — деді ойланып. — Тамаша! Мұны сен радиоға бер.

— Өзіңіз «Қу даланы» неге ұсынбайсыз?

— Мен баяғыдан самарқау тірлікке үйренген адаммын. Және әншілердің де ыңғайы келе бермейді. Жә, қозғап қайтесің оны?! Мені тыңдасаң, мына әнімді жақсы тенорға бер.

— «Қу далаға» алғаш ән жазған сізсіз. Сондықтан алдыңыздан өткім келмейді.

— Әнге қиянат жасама.

— Өзіңіз де қиянат жасап отырсыз...

— Оның мәнісі бар. Сенің әнімді кез келген тенор айтады. Ал, менің көңілімнен шығатын әншілер жоқ...

— Әннің атын неге «Қу дала» деп атадыңыз?

— Өлеңнің атына сай алып едім.

— Мен «Қайран өмір» деп отырмын. «Қу» деген бір түрлі. Қу адам, қу тіршілік, қу өмір дейміз...

Сыдық өзіне-өзі ренжігендей түйіліп, ойланып қалды. Бірақ сол әнін ешқайда ұсынған жоқ.

Кейіннен Ілекен Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында Сыдық Мұхамеджановтың шығармашылық кешін жүргізді. Концерттен соң әншілер Ғафиз Есімов, Кенжеғали Мыржықбаев, Қорлан Қалиланбекова, тағы басқа әншілер Сыдық ағаға жайған дастарканнан шай ішті. Ілекең көпшіліктің қолқалауымен «Қайран өмірді» айтты. Сонда Сыдық Мұхамеджанов:

— Бәрің де әншісіңдер. Сендерге не керек екенін айтайын ба?!. Мынау керек, — деп жүрегін көрсетті.. — Жаңа Илья орындаған ән қандай?! Неткен романс?! Осындай сезімді бермейсіңдер. Осы өлеңнің сөзіне кезінде мен де ән жазғам. Бірақ көңілдегі әншім табылмаған соң айтылмай қалды.

Сол жылы Сыдық Мұхамеджанов дүниеден озды...

* * *

1995 жылдың жаз айында Илья Қуандық Шаңғытбаевтың 70 жылдық тойына орай ақынмен бірге Ақтөбе облысының Әйтеке би, Ырғыз, Шалқар аудандарын аралады.

Бірнеше машина Әйтеке би ауданына қара жолмен жүріп келе жатқан.

— Илья, кідірейікші! — деді Қуандық аға.

Машиналар тоқтады.

— Илья, бері кел, — деді Қуандық. — Анау ескі бейіттерді көрдің бе? Бұл араны Қарлау атайды. Менің туған жерім. Ата-бабаларым осында жерленген. Сонау жылдары бір келгенімде сен ән жазған өленді осы бейіттерге қарап шығарған едім. Шынында, бұл қорымда кімдер жатыр?І Хан ба, батыр ма, қыз ба? Әлде, жігіт пе?!

Бұл жерді енді көремін бе, жоқ па?! Алла біледі. Илья, айналайын, «Қайран өмірді» айтшы?!

Композитор қатты қиналды. Қилы-қилы ойларға берілді. «Бүгін тіршілік етіп жер бетінде жүрміз. Дәм-тұзымыз таусылған кезде фәниден бақиға озамыз. Хан да, қара да өтеді өмірден. Мәңгілік кім бар дейсің?! Қара жерге бәрі сыяды. Сыйып та жатыр. Әндеткеніміз қалай болар екен?!»

— Илья, мен ақынмын, сен композиторсың, — деді Қуандық аға. — Біздің дұғамыз осы ән болады. Тартынбай айт, айтпасаң ренжимін. «Әттең-ай!» дегізбе?!.

Илья әнді бәсең дауыспен айтып шықты. Қуандық Шаңғытбаев мұңайып тұрды да, көзіне жас алды.

— Жарар... болды! — деп машинаға бұрылды...

Қуандық ақын екі жылдан соң қаза болды. Сол жолы, әнді тыңдай тұрып, туған жерімен қоштасқан сияқты...

«Қайран өмір» әнінің тарихы осындай...

Илья Жақанов эфирге әлі ұсынған жоқ. Білетін адамдар жиын-тойларда, отырыстарда шырқайды. Шырқайды да қатты күйзеліп, ауыр сезімдерге беріледі...

Бір күні композитор «Қайран өмірді» пианинода тартып отырғанда ұлы Данияр қасына келіп:

— Папа, осындай шерлі әуенді кісі қалай көтереді?! Ән туғанда жүрегіңіз қайтіп шыдады?! — деді тұнғиық ойларға беріліп. — Дегенмен, гениальный романс! Бір айтса, Ришат Абдуллин айтар. Өзге әншілерге қимаймын...

Бұл сөзді қайтыс боларынан екі-үш жыл бұрын айтып еді Данияр.

Ұлының сол сөзі есінен шықпайды.

Нені меңзеді?!.

Қайран, өмір-ай...

*Қаңтар, 2002 ж.*



# ҮШІНШІ БӨЛІМ

## Драмалық хикаят



# ШЕШІМ

*(бүгінгі трагедия)*

**Қатынасушылар:**

**Мейіржан** — суретші жігіт, 30 жаста
**Ақнұр** — қалыңдық, 27 жаста
**Меңсұлу** — Ақнұрдың құрбысы
**Орал** — Меңсұлудың курстасы
**Әділ** — Ақнұрдың ашынасы, 37 жаста
**Зағипа** — Ақнұрдың анасы
**Мырзағали** — Ақнұрдың әкесі
**Омар** — Ақнұрдың ағасы
**Балнұр** — Ақнұрдың әпкесі
**Шұғайып** — Мейіржанның көршісі, 73 жастағы кәрия. Тақуа, діндар кісі.
**Уәлихан** — Мейіржанның жерлесі, жатақханада бірге тұрған
**Асылжан** — Мейіржанның ағасы
**Үмітжан** — Мейіржанның анасы, 77 жаста
**Мәжит** — Шұғайып кәрияның немересі
**Ержан** — Мейіржанның ұлы, 2 жаста

**Миссионер протестант насара дінін уағыздаушы 2 жігіт пен 1 қыз және месхед тәжік әйелі.**

## I бөлім

Қонақ үй. Оңаша бөлме. Төрге тақау телевизор, қатарында ағаш кереует, аласа тумбада телефон... Шағын бөлме ішін әуезді музыка үні кернейді... Стол үстінде аузы ашылған коньяк пен шетелдік шарап... Ақнұр мен Әділ екеуі танго билеп жүр...

* * *

**Ақнұр:** — Адик, сен шынымен бүгін кетесің бе?!

**Әділ:** — Солай боп тұр, жаным...

**Ақнұр:** — Кетпеші-і... Тағы бір күнге қалшы... Қимаймын сені... Бар ғой, мен саған кере-ме-ет бауыр басып каппын... *(Басын Әділдің иығына сүйейді)*

**Әділ:** — Бір аптада ма?!

**Ақнұр:** — Енді ше?! Саған ұзақ па, сонда?!.

**Әділ:** — Жо-жо-ок... Атама! Ұзағы не? Сенімен кеше ғана кездескендеймін... Жа-ны-м, менің де жүрегім үзілгелі тұр... Не істейін... *(Әділ Ақнұрды тамағынан иіскеп, сүйеді) Отырайықшы сәл...*

**Ақнұр:** — Иә, отырсақ, отырайық... Құйшы шараптан... Сенімен коштасатын күнде мас болсам арманым жоқ...



**Әділ:** — Манадан бері қанша іштім... Қайда кетіп жатыр сол әзәзіл-захар!..Қайда-а?! Түсінсем бұйырмасын... О — о, махаббат!.. Шынында, мен саған ғашықпын, жаным!.. Ал, ғашық жан... құлды жынды көбелек! Жанып жатқан отқа түссе де, терең-терең иірім суға кетсе де, әй-әй, білмеймін, көзсіз сокыр ғой... көзсіз...Қайран Мағжан ақын, қалай дөп басып айтқан десейші!

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қанымa.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,
Патша тағы, бүкіл дүние малына...
Ғажа-ап емес пе, ә, Ақнұржан!

**Ақнұр:** — Дұрыс айтасың, Адик!.. Ақиқатына келсем, мен бір бағы жанбаған бейшара қызбын... Ақындардың өленін, сезімін онша түсінбеймін... Ауылда туғанмен... тікбақай боп, қалада өстік... Көргеніміз тас көше, тас қабырға, тасжүрек адамдар!.. *( Мұңайып, бір нүктеге қадала қарап отырады.)*

**Әділ:** — *(Ақнұрдың қасына келіп, отырады да, құшақтап жұбату сөздерін айтады)* Түсінем... мені кінәлап отырсың... Әлгі, тасжүрек адамдардың ішінде мен де бармын...

**Ақнұр:** — Жоқ, Адик... сен жоқсың ол адамдардың арасында... Сен жоқсың... Кінәлі, мына меңмін... *(Орнынан тұрып, қабырғадағы айна алдына кеп шашын саусағымен салалайды, кофтасының жағасын түзейді. Сонсоң түк болмағандай күліп...)* Адик, сен ешнәрседен қысылма, ұялма! Ауылда әйелің, үш балаң бар екендігін... сен айттың, жасырмадың... Мен ғой кенедей жабыскан!..

**Әділ:** — Жаным, сен өйтіп өзіңді-өзің кіналай берме! Менің де катысым бар...

**Ақнұр:** — Сені кінәламаймын!.. Қалай деуші еді қазақ атам: " Қатын жолда, бала белде ме?!." Ертең үйіңе барасың...түк болмағандай. Жарынды, балаларынды көргенде бәрін ұмытасың... Ал, мен бейбақ... не істеймін десеңші?!.

**Әділ:** — Жә, өзіңді-өзің жегідей жеп, боркеміктене бермеші, жаным!.. Қажет болса... бір аптадан соң тағы келем!.. Келгенде бар ғой, тура бір ай қасында болам!..

**Ақнұр:** — Адик, шынымен келесің бе?! *(Ақнұр қуанғаннан Әділге тақай түседі, басын жігіттің төсіне қояды)*

**Әділ:** — Бір өтірігі жоқ... Кел, сол үшін ішейік... *(Екеуі жайғасып отырған соң, Әділ рөмкелерге коньяк құяды да, қағысып алып қояды. Әділ Ақнұрдың бетінен сүйеді де, тұрып магнитофон қосады. Бөлме ішін әуезді музыка үні кернейді.)*

**Ақнұр:** — Адик... сүйгенінді зарыға күтіп, сағынған, мұңайған жақсы—ау!.. Бірақ, бірақ... менікі алдамшы бірдене...

**Әділ:** — Сені түсінем, жаным... Жүрегінді жаралағаным рас...

**Ақнұр:** — Сені түсінем, жаным... *(Тұрып, арлы-берлі жүреді)* Жә, Қайтейін... Мен де сені ұнаттым... *(Тұрып, арлы-берлі жүреді)* Жә, сарыуайымға салынбайықшы... Бір жөні болар... Маған да... сені

Алматыда қалдырып кету оңай емес... Ой, өмір–ай!.. Тым болмаса жеті-сегіз жыл бұрын неге кездеспедік екен?!

**Ақнұр:** — Онда не істер едің?!

**Әділ:** — Тұп-тура... ойланбастан үйленер едім...

**Ақнұр:** — Әй, қайдам-м!.. *(Пауза)* Бірақ, осы кездесудің өзі дұрыс па деймін...

**Әділ:** — Не-ге... неге-е, олай дейсің?!

**Ақнұр:** — Өйткені, мұндай қысқа кездесулер... ыстық әрі тәтті келеді...

**Әділ:** — Бұл пікіріңе келіспеймін, Ақнұржан!..

**Ақнұр:** — Келісесің бе, келіспейсің бе, ол өз шаруаң... *(Пауза)* Еркек атаулы... то есть, жігіттердің бәрі демей-ақ қояйын... көпшілігі көзі түскен қыз-келіншекті қолына түсірген соң, батыл һәм батыр келеді... Қыз байғұстың жолы жіңішке болғандықтан, бар бітіретіні мұңайып, жылап кала береді?! *(Пауза)* Осыны өтірік деші?!

**Әділ:** — Жаным–ау, әне... тағы да мені тығырыққа тіредің–ау! Қайтейін-н... Онсыз да, жүрегім тілім–тілім... *(Осы кезде есік қағылады. Әділ барып бөлме есігін ашады)*

**Меңсұлу:** — Кеш жарық!.. Айып етпеңдер, ынғайсыз уақытқа тап болдым ба?!.

**Әділ:** — О-о, Меңсұлужан! Жақсы келдің, оз төрге! Кәне-кәне... *(Әділ Меңсұлудың қолынан жетелеп, стол қасына әкеледі. Меңсұлу тартыншақтап...)*

**Меңсұлу:** — Рахмет, Әділ... Кешіріңдер... мен сендердің мазаларыңды алайын деген жоқ едім... Жұмыс реті ғой... Аяқ астынан комиссия кеп, бөлмелердің бәрін аралап жүр...

**Әділ:** — Одан неге үркеміз?! Бір аптадан бері тұрып жатқан, заңды бөлмем... Ну и что тексере берсін?!

**Ақнұр:** — Адик, сен бағана, түсте... бөлменді кезекші әйелге тапсырып едің ғой?!

**Әділ:** — Солай ма?

**Меңсұлу:** — Иә, тапсырыпсың... Мен де жаңа көрдім...

**Әділ:** — Қыздар-ау, екеуің бірдей айтып тұрсандар, рас болғаны да... *(Пауза)* Жә, онда бір-бір рөмке коньяк ішейік... Содан соң мен табанымды жалтыратайын... Келістік пе?

**Ақнұр мен Меңсұлу:** — " Келістік, келістік!" дейді бірінен соң бірі. Үшеуі жылдам, үн-түнсіз рөмкелерін соғыстырып, алысып кояды.

*(Әділ сырт киімдерін киіп, қолына жол сөмкесін ұстайды)*

**Әділ:** — Ал, сау тұрындар! Кездескенше!.. Мені шығарып саласың ба, Ақнұржан...

**Ақнұр:** — Жоқ, бармай-ақ қояйын... Мен... көнілім босап... жылаймын ғой... *(Мұңаяды)* Үйіне жеткен соң телефон шаларсың!.. Әлгінде, бір аптадан соң... келем дедің емес пе?!.



**Әділ:** — А... иә... келеді екем ғой... *(Әділ қыздармен қоштасып, шығып кетеді).*

**Меңсұлу:** — Сен маған ренжімейсің бе?!

**Ақнұр:** — Не бұлдірдің тағы?!.

**Меңсұлу:** — Ештеңе де... Баяғы сенің қамың....

**Ақнұр:** — Қашаннан жаның аши қалды... Әділ, Әділ деп таныстырған өзің емес пе?! Әне, ол да тайып тұрды ухит-сухит деп... Сен таныстырған жігіттердің көнілін табамын деп... көрсекызар, желөкпе болғанымды енді білдім... *(Ақнұр мұңайып, жылайды)*

**Меңсұлу:** — Ақнұр-ау, мен, мен... саған дұспанмын ба?!

**Ақнұр:** — Дұспан емессің... дұспаннан алыс та кеткен жоқсың... Екеуміздің де шекеміз шылқып, жетісіп тұрғанымыз шамалы...

**Меңсұлу:** — Енді...осы жерде отырып... бет жыртысамыз ба? Сен танысқан жігіттердің арасында, жібі түзу біреуі кезіге ме дегенім ғой. Оны білгенде... сені қонақ үйді былай қойып, маңыма жолатамын ба?!. "Шығасыға иесі басшы" деуші ме еді... *(Пауза)*

Кешір, құрбым! Біле білсең, саған деген иненің жасуындай арамдығым жоқ... Сөксең сөге бер...

**Ақнұр:** — *(Жылауын қойып, басын көтеріп түзеліп отырады)* Жоға, сені жазғырудан аулақпын, құрбым. Адиктын, Әділді айтам... не сиқыры барын, көрген жерден құладым да қалдым... Өзі де, келсең кел деп тұр екен... Меңсұлу... бар ғой... кейінгі кезде мен еркек атаулыға сондай... жылдам арбалатын болдым... Әділдің алдындағы Талғатқа да, Сұңғатқа да, Ромаға да жүрегім үздіге ғашық болдым... Бұл жақсылық па, жамандық па?!. Және еркектерді сүюім қалай шапшаң болса, суынып шыға келуім де сондай тез — қас қағым сәт... *(Таңданып, қасын кереді)* Бұл не сонда?! Жоқ, әлде... менде жүрек жоқ па?! О, тоба! Не жаздым талқы тағдырға!..

**Меңсұлу:** — Өйтіп таусылма, Ақнұр! Сенің өміріңде де, ұдайы боран-шашын бола бермес! Күлімдеп көктем, жадырап жаз да шығар! Менің де жолым кисық-бұралаң... біле білсең! Некелі күйеуім бар дегенім болмаса, отасқанымызға он үш жыл өтті, өзің білесің, әлі сәбиіміз жоқ!.. *(Пауза. Мұңайып, даусы дірілдеп шығады)* Ал, ананың барша бақыты, бауыр еті — баласы екен ғой!.. Түнде көзім ұйқыға енгенше небір ойлар миымды шабақтап, мынау дүниеден... құрсақ көтермей... перзентсіз өтем бе деп өкінемін... Үнімді шығармай үн-түнсіз жылаймын... Ал, таңертең... түк болмағандай асығыс тұрып, асығыс шәй ішіп, асығып жұмысқа жөнелеміз. Тіршілік, күндізгі абын-күбің жүгіріс — бәрін де ұмытырады, ұмытамыз уайымды. Осылайша жылжып жылдар өтуде...

**Ақнұр:** — Кейде маған да, өмір сондай сүреңсіз, мәнсізмағынасыз көрінеді... Жалықтым жалғыздықтан...

**Меңсұлу:** — «Жалғыздық Құдайға ғана жарасады" деуші еді әжем марқұм... Жә, жабыркап... жаси берме!.. Әділді жақсы көріп калғаныңды, танысқан күні байқағанмын... Уақыт — емші! Бәрін

жазар!.. Мұңайма!.. Біздің елде үшінші әйелімен ажырасып төртінші рет отбасын жаңарткан бір жігітке, өмірдің ащы-тұщысын көрген бір кәрия жолығып жөн сұрамай ма! Жаналығын естіген ақсақал, әлгі жігітке: " Тағы да келінді болдың ба?" дейді ғой... Сонда жігіт басын сипап: « Солай болды, ата" дейді күмілжіп, ұялып. «Басынды көтер, балам! Өстіп-өстіп ала берсең, жаксы келіншек кезігіп, өзің де тоқтайсың" деген екен... Сол ақсақал айтқандай, саған да бір сумұрын кезігер!.. Жә, ел аман, жұрт тыныштa пессимизмге берілмейікші!.. *(Пауза)*

Жағымды жаңалығым бар! Қаласаң айтайын...

**Ақнұр:** — Ешкіммен таныстыра көрме! Әділдің кеткені жана... Ой, жүрегім–ай!.. *( Жүрегін ұстайды. Пауза)*

**Меңсұлу:** — Бұл жігіттің жолы да, жөні де өзгеше...

**Ақнұр:** — Өтінем, құрбым... Дәл бүгін емес... Ертең, ертең...

**Меңсұлу:** — Сен әуелі тыңдасаңшы!.. Ауылдың жігіті, жасы отызда. Өзі суретші. Әйелімен ажырасқан...

**Ақнұр:** — Енді жетпегені сол екен... Баласына алимент төлейді десеңші...

**Меңсұлу:** — Ол жерін біле коймадым... Адам танитын болсам, бұл тәуір жігіт... Тарпаң–тасыр мінезден аулақ сиякты...

**Ақнұр:** — Оны қайдан біле қойдың?! Сыралғы жан ба?!

**Меңсұлу:** — Курстасым Оралдан бәрін-бәрін сұрап білдім... Өлең де жазады екен... Былайша айтканда ақынжанды...

**Ақнұр:** — Қияли десеңші...

**Меңсұлу:** Таныстыру менің достық парызым, ары карай өзің біл... *(Пауза)*

**Ақнұр:** — Білмеймін... коркып отырмын... Осыны ертенге калдырсақ қайтеді!..

**Меңсұлу.** Сабақты ине сәтімен... Кім біледі, бағың жанайын деп тұрса, қоркып–үркудің қажеті болар ма екен... *( Осы кезде сәлем беріп екі жігіт кіреді)*

**Орал:** — О-о, кеш жарық, қыздар! Біз тоқтайтын. 32-ші бөлме осы ғой, сірә!

**Меңсұлу:** — Дәл өзі, тура келдіңдер... Ақнұр екеуміз әңгімелесіп, отырып каппыз... Ал, біз кетейік, осы іздеген бөлмелерін...

**Орал:** — Оу, Меңсұлу?!. Бұның не тұра қашқан?! Сәл шыдандар... Біз қазір... *(Екі жігіт сырт киімдерін шешіп, стол басына кеп жайгасады)* Әуелі танысып алайық. Мына сұлу келіншек — менің курстасым Меңсұлу. Менің ныспым Орал. Қасымдағы досым, о-о... ол сондай великий, танымал суретші!.. Ұяң, карапайым түріне қарамандар, қыздар! Мейіржан Алматыны былай қойып, әлемді мойындатады әлі... Көресіңдер осы сөзім рас шыкпаса!.. Мейіржанның әйелі жоқ, былайша айтканда салт басты — сабау камшылы деген жөн болар!.. Дәм тартса Алматыда, үйлену тойын өткіземіз дүрілдетіп...



**Мейіржан:** — Орал, болар енді... Ынғайсыз екен көзге мақтаған...

**Орал:** — Артық мақтағаным жоқ... Таныстырып жатқаным ғой сені...

**Меңсұлу:** — Өзің туралы неге айтпайсың?

**Орал:** — Менің бе, менің өмірбаяным қыска. Меңсұлудың курстасымын... Мекен-тұрағым Шымкент шахары. Үйлі-баранды жанмын, айдай сұлу келіншегім, екі балам бар... Мамандығым — экономист... Нағыз нарықтың, базарлы экономиканың адамымын... Алматыға он күндік семинарға келдім... Мейіржанды тәптіштеп таныстырып жатуымның себебі, Алла қаласа, енді Алматыда қызметке орналасып, осында тұрып қалмақшы... Солай ма, Мейіржан?!

**Мейіржан:** — Иә, иә... солайы солай... Бірақ өзі... ынғайсыз екен...

**Меңсұлу:** — Түкте де ынғайсызданбаңыз... Бөлменіз осы, бір өзіңіз тұрасыз... Ыстық су, суық су, телевизор, үтік, тоназытқыш... бәрі бар мұнда... А-а, ұмытып барам, телефон да істеп тұр... Және бұл жер жатақханаға лайықталған қонақ үй ғой... Қаладағы өзге мейманханалардан әлденеше есе арзан... Проблема болса маған айтыныз... Мен осында, бухгалтерияда экономиспін...

**Мейіржан:** — Рахмет, Меңсұлу!.. Сіздің бұл жақсылығыңызды қалай қайтарам... Алматыға, бүгін келіп едім... Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан деуші ме еді... Орал кезіге кетіп...одан сіздер, міне... Прописканы ынғайлап, жұмысқа орналасканша осында тұрсам...

**Меңсұлу:** — Оған кам жемеңіз, қанша тұрам десеңіз, сонша тұрыңыз... Ал, прописка мәселесіне мына менің подругам Ақнұр қол ұшын береді...

**Ақнұр:** — Таныспай жатып, оның не?!

**Меңсұлу:** — Айыптымын, ғафу етіңіздер!.. Қара басып, таныстырмаппын Ақнұрды... Бұл сұлу бикеш — менің жан дегендегі жалғыз подругам... Басы бос бойжеткен... Осы Алматының қызы... Екі бірдей дипломы, тамаша қызметі бар... Қалғанын, өзінен сұрап білерсің, Мейіржан...

Ал, Орал, біз кетейік... Мейіржан мен Ақнұр дұрыстап таныссын, әңгімелессін... *( Меңсұлу мен Орал жылдам шығып кетеді. Бөлме ортасында Мейіржан мен Ақнұр тұрып қалады...)*

## Ш к о р і н і с

Жұпыны бөлме. Екі темір кереует. Ескі телевизор. Қабырғаға тіреле қойылған үстел үстінде бетін газетпен жауып қойған ыдыс-аяқ. Мейіржан электр плиткасында қайнаған шәугімді үстел үстіне алып қояды. Өзі көйлекшең, жалаңбас. Көңілді. бір әуенді ыңылдап айтады...

* * *

**Мейіржан:** — Уақыт не деген жүйрік, а! Менің де, міне, ару Алматыға келгеніме алты айдан асты... Не бітірдім, не қойдым осынау уақытта?! Уақытша болса да, құрылысқа жұмысқа орналастым. Оған да шүкір! Мына *(қолымен көрсетіп)* жатақхана бөлмесін алдым, прописқаға тұрдым... Бұл жетістік қой... Жетістік... Прогресс... Елде, Ақтоғайда жүргенде, арақтың астында қалған сурет салуыма, аз да болса жол ашылғандай... Ақнұрмен жолыққалы өлең де туа бастады... Қалай еді, түнде жазған өлеңім... *(Өлең оқыла бастағанда ақырындап музыка ойналады...)*

Өткен күндер, шіркін-ай, өткен күндер,
Бүгін маған өкініш боп жеткен түндер.
Күннен-күнге жанымды жеп барады,
Тыныштығымды бұзып-ылайлап кеткен кімдер?!.
Жолын кесіп ешкімнің өтпеп едім,
Саяқ жүріп адамдардан шеттемедім.
Кімнің бүгін қарғысы тиді маған,
Кіші-үлкенге қолқабыс боп өткен едім.
Кім, ей, сонша, бүгін мені мазалаған,
Кім де болса, біліп қой, жазанды алам.
Күнәлімін, алдында кінәлімін,
Жыр жазбаған жастығым, жырланбаған...
Жаман емес, ә!.. Демек, өзіме-өзім келе бастағандаймын...
*(Осы кезде Уәлихан келеді)*

**Уәлихан:** — Кеш жарық, достым!.. Өлеңдетіп жатырсың ба?! Жөн-жөн... Көтермесе көңілді кір басады деуші ме еді...

**Мейіржан:** — Сені күте-күте, ішім пысқан соң...

**Уәлихан:** — Өлең шығаратын өнерің бар ма?!

**Мейіржан:** — Суретші, ақын, жазушы дегендеріңіз бірге туған ағайын емес пе?! Толқығанда, уайым-қайғы қамағанда аздап өлең де шығаратыным бар... Жазайын деп жазбаймын, өзі келеді... Ах, шіркін! Рухани әлемге не жетсін! Мынау өмірді мүлдем ұмытып, сурет салып, өлең жазып жатсам ғой жападан-жалғыз... Ешкім мазаламаса, тоғышар тіршіліктен қол үзсем...

**Уәлихан.** Бұл айтқандарың қияли адамның іске аспайтын, қолы жетпейтін арманы...

**Мейіржан.** Бәлкім, мен әсірелеп тұрған шығармын... Ойлашы, бауырым, арман дегеніміз — адамның алға қойған мақсат—мұраты емес пе?!. Жақсы отбасым, жайлы қызметім болса, әлгі айтқандарым неге жүзеге аспауы тиіс?!. Алла ғұмыр берсе, мен бәрібір осы мұратымнан қайтпақ емеспін! Жығылармын, сүрінермін, құлармын! Ұмтылам рухани әлемге! Уақыт айқындар бәрін!..

**Уәлихан:** — Бәсе-е, аркалаған кітаптарына қарап, оқымысты екендігіңді болжағам...



**Мейіржан:** — Кітап — менің жан серігім, рухани азығым!.. "Кітап ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына" деген Әлішер Науаи...

**Уәлихан:** — Дұрыс айтасың, достым! Ұмытпасам, данышпан Лев Толстой: " Жақсы кітап — ақылды адамның әңгімесімен бірдей" демеп пе еді...

**Мейіржан:** — Солай деген!.. *(Пауза)* Алайда... өмірден аяусыз таяқ жеп, бірінші әйеліммен ажырасуым, қатты соққы болды ғой... *(Пауза.Мұңаяды)* Жә, көңілсіз әңгімені еске алмай-ақ қояйыншы... Кетсін өзімен... Қолынды жу, отыр, шәй ішейік!

*(Екеуі балық консервісін ашып, шәй іше бастағанда, Уәлихан сөмкеден бір жарты ақ арақ алып шығады)*

**Уәлихан:** — Асықпай отырып, әңгімелесейік! Ертең күн сенбі ғой...

**Мейіржан:** — Отырсақ отырайық ...

*(Уәлихан шөлмектің аузын ашып, кесеге құяды да, екеуі де тартып жібереді)*

**Мейіржан:** — У-уһ, ащысын-ай итіңнің... *(Нан иіскеп, жей бастайды)*

**Уәлихан:** — Тағы бірден алып жіберейік! Денсаулық үшін... Кел...

**Мейіржан:** — Алсақ алайық... (Екеуі тағы алдағы арақтарын ішіп қояды)

**Уәлихан:** — Өлең оқышы!.. Мен де өнерді, поэзияны сүйемін, достым!

**Мейіржан:** — Абай, Мағжан, Пушкиннен...

**Уәлихан:** — Жоқ, өз жазғандарыннан...

**Мейіржан:** — Жатқа білмеймін, қағазыма қарайын...

**Уәлихан:** — Мейлің... оқы асықпай...

**Мейіржан:** — Қай бір ақын дейсің... Көңілім астан-кестең болғанда туған шумақтар ғой... *(Жан қалтасынан блокнот алып, парақтайды да, бір өлең оқиды. Өлең басталғанда ақырын ғана музыка ойналады)*

Осы екен ғой, апыр-ау, өмір деген,
Қуанышын, қайғысын сезін, денем.
Бірге болсын өз жүрек өзіңменен,
Бірге жүрсін өзіңмен сезім деген.
Осы екен ғой, апыр-ау, өмір деген!
Көптен бері, сұлу бейне, көрінбеп ең,
Көптен бері сені ойлап, көз ілмеп ем.
Несіне оқ атасың көзіңменен,
Шырылдауық жүрегім безілдеген.
Әзер-әзер шыдап тұрмын төзімменен...
Осы екен ғой, апыр-ау, өмір деген!..
Сау тамтық жоқ санамда тілінбеген,
Біреулерге өмірімді тегін берем,

Біреулермен жағаласып, қолында өлем...
Суық-суық кей кезде өмір неден?!.
Салқын қанмен қабылда, төзімменен,
Көз ілмеген кездерім, көз ілмеген...
Апыр-ау, осы екен ғой өмір деген!..
*(Музыка үні бірте-бірте тоқтайды)*

**Уәлихан:** — Ой, азамат! Ақын екенсің... Егер мен оқырман ретінде өнерді, өленді түсінер болсам... достым, сенің жан-дүниең өмірдің қилы-қилы қиындықтарын, алай-дүлей бораны мен дауылын, жауын-шашынды көп көрген, содан михнат шеккен! Рас па осы сөзім?!

**Мейіржан:** — Бір өтірігі жоқ... Өткен өмірімді ойға алсам, жүрегіме ине шаншылғандай пісіп-пісіп өтеді... Әй, қойшы соны...

**Уәлихан:** — Мынаның түбіндегіні ішіп қояйық... (Стакан ұстайды)

**Мейіржан:** — Осы бәлеге жуымай-ақ, қояйын деп едім... шынын айтсам, ерік-күшім жетпей қалады... Түбі қоям, татып алмайтын болам...

**Уәлихан:** — Мен де аса үйір емеспін. Сенімен бір әңгімелесейін деп... Кел!.. (Екеуі тағы стакандағы арақтарын ішіп қояды)

**Мейіржан:** — Байқаймын... тындайтын, түсінетін кісі болса, адам баласы ішіндегі зар-заласын ақтарып, жеңілдеп қалатын сияқты... Сендей жігітпен кездескеніме қуаныштымын!.. ( Пауза) Және бар ғой, мен сені баяғыдан білетін сияқтымын... Танысқан күннен тонның ішкі бауындай емен—жарқын жақындасып, сырласып кеттік...

**Уәлихан:** — Мен де сондай сезімдемін... Бастадың ғой, ақырына дейін айтып шық өткен өмірінді?!

(Мейіржан орнынан тұрып, арлы-бері жүреді. Ақырын-ақырын музыка ойналады)

**Мейіржан:** — Әскерден келген кезім... Жоғарғы оқу орнына түсе алмай қалдым. Әйткенмен арманым асқақ! Өлең жазам, сурет салам! Біздің Ақтоғайдан Балқаш көлі алыс емес... Сонда барып балық аулаймыз, одан жалыққанда сурет салам... Бір қызығы, мен осы уақытқа дейін табиғаттың небір ғажайып сәттерін бейнелеген екенмін...Ол суреттерімнің барлығы елде қалды, түбінде бір кәдеге жарар... Иә-ә... (Пауза)

Қыс түсе Ақтоғайдағы бір мекемеге жұмысқа орналастым. Қаладағы аға-жеңгемнің үйінде тұрдым... Екі балалары бар, аядай бір бөлме тарлық етеді екен, қысыла-қысыла қыстап шықтым-ау, әйтеуір...

Күн жылынып, мамыр айы келді. Әлі есімде! Он бесінші мамырда таныстым онымен... Көзі тостағандай, аяқтары түп-түзу, қыпша бел, оймақ ауыз, күлім көз жас қызды көргеннен ұнаттым!.. Соңынан қалмай жүріп таныстым, бір-екі рет дискотекаға бардық!..



Сонда Мейрамгүл он сегізде, мен небары жиырма үш жаста екенмін... Сөздің қысқасы, сол жылы күзде біз үйлендік! Келер жылы ұлым Елжас дүниеге келді... Ай-хай, өмір-ай десеңші!.. Мен келіншегімді де, ұлымды да сүйдім, аяладым қолымнан келгенше!.. Тұрмысымыз түзелді, екеуміз де сырттай оқуға түстік... Ақтоғайдан екі бөлмелі пәтер алдық... Сөйтіп жүргенде бес жыл уақыт та өте шықты білінбей... Біз бақытты едік...

Сол жылы Алматыдан сессиядан оралғанымда, көршілерімнен пышы-пышы өсек, қауесет сөздер естіле бастады... Әйелің көршінің әскерден келген баласымен ашына деді олар. Көзбен көріп, қолмен ұстамаған соң сенбейді екенсің... Мен әйелімді ондай жаман қылыққа қимадым, сенбедім ел сөзіне... *(Пауза. Мейіржан сахна бұрышына келеді. Тоқтайды. Даусында мұң...)*

Жексенбі болатын. Ауылдағы ата-анама бардым да, ертелетіп үйге қайттым... Ақтоғайға жақындағаннан жүрегім алабөтен дүрсілдей соғып, бір түрлі елегзи бастадым... Апыр-ау, маған не болған?! Көз алдымда бір елес-бейне пайда болғандай... Әйелім көрші үйдің баласымен оңаша отырған сияқты ма, қалай өзі?!. Әзәзіл бір үн құлақ түбіне кеп: " Асық, дәл үстінен түсесің" деп сыбырлағандай... Содан, автобустан түсе сала... автовокзалмен біздің үйдің арасы жақын еді... жүгіре басып жетсем... есік жабық... Қоңырауды басып біраз тұрдым да, өз кілтіммен есікті аша бастағам... О, тоба! Алдымда біздің үйде тұратын жетінші сыныпта оқитын балдызым Несіпкүл тұр! " Жезде, үйге кірменізші!" дейді. " Е-е, неге кірмеуім керек?!" " Кірменізші, өтінем" дейді даусы дірілдеп... Қорыққаннан көзі шарасынан шығып кеткен... " Бұнысы қалай, өз үйіме неге кірмеуім керек?!. Ашуым бұрқ етіп басыма тепсін. Балдызымды итеріп тастап, тұп-тура төргі үйге, жатын бөлмеге келсем, әйелім мен көршінің баласы тыр-жалаңаш... көрпе астында жатыр... *(Пауза)*

" Тұрындар да, киініндер, тиіспеймін сендерге!" дедім. Өзім залға шығып қалтамнан шылым алып тұтаттым да, едел-жедел сордым-ай көк түтінді... Әрі отырмын, бері отырмын, шығатын түрлері жоқ екеуінің... "Тиіспеймін, қорықпандар!.." — дедім тағы да дыбыстап. *(Пауза)*

Бір кезде шықты-ау! Отырындар дедім диванды нұсқап. Екеуі қатар барып отырды. " Өсек сөзге сенбеп едім, көзім жетті!.." Келесі сәтте байқасам, қаным басыма теуіп, көзім қарауытып бара жатыр екен... " Сен, қарағым, үйден шығып кетші!" дегенімше, өзі де әзер отырған көршімнің баласы алды-артына қарамай зытып жөнелсін... Әйелім де, әлгінің соңынан кетіп бара жатыр, зәнталақ. Манадан бергі ашу-ыза бір жерден шығуы керек қой, жақсылап тұрып әйелімнің жағынан жұдырықты қонжиттым... Ол болса шынғырып барып гүрс ете түсті... " Қайтейін, мен қателестім... қателестім... мені сайтан азғырды!.." дейді еңіреп жылап... *(Пауза)*

Хош, сонымен біз ажырасып тындық...

Ал, әйелімнің түгі де кеткен жоқ, ертеңінде көрші үйдің баласын қолына кіргізіп алды... Соттың алдында жылап-еңіреп, алимент алмаймын деп ант-су ішкен соң, үйден жалқы бұрау зат алмадым... Әйелім тағы да сөзінде тұрмады. Жарты жыл өтпей жатып кестіріп алды алиментті... *(Пауза)*

Аракта әкемнің басы қалғандай, ал кеп іштім... ал кеп іштім... Сурет те қалды, өлең де қалды жайына... Сонда аңғарғаным, екі-үш күн қатарынан арақ ішсең, ертеңіне тағы да тәбетің тартып, тамағың жыбырлап тұрады екен... О, тоба! Оны да бастан өткердім... *(Пауза)* Әй, қойшы! Менде қайбір мәнді өмір бар дейсің!.. Түкке тұрмайтын кір, лас бірдеңе... *(Пауза)* Қазір адам қалпына келдім қайта...

**Уәлихан:** — Дегенмен рухың мықты екен!... Мен болсам, сол жерде...төсек үстінде... әйелдің басын кесіп алар едім...

**Мейіржан:** — Содан бері үш жыл өтті... Аз уақыт емес... *(Пауза)* Артынан... онашада... талай-талай ойландым ғой!.. Сонда... қол көтермегенім дұрыс болған екен... Нәпсі-сайтан азғырсын... қателессін мейлі... ол менің тағдырым, жүріп өткен жолым... Мен өзі... оптимист адаммын! Алдағы шуақты күндеріме сенемін!.. *(Пауза)* Иә-ә... сенім дегенің ға-жа-ап күш-қуат!..

**Уәлихан:** — Айтқаның келсін, достым!.. Әйтсе де, ана қызбен, Ақнұрды айтам, сақ бол!.. Бойында тәкаппарлық, жымысқы қулық бар сияқты...Қанша айтқанмен қаланың тікбақай қызы ғой... Байқасаңшы...

**Мейіржан:** — Айтқаның жөн, достым! Асықпаған абзал... *(Пауза)* Бірақ, бұрын отбасы болған еркекке жалғыз жүру қиын... Ұмытып барам, мен саған бір қызық айтайын, назар аударшы! Ақнұрды білесің, әдемі қыз... Ал мінезінің шәлкем-шалыс екендігін байқадым... Бірақ жеме-жемге келгенде арбалам да қалам... Телефон шалғым келмейді, шалам! Кездесуге барғым келмейді барам! Біртүрлі жүрегім жатпайды! Сол кезде желкемнен біреу итеріп тұратын секілді! Бұл не, сонда?! Түсінбей қойдым...

**Уәлихан:** — Ғажа— ап!.. Сонда... көзге көрінбейтін бір нәрсе сені жетелей ме?!

**Мейіржан:** — Иә, иә... жетелеп, сүйрейтіндей...

**Уәлихан:** — Ренжіме, шынын айтсам...

**Мейіржан:** — Айт...

**Уәлихан:** — Меніңше, сен Ақнұрдың сырт келбетіне, түріне қызығып жүрсің... *(Пауза)* Білесің бе, әдемі қыздардың мінезі мен кісілігі алшақ...киыспай жатады...

**Мейіржан:** — Мүмкін... *(Пауза)* Алайда, Ақнұр біз ойлағандай жаман қыз емес...

**Уәлихан:** — Байқа, ойлан... *(Пауза)* Дегенмен... ақылшың, тура жолға бағыттайтын бағдаршам — жүрегің болуға тиіс! Әйтпесе...



әлі де жүре тұрындар! Асыққан шайтанның ісі... *(Осы кезде есік қағылып, ішке Ақнұр кіреді)*

**Ақнұр:** — О-о, кеш жарық, жігіттер! Хабарласпаған соң, өзім келдім! Қалай амансың ба, Мейіржан!

**Мейіржан:** — Телефон шалғалы отыр едім... Уәлихан екеуміз әңгімелесіп, уақыт өткізіп алдым.

**Ақнұр:** — Сендерге мәнті пісіріп әкелдім! Ыстықтай жеп алыңдар! Кел, Уәлихан, отыр!

**Уәлихан:** — *(Қол сағатына үңіліп...)* Рахмет, Ақнұр! Тығыз шаруам бар еді... Мен барайын...Мейіржан... Рұқсат па?

**Мейіржан:** — Әрине, рұқсат. *(Уәлихан шығып кетеді)*

*(Ақнұр пакеттен орамалмен оралған кәстрөл алып шығады да, буын бұрқыратып тарелкелерге мәнті сала бастайды. Жылдамдатып нан турап, дастархан мәзірін жасайды. Мейіржан екеуі ас іше отырып әңгімелеседі)*

**Мейіржан:** — Мынау бір жақсы ас болды... Рахмет, Ақнұр! Уәлиханды айтам, асығып кетіп қалғанын қарашы... *(Пауза)* Ал, Ақнұр, әңгіме айт, қандай жаңалықтарың бар?

**Ақнұр:** — Папам сені ұнатып отыр. Жібі түзу, иманжүзді жігіт екен дейді.

**Мейіржан:** — Маман ше, маман не айтады?

**Ақнұр:** — Мамам да қарсы емес... Ал, мен ше, мені ұната ма сенің туыстарың?!

**Мейіржан:** — Ұнататын шығар... немене күдігің бар ма?!

**Ақнұр:** — Әдейі айтып жатырмын... Ұнағанда қандай! Во первых я хорошо готовлю... Мінезім де жаман емес... Еще, я же красивая ?! Осыным өтірік пе?!

**Мейіржан:** — Өтірік емес...

**Ақнұр:** — Ендеше неменеге созамыз? Үйлеріңнен бір-екі кісі келіп, мамам мен папамның алдынан өтсін...Той содан соң бола жатар...

**Мейіржан:** — Асықпасақ қайтеді...

**Ақнұр:** — Сонда... қашан?

**Мейіржан:** — Мал семірсін, жеміс-жидек піссін дегендей... күзде...

**Ақнұр:** — Оған дейін мен күтпеймін... ұзақ...

**Мейіржан:** — Біреу қуды ма? Қарайын да жан-жағыма... *(Ақнұр табан астында өзгеріп, көздері күлімдейді)*

**Ақнұр:** — Аңқаусың-ау, Мейіржан... Шынында дәнеңе білмейсің бе, сезбейсің бе?!.

**Мейіржан:** — Асығамын деп аузым күйген...

**Ақнұр:** — Келіскеніміз қайда?! Ұмыттың ба, іп-ілезде... *(Ақнұр орнынан тұрып бөлменің терезесінің алдына кеп тұрады)* Алғашқы әйелінді айта берме, ұмыт дедім ғой... *(Пауза)* Кім ажыраспай жатыр?! Ну и что?! Маған сөз айтқанда... соның бәрін білдің емес пе?!.

**Мейіржан:** — Өткенді қоңырсытып, жүрегім езіліп тұрған жоқ... Күздің ауылы да алыс емес дегенім ғой...

**Ақнұр:** — Күтпеймін күзді... Менің аяғым ауыр...

**Мейіржан:** — А-а, солай ма ?!. (Мейіржан орнынан тұрып, Ақнұрға тақай береді)

**Ақнұр:** — Дауысың біртүрлі шықты ғой... Қуанған орнына...

**Мейіржан:** — Құтты болсын, Ақнұр!.. Иә—ә... енді шегінетін жер қалмады... Менің елге, анама, туыстарыма жүріп кетуім керек...

## III көрініс

Мезгіл көктем. Күн салқын болғанымен, қар еріп жатыр... Мейіржан Ақтоғайдан қатынайтын автобустан түсіп, жедел басып үйіне жетеді. Үй табалдырығын аттағанда анасы іс тігіп, жалғыз отырады.

* * *

**Мейіржан:** — Апа, амансың ба! *(Анасы ұмсынып тұрғанша Мейіржан шешесіне шапшаң жетіп, құшақтай кетеді)*

**Үмітжан апа:** — Құлыным, Мейіржан!.. *(Ол кісі де баласын құшақтап бетінен сүйеді)* Бәсе, бәсе... кешеден бері оң қабағым тартып... болмаған соң, күйе жағып қойдым...

*(Мейіржан анасының қабағы үстіндегі қара күйеге қарап...)*

**Мейіржан:** — Өзің тура үнді фильміндегі актрисаларға ұқсап қапсың... *(Күледі...)* Байқа, байқа, шалдар қырындап жүрмесін...

**Үмітжан апа:** — Төрімнен көрім жуық қалғанда қайдағы шал!.. Алла сендердің алдарында алсын... Менің ендігі тілегім де, мұратым да сол!.. Арғы Ақымбет атан мандайы жарылған батыр, таңдайы жарылған шешен еді! Соның жалғасындай, үкілі үмітіндей көрінесің, балам! Он төрт құрсақ көтеріппін. Соның сегізі тірі! Шүкір, Аллаға! Солардың ішінде жетеуінің орны бір төбе де, сенің орның бір төбе! Сөз қуған, өнер қуған өзің ғана!..

**Мейіржан:** — Жаман баланың болмашы талабын асыра мақтап жіберген жоқсың ба, апа! Тіфә деші!.. Өзің білесің, тұзым жеңіл ғой менің...

**Үмітжан апа:** — Жағың сынса да, сағың сынбаған екен, ұлым! Ашық-жарқын ажарыңнан, ұтықты әзіліңнен соны бағдарлап отырмын!.. Құдай қуанышынды көпсінбей, ұзағынан сүйіндіргей!.. Қатыныңмен ажырасып, Ақтоғайда жүргенінде ұнжырғаң түсіп, мұңайып-мүжілгенінді көргенде... мен-дағы қатты уайым шегіп едім... Батырлық білекте емес, жүректе тегінде... Осы сөзімді жадыңа тұт!.. Ер азамат мынау фәни жалғанда өз терісінде мың рет арып, мың рет семіреді...

**Мейіржан:** — Найза жарасы жазылар, жан жарасы жазылмас дегендей... сол бір көңілсіз оқиғаны еске алсам көңілім күрт



төмендейді... Тағдыр ғой... мандайға жазылған... Соған сенесіз бе, апа?!

**Үмітжан апа:** — Е-е, сенбегенде?! Тағдыр дегеніміз — әркімнің басынан өтетін жақсылық пен жамандық, байлық пен кедейлік, бақ пен дәулет, қызмет сияқты істерді Алла тағаланың алдын—ала белгілеп қоюы...

**Мейіржан:** — Қызық екен! Тағдыр, жазмыш деген сөздерді естігеніммен, мәні мен мазмұнына, паркына қанықпаппын... Сонда, тағдырды Алла қай уақытта жазады?!

**Үмітжан апа:** — Сәби ананың құрсағында жатқанда жазылады...

**Мейіржан:** — Міне, жаңалық! Өзімізше жоғарғы біліміміз бар, көзіміз ашық, сауаттымыз десек... мәссаған... діннен... жаратылыстың тарихынан мүлдем бейхабар екенбіз!..

Ал, апа, айтыңызшы?! Егер, Жаратушы тағдырымызды алдын-ала жазып қойған болса, неге адасамыз, неге жазық жерде сүрініп-жығыламыз?! Неге адамдар біріне-бірі қастық, зұлымдық жасайды?! Мынау аппақ дүниеде... қысқа-шолақ ғұмырда... барға қанағат етіп, ақырын жүре бермейміз бе?!. Түсінбеймін?!

*(Пауза. Мейіржан ойланып отырып қалады... Ақырын... әуезді музыка ойналады)*

**Үмітжан апа:** — Алыс жол атты сынайды, ауыр жол ерді сынайды! Өмір дегеніміз — бұраланы мен бұлтарысы мол — НАҒЫЗ АУЫР ЖОЛ !..

Мынаған назар аудар, балам! Күнделікті іс—әрекет тағдырға жатпайды! Сондықтан, өзің айтқандай, Алла тағдырымды алдын ала белгілеп қойған, жақсы—жаман, кәпір—мұсылман болуым Алладан деп, тағдырдан көру дұрыс емес. Тағдырда көрсетілген бақ—дәулетті адам ұстап тұра алмай, қолынан кетіріп алуы мүмкін. Тағдырда иманды—имансыз болу да жазылмаған. Ол әр адамның өз қолында, өз еркінде. Тек еркінде емесі — дене пішімі, бақ—дәулеті және ажал.

**Мейіржан:** — Міне, мәселе қайда?!

**Үмітжан апа:** — Дін тақырыбы, ұзақ-ұзақ әңгіме, балам! Ол да жүйелі білімді, оқуды талап етеді!

**Мейіржан:** — Өзің қайдан оқып, біліп жүрсің, апа?! Бітіргенің жеті сынып қана...

**Үмітжан апа:** — Жас күнімізде үлкендерден естіген әңгіме ғой! Оның бер жағында, әкеңнің туған әпкесі Қанымжан жарықтық шариғатқа жүйрік болатын. Тоғыз жасынан бастап көзі жұмылғанға дейін бес уақыт намазын үзбеді-ау!..Иманы кәміл, тақуа деп сондай кісіні айтар!.. *(Пауза)* Айтпақшы, сен де үш—төрт жыл әжеңнің қолында тұрмадың ба?!

**Мейіржан:** — Тұрғам... Балалығым ғой, әжем ораза ұстағанда танертемен, елең—аланда сәресі ішемін деп ерте оянатынмын. Ондағы ойым, әжем өзге уақытта дастарханға салмайтын тәтті—

дәмділерін шығаратын... Тіпті бір–екі рет, аноу қаланың шетіндегі ескі мешітке, тарауих намазына барып, орта тұсына келгенде ұйықтап қалғанмын... Бәрі есімде, бүгінгідей көз алдымда...

**Үмітжан апа:** — Мейіржан–ау, қайдағы бір сұрақтарды қойып... есімді шығардың ғой, балам! Өзің амансың ба?! Жұмысың орынша ма!

**Мейіржан:** — Бәрі де жақсы, апа! Менің де Ақтоғайдан кеткеніме жетінші айға кетті... Сендерді сағынып... сенбі–жексенбіге бір күн қосып ұштым–ау...

**Үмітжан апа:** — Қой, мен шай қояйын... *(Ұмтылып орнынан тұрады)* Асылжан жұмыста, келін мектебінде ғой... Сағат он екі болып қалды ма?!

**Мейіржан:** — Болды, апа... Бес минут қалыпты...

**Үмітжан апа:** — Онда қазір кеп қалуы керек...

**Мейіржан:** — Айтқандай, Ақтоғайда... Әділбектердің үйінің қасынан өтіп бара жатқанымда Елжасты көрдім...

**Үмітжан апа:** — Ой, алтыным-ай!.. Не ғып жүр онда? Сені таныды ма?!

**Мейіржан:** — Елжас деп едім... басында қарап тұрды–тұрды да, жылап... мамалап үйге қарай жүгіре жөнелді...

**Үмітжан апа:** — Алтыным–ай... Құлыншағым–ай!.. *(Кемсеңдеп көзіне жас алады. Пауза)*

**Мейіржан:** — Менің де көнілім бұзылып... көзіме жас келді... *(Үнсіздік)*

**Үмітжан апа:** — Биыл нешеге келді?

**Мейіржан:** — Алтыға шығады...

**Үмітжан апа:** — Түбі өзіңді табады тірі болса... Ара-қатынасыңды үзбе! Барып жүр! Алла да, заң да сен жағында!.. Өздері Қарағандыға көшеді деп еді, естімедің бе?!

**Мейіржан:** — Естігем...

**Үмітжан апа:** — Марқұм әкең өле-өлгенше айтып кетті... Елжасты алып қалу керек еді деп...

**Мейіржан:** — Иә-ә... Әкем Елжасты ерекше жақсы көретін. Кішкентай күнінде тілі тәтті болды ғой... Бір келгенімде жарықтық, "ана қатынынды таста", — деді көзіме тура қарап... Мен ештеме айта алмадым... *(Пауза)* Неге айтты деп таң қалдым... *(Пауза)* Сөйтсем, сезген екен-ау жүрегі... *(Екеуі де үн-түнсіз отырып қалады)*

**Үмітжан апа:** — Өткен іс өтті! Іс бітіп, ине шаншылды!.. Қайтесің мұнайып... Бұл да тағдыр... мандайына жазылған... "Ауыз дәмдіні, көз әрліні сүйеді"дегендей... сырты сұлу, іші қату еді бұрынғы келіннің... Басың жас, ендігәрі алданбасаң болды да!..

**Мейіржан:** — Айтқаның келсін, апа!..

**Үмітжан апа:** — Өнерге бейімдігің бе екен, аңқау, ашықауызсың, балам! Жылы сөйлеген адамға ішіндегіні ақтарып саласың! Олай етуге болмайды! Кіммен қалай сөйлесуді білген лазым!.. Ақтоғайда



жүрген жоқсың. Алматы үлкен қала! Қуы да, сұмы да, сұрқылтайы да жетіп артылар!.. Абай бол қашанда!..

*( Үйге Асылжан мен әйелі кіреді)*

**Асылжан:** — О–о, Мейіржан келіп қалған ба?! Қалай, ат-көлігің аман ба, бауырым!

**Мейіржан:** — *(Ағасымен төс қағыстырып амандасады, жеңгесінің бетінен сүйеді)* Өздерің де, тегіс амансындар... Жөн-жөн...

**Асылжан:** — Қашан келдің?

**Мейіржан:** — Бір сағаттай болды... Апам екеуміз әжік–күжік әңгімелесіп...

**Үмітжан апа:** — Келін шырағым... шәй қайнап тұр! Дастарханынды жасап жібер. Түстен кейін сабағың бар ма еді?

**Келін:** — Үйдемін, апа...

**Үмітжан апа:** — Жылдамдатып қуырдақ қуырып жіберіңдер! Асылжан, қой сой! Мал өрістен қашан келуші еді?!

**Асылжан:** — Қам жемеңіз, апа! Қой да сойылады, қазан да көтеріледі...

**Мейіржан:** — Айтқандай, Алматыдан әкелген базарлығым бар еді. *(Жол сөмкесін алып, заттарды шығара бастайды)* Мынау апама! Елу бөлек үнді шайы мен гүлді орамал! *(Байлауышты апасының басына орайды)*

**Асылжан:** — О-о, апам, түп-тура он жасқа жасарып кеттіңіз! Қарашы, Қарашаш!

**Келін:** — Апама жарасады екен!

**Үмітжан апа:** — Неменеге әуре болдың, балам!.. Рахмет!

**Асылжан:** — Ал, бауырым, Алматының жаңалықтарын айта отыр? Не көрдің, не білдің барғалы... Алматы, шіркін арман қала ғой... Өкінішке орай, мен институтты Семейде оқыдым. Қанша рет болсам да, Алматыны армансыз араламаппын...

**Мейіржан:** — Иә, қалай дегенмен, Ақтоғай шағын қала, былайша айтқанда периферий ғой! Алматының орны бөлек! Жиі болып жататын концерттерге, Әуезов театрындағы қойылымдарға қатыстым! Әсерім шексіз! Ақтоғайда уақытты текке өткізіппін–ау!..

Алда жаз! Ару Алматының толықсып, сұлу–көркем кейіпке енетін шағы...

**Асылжан:** — Бас екеу болмай, мал екеу болмас... О жағын да есіңнен шығармағайсың...

**Мейіржан:** — Осыған байланысты ақылдасатын шаруам да бар... *(Пауза)*

**Асылжан:** — Жіп таққан адамың болса, айт. Ақыл қосайық...

**Үмітжан апа:** — «Адасқанның айыбы жоқ, қайтіп үйірін тапқан соң» демей ме... Кезіккен келін көрегенді ұядан, дастарханы таза, адамгершілігі ұйыған шаңырақтан шықса, несі бар!.. Жас емессің, ащы–тұшы өмірді де көрдің... *( Пауза)*

Әке–шешесі бар ма? Жасы нешеде қыздың?

**Мейіржан:** — Жиырма жетіде...

**Үмітжан апа:** — Е-е... Бойжеткен қыз да, томағалы құс та мұнлық... Оны—солын танығаң бала екен. Мамандығы мен қызметі бар шығар?..

**Мейіржан:** — Бар, апа...

**Үмітжан апа:** — Аған не айтар екен? Ақыл қос, Ақылжан...

**Асылжан:** — Сенің Алматыға барғаныңа жарты жылдан асты ғой... Сонда... ол қызбен қашаннан таныссың?

**Мейіржан:** — Алматыға барып түскен күні танысқам...

**Асылжан:** — Сонда қалай... Сенің келуіңді күтіп жүрген болды ма?!.

**Мейіржан:** — *(Пауза)* Тағдыр шығар...

**Үмітжан апа:** — Оның жөн, балам... Қайда таныссаң да, алғашқы келіңдей жер қаратып кетпесе болды да... Өзіңе ұнаса, өзіңді сыйласа, туған—туыстарына, жора—жолдастарына да теріс қарай қоймас...

**Асылжан:** — Мейіржан... інім... Біз саған жақсылықтан өзге не ойлаймыз... Бірақ, бұл шешімің асығыстау секілді... Әлі де байқай тұрсаң қайтеді?..

**Мейіржан:** — Болмайды, аға!..

**Үмітжан апа:** — Жә, тәжікелесіп қайтеміз... Меніңше біркыдыру жайдан сөз қамтылған сияқты!..

**Асылжан:** — Қайда тұрасыңдар?

**Мейіржан:** — Пәтер жалдаймыз...

**Асылжан:** — Мекен—жай мәселесі проблема... қиын!..

**Мейіржан:** — Бір жөні болар...

**Үмітжан апа:** — Жә, бағың жанып, бақытың ашылсын, балам!.. Бәрі бір күнде бола қоймас... Енді, құдалардың алдынан өту мен той қамын ақылдасайық...

## IV көрініс

*Екінші бөлім*

Алматы. Ақнұрдың әке—шешесінің үйі. Диванда көзілдірік таққан, алпыстар шамасындағы еркек газет оқып отыр. Бұл Ақнұрдың әкесі — Мырзағали. Шағын денелі, ширақ, қараторы әйел — Ақнұрдың анасы — Зағипа стол басында ет турауда.

* * *

**Зағипа:** — Әлгілер кешікті ғой?..

**Мырзағали:** — Кеп қалар... Бірінші Алматының вокзалы недәуір жер... *(Пауза)* Бәйбіше, қалай ойлайсың, құдағи мен құда балаларды шығарып салуға біз де баруымыз керек еді, а?! Ұят болған жоқ па?!.



**Зағипа:** — Мейіржанның анасы, құдағиды айтам... осы жерде қоштасайық деп болмады емес пе?!

**Мырзағали:** — Көңіл ғой... Әрі, құдағидың жасы кеп қалған кісі екен, Алматыға жиі келе бермес дегенім ғой...

**Зағипа:** — Біз қыз беріп отырмыз, оны да ойла, шырақ!.. Екі жақ тойды бірігіп жасады деген аты ғана! Негізгі салмақ бізге түсті емес пе?!

**Мырзағали:** — Жә, қызынды ұзатпай жатып, соның бәрін жіпке тіздің бе?! Қайтесің сөз қылып... Күйеу бала жақсы жігіт сияқты... Сыпайы, мәдениетті, қазақы тәрбие алғаны көрініп тұр. Анасы да орнықты адам...

**Зағипа:** — Менің қызым жаман ба?! Қолынан да, тілінен де келеді...

**Мырзағали:** — Мінезін айтам... бет—жүзге қарамай тік сөйлеуін қоюы керек енді... Қызыңмен жеке сөйлес, үйдегі шолжың, ерке мінезін азайтсын... Ең әуелі ер—азаматын сыйласын! Тегінде, сыйлық қымбат емес, сыйлау қымбат! Осыны тәптіштеп, түсіндір! Және бұрынғыдай беталды қыдыруын қойсын!

**Зағипа:** — Өзің де айт! Өгей-қағай емес!.. *(Пауза)* Қайта сенің айтқаның жөн және тыңдайды... *(Пауза)* Сен ойлағандай, шектен шыққан жері жоқ Ақнұрдың. Тік сөйлеп, бет—жүзге қарамай айта салатын әдеті бар... Кіндік шешесі сондай жан еді жарықтық... *(Пауза)*

Түнделетіп қыдыруын қоятын шығар... Қыдырғанда ол, әлгі құрбысы Меңсұлудың үйінде қонады ғой көбінесе...

**Мырзағали:** — Әй, қайдам... Меңсұлудың тым пысықтығы ұнамайды-ақ! Кешегі тойда күйеуі болды ма? Көрмеген сияқтымын...

**Зағипа:** — Жыланның аяғын көргенсің ғой, сен... Соның бәрін қалай байқап—бақылап қойғансың?!

**Мырзағали:** — Е-е, баламның кіммен жолдас екендігін қалай байқамаймын...

**Зағипа:** — Дұрыс байқағансын... Меңсұлудың күйеуі бұл тойда болған жоқ... Шет елге сапарға жүріп кетіпті...

**Мырзағали:** — Әйтеуір, әне бір қара көзілдірікті жігіттен өзге ешкіммен билеген жоқ... Столда да қатар отырды... Ақыры тойдан да екеуі бірге қайтты... Сол жері тіпті де ұнаған жоқ...

**Зағипа:** — Оны мен де байқадым, бірақ дәл сен секілді бөтен ой келген жоқ...

**Мырзағали:** — Енді Ақнұрдың құдай қоскан қосағы бар, өз отбасын, күйеуін ойласын дегенім ғой... Осы балаларымыз ат атандырмай, сүйек сындырмай жүрсе болғаны да! Өзге не қажет ата-анаға!

**Зағипа:** — Жә, той өтті, қыз тұрмысқа шықты... Енді тұратын жерлері қиын болайын деп тұр...

**Мырзағали:** — Мейіржанның жатақханасы бар емес пе?

**Зағипа:** — Онда рұқсат етпейді...

**Мырзағали:** — Неге?

**Зағипа:** — Заң солай, ол бойдақтардың жатақханасы.

**Мырзағали:** — Сондай да пәлесі бар ма?! Онда Ақнұр мен Мейіржанға оңай емес... Бізбен бірге тұратын үй тар...

**Зағипа:** — Оған күйеу балаң көне қоймас...

**Мырзағали:** — Уақытша болса да...

**Зағипа:** — Ұлың мен келінің болса бір сәрі, ыңғайсыз емес пе?!. *(Осы кезде телефон шырылдайды. Зағипа апай трубканы көтереді)*

**Зағипа:** — Ақнұр-жан... сенсің бе?! Пойыз жаңа кетті ме? А—а, иә... жарайды... *(Зағипа апай трубканы тұғырына қондырып, шалына қарап сөйлейді)* Балалар ғой, конақтарды шығарып салыпты... Қазір кеп қалады... Мен шай қояйын... *(Тұрып газға шай қойып, дастархан жасайды)*

Пауза.

**Мырзағали:** — Балдар ма, келе жатқан? Жақсы болды... *(Диван үстіндегі шашылып жатқан газет-журналдарды жинай бастайды. Өзі де тұрып үсті-басын ретке келтіріп, айна алдына кеп шашын тарайды.)*

Күйеу баланы айтам... Мейіржанды... елгезек, жақсы бала сияқты...

**Зағипа:** — Ондай баға беруге асықпа, шал... Сырты ғана жылтырап тұрған... ішін қайдан біле қалдың?!

**Мырзағали:** — Жетпіске тақағанда, адам танымайтындай не болды сонша?!. Өзі суретші екен... өлең жазады екен!.. Жалпы жан-дүниесі нәзік, ақынжанды кісіден тасырлық, тентек мінез шығады деп айтуға аузым бармайды... Және ондай адамдар өмір сүруге де ыңғайсыз емес... Баяғыда, детдомда... осы біздің күйеу балаға ұқсаған бір жігіт болды... Жігіт деймін—ау, он үштегі бозбала... Ол да сурет салушы еді, ақындығы да болды. Жуастың жуасы. Сабағын оқып, тыныш қана жүретін сол балаға, өздерін атаман санайтын бұзықтар күн көрсетпейтін... Не деген шыдамдылық десеңізші! Аналардың барлық тентектігін көтерді—ақ!.. Бірақ, сөмкесінен жаңа кітаптарын тартып алғанда әлгі нәзік, жуас деп жүрген баладан жуан шықты. Дутов Вася деген атаманды әй кеп ұрды дейсің! Шынжау, әлсіз деген бозбала көрсетті Дутовқа көкесін... Әншейінде Васяның шашбауын көтеріп жүретін үш—төрт мықтысымақтар мыштай... Сөйтіп, әлгі суретші кімнің—кім екенін дәлелдеді! Бәріміз риза болдық!..

**Зағипа:** — Бұл әңгімені қандай мақсатпен айттың... Мейіржанның мінезін мегзегенің бе?!.

**Мырзағали:** — Сол жуас бала қазір білдей суретші! Атағы алысқа кетті...

**Зағипа:** — Саламатты айтасың ба?!



**Мырзағали:** — Детдомдағы барлық баланы білмейсің ғой, сен... Ол бала қазір Қырғызстанда, Ош қаласында тұрады... Айтайын дегенім, нәзік, жуас баланың қайсарлығы еді... *(Пауза)* Мейіржанның көзінен де сондай от, бойынан қайсарлық байқалады! Мұндай жігіттер алға қойған мұратын орындамай тынбайды!..

*(Осы кезде бөлмеге Ақнұр, Балнұр, Омар ішке кіреді. Ақнұрдың қолында жылтыр қағазға мұқият оралған бес тал гүл.)*

**Ақнұр:** — О—о, мамуля! Дастарханды да жасап қойғансың ба! Қандай жақсы!.. *(Стол үстіндегі вазадан екі-үш тал жүзімді үзіп жейді)* Қарным ашып келгенде... тамаша болды!.. *(Сонсоң гүлдерді шыны вазаға орналастырады)*

**Зағипа:** — Оу, сопайып—сопайып, бір өздерің келіпсіңдер! Мейіржан қайда?!

**Ақнұр:** — Его тоже отправили в Актоғай... Мамасын қимай бірге кетті...

**Зағипа:** — Мына жынды қыз, шын айта ма?! Балнұр, Омар түсіндіріңдерші, бұл не?!

**Балнұр:** — Шын, мама...

**Зағипа:** — Бетім—ай... жетіскен екенсіндер... *(Пауза. Зағипа апай алжапқышына қолын қайта-қайта сүртіп, сасып тұрып қалады.)* Мырзағали—ау, естідің бе?!

*(Мінезі ауыр Мырзағали да аң—таң күйде... Осы кезде...)*

**Омар:** — Мама, қорықпаңыз... Мына екі қыз ғой, Мейіржанды кетіп қалды деп келіскен...

**Зағипа:** — Тyh! Жүрегімді тас төбеме шығарды ғой жынды қыздар...

**Ақнұр:** — Шутка ғой, мама... қал-жын-ң...

**Зағипа:** — Кісі сөйтіп те ойнай ма екен...

**Ақнұр:** — Әдейі айттық... Қайтер екен деп... Бірақ, байқасам мамуля... күйеу баласын сұмдық жақсы көреді екен... *(Әпкесі Балнұрға бұрылып қарайды)* Солай ғой, иә, Балнұр?!

**Балнұр:** — Дәл таптың... Көп адамды жақтырмайтын мамама, шынында, күйеу баласы ұнаған сияқты...

**Зағипа:** — Ұнағанда қандай, ұнайды!.. *(Пауза)* Шынымен, Мейіржан қайда, Омар?

**Омар:** — Бір танысы жолығып, пәтер көруге кетті...

**Зағипа:** — Неге жалғыз барады?! Ақнұр, сен неге бірге бармадың?

**Ақнұр:** — Мама, Мейіржанның талғамы жаман емес... Көрсін, тұратын үйімізді... Конце да концов... үйдің иесі сол ғой...

**Зағипа:** — Ерлі—зайыпты жастардың бірге жүргені жөн... Дұрыс айтасың, үйдің иесі, отағасы болғанымен, тұратын сен екеулерің емес пе?!

**Ақнұр:** — Фу, мама, қойыңызшы нотация оқымай... Және ондай нәрселер ұсақ-түйекке жатпай ма?! Чепуха какая то?!. Және көретін ол үйлері, со-на-у татарка жақта... *(Пауза)* Жә, соған бола бас

қатырамыз ба, тамақ ішейікші! Менің қарным ашты... *(Бәрі үнтүнсіз стол басына жайғасады)*

**Балнұр:** Мама-папа, Ом, Ақнұржан... өкпелеген кісілерге ұқсамай, жайдары отырайықшы дастархан басында... *(Қабағын ашып, даусын құбылтып туыстарына қарайды)* Ақнұрдың тойы өте жоғары деңгейде өтті!.. Тамақ та — бәрі-бәрі дәмді... әдемі болды деп айтып жатыр жұрт... Мейіржанның туыстары да риза, меніңше... О-о, маэстро! Музыканттарды, тамаданы айтсаңызшы!.. Бәрі жақсы!.. Оу, мама-папа, туыстарым! Былай, енселеріңді көтеріп, қабақтарыңды жазып серпілсеңдерші! Көңілденіңдерші!.. Ом, арақ—шараптарың қайда?! Әкелсеңші...

*(Стол басындағылар тамақтан алып, шәй іше бастайды)*

**Ақнұр:** — Балнұр дұрыс айтады, бөтен ешкім жоқ... Өзімізбен-өзіміз бір отырайық жайланып, көңіл көтеріп... Той өткізу оңай емес, шаршадық, ұйқымыз қанған жоқ... Енді... аздап көңіл көтеріп... ішуге болатын шығар,ә! Ом, ұйымдастырасың ба?!.

**Загипа:** — Талпақ танауға да бір мейрам демекші, әкел арақтарыңды, Омар...

*(Омар тұрып арақ—шарапты әкеле бастағанда әкелері сөз бастайды...)*

**Мырзағали:** — Омаржан, орныңа отыра ғой... Әкелме... харам... заһарды... Онсыз да көңіл көтеруге болар... Жә, бәрің айтып жатырсыңдар, той жақсы өтті деп... Оған мен де қосылам... Дос бар, дұшпан бар дегендей, ойдағыдай өткені, ең әуелі біздің әулетке абыройбедел! *(Пауза)* "Үйлену оңай, үй болу қиын" дейді атамыз қазақ. Сол айтқандай, енді үлгілі отбасы болуға тырысыңдар, Ақнұржан! Қыз күніндегі ерке-тотай қылықтарыңды қалдыр! Қас—қабағына қара күйеуіңнің! Тегінде, ер—азаматты ер қылатын да, жер қылатын да — әйел! Осы сөзімді жадыңа мықтап сақта, балам!..

*(Пауза. Стол басындағылар тым—тырыс. Тамақ ішулерін жалғастыра береді)*

**Загипа:** — Әкең дұрыс айтады, Ақнұр! Жәй ғана тыңдама! Құлағыңа құйып ал, нәтиже шығар!.. Сендерге пәтер сатып алып беретін, мүмкіндік болмай тұр қазір... Мырзағали екеуміз қосылғанда, бір орыстың тауық қорасында да тұрғанбыз... төрт пе, бес жыл ма?!

**Мырзағали:** — Бес жыл үш ай...

**Загипа:** — Оған да, міне, қырық жыл болыпты... Зуылдаған уақыт...

**Ақнұр:** — Мам-м, пап-а!.. Қойыңдаршы осы қар боратпай... Кит етсе, біз сөйткенбіз, біз бүйткенбіз деп шыға келесіңдер... *(Екіленіп, екпіндеп, даусын көтере сөйлейді)* Биыл, міне 2001-ші жыл! Яғни, жиырма бірінші ғасыр! Сендер сүрген уақыт, жиырмасыншы ғасырдың ортасы болатын... Айырмашылық бар ма, бар...Ол кез патриархат кезеңі еді...



**Загипа:** — Немене, сен әке-шешеңе ұлағатты-өнегелі сөз айтып, тәрбиелейін дегенің бе?! *(Ашуланады)* Біз сонда дымды білмейтін қараңғы... отсталый екенбіз ғой...

**Мырзағали:** — Жә, айтсын... тарқатсын іштегі шерін... *(Қолын сілтейді. Загипа үндемейді)*

*(Осы кезде телефон шырылдайды. Ақнұр жүгіріп барып трубканы көтереді)*

**Ақнұр:** — Ал-оу! А-лоу!.. Иә-ә... Ой, Адик... сенсің бе?! Қашан келдің? Бүгін дейсің бе!.. Иә, иә... Мында папамдар ғой... *(Кенет даусын бәсеңдетіп, трубканы сол қолымен көлегейлейді)* ... Қазір ме, уақытым жоқ... Иә, ренжімеші... Ертең жұмысқа телефон шал... Жарай ма?! Сау бол-л... *(Ақнұр телефон трубкасын тұғырына қойған соң, аз—кем кідіріп, ойланып қалады)*

**Загипа:** — Қарағым-ау, Адигің кім?!

**Ақнұр:** — Жәй... таныс жігіт қой... А, иә, курстасым...

**Загипа:** — Сен араласатын курстасыңның бәрінің аты—жөнін білуші едім...

**Ақнұр:** — Ну, мам-м... Любопытный бола бермеші, сондай... Танысым дедім ғой, все... *(Ақнұр қайыра дастархан басына, өз орнына келіп отырады да, жайраңдап жан-жағына қарайды)* Тағы немеңеге үндемей қалдыңдар!.. Папа, әңгімеңді жалғастыра бер! Тыңдайық...

**Мырзағали:** — Мен айтарымды айтып болдым! Ұқ мейлің, ұқпа... өзің білесің... Шешең екеуміз ата—ана ретіндегі парызымызды ақтадық деп ойлаймын... Өсірдік, ер жеттіңдер! Жоғары оқу орнын бітіріп, қызметке тұрдыңдар! Отбасын құрдыңдар! Қалған тірлік, болашақтарың өз қолдарыңда!..

**Балнұр:** — Папа, Ақнұрды кешірші!.. Өздерің емес пе, кенже қыз-кенже қыз деп еркелетіп жіберген! Біздің Ақнұр ақылды тентек! Өлетін жерін біледі ғой, жас емес... Енді, тем более тұрмысқа шықты, молодая хозяйка!.. Ал, келешекте мамаша болады, әлі—ақ...

**Ақнұр:** — Менің сүйікті әпкем, Балнұр өте дұрыс айтады! Мұғалім ғой... Ал, ұстаздар қауымы әр кезде шегелеп, нақты сөйлейді!.. *(Орнынан ұшып тұра келіп, папасының мойнынан құшақтайды)* Пап-п, кешір-р еркс қызыңды... Сіз айтқан ақылдың бәрі дұрыс, бәрі жөн!..

**Загипа:** — Е—е, бәсе... Сөйтіп жөніңе келсеңші, балам-ау!..

*(Загипа Ақнұрды құшақтап, бауырына қысады)*

**Балнұр:** — Браво, браво!.. *(Балнұр қолын шапалақтап Загипа мен Ақнұрдың қасына келеді)*

# Үкоріліс

Алматының шетінде, пеш жағылатын, бір бөлмелі шағын үй. Ағаш төсек үстінде екі-үш көрпе, жастық жиналған. Ортада шәй столы. Төрде телевизор, кітап сөрелері... Үй ішінде ағаш рамаларға салынған пейзаждар, табиғат көріністері... Аласа үстелде бояулар, қыл қалам... Мейіржан кереуетте Марат Омаровтың " Мекке-Медина" әнін тыңдап жатыр... Ән шалқып, көтеріліп қайырмасына жеткенде, Мейіржан орнынан тұрып қолдарын беліне айқастыра ұстап әрі-бері теңселіп жүреді... Осы кезде бөлмеге Уәлихан енеді де, ол да үн қатпастан әсем ән әуезін тыңдап тұрады. Мейіржан ән аяқталғанға шейін Уәлиханның үйге келгенін байқамайды... Ән баяулап барып аяқталғанда Мейіржан басын көтереді де, досын көреді.

* * *

**Мейіржан:** — Оу, достым-ау, төбеден түстің бе, қайдан тап болдың?!

**Уәлихан:** — Қашан келсем осы... Не өлеңін оқиды, не әуезді ән тыңдайды... Ақынжанды, қияли досым-ай!.. Ән көңілдің ажары демей ме?! Жөн, жөн...

**Мейіржан:** — Көріп тұрған шығарсың, сурет салып жатырмын... *(Оң қолымен сәкідегі, орындық үстіндегі портреттерді көрсетеді)* Шаршап, сәл-пәл тынығайын деп ән тыңдап жатқан бетім... Әуелі Моцартты тыңдадым, одан соң Құрманғазының "Сарыарқасын"... Ал, Марат Омаровтың осы бір әні де ғажап! Жүректі ұйытып, шымырлатып терең-терең ойға шомғызады...

**Уәлихан:** — Дұрыс айтасың, күніне кем дегенде бір сағат әуезді музыка тыңдау керек!..

**Мейіржан:** — Қатардағы әндерді емес, классиканы тыңдаған ләзім!..

**Уәлихан:** — Сонымен, сурет салып жатырмын де! Қане, мен де танысайын. Жақсы дүниені көрмекке деген... *(Уәлихан әрбір суреттің алдына барып, кідіріп көре бастайды.)* Тамаша, жақсы!.. Бұларың ылғи табиғат тамашалары, пейзаждар ғой...

**Мейіржан:** — Есінде ме, айтып ем ғой... Менің қолым адам портретіне жүрмейді. Салмақшы боп тырысып, талай мәрте талпынғам, шықпады...

**Уәлихан:** — Қызық екен... *(Уәлихан тағы да суреттерге қарап, басын шайқап қояды)* Жақсы, жақсы! Бірақ, дүниелеріңді бағалайтын, пікір айтатын сыншы емеспін... Қатардағы көрерменмін...

**Мейіржан:** — Көрерменнің бағасынан артық ештене керек жоқ! Салған суретім бір адамның жүрегіне жол тапса, сол қуаныш, сол бақыт! Шіркін, табиғаты қаз—қалпында... бүлінбеген жеруйыққа жетіп, алаңсыз шығармашылықпен айналысса ғой! Қаншама шедевр дүниелер тудыруға болады!..



**Уәлихан:** — Семьяны кім асырайды, жұмысты кім істейді сонда?

**Мейіржан:** — Біржолата емес, бір-екі ай ғана...Тегінде, "искуство требует жертв" деген сөздің жаны бар... *(Пауза. Мейіржан арқаланып, ары—бері жүріп кетеді)*

**Уәлихан:** — Оу, айтқандай келіншегің қайда? Жалғызсың ба?

**Мейіржан:** — Мына үй салқын болған соң, Ержанды алып, әке-шешесіне кеткен...

**Уәлихан:** — Былтырдан бері сонда ма?

**Мейіржан:** — Сонда...сол үйде... *(Пауза)* Әрі, Ержан да қайта-қайта ауырып... Жаз шыққанда бір-ақ келерсің деп, рұқсат берген өзім едім...

**Уәлихан:** — Бала ауырады деп... сылтауратып үйіне кете беруі қай бір жақсылық. Әлгі "төркіні жақынның төсегі жиылмайдының" кері ғой бұл...

**Мейіржан:** — Жана жұмыс орнымда, пәтер алуға кезекке тұрдым. Бір-екі жылда болып қалар...

**Уәлихан:** — Мынау нешінші пәтер?

**Мейіржан:** — Жетінші ғой...

**Уәлихан:** — Жылға жетпей... сұмдық қой!..

**Мейіржан:** — Енді не істейсің?!. Бір қожайын маскүнем, енді біреуінің қызы нашақор, келесі бір пәтер қаланың шетінде... Таңертең жұмыстан неше мәрте кешіктім...

**Уәлихан:** — Өзің де, бір бейнеткөр екенсің... Қазіргің қалай?!

**Мейіржан:** — Көріп тұрсың, оңаша, тыныш! Қожайыным кемпір-шал, анау—мынаумен көп жұмысы жоқ...

**Уәлихан:** — Бір жақсысы телефоны бар екен... Айтқандай, неменеге шақырдың?

**Мейіржан:** — Ержан бір жаска толды ғой... Соны атап өтейік деп... Қазір Ақнұрлар келеді...

**Уәлихан:** — Кеше неге айтпадың? Құр қол келдім...

**Мейіржан:** — Бөтен ешкім жоқ, сол... өзіміз ғана... Қоярда—қоймай Ержанның туған күнін жасайық деп жүрген Ақнұр ғой... Түк те қысылма!

**Уәлихан:** — Ақнұрдан ұят! Күйеуінің Алматыдағы жалғыз досы, мына мені сөкпей ме?!

**Мейіржан:** — Оның рас... Сондайды ұсақ-түйекке балап, елеп-ескермейтінім бар...

**Уәлихан:** — Ескеру керек, достым!.. *(Пауза)* Маған бір ой келіп тұр... Осы маңайда гүл базары бар ма?!

**Мейіржан:** — Бар... анау көше киылысында. Шағын дүкен...

**Уәлихан:** — Барып келе қояйын... Ақнұрға гүл алайын... Ержанға не алсам екен?!. Оны да көрерміз... *(Уәлихан сыртқа шығып кетеді)*

*(Мейіржан бұрыштағы магнитофон қасына барып, жақсы бір әуезді ән қояды. Бөлме ішін сазды, аздап мұңды әуен кернейді... Музыка үні ақырын шығып тұрады...)*

**Мейіржан:** — Иә, Алла! Бергеніңе шүкір!.. Өстіп-өстіп, алматылық боп, пәтер алып, қатарға қосылып кетсек жаман бола қоймас!..Қазіргі істеп жүрген "Жайық" фирмасындағы суретшілік жұмысым да сәтімен табыла кетті... *(Пауза)* Жаз шыққан соң, Ақнұр мен Ержан да үйге оралар...*(Пауза)* Ержан, ұлым! Сені анда–санда көрсем де, сағынышымды басып, еркелете иіскеп... бір жасап қаламын... *(Пауза)* Байқаймын, бұл менің құйтақандай бөлшегім... бауыр еті балаға деген әкелік сезімнің бас көтеріп бүр жарғаны, ынтызар-ықыласымның ауғанынан шығар... *(Пауза. Музыка әуеніне елітіп, арқасы қозып, толқығандағы дағдысымен ары-бері жүреді)*

Ақнұр!.. Ерке-тотайсың-ау, сен де!.. Ойпыл-тойпыл, тіпті кей кезде ұшқалақ мінезің де жоқ емес... Мынау, күрмеуге келмейтін қысқа ғұмырда адамға керегі — сыйластық, кешірім, береке-бірлік емес пе?! *(Пауза)* Ал, ерлі-зайыптылардың бір-біріне адалдығы екі бастан алғаусыз болғаны ләзім!.. Адал жанның арқаны ұзын деп бекер айтпаған-ау ата-бабамыз... *(Пауза)*

Оу, мен түнде, Ержан балама арнап өлең-сымақ жазған сияқты едім... Тұра тұр, қазір-қазір... *(Мейіржан бұрыштағы стол үстінен, кітаптардың арасынан бір парақ қағаз тауып алады да, оқи жөнеледі... Музыка әуені естіліп тұр...)*

Біздей болма, сәбиім, біздей болма!
Күркіреген жаңбырлы күздей бол да...
Досқа деген ар-ұят намысынды
Найзағайлы от шашқан күндей қорға!
Күрделі өмір-кезең баспалдағы,
Білме сен, жасырынып жасқанған-ды.
Күтпе қашан келер деп сын сағатың,
Сын сағатың туғаннан басталған-ды!
Алмас қылыш қолдағы өсе бергін!
Тұқымы көшпенділер кешегі елдің.
Саған берер ақ тілеу, ақ батам сол —
Махамбеттей ақын бол, көсемі елдің!
Тек өтінем, өтінем, біздей болма!
Күркіреген жаңбырлы күздей бол да,
Досқа деген ар-ұят намысынды
Найзағайлы от шашқан күндей қорға!..

*(Осы кезде сырттан тасыр-тұсыр аяқ дыбысы, сөйлеген адам дауыстары естіледі де, үйге Ақнұр, Меңсұлу, Орал, Омар, Балнұр келіп кіреді. Қолдарында бума-бума гүл, көтерген заттары бар...)*

**Меңсұлу:** — О-о, Ержанның папасы... суретші... ақын... Мейіржан Сымбатұлына дұғай сәлем! *(Меңсұлу иіліп Мейіржанға сәлем береді...)* Оу, өзің Ержанчиктің туған күніне репитиция жасап жаткан жоқсың ба?! *(Пауза)* Бәсе, бәсе... *(Қолындағы параққа үңіледі)* Музыка, өлең... Мынау өленді Ақнұрға арнадың ба, әлде Ержанға ма?!



**Мейіржан:** — Әрине, балама арнадым...

**Ақнұр:** — Маған қайдан шығарсын... *(Пауза)* Мейіржанның өлеңдері дәйім мұң, реніш, өкпеге толы... Поэзияны түсінбесем де, солай сияқты маған...

**Мейіржан:** — Жарар, жарар... Ақнұржан-ау, қонақтардың көзінше сөкпеші... Жоғары шығыңыздар!.. *(Жан-жағына елеңдеп қарайды)* Оу, әке-шешей қайда? Ержан қайда?!

**Ақнұр:** — Ержан тағы да жөтеліп... Мамам мен папамның қасында қалды... Тәуір болса, папамдар ертең Ержанды алып осында келеді... *(Пауза)* Болмаса, өзіміз барамыз...

**Мейіржан:** — Қап-ай, ә!.. *(Қынжылады)* Аурушаң болды-ау, балапаным... *(Пауза)* Ержансыз... ол ботақансыз... қандай қуаныш, қандай той?!.

**Балнұр:** — Жә, осылай тұрамыз ба?! Ақнұр, Меңсұлу дастархан қамына кірісіңдер!.. *(Орал мен Омарға қарата сөйлейді)* Сендер... сіздер, үй ішілік ұсақ–түйек әңгімеге көңіл бөлмеңіздер! Төрге шығып, жайғаса беріңдер!.. *(Енді Мейіржанға қарайды)* Мейіржан-ау, мына суреттерінді, былай жинастырып, қоғамда!.. Ом... Омар бір музыка қойшы! Туған күннің, тойдың рухы білінсін!..

*(Омар музыка қояды. Ақнұр мен Меңсұлу дастархан жабдығына кірісіп кетеді... Осы кезде сырттан қолында қағаз қорапқа салынған торты және оң қолында бір бума гүлдері бар Уәлихан кіреді.)*

**Уәлихан:** — Қайырлы күн, жолдастар!.. Ақнұр айналайын! Ержан үлке–ен жігіт болсын! Өздеріне серік болсын! *(Ақнұрға гүл ұсынып, қораптағы тортты ұстатады да, бетінен сүйеді)*

**Ақнұр:** — Рахмет, Уәлихан аға!.. Рахмет!.. Жоғары шығыңыз...

*(Уәлихан қонақ жігіттермен қол беріп амандасады)*

**Балнұр:** — Бұл — Ержанның папасы! Менің күйеу балам!..

**Орал:** — Мейіржанды білемін...

**Балнұр:** — Қашаннан бері?

**Орал:** — Мейіржан Алматыға алғаш келгенде, қонақ үйде танысқанбыз...

**Мейіржан:** — Иә, мен де таныспын Оралмен...

**Балнұр:** — Онда, бұл үйде бөтен ешкім жоқ... Почти өзіміз...

**Меңсұлу:** — Ал, құрметті меймандар! Қолдарыңызды жуып, дастархан басына жайғасуларыңызды мархабат етем!..

**Ақнұр:** — Асықпай шәй ішіп алайық... Ас пісіп жатыр...

*(Қолдарын шайған меймандар дастархан басына рет-ретімен отыра бастайды. Ақырын музыка ойнап тұр... Осы кезде телефон безектеп шылдырай жөнеледі. Мейіржан барып трубканы көтереді...)*

**Мейіржан:** — Ал-оу!.. Иә, иә тыңдап тұрмын сізді... Кім дейсіз, Ақнұр ма?! Кешіріңіз, өзіңіз кімсіз?.. Әділ дейсіз бе, Әділ-л... *(Дәл осы кезде ас үйден тарелка ұстап кіріп келе жатқан Ақнұрдың дегбірі қашып, сұрланып тұрады да... тарелкасы қолынан сусып, жерге құлап*

*сынып қалады... Мына көрініске жұрт та аң-таң... Үдірейіп бәрі Ақнұр мен Мейіржанға қарайды)*

**Мейіржан:** — *(Ашуланып)* Бір емес, екі емес... Бұл не, басынғаны ма?! Кім ол Әділ деген?! Ұқтыр бізге, айт, Ақнұр?!. *(Ақнұр жылап, бетін басып ас үйге шығып кетеді)* Ал, құрметті халайық! Туған күн осымен тәмам!.. Тараңыздар... Масқара ғой бұл!.. Кімді басынады, неге басынады?!.

*(Үдірейіп-үдірейіп орындарынан тұрған қонақтар... Музыка үні сап тыйылады... Бөлмені көңілсіздік, үнсіздік жайлайды... Ешкім де үн қатпайды... Қонақтар тарай бастайды... Бөлмеде жалғыз Мейіржан қалады. Қасында — досы Уәлихан. Мейіржан қос қолымен басын шеңгелдеп, ызаланып столда отыр...)*

**Уәлихан:** — Аяқ астынан опыр-топыр... Не болды, апыр-ау?!

**Мейіржан:** — Түбі бұл әйелмен тұрмайтын шығармын... *(Басын шайқап, опынады)* Әй-әй, Ақнұр-ай!..

**Уәлихан:** — Сабырлы бол, бауырым! Не айтам саған... Өзің шеш...

## VI көрініс

*Үшінші бөлім*

Мамыр айы. Күн жылы. Мезгіл кешқұрым. Айнала-төңірек сондай тып-тыныш. Қала шетіндегі көше бойлай салынған тұрғын үйлердің маңайы сыңсыған жеміс ағаштары. Әне бір тұстан өнші торғай үні сорғалайды. Жанға жайлы тыныштық ұйып қалған... Ауладағы ағаш орындықтардың бірінде жасы жетпістен асқан, көзілдірікті Шұғайып қарт газет оқып отыр. Анандай жерде немересі ойнап жүр. Бір кезде бейтаныс екі жігіт, бір адамды екі қолтығынан сүйретіп отырып, Шұғайып ақсақалға тақау әкеп сылқ еткізе тастай салады.

* * *

**Шұғайып кәрия:** — *(Қалбалақтап орнынан тұрады)* Өй-өй, балалар... бұларың не?! Тірі ме, өзі өлі ме?!. Қарақтарым, айтсандаршы жөндерінді?!.

**Бейтаныс бірінші жігіт:** — Ана пивбардың қасында біреулер тепкілеп кетті...

**Шұғайып кәрия:** — Не істепті, бұл жазған?!

**Бейтаныс екінші жігіт:** — Біз қайдан білейік, ата! Милиция алып кетпесін деп, жанымыз ашып әкелсек...

**Бейтаныс бірінші жігіт:** — Өзі интелигент қой деймін... Мойнында галстугы бар... Киімі де нашар емес... Іх-м... *(Күледі)* Блатной какой—то...

**Бейтаныс екінші жігіт:** — Іше алмаса несі бар десеңші... Өй, бейшара!.. Еще төбелеседі әліне қарамай...



**Шұғайып кәрия:** — Әй, балалар! Тұра тұрыңдаршы! *(Ұзап бара жатқан екеуді тоқтатады)* Мұнда неге әкелдіңдер, а?!.

**Бейтаныс бірінші жігіт:** — Осы манда пәтерде тұрады дейді...

**Бейтаныс екінші жігіт:** — Тұрса да, тұрмаса да қайтеміз... Әйтеуір, адам нәпірі аздау осы жерде тыныққсын!.. Соңыра ұйқысы канған соң тұрар, жаны болса!.. Ал, біз кеттік, ата! Айыпқа бұйырманыз!.. *(Екеуі кетеді)*

**Шұғайып кәрия:** — Апыр-ай, ә! Тападай-тал түсте! Бұл не деген сұмдық?! Әй-әй?!. Тас жүрек болған ба, бұл адамдар?! Ой, Алла!.. Не боп барады мынау заман?! *(Басын шайқайды)* Жын-шайтан иектеді, ойнақ салды деген осы!.. *(Келіп, еңкейіп, құлап жатқан кісінің түріне үңіле қарайды да, шошып кетеді)* Тірі екен... Жүрегі соғып жатыр... Әй-әй, мына адамның түрі таныс қой, өзі. *(Пауза. Ойланады)* Бәле, мынау... әлгі, суретші жігіт қой... Астафирала! Бұған не болған, соншама ішіп... Астафирала!.. Бір-екі рет қызара бөртіп келе жатқанын көріп едім, мынасы тіпті өрескел-ақ! Ай-ай, өзәзіл-арақ-ай!.. Естен айрылып ішпесе етті байғұс бала!.. *(Пауза)* Есімін ұмытып отырғаным... Тілімнің ұшында тұрғаны... Мейірбек пе, Мейір-Мейір... а-а, Мейіржан екен ғой... Аққөңіл, онды жігіт...Былтыр үйлендім деп еді!.. Бірақ әйелі әке-шешесінің қолында, өзі мұнда... *(Пауза)* Түк түсінсем бұйырмасын... *(Шұғайып кәрия жан-жағына қарайды)* Мына байғұсты үйге кіргізейік те... Қайсың барсың?!. *(Ешкім үн қатпайды. Анандай жерде ойнап жүрген кәрияның немересі келеді қасына)*

**Немересі:** — Ата, мені шақырдыңыз ба?!. Бұл кім? Мас па?!.

**Шұғайып кәрия:** — Бара ғой, балам!.. Мас емес, сырқат адам... ауырып жатыр... Қазір тұрады... Дәрігерлер келеді... Бара ғой, бар... ойна... *(Кәрияның немересі томпаңдап, жүгіріп кетеді. Осы кезде құлап жатқан жігіт... Мейіржан аһылеп-уһылеп орнынан тұрып, жүрелеп отырады)*

**Мейіржан:** — *(Тілі күрмеліп...)* Ау-у... Қалай болғаны?! *(Таңданып...)*

Мені мұнда кім әкелген?! *(Басы мең-зең қалпы, таңырқап Шұғайып кәрияға қарайды)* Айып етпеңіз, ақсақал... Сізден ұят болды-ау!..О-ой, белім-ай!.. *(Мейіржан ауырған белін ұстап аз-кем үнсіз отырып қалады)*

**Шұғайып кәрия:** — Өзің амансың ба?! Сынған, шыққан жерің жоқ па?!

**Мейіржан:** — Аман сияқтымын... Қабырғама зақым келген бе... *(Жер тіреп, орнынан тұрады да, үсті-басын қағып, Шұғайып кәрияның қасына, орындыққа жайғасады)* Есімді білетін едім... Әлгі, әлде-бұзықтардың тепкісінен... аз уақытқа... талып қалыппын... Әлде-әлде...соншама... қатты ұйықтағаным ба?!. *( Есіне бірдеңе түскендей жалма-жан жан қалтасын қарай бастайды)* Жоқ, сыпырып кетіпті онбағандар...Қап-ай, ә!.. Не істедім енді?!. *(Өкініп, бас шайқайды)*

**Шұғайып кәрия:** — Бірдемең жоғалды ма?!

**Мейіржан:** — Ақшам жоқ... Сыпырып кетіпті... Жалақымды алып едім...

**Шұғайып кәрия:** — Қанша еді, балам?!

**Мейіржан:** — Отыз мың...

**Шұғайып кәрия:** — Шығасыға иесі басшы ғой... Жә, басың аман болсын, акша табылар... Әлгі бұзақылардың таяғы қата тимей, бата тиіп өліп кетсең не істер едің...

**Мейіржан:** — Оныңыз рас! Жарайды, бастан құлақ садака!.. Болар іс болды! Бояуы сіңді!.. *(Кіжініп, жұдырығын түйеді)* Ата, сау болыңыз! Айып етпеңіз!.. Мен үйге барайын... Енді арақты татып алмаспын... *(Басын шайқайды)* Әй-әй... өзіме де сол керек!

**Шұғайып кәрия:** — Өзіңе-өзің келіп ал, балам! Содан соң, кенінен отырып бір әңгімелесеміз, жарай ма?!.

**Мейіржан:** — Мақұл, ата!.. *(Мейіржан кетіп бара жатқан жерінен бұрылып, кілт тоқтайды да)* Өзім кінәлімін, ата!.. Ешкім емес, мына менмін!.. Әйтпесе, кім әйелімен ренжіспей жатыр... Соған бола... ішіп... Ынжықпын... Боркемікпін... Мені сабайтын, итше тепкілейтін ешкім жоқ!.. *(Пауза)* Бірақ бар ғой, ата, мына ғаламатқа қараңыз!.. Арақ ішуге, жаман істерге мені... тура желкемнен біреу зорлап, итеріп тұрады... Бұл немене, сонда?! *(Таң қалады)* Көзге көрінбейтін не құбыжық ол?!. Әлде, әзәзіл деген сол ма?!. Түсінбеймін... *(Пауза)* Біздің түсінбейтін дүниелеріміз көп қой, ата?!. *(Зорлана күледі, басын шайқайды)* Менің әкемнің туған әпкесі, маған әже ғой... сол кісі өмір бойы сәждеге жығылып, бес уақыт намазын қаза қылмаған кісі еді жарықтық... Бертінде қайтыс болды... Сол кісі: « Әй, қазір иманды-жақсы адамдар аз, мына жүргендер жын ба, шайтан ба — шапалақ па?!.» деп, айтып отыратын... Сол сөздің жаны бар-ау деймін... Әйтпесе не жетпейді адамдарға?! Айнала толған өтірік, өсек, көре алмаушылық, іштарлық, алдау-арбау, қулық-сұмдық, арамдық, жезөкшелік!.. Тфу, мұндай мерез-сыркат қоғамнан!.. *(Пауза. Кіжініп, басын шайқайды)* Бәріне адамдардың өзі кінәлі!.. Солай ғой, ата! Айтыңызшы ақиқатын?! *(Пауза)* Мен де тегін таз емеспін депті ғой біреу... Сол айткандай, мен де бірдеңе білемін, ата!.. Сіз де тегін жан емессіз!.. Бізді жолықтырған Алла!.. *(Пауза)* Иә-иә, ғибраты бар бұл жолығудың...

**Шұғайып кәрия:** — Осы жерден токтай қал, балам!.. Аузыннан шыққан Алла деген уәжіңе жүрегім ұйып барады! Тегінде құдай деген құр қалмас!.. Жақсылық та, жамандық та Алладан... Жә, мынадай түріңмен Алла хақындағы әңгімені доғара тұрайық! Көршісің ғой, асықпай отырып сұхбаттасамыз әлі!

**Мейіржан:** — Жарайды, ата! Келістік... Мен үйге барып дем алайын...

*(Мейіржан кетеді, Шұғайып кәрия жалғыз қалады)*



**Шұғайып кәрия:** — Адамның тағдыры да қилы-қилы! *(Пауза. Басын шайқайды)* Өзі ақылды азамат сияқты!.. Келінмен ренжістім екен деп, іше ме сөйтіп... Бір себеп бар ғой... Жақсылап әңгімелесу керек! Бір адамды түзу жолға түсіргеннің қанша сауабы бар!.. Иә-ә... (Кәрия Мейіржан кеткен жаққа қарап, ойланып тұрып қалады)

## VII көрініс

Арада он күн өткен...

Мейіржанның сол үйі, сол бөлме...

Мезгіл кешқұрым. Жұмыстан келіп, шәй ішкен соң, асай-мүсейлерін шығарып сурет салуға ыңғайланған болатын. Осы кезде телефон шырылдап қоя береді... Мейіржан телефон тұғырын көтерді.

* * *

**Мейіржан:** — Ал-оу, ал-оу! Межгород... Да-да слушаю... *(Пауза)* Асылжан, сен бе?! Амансыңдар ма?! Біз бе, біз аманбыз... Ержан өсіп жатыр... Құдалар да дін аман... Өздерің ше? Мамам... анамыз сырқаттанып қалды дейсің бе?!. Иә, қашан келесіңдер? Осында, Алматыға қаралмақшы ма?! *(Пауза)*

Жарайды-жарайды, күтіп аламыз! Өзім шығам ғой... Иә, иә... шығатын күні телефон шалыңдар! Жақсы...

*(Телефонды тұғырына қойған Мейіржан ойланып отырады да, аз уақыт өткен соң...)*

**Мейіржан:** — Қой, Ақнұрға хабарласайын... *(Мейіржан телефон нөмірлерін теріп, тұғырын құлағына тақайды)* Апа амансыздар ма? Мен ғой Мейіржанмын... Ержан қалай? Ертең сенбі ғой, барайын деп отыр едім... Иә, ертең келемін... *(Пауза)* Жақсы-жақсы... Жарайды... Ақнұр қайда? Шақырып жібересіз бе?!. Алоу, Ақнұр! Мен ғой... Жаңа апама да айтып жатырмын... Ертең келемін деп... Ақнұр, жаңа Ақтоғайдан звондады... Асылжан ғой... Шешем ауырып, емделуге Алматыға келмекші!.. Осы екі-үш күнде... А-а... Не дейсің?!. *(Пауза)* Қонақ үйге! Не деп тұрсын? Қонақ үйі несі...

*(Пауза. Мейіржанның дауысы өзгеріп, ашуланғаны біліңеді)*

Түсіндім... Рахмет саған... Ақылын соған жетсе, рахмет!.. Сау бол!.. *(Телефон трубкасын тұғырға қойған Мейіржанның түсі өзгеріп, диванға барып отыра кетеді)*

**Мейіржан:** — *(Дауыстап)* Ih-i... Сөзін қа-ра-шы! Мы ее в гостиницу устроем!.. Не деген ақымақтық! Өткендегі ісі анау... Жә, оны да кешіріп едім, қарамайсың ба?!. *(Пауза. Тұрып арлы-берлі жүреді)* Өзі сырқат, кәрі анамды пәтер болса да... осы үйге әкелмей, конақ үйге орналастыруым керек екен ғой! Тапқан екенсің ақымақты?! *(Пауза)* Бұл, әлде... Ақнұрдың мазағы ма?!

*(Осы кезде тағы да телефон шылдырлайды. Мейіржан трубканы көтереді)*

**Мейіржан:** — Ақнұрсың ба?!. Неменеге мазалайсың қайта-қайта?!. Жоқ, мен олай етпеймін... *(Пауза)* Кешір-р... Маған өйтіп нұсқау берме!.. Түсіндің бе?! *(Пауза)* Айта бер-айта бер... Біле білсең, мына қылығыннан соң, сенімен тұрмайтын шығармын... Иә, естігенің сол! Мен сенімен ажырасам! Жетті тәлкегің!.. *(Пауза)* Не дейсің?! Законна хотела выходит замуж... иә-ә, законна хотела родит дейді-і... Жақсы-жақсы.... Айналайын, енді мені мазалама!.. Сау бол!... *(Телефон трубкасын тұғырына қояды)*

## VIII көрініс

Арада бір жарым жыл өтті...

Мейіржан пәтерде тұрып жатқан сол үй, сол бөлме... Өзі жеңіл киінген. Бөлме ішінде салынған суреттер әр жерде ілулі, кейбірін орындық, кереует үстіне қойған. Мейіржан еңкейіңкіреп сурет салуда. Дәл қазір бар назары суретте... Бір кезде тұрып, белін жазады да, залдағы көрерменге қарап сөйлейді.

* * *

**Мейіржан:** — Міне, қандай тамаша! *(Салған суретіне қарап тұрып)* Бітірдім! Бұл отызыншы суретім! Стамбул қаласында, түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық байқау өтпекші. Соған жолдаймын бұл туындыларымды... *(Пауза)* Бас жүлдеден дәметпеймін, ынталандыру сыйлығына ие болсам да, шүкір!.. *(Пауза. Әуезді музыка естіледі)*

Иә-ә... Шығармашылық жұмысым біршама қалпына келгендей... Жаман емес... Ал, Ақнұрсыз, Ержансыз тұрып жатқаныма екі жарым жыл! Тура екі жарым жыл!.. Аз емес... Ержантайға барып тұрам. Әлі кішкентай ғой, дүниенің паркын қайдан білсін... Көп жағдайда ойынмен алданып қала беретін... Өткенде, бір барғанымда жылап, жабысып қасымнан ұзамай—ақ қойғаны... Қазір келемін деп, көпе-көрнеу алдап кеттім!.. *(Пауза)* Содан, былай шыға бере жүрегім қатты-қатты шаншып, ауырып... ал кеп жылайын... *(Пауза)* Сол үшін Алматыдан біржола кетіп, қарамды батырғаным жөн болар... Қалалық әкиматта аппарат жетекшісі боп істейтін курстас досым Еділ Өскеменге шақырып еді, түбі сол жаққа қоныс аударатын шығармын... *(Пауза)*

Тағы бір жаңалық! Арақты татып алмайтын болғам... Қандай рахат! Басын да ауырмайды, қай ортада болмасын жүзің жарқын!.. Мұндай ізгі қадамға баруыма көрші ақсақал Шұғайыптың Алла хақындағы әңгімелері себепші!.. *(Пауза)* Шұғайып кәрияны айтам, мұндай діни көл—көсір білімді қайдан алған десем, арғы атасы



пірәдар, өзі өмір бойы университетте сабақ берген ғылым кандидаты, доцент болған екен зейнеткерлік демалысына дейін. Ал, сәждеге жығылып, намаз оқығанына он жыл ! *(Пауза)*

Абдул-Хамид Кадридің "Догматы христианства", Хаммуда Абдалатидың "Взгляд на Ислам" және діntанушы Нұрлан Өсерұлының "Мұсылмандық қағидаларын" оқып, біраз жәйттан хабар алдым! Ислам діні, ислам философиясы таусылмайтын ғылым, білім екен-ау... *(Пауза)*

Айтқандай, кешегі жазған өлеңім қайда? *(Мейіржан стол тартпасын қарап, бір жапырақ қағаз алып шығады да, оқиды. Әуезді саз ойналады)*

... Сіңіп барам, құрдымға сіңіп барам,
Сіңіп жоққа кете алмас иықты адам.
Тау көтермей, тас салмай таразыға,
Шаң көтеріп, шаң жұтып құрып барам.
Несі өмір, құр қиял кешуменен,
Білесің бе, ей, ақын, көшуде өлен.
Сенің сәби тазалығың кімге керек,
Пышақ-жырмен тұсауын кесілмеген!..
Білесің бе, ей, ақын, көшуде өлең...

* * *

Өкпем жоқ, саған өкпем жоқ!
Кеудемді қарып кеткен от,
Бүліксіз жатқан жанынды,
Бүлдіріп білем, жеткен жоқ...
Ұрыссаң ұрыс, жәбірле,
Қақың бар оған, әрине.
Қосылам деген мен едім,
Махаббат деген әніңе...
Сұмдық-ау, сұмдық шешімім,
Өткенді немен өшірдім.
Кездескен күнді қаралап,
Сұраймын не деп кешірім.
Өкпем жоқ, саған өкпем жоқ!
Кеудемді қарып кеткен от,
Қыс болмай суық ызғарлы,
Жетсе екен шуақ көктем боп...
Өкпем жоқ, саған өкпем жоқ...

*(Мейіржан өлеңдерін оқып болған соң, ойланып тұрып қалады да...)*

Тағы да сары уайым, сағыныш... Жазбаймын енді... болды!.. *(Пауза)* Қарашы айналаға! Өмір, не деген тәттісің!.. Жо-жо-ок, *(Пауза)* Қарашы айналаға! Өмір, не деген тәттісің?!. Қой, дем бүйтіп бірыңғай пессимизмге құруға бола ма өленді?!. Қой, дем алайын! Уақыт та біразға барған шығар. *( Үңіліп қол сағатына*

*қарайды)* Мәссаған, түнгі екі!..Қалайша, ұзақ отырып қалғанмын...

*(Мейіржан жарықты сөндіріп, төсекке қисаяды... Қанша уақыт өткені беймәлім, бір кезде аппақ аса таяқ ұстаған, аппақ киімді кәрия келіп, Мейіржанның қолынан ұстайды да, жетелеп отырып қап-қараңғы үңгірден өтеді. Қараса, алдары жап-жазық кең дала! Аппақ киімді кәрия Мейіржанның қолын босатып қала береді...*

*Сахнада жарық жанады да, Мейіржан көзін уқалап орнынан тұрады. Абдырап...)*

**Мейіржан:** — Апыр-ай, өнім бе десем! Түсім екен-ау!.. *(Пауза)* Аппақ сақалды, аппақ киімді кәрия... *(Оң қолына қарайды)* Қолымнан ұстап жетектеді... *(Пауза)* Жақсылыққа болғай!.. *(Беті-қолын жуып, столға жақындағанда Шұғайып кәрия енеді үйге)*

**Шұғайып кәрия:** — Ау, Мейіржан айналайын, жаңа тұрдың ба? Кеш жатқансың-ау, сірә...

**Мейіржан:** — Иә, кеш жатып едім...

**Шұғайып кәрия:** Бәсе-е... Терезенің жарығы түннің бір уағына дейін сөнбегенін көргем...

**Мейіржан:** — Ата, тамаша түс көрдім, айтайын ба?! *(Мейіржанның қуаныштан көзі нұрланып, толқыганы даусынан білінеді)*

**Шұғайып кәрия:** — Айта ғой...

**Мейіржан:** — Көзім ілініп кеткен екен... *(Әуезді музыка ойналады)* Аппақ киімді, иман жүзді бір ақсақал маған тақау келді де, он қолымнан ұстап... қараңғы үңгірге кірдік... Жүріп келеміз — жүріп келеміз, бір кезде жап-жазық ке-ең далаға шықтық! Кәдімгі ұшы-қиырсыз ке-ең дала!.. *(Сезімге беріліп, шабыттана сөйлейді)* Дала ән салады, жырлайды!.. Бірақ, бірақ... құлаққа ұрғандай, ұйыған... беймарал тыныштық! Келесі сәтте, әлгі аппақ киімді ақсақал менің қолымды босатып, өзі қалып қояды... Тура осы жерге келгенде оянып кеттім...

Міне, бар болғаны осы!.. Қалай, ата?!.

**Шұғайып кәрия:** — Айналайын, жәй қолыңды! Шынында ғажап түс екен! *(Мейіржан қос қолын жаяды)* Қараңғы үңгірден өтуің, өткен өміріндегі қиындықтардың, кедергілердің артта қалуы. Аппақ киімді ақсақалдың сені жетелеп апарып, жазиралы ке-ең далаға жетектеп алып шығуы, алдағы шуақты-сәулелі ғұмырың! Ол үшін сәждеге жығылып, намаз оқуың керек! Алла тағала жолыңды оңғарсын! Әумин!..

**Мейіржан:** — Өзім де, іштей әзірленіп, жаттап жүр едім...

**Шұғайып кәрия:** — Бәрекелді! Қандай сүрелерді білесің?

**Мейіржан:** — Фатиха, Ықылас, Фәлақ, Нас сүрелерін...

**Шұғайып кәрия:** — Онда намаз оқуға ниет жасай бер, айналайын...Үйткені, қасиетті Құран-Кәримде, 58 жерде, "Намаз оқындар" деп жазылған!



Намаз алдындағы тәһарат, яғни дәрет алудың өзі Аллаға құлшылық болып табылады!

**Мейіржан:** — Қызметтегі адамға намаз оқу қиындық түсірмей ме?

**Шұғайып кәрия:** — Түсірмейді, тек таза ниет керек! *(Пауза)* Құран-Кәрімді Алла тағаланың сөзі екендігіне сене отырып оқудың өзі, өз алдына бір ғибадат! Мағынасын білу, мақсатын түсініп, бұйрықтарын орындаушы кісі, екі дүниеде мақсат-мұратына жетеді... Ал, намаз кісіні әртүрлі жамандықтан тияды.

**Мейіржан:** — Ғажап екен...

**Шұғайып кәрия:** — Егер біреудің оқыған намазы оны жамандықтан тиып, жақсылыққа бастамаса, оның намазы шынайы намаз емес, басқаша айтқанда намазды ықыласымен оқымағаны.

**Мейіржан:** — Түсінікті...

**Шұғайып кәрия:** — Намаздың мән-мағынасын білмегендер немесе намаздан жақсы нәр ала алмағандар, оны тек қана тұрып-жығылу деп ойлайды. **Ал намаздың адамды періштеге айналдыратынын білмейді.** Негізінен намаздың толық ғибадат екенін білу керек. *(Пауза. Қызынып, әрбір сөзін нақыштап сөйлейді)* Сондықтан біз намазды толық, шынайы ықыласпен орындап, мән-мағынасын жақсы біліп, нәр алуға міндеттіміз. Күніне бес уақыт намаз оқу — әрбір мұсылманның мойнына парыз екендігі талассыз. Намазды селсоқ түрде шала-шарпы, көңілсіз емес, шынайы ынтамен оқу керек! Яғни, намазды денемен оқымай, нағыз жүрекпен оқу қажет! Көңілсіз, немқұрайды оқылған намаз пайдасыз. Ондай шала намаз адамды Алла тағаланың хұзырына жақындатпайды!..

**Мейіржан:** — Түсінікті...

**Шұғайып кәрия:** — Айтқандай, Құран-Кәрімнен біраз аяттар жазып қойып едім... Мен қазір әкеле қояйын... *(Шұғайып кәрия кетеді)*

**Мейіржан:** — Ғажа-ап!.. *(Пауза. Жақсы бір әуезді музыка ойнаса...)* Мынау фәни жалған... әппақ әлемде пенде түсінбейтін, білмейтін сырлар көп-ау!.. Ғажа-ап!.. Намаз оқы дейді Шұғайып ақсақал... Оған мен әзірмін бе?! *(Пауза)* Абай атам не айтады?

... Сылдырап өңкей келісім,
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өзі үшін,

Тұра алмас әсте жуынбай!.. *(Пауза)* Сонда, кірлеген жүректі жуатын кім?! Әрине, Алла!.. Осы сөзді мен бір жерден оқып едім... Кімнен? Қашан?.. *(Пауза)* Есіме түспей тұрғанын қарашы,ә?! Жә, кімнің айтқаны міндет емес... Мәселе мағынасында... *(Пауза)* Шынында, жақсы музыка, әсем ән, тағы басқа көңіл көтеретін дүниелер адамның кірлеген жүрегін жуа ма?! Жұмас, жуа алмас! Жуатын, тазалайтын жалғыз Жаратушы ғана! *(Пауза)* Маған ғана

емес, біздің бүгінгі қоғамға, оның ішінде қазақтарға әуелгі керегі, дін, тіл һәм діл болса керек!.. Иә-ә, со-ла-ай!..

*(Осы кезде бөлмеге Уәлихан кіреді)*

**Уәлихан:** — Сәлем бердік, суретші доска! *(Екеуі төс қағыстырып амандасады)*

**Мейіржан:** — Өзің амансың ба! Көрінбей кеттің ғой?

**Уәлихан:** — Айтып ем ғой, есінде ме?

**Мейіржан:** — Не жөнінде?

**Уәлихан:** — Ауылға кетемін деп...

**Мейіржан:** — Иә, айтқансың...

**Уәлихан:** — Шелек ауданында, шалғай бір ауылда мұғаліммін. Тарих пәнінен дәріс беремін. *(Пауза)* Үш бөлмелі пәтер алдым, колыма анамды көшіріп әкелдім.

**Мейіржан:** — Құтты болсын!

**Уәлихан:** — Тағы бір жаңалығым бар! *(Пауза)* Үйленгелі жатырмын!

**Мейіржан:** — Соған... тойға шақыра келдің...

**Уәлихан:** — Алдағы аптада! Өзің басқарасың тойды!

**Мейіржан:** — Әрине, әрине! Қуаныштымын!.. *(Пауза)* Бақытты бол, достым!.. Менің өмірімде де өзгеріс болатын сынайлы... *(Пауза)* Өскеменде, қалалық әкиматта аппарат меңгерушісі боп істейтін курстасым бар еді. Былтырдан бері қоныс аударуға шақырып жүрген. Келісім бердім жақында... Қызмет те, үй-жай да шешілетін болды.

**Уәлихан:** — Жөн-н... Шақырған жерге барған ләзім...

*(Екі дос әңгімелесіп отырғанда екі жігіт пен бір қыз келеді. Бір жігіттің қолында домбыра, екінші жігіттің қолындағы пакетте толған кітаптар)*

**Бірінші жігіт:** — Қайырлы күн, азаматтар! Біз құдайы қонақпыз... Құдай әкемізді және Иса-Мәсіхті уағыздап жүрген жанбыз...

**Мейіржан:** — Түсінбедім... Иса-Мәсіхі несі?!.

**Екінші жігіт:** — "Қуаныш" жаңұясының белсенділеріміз...

**Қыз:** — Құдай-әкемізді, Иса-Мәсіхті мадақтаймыз!

**Мейіржан:** — Астафирал!а!..

**Уәлихан:** — Айтсын-айтсын, тындайық Мейіржан...

**Бірінші жігіт:** — Ән — көңілдің ажары! Ендеше, қазағымның қасиетті қара домбырасының сүйемелдеуімен, пасторлыққа кандидат Еркінбек бауырымыз әуелі Құдайды мадақтайды, одан соң Иса-Мәсіхке көшеміз... *(Пауза)* Ал, Еркінбек бауырым саулат, төгілдір жырыңды! *(Еркінбек аталатын екінші жігіт орындыққа жайғасып отыра қалып, әндете жөнеледі. Қалғандары тұрып тыңдайды)*



Мадақтаңдар, Құдайды, киелі үйінде,
Мадақтаңдар, құдыретті — Көктегі Әкені.
Мадақтаңдар, Құдайдың керемет ісін,
Мадақтаңдар, Құдайдың зор ұлылығын...
Мадақтаңдар, Құдайды ғажап үндермен,
Мадақтаңдар, Құдайды домбыра даусымен.
Мадақтаңдар, ән салып, би билеп,
Мадақтаңдар, Құдайды ән-таспамен...
Мадақтаңдар, Құдайды барлық дауыспен,
Мадақтаңдар, Құдайды сылдырмақ ойнымен.
Мадақтаңдар, Құдайды қобызбенен,
Мадақтаңдар, Құдайды сырнайменен...

*(Үйге Шұғайып кәрия енеді де, состиып, аңырып тұрып қалады)*

**Шұғайып кәрия:** — Оу, жарандар! Бұл не концерт, бұл не шу?! *(Ән айтып тұрған жігіт кілт тоқтай қалады)*

**Уәлихан:** — Бұл жастар Иса-Мәсіхті мадақтаушылар...

**Шұғайып кәрия:** — Астафирал!а! Иса-Мәсіх дейді!.. Кәдімгі Ғайса ғалейхисалам ба?!

**Бірінші жігіт:** — Иә-ә, Иса-Мәсіх, Құдайдың ұлы...

**Шұғайып кәрия:** — Астафирал!а! Кешір Раббым!.. *(Пауза)* Жігітім, бұл айтып тұрғаның не?! Ата-бабамыздан бері қазақтар мұсылман... Ал, мұсылман әуелі Алланың барлығына, жалғыз екендігіне, барлық пайғамбарларға, періштелерге, қиямет қайымға, өлген соң тірілуге, жақсылық пен жамандық тағдыр ісімен болатындығына сенеді...

**Бірінші жігіт:** — Ол теріс түсінік, ата! Иса-мәсіх Құдайдың ұлы!.. *(Қызынып сөйлеп кетеді)* Білесіз бе, Иса-Мәсіх қазір Қазақстан ормандарын аралап жүр...

**Шұғайып кәрия:** — Астафирал!а! Не деп лағып кеттің, айналайын!.. Сөздің қысқасы, әнгімені осымен доғар! Жолың әне! *(Ашуланады)* Бүйтіп адаспандар және өзгелерді де адастырмандар!..

**Қыз:** — Ата, сіз бүйтіп... дауыс көтермеңіз! Біздің бұл дініміз заңды түрде тіркелген!.. Заңға қарсы шықпаңыз!

**Шұғайып кәрия:** — Айналайын, бұл ұйып отырған елді іштен іріту! Тәуелсіздікті енді ғана алып, ата-баба дінімен, ана тілімізбен табысып жатқанда... бұл барып тұрған сорақылық! Барыңдар, жолдарың болсын!..

*(Екі жігіт пен қыз кетіп бара жатып,* ***Ата, сіздікі қате, дұрыс емес дейді жарысып, бірінен соң бірі)***

**Шұғайып кәрия:** — Қарашы, істеп жүргендерін! *(Басын шайқайды)* Мұхит асып, сонау ит өлген жерден келген миссионерлердің ісі ғой бұл! Әне, көрдіңдер ме, жігіттер! Білімі аз, иманы әлсіз қазақ жастарын доллар беріп, алдап-сулап қолдарына түсіріп алған онбағандар!.. *(Осы кезде құндақтаулы баласын көтеріп, қызыл-*

*жасыл, қабат-қабат көйлек киген, орамал тартқан тәжік-месхед әйелі келеді)*

**Әйел:** — Ағайлар! Алла жарылқасын сіздерді! Көмек беріңіздер! *(Қолын жайып, таяп келеді)*

**Шұғайып кәрия:** — Бұл не боп кетті өзі! Бірінен соң бірі...

**Әйел:** — Әй, ата! Айып етпеңіз! Көмек қолын созыңыз ренжімей... *(Дәл Шұғайып кәрияның алдына келіп тұрады)*

**Шұғайып кәрия:** — Алла ризалығы үшін!.. *(Кәрия әйелдің созған қолына жан қалтасынан теңге алып тастайды. Мейіржан мен Уәлихан да ақша береді)*

**Әйел.** *(Мейіржанға қарап)* Саған көз тиген! Ұзын бойлы қара әйел дұға жасаған! Оңаша шығыңыз... Бал ашайын! Тұмар жазып берейін! Қане, жүре ғой, жүр! *(Әйел көзін қысып, жымыңдап Мейіржанның қолынан тартады)*

**Мейіржан:** — Керегі жоқ, рахмет!

**Шұғайып кәрия:** — Айналайын, бар! Бара ғой!..

**Әйел:** — Сізді ақсақал... үл-ке-ен қатер күтіп тұр... Қатты ауырасыз... Ауруханаға түсесіз... Сізге де тұмар берейін...

**Шұғайып кәрия:** — Айналайын, бар дедім ғой! Бар жөніңе!..

**Әйел:** — Қуандар! Жарамайды оларың... Өзім де кетемін... *(Әйел шығып кетеді)*

**Шұғайып кәрия:** — Базар-вокзал болып кетті ғой... Ауланың қақпасын жабыңдаршы. Әңгімелесейік жөндеп. *(Мейіржан шығып кетеді де, іле қайтып келеді)*

**Мейіржан:** — Бекіттім, енді ешкім мазалай қоймас...

**Шұғайып кәрия:** — Екеуің де тыңдандар! Қасиетті Құран-Кәрімнен қадау-қадау біраз аят жазып алғам.

**Мейіржан:** — Оқыңыз...

**Уәлихан:** — Оқыңыз...

**Шұғайып кәрия:** — Бісімілә-рахман-ир-Рахим!

"Күмәндарың болмасын, шайтан мүминдер үстінен, Аллаға сүйенгендерге өктемдік ете алмайды". *(Нахыл сүресі, 99 аят)*

"Адамдарға Алла мейірімді екені даусыз, бірақ көпшілігі соған шүкіршілік етпейді" *(Жүніс сүресі, 60 аят)*

"Құдай ешкімге қолынан келмейтінді жүктемейді, әркімнің істеген жақсылығы да, жамандығы да өзін табады..." *( Бақара сүресі, 286 аят)*

"Егер әлдебір іс істегің келсе, сен оны "Ертең сөз жоқ, орындаймын" деме, оған "Құдай қаласа" деген сөзді қос. Ол аузыңа түспесе, онда Тәңіріңді есіңе алып, "О, Жаратқан, мені дұрыс жолыннан да төте жолға бастауынды тілеймін", — де. *(Қахф сүресі, 23-24 аяттар)*

"Анығында біз адамды қиындыққа жараттық" *(Бәлад сүресі, 4 аят)*



"Құран — күллі әлемге арналған насихат-кеңес" *(Қалам сүресі, 52 аят)*

"Құран дегеніміз — жарық нұр" *(Шура сүресі, 52 аят)*

"Алла ақиқатында өте кең пейілді, өте мейірімді" *(Мүмтахина сүресі, 12 аят)*

"... жүректегі сырлар да Аллаға құпия емес" *(Хадид сүресі, 6 аят)*

"Ұлы Аллаға таза ниетпен бой ұсын" *( Уақиға сүресі, 96 аят)*

"Адамның оң жағы мен сол жағында отырып, бар ісін жазып тұратын екі періште бар. *(Адам қашан, қайда болса да)* сөз сөйлегенде, іс қылғанда қасындағы періштелер бағып жүреді" *(Қаф сүресі, 17-18 аят)*

"Ісі оңғарылып, Аллаға шын ниетімен берілген адам — мықты тұтқадан ұстағанмен бірдей. Бар нәрсенің тағдырын шешетін бір Алла" *(Лұқман сүресі, 22 аят)*

"Ей, иман келтіргендер! **Шайтанның соңына ермеңдер.** Кімде-кім шайтанның соңына ерсе... ол сөз жоқ, арсыздыққа, жамандыққа жетелейді..." *(Нұр сүресі, 21 аят)*

"Жамандықты білместікпен жасап, одан кейін тәубасына келгендерді және іс-әрекетін түзеткендерді Тәңірі шын кешіреді, оған рақым жасайды" *(Нахыл сүресі, 119 аят)*

"Намаз оқыңдар. Зекет беріңдер. Істеген жақсылықтарыңның бәрі өздеріңе тиеді. Оларың үшін Алла жарылқайды. Өйткені не істегендеріңнің бәрі оған аян болып тұрады" *(Бақара сүресі, 110 аят)*

**Мейіржан:** — Бәрі айтылыпты-ау!

**Уәлихан:** — Ғажап!

**Шұғайып кәрия:** — "Дінде зорлық жоқ..." дейді Алла, Бақара сүресінің 256 аятында... Араб тілінде " Лә икраха фид дин"...

Демек, тілмен айтып, жүрекпен бекітіп, амалмен әрекет жасау. Былайша айтқанда, жақсылық істеу, жақсы сөз айту, қысқасы жақсы адам болу! Кәлима шахәдат, яғни " Лә иллаха, ил Алла, Мұхамадән Расул Алла" деу! Одан соң шамаң келсе намаз оқу, зекет беру, ораза тұту, қажылыққа бару!

**Мейіржан:** — Неге шамаң келсе дедіңіз?!.

**Шұғайып кәрия:** — Мұсылманға бес парыз міндет болғанмен, кім орындап жатыр?! "Шамаң келсе" деп отырғаным сондықтан... Әйтпесе, шариғат үкімін талқыға салуға құқымыз жоқ... Ол сөзсіз орындалуы керек!..

*(Пауза)* Уағыз айту біздің міндетіміз, ал хидаят-тауфих Алладан! *(Пауза)* Жә, осы уағыз, осы әңгіме де жетер! Мына аяттарды жазып әкелгем! Өзіңде сақта! Ең абзалы, Құран-Кәримді өздерің асықпай оқып шыққан жөн!

**Уәлихан:** — Бұл мүмкін бе?

**Шұғайып кәрия:** — Ниетің таза болса, Алла жәрдемдеседі...

**Уәлихан:** — Дайын емеспіз дегенім ғой...

**Шұғайып кәрия:** — Айналайын, кім діндар-такуа болып туады дейсің?! Оқу керек, еңбектену керек! Алладан шын ниетінмен пайдалы білім бер деп сұра! Біздің осы әңгіметіміз де Жаратушы тарапынан екендігін біліндер! *(Пауза)* Тегінде, Құдайсыз қурайдың басы да сынбайды...

*(Осы кезде Уәлиханның қалта телефоны шылдырлайды. Ол сөйлескен соң...)*

**Уәлихан:** — Айып етпеңіздер! Мені шақырып жатыр... Кездесуім бар еді... Хабарласам ғой, Мейіржан. Ата, сау болыңыз! *(Уәлихан кетеді)*

**Мейіржан:** — Ата, айтыңызшы... менің осы уақытқа дейін өз орнымды таба алмай, адасуым, ажырасуым — бәрі... тағдырдан ба, әлде?!.

**Шұғайып кәрия:** — Әңгімелеріңнен, жүріс-тұрысыннан байқағаным... аққөңілділігің, адамға сенгіш адалдығың, қажет болса... кісінің көңілін қалдырғың келмейтін аяғыштығың... өзіңе соққы боп тиуде... *(Пауза)*

**Мейіржан:** — Сонда...менің мінезім... адалдығым дұрыс емес пе?!.

**Шұғайып кәрия:** — Сенің нәзік жүрегіңді, аққөңіл-адалдығыңды шебер пайдаланады нәпсі-әзәзіл. Ойлама, әзәзіл еш уақытта көрінбейді! Ол адамның күллі қан тамырларын жайлаған. Ойымызға, керек десеңіз миымызға да араласады! Тек жүрекке әмірі жүрмейді! *(Пауза)* Бірақ, әзәзіл жүрек тұсынан сыбырлауы мүмкін! Иманы һәм білімі саяз пенде, осы тұста азғырынды уәжге иланып, сеніп калуы мүмкін!..

**Мейіржан:** — Мысалы...

**Шұғайып кәрия.** Мәселен... һім... *(Пауза)* Әзәзілдің бұл өмірдегі миссиясы, яғни мақсаты — иманы әлсіз адам баласын жамандыққа жетелеу! Сол үшін жанталасып бағады. Оның бер жағында адамның нәпсісі бар! Қараңыз! Ұйқыға, күлкіге, жылы-жұмсаққа, байлыққа, араққа, қызметке, сұлу қызға... өстіп кете береді... Яғни, әзәзіл-нәпсі сізге баланыздың, әйеліңіздің, көршіңіздің, бастығыңыздың... тағы басқа да толып жаткан әрекеттер арқылы келуі мүмкін!..

Жер шарында қақтығыстар мен соғыстар неге жүріп жатыр? Не жетпейді оларға? Басынан бакайшағына дейін қаруланған елдер, бейбіт-тыныш жаткан елдерге не үшін тиіседі?! Неге соғыс өртін тұтатады?!

Н Е Г Е ?! Н Е Г Е ?! *(Пауза)* Ол адам бойындағы әзәзіл, айуандықтан... Тойымсыздықтан... Бұл туралы да қасиетті Құран-Кәримнен табасыз! Міне! " Алла залым елді тура жолға салмайды" дейді бір аятта! Ал, Юныс сүресінің, 44 аятында: " **Расында, АЛЛА адамдарға еш зұлымдық қылмайды. Бірақ адамдар өздеріне-өздері зұлымдық қылады" делінген...** *(Пауза)* Ал, жеке адам тұрғысынан келсек, жағымпаздық, іштарлық, қызғаншақтық, мақтаншақтық,



тәкаппарлық, дүниеқоңыздық, тоғышарлық, парақорлық, мансапқорлық, аярлық, қулық-сұмдық... толып жатыр... осының баршасы имансыздықтан! Яғни, нәпсі мен әзәзілдің істері бұл! *(Пауза)*

**Мейіржан:** — Ислам, имандылық мәселесі жаткан бір ғылым екен-ау!

**Шұғайып кәрия:** —

Жүректе қайрат болмаса,
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,

Хайуанша жүріп күнелтпек, — дейді Абай. Түсінген жанға ойлы сөз! Сондықтан, XXI ғасырдың көзі ашық, көкірегі ояу әрбір адамының сергек, сезімтал болуымен қоса, дүниеауи һәм діни білімді меңгергені ләзім! Осы қос кәусар бұлақты тел емген жанның қос қанаты бар деген сөз! Сенімі берік жанға ешқандай үрей де, қорқыныш та жоқ! Сайып келгенде, өркениеттің үлкені — имандылық пен мейірбандық! Онсыз кез-келген өркениетті елдің барар жері құрдым!..

**Мейіржан:** — Бүгінгі осы әңгімелерді сіңіріп алайын, ата!

**Шұғайып кәрия:** — Қайда жүрсең де, Алла жар болсын, балам!.. Қой, үйге барайын... Кемпірім де іздеп жаткан шығар.

**Мейіржан:** — Сау болыңыз! *(Шұғайып кәрия шығып кетеді)*

## IX көрініс

КҮЗ.. Алматының жаймашуақ күндері.. ВОКЗАЛ. Адамдардың дауысы, пойыздардың гудогы естіледі.. Мейіржанның қолында шабадан, иығында — жол сөмкесі. Өзі жолға лайық киінген.. Жылдам басып келеді де..

* * *

**Мейіржан:** — Алматыда үш жарым жыл тұрыппын. Ұза-ақ, саналы ғұмыр кешкендеймін... Бұрылысы мол, адасқақ жылдарым артта қалды! Алланы танидым қапысыз! *(Пауза)* Сендім, иландым! Бұл менің нық Ш Е Ш І М, анық байлауым! *(Шабыттанып, толқып сөйлейді)* Ақиық аскар Алтай! Арманым, аңсарым өзінсің! Мен енді өзгеше өмір сүремін! Мандайға жазылған барлық тіршілігім де, құлшылығым да — бәрі-баршасы жалғыз Жаратушыға арналмақ!

*(Осы кезде микрофоннан: "Құрметті жолаушылар! Алматы-Лениногор пойызына отыру басталды" деп хабарлайды. Мейіржан сөмкесін иығына асып, шабаданын қолына ұстап шығар есікке бет алғанда, Шұғайып кәрияның немересі Мәжит жүгіріп келеді)*

**Мәжит:** — Мейіржан аға, тоқтаныызшы! Үлгергенім кандай жақсы болды...

**Мейіржан:** — Оу, Мәжит айналайын, тыныштық па?!

**Мәжит:** — Сүйінші аға! Міне телеграмма! Сіз Стамбулда өткен суретшілердің Халықаралық конкурсында бас жүлдеге ие болдыңыз! Бір айдан соң Түркияға, Стамбулға барасыз!

**Мейіржан:** — Алла қаласа де!..

**Мәжит:** — Иә,дұрыс айтасыз, Алла қаласа, сіз енді атақты суретшісіз! Құтты болсын, аға! *(Мейіржан баланы құшақтап бетінен сүйеді. Осы кезде кішкентай Ержанды жетектеген Ақнұр көрінеді)*

**Ержан:** — Әке-е! *(Ержан дауыстап Мейіржанға қарай жүгіреді. Ақнұр сол орнында тұрып қалады. Мейіржан аң-таң...)*

* * *

**Микрофондағы дауыс:** — "Құрметті жолаушылар! Алматы-Лениногор пойызының жүруіне бес минут қалды!.. Осы кезде Жәкен Омаровтың "Зікіраллаһ" әнінің қайырмасы ойналады...

**— Алла, Алла, аллохуакбар!**

**— Алла, Алла, аллохуакбар!..**

*(Шымылдық)*

*Сәуір, 2005 ж.*



**Мазмұны**

**Бірінші бөлім. Әңгімелер** 4
Жалғыз тырна ... 9
Құс қанаты ... 18
Қара ешкі ... 21
Бір тал гүл ... 25
Кірбің ... 30
Жанат ... 35
Күрең бие ... 37
Шайтан шал ... 42
Сағыныш ... 48
Кешіккен көктем ... 54
Екеу ... 57
Қуаныш жасы ... 62
**Екінші бөлім. Деректі әңгімелер**
Меңді қыз ... 68
Махаббат жыры ... 68
1. Даниярдың әні ... 72
2. Жәмила ... 74
3. Әсел ... 76
4. Асылым ... 80
5. Бибіжан ... 89
Ағады Ертіс ... 96
Жайлаукөл кештері-ай... ... 102
Кеңгірдің қоңыр кештері-ай... ... 106
Есіл бойы ... 112
Қайран өмір... ... 118
**Үшінші бөлім. Драмалық хикаят**
Шешім ...

**Толымбек ӘБДІРАЙЫМ**

**МЕНДІ ҚЫЗ**

*(Әңгімелер мин хикаят)*

Редакторы — *Мұхамедия Жұмағалиев*
Суретшісі — *Нағым Нұрмағанбетов*
Компьютерде беттеген — *Мейрамбек Сәрсенбай*

Теруге 12.06.06 ж. жіберілді. Басуға 15.10.06 ж. қол қойылды.
Қағазы офсет № 1
Баспа табағы. Таралымы 2000 дана Тапсырыс 930

050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143

"Жедел басу баспаханасы" ЖШС
050016, Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 15/1

ISBN 9965-9341-9-3

